84.5Қаз-В
М16

# Мұқағали

## Шығармалары

*Аудармалар*
*Күнделіктер*
*Әңгімелер*
*Повестер*
*Пьеса*
*Мақалалар*

*Үшінші басылым*

# Мұқағали

## Шығармалары

көп томдық
толық жинағы

IV-ТОМ

069136
ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
КІТАПХАНАЛЫҚ ЖҮЙЕ

АЛМАТЫ
"ЖАЛЫН БАСПАСЫ"
2013

2013 - 2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
М-83

**Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
"Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару"
бағдарламасы бойынша шығарылды**

*2001–2002-жыл аралығында басылған
4 томдығы негізінде шығарылды*

М-83 **Мақатаев Мұқағали.**
Шығармаларының толық жинағы: Көп томдық.
Құраст. — Оразақын Асқар. 3-басылым – Алматы:
"Жалын баспасы" ЖШС, 2013.
4-том: Аудармалар, шығармалар – 320 бет.

ISBN 978-601-7286-65-1

Бұл томға ақынның 1973-жылдан 1976-жылға дейінгі өлеңдері мен поэмалары, жаңа табылған өлеңдері, балаларға арналған өлеңдері және Уйльям Шекспирден аударған сонеттері және басқа да шығармалары енгізілді.

Кітап көпшілік оқырманға арналып отыр.

**УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5**

**ISBN 978-601-7286-65-1
ISBN 978-601-7286-69-9**

**© "Жалын баспасы" ЖШС, 2013**

# Аудармалар

# УЙЛЬЯМ ШЕКСПИР

Ағылшынның данышпан драматургі Уйльям Шекспир 1564-жылы дүниеге келген. "Отелло", "Гамлет" сияқты өлмес мұралардың авторы.

Шекспир драмаларынан бөлек 154 сонет қалдырған. Оның лирикалық сонеттері бірін бірі толықтырып, өзара логикалық байланысын үзбейді. Махаббаттан да жоғары парасатты, шын ниетті адал достықты мадақтайды. Мәңгілік өлмеу үшін өз қаныңды ұрпағыңда қалдыру керек, сонда ғана өзіңнің өлмейтініңе көзің жетеді, "Уақыттың қатал шалғысына өшпеген, өлмеген ұрпағың ғана қарсы тұра алады", — дейді. Ұрпаққа деген сенімін әсте бір есінен шығармайды.

Шекспирдің данышпан таланты оның сонеттерінде жан-жағынан айрықша, ерекше көрінеді. Оның сонеттері өзінің ойлы, философиялық тереңдігі жағынан "Гамлет", "Ромео мен Джульетта", "Дауыл" пьесаларынан кем түспейді.

Сонеттер — Шекспирдің артында қалған жалғыз ғана лирикалық мұрасы. Өзінің драмаларында өз кейіпкер-лерімен бірге, біте қайнап кеткенімен, бірде-бір пьесасында өзі туралы ашып еш нәрсе айтқан емес. Ал сонеттерінде өзі, өзінің көңіл күйі, қуаныш-реніштері туралы айтып ағынан жарылады. Сондықтан да оның сонеттерін оқығанда, ақынның бейнесі көз алдымызда тұрады.

Шекспир өмірін зерттеушілердің де оның сонеттеріне көбірек үңілетіні сондықтан.

*М. Мақатаев.*

I

Әсемдіктің солмауы үшін, әдетте,
Жақсы ұрықтан жақсы гүл біз дәметкен.
Семгенімен солған гүлдер жапырағын,
Жас раушан сақтап оны, сәні еткен.

Өз көркіңе өзің ғашық болған жан,
Бар нәріңді байғазы ғып, сорланған.
Бар нұрыңды жоқ ғұмырға қор еттің,
Жансыз, жауыз жауың енді қолға алған.

Бүгінгіге жасаулы сен жандайсың,
Шолақ көктем бозторғайы, алдайсың.
Болашақты сақтайсың да бойыңда,
Сараңдықты ысыраппен жалғайсың.

Ғұмыр тілеп, көрге тықпа, батырым,
Келер жылдар кереметтей дақылын!

II

Қырық қыс кеп, қырық қаңтар бүркеді,
Қырық соқа қырық әжім тіркеді.
Айғыз-айғыз әжімiңнен үркеді,
Хан-сәніңді есіне алсын кім, тегі?

"Қайда қазір жарқын шақтың тамтығы?" —
Деп сұраса, не демексің, жарқыным?
Сөнген жанар түкпірінде дермісің,
Әжуа боп, ащы мысқыл арқылы.

"Ұрпағыма қараңдаршы көкөрім,
Мен солардан жастығымды көремін.
Қарттығыма солар жауап береді", —
Орынды еді дәл осылай дегенің.

Қайтадан бір, қаның көп жыл суынған,
Жалын атсын мұрагерің — ұлыңнан!

## III

Айнадағы әсем жүзге төнесің,
Төнесің де, өз бейнеңді көресің.
Тастауға асық тіршілікке бейнеңді,
Қайталансын бұл өмірге келгесін.
Ақ батадан ада қылма әйелді,
Бос таптама табиғаттың денесін.

Қандай әйел сый тартуға қуанбас,
Өзің тектес, өзің қандас, ұрандас?
Қажетсіз бе әлде отыңның өшпеуі,
Мекермісің менмендігі суалмас?

Сен ананың жанары үшін — лағыл жан,
Қалған сонау сылқым күндер — мамырдан.
Қартайғанда сен де сәуле көресің,
Жастығыңның терезесінде жағылған.

Өміріңді тағдырыңмен шектесең,
Бөс тігейін, ізсіз-тозсыз кетпесең!

## IV

Ысырапқор көзелім-ай, шашасың,
Елиресің, бар мұраңнан қашасың.
Сұлулықты сыйға бермес табиғат,
Табиғаттың қарызы ол — басы ашық.

Көзел — сараң, иеленіп, ептейсің,
Беретінді бермейтін қып шектейсің.
Жасырасың қазынаны қисапсыз,
Бұдан тіпті байып тағы кетпейсің.

Өз пайдаңмен өзің болып, алдандың,
Қызырынан құр қалдың сен барлардың.
Ысырабыңа қайтып есеп бересің,
Қатыгез шағы келгенінде жалғанның?

Іске аспаған болашақты кім көрер,
Бейнесі оның өзіңменен бірге өлер.

## V

Уақыт нәзік шеберлікпен ұрланып,
Ғажайып бір думан жасап тұрды анық,
Көңілімізді көншіткеннің әммесін,
Уақыт өзі алып қашар зыр қағып.

Кідіріссіз саған күндер селі кеп,
Суық қысқа сұлу жазды телімек.
Жапырақ жоқ ағаштарда нәр тоңып,
Ақ жамылған әлі жерді көріп ек.

Иісі аңқып раушан гүлдің арайлы,
Жазды еске сап өтіп кеткен талайғы.
Ұшпа-тұтқын мынау ызғар, аязда,
Түрме-әйнектен жазды еске сап қарайды.

Гүл реңін жоғалтыпты баяғы,
Сұлулықтың жанын бірақ жаяды.

## VI

Көктеміңді бөлеп нәзік нұрларға,
Гүлдеріңді жиып алмай тұрғанда.
Байқағайсың, суық қолды сумаң қыс,
Бағыңа кеп, бөктірмесін қырманға.

Қазынаға қазына қосып, қайта алған,
Қазынаға ие жандайын бір майталман,
Өзіңе өзің қуанасың келгенде,
Он есе ғып заңды түсім қайтарған.

Ұрпағыңмен қайталанып жүресің,
Сен өмірде он есе өмір сүресің.
Соңғы сағат соққан сәтте мақтанып,
Пәс өлімге пандықпенен күлесің.

Тағдыр сыйын тартып мұнша келгесін,
Тек кәмелет сенімен бірге өлмесін.

VII

Жатағынан басын алып лаулаған,
Таңға қарап, рауандап қаулаған.
Таңғажайып нұрға бүкіл дүние,
Бүкіл өмір бар сәлемін арнаған.

Толықсыған талма түстің шағында,
Ғарыштан тік нұр төгілген, жағылған.
Миллион көз бағып алтын күймені,
Миллион көз қуанышпен бағынған.

Аяқталып айналмалы сапары,
Қалжыраған күн дөңгелеп батады.
Алтын күйме құлдарының жанары,
Бөлек жаққа аударылып жатады.

Қалсын ұлың, жас шағың боп жар салсын,
Күні ертеңгі келер күнді қарсы алсын!

VIII

Сен — тәтті әуез, тәтті әуезге алайда,
Тамсанасың сырлы мұңмен қалайда,
Неге сонша ұнатасың, қайғыға,
Қуанышпен құшақ ашу жарай ма?

Жан азаптың жасырын сыры кімде екен?
Уайымға ұрыныпсың бір бөтен.
Байыппенен баяулатқан дыбыстар,
Жалғыздықты жазғыратын үн бе екен?

Тыңдап көрші, ішекті аспаптар түрленіп,
Қоңырлатты ғажайып бір үн беріп.
Шырқағандай әке-шеше, жеткіншек,
Жұбын жазбай бараткандай бірге еріп.

Аңғартады ішек үні — пернеде өрілген,
Жалқы сапар тең екенін өліммен.

## IX

Жесірлердің көз жасынан қорғана,
Махаббатың, сірә, ешкіммен болмаған.
Қатал тағдыр сені егерде әкетсе,
Бүкіл дүние жесір қалар, ол — жаман.

Сәбиіне қарап ару қаралы,
Өзі сүйген кескін-кейпін табады.
Ал сен болсаң, жарық дүние алданар
Жан қалдырмай, өмірің өтіп барады.

Ысырапқор шашқан байлық, тегінде,
Қолдан-қолға өмір сүрер өмірде.
Бір жалт еткен сұлулық пен жас ғұмыр,
Қайта оралмас, мұршасы жоқ келуге.

Өзіне өзі опасыздық еткендер —
Бұл өмірден пенде сүймей өткендер!

## X

Шыныңды айтшы, сүйесің бе пендені?
Әркім құштар әсемдікке сендегі.
Жастығыңды ой-санасыз мерт етіп,
Жұрт біледі, бөсіп жүрсің көмгелі.

Өзің болып өз нәпсіңнің қас жауы,
Күннен-күнге бір әлемет бастадың.
Мұраң болып қалған әсем шаңырақты,
Жаңартпастан жайбарақат тастадың.

Өзгер, түзел, мен де кешем өкпемді,
Жаулық емес, жылыт махаббат көктемді.
Өзіңе өзің қайырымды, жомарт бол,
Әсем-ақсың, нәзіктігің жетпеулі.

Әзіргі бар әсемдігің, шынында,
Қайталансын, қалсын сүйкімді ұлыңда.

## XI

Қалай өссек, солай біздер соламыз,
Ұрпақ қалсын, біз соларда боламыз.
Мұрагердің бойындағы күш-қуат,
Қаусап қалған менікі деп санаңыз.

Міне, солай, табиғаттың заңын ұқ!
Мұңсыз өмір өшер еді жабылып.
Өмір бітпей жерді жайлап кәрілік,
Мына жалған құрыр еді қаңырып.

Жерге, өмірге сүйкімсіздер, обалсыз,
Түссіз, түлей қайта оралмай жоғалсын.
Табиғаттан қисапсыз сен сый алдың,
Мың есе енді қайтаратын боларсың.

Шебер қолмен жасалған бір мөрдейсің,
Ғасырларға өз белгіңді бергейсің.

## XII

Жасырар деп жарықты түн шерменде,
Сағат тілі маған хабар бергенде,
Гүлдер семіп, бояуы өшіп өлгенде,
Бұрымыңды бурыл ақ көмгенде.

Жол бойында жапырақтар семгенде,
Талма түсте қапырық кеп төнгенде,
Қалт-қалт етіп, иек қағып көрлерден,
Желкілдеген ақ сақалды көргенде.

Сенің әсем ажарыңа бойладым,
Ол да бір күн қуанар деп ойладым.
Дала, шалғын, ормандардың гүліндей,
Бөлек гүлдер шешек ата дірілдей,
Өсер қаулап, өшерсің сен білінбей.

Ажал орақ ырқыңа егер көнбесе,
Ұрпақ қалдыр, күрессін солар белдесе.

## XIII

Өнермегін, өзің болғын өзіңмен,
Тірілікте сен солайсың, сезінгем.
Өлім келіп өшіргенде бейнеңді,
Тіреу қалсын дәл аумайтын өзіңнен.

Сұлулық саған қысқа мерзімге орныққан,
Табиғат оны мәңгілік бермес молдықтан.
Кезегі келіп, өзіңнің мұрагеріңе,
Көшесін мейлі, көшуі заңды сондықтан.

Әдемі үйлер, әдемі жандар жайлаған,
Қаһарлы қыска пысқырып тағы қоймаған.
Ажалдың аяз, қараңғы, зәрлі лебі,
Ешқашан оның кереметтігін жоймаған.

Мейлі, өлім өміріңді өштірсін,
"Әкем болған!" — деген сөздер естілсін.

## XIV

Жұлдызға қарап, тағдырға мен бал ашпан,
Айтпас маған — астроном ақ аспан,
Өрт пен соғыс, аштық, оба, егіске,
Аспандағы қандай жұлдыз жол ашқан.

Қыста, жазда календарьға табынбан,
Болжай алман күн ашық па, жауын ба?
Қай патша болады деп бақытты,
Көкке қарап, жұлдыз бағып сабылман.

Алайда сен жанарыңды оқтасаң,
Болжай алам, жұлдызымды тап басам,
Сұлулық, шындық қауышарын білем мен,
Ұрпағыңды, ғұмырыңды сақтасаң.

Егер бұлай, осылай егер болмаса,
Әсемдік, шындық көрге енеді қолдаса.

## XV

Жұлдыздар — сиқыр бірімен бірі арбасқан,
Өмір — сахна сан түрлі сурет алмасқан.
Жалғыз-ақ сәтте өшуден өсу бөлініп,
Жалғыз-ақ сәтте өмір мен өлім жауласқан.

Нәзік гүлдей жаңадан ғана гүл ашқан,
Өсірген бізді, өшірген бізді бір аспан.
Көктемнің нәрі денеде біздің бой жасап,
Ертең-ақ семіп, солатындығын ойласам.

Есіме түсер гүлденген сенің жас шағың,
Қадірлі-ау, қалқам, көктемгі ашық аспаның.
Уақыт дейтін ұрылар саған соғыс сап,
Күніңді сенің түнге итере бастауын.

Бағбанның өткір пышағы болып өлеңім,
Бағыңа сенің басқа ағаш егіп беремін.

## XVI

Ұры — уақыт бізге торын құрғанда,
Қорғансаңшы, бойда күшің тұрғанда,
Жастығыңа неге қорған салмасқа,
Бекемірек мендегі осал жырдан да?

Жер төсіне, шықтың шыңға, белдерге,
Жас жүректер жамалыңды көргенде,
Қайталауға бәрі де әзір бейнеңді,
Жалынбай-ақ еш суретші, зергерге.

Өмір бәрін түзетеді, жөндейді,
Өміріңде жар сүй, өшу жеңбейді.
Ол сенімді, мәңгілікке қалдырар,
Ал басқаның қолынан түк келмейді.

Махаббатқа шын берілсең, мәңгілік,
Жаңа Адамда жүресің сен жаңғырып.

## XVII

Болашақта жырым жетсе біреуге,
Ерлігіңе нанар ма екен, білер ме?
Құдай білсін менің жұпыны өлеңім,
Мазарыңнан артық болмас түнерген.

Суретіңді қалдырайын өлеңмен,
Ажарыңды сырмен сырлап көрем мен.
"Жердегіні көкке ұшырып", — деп ұрпақ,
Арылмасын: "Алдайды ақын!" — дегеннен.

"Кәрі жылпос алдайды", — деп аптығып,
Сары қағаз қолдарына ап тұрып.
Немқұрайды көріп ақбас мылжыңды,
Әлдеқайда жібереді лақтырып.

Сол күндерге ғұмыры жетсе ұлыңның,
Менің жырым, сен де қайта туылдың.

## XVIII

Жамалыңды теңейін бе жазбенен?
Өтеді ғой, өмірі қысқа жаз деген!
Май гүлдерін дауыл жайпап кетеді,
Одан да өткен сүйкімдісің, мәз көрем.

Көктің нұры біздің көзді жасқайды,
Көктің жүзін тұман бүркей бастайды.
Еркелетіп, еміндіріп, жәбірлеп,
Табиғат бізді ермек етіп, тастайды.

Сенің күнің кемімейді, батпайды,
Сенің жазың күншуағын сақтайды.
Өлімнің де көлеңкесі жаппайды,
Мәңгілікке сен ақынның жырында,
Ақын жырын бар болашақ жаттайды.

Тірілермен біргесің сен жалғанда,
Көздерде от, кеуделерде жан барда.

## XIX

О, уақыт!
Алып таста арыстанның тырнағын,
Қабыланның азуын да жұл дағы,
Жер басқанның күлін көкке ұшыра бер,
Қыбырлаған жәндіктерді қыр дағы.

Қыста, жазда көз жасы боп өт мейлің,
Күз, көктемде қасірет жауын төк мейлің.
Аямағын дүниені де, мені де,
Бір күнәңа еш рұқсат етпеймін!

Бар сұмдықтың істесең де қандайын,
Жан досымның шимайлама маңдайын.
Бар ғұмырға оның әсем бейнесі,
Үлгі болып тұрсын мәңгі, әрдайым.

Оның нұрын аямасаң, алайда,
Жырым менің сақтайды оны қалайда!

## XX

Ару пішін, қатал бірақ арыны,
Табиғатты сомдап соққан жан — ұлы,
Ақ арудай сұлу-ақсың, сатпайсың,
Жүрегімнің ханы әрі ханымы.

Зәлімдік жоқ нәркес мына жанарда,
Алтын нұрмен айналаңа карарда.
Әйел бұғып, әуре болып еркектер,
Құдіретті жанарыңда қамауда.

Табиғат сені алғаш адам етерде,
Қызығып өзі қия алмаған екі елге.
Менің сорым, әйелдердің бағы үшін,
Еркек болып туылғансың бекерге.

Солай-ақ болсын.
Бірақ мені сүй, жаным,
Әйелдерге махаббатыңды сыйлағын.

### XXI

Бүкіл жерді мұхитымен, бәрімен,
Бүкіл көкті, көмкерілген сәнімен,
Әлем-жәлем құдайларға сый еткен
Одашылмен жарыспаймын әлі мен.

Мейлі олар жыр жолдарын өрлеуге,
Өзді-өзімен бола берсін әлкеуде,
Жер менен су, аспан, жұлдыз, гүлдерді,
Асылым деп жырлай берсін әр кеуде.

Әуре етпей-ақ Ай мен Күннің өзін мен,
Шындық табам махаббатым, сөзімнен!
Жаратылған қарапайым әйелден,
Сүйгеніме жыр жазамын сезіммен.

Махаббатым! Мақтап оны жатпаймын,
Махаббатым! Басқа жанға сатпаймын!

### XXII

Шал емеспін, айна деген алдайды!
Жастығыңмен жанымды мен жалғаймын.
Күндер егер шимайласа жүзіңді,
Тағдыр мені жеңгені деп зарлаймын.

Айналайын, қарап сенің бейнеңе,
Жасаңғырап тұрғандаймын кейде мен.
Сен сыйласаң жас жүрек пен жақсы қан,
Өзімдікін мен де саған тапсырам.

Сен мен үшін өзіңді өзің сақтағын,
Анаға ұсап бар пәледен аппағым,
Қағам сені.
Ұмытпағай кеудеңде,
Досқа аманат — дос жүрегі жатқанын.

Егіз жүрек екі бөлек соқпайды,
Біреуі өлсе, екіншісі тоқтайды!

...135
...РЫЛҒАН
...АЛЫҚ ЖҮЙЕ

## XXIII

Таныс рөл жібін үзіп, шақ келмей,
Қапелімде жүрексінген актердей,
Жандайын бір ашу жеңіп ақылын,
Ерік, күштен ада қалған сәттердей.

Не айтарымды білмей, аузым жұмулы,
Дей алмаймын жүрек енді суынды.
Шетсіз-шексіз махаббатым мазасыз,
Буындырып, қолқама кеп тығылды.

Жәрәр, кітап — менің үнсіз іздеушім,
Сеніменен сөйлессін де, жүз көрсін.
Барсын саған, мойындасын өкінішін,
Әділетті жазасын да өтінсін.

Махаббаттың мылқау үнін сезіммен,
Оқырмысың, тыңдармысың көзіңмен?!

## XXIV

Көзім менің зергер болып барады,
Дәл бейнеңді кеудеме әкеп салады.
Содан бері мен бір тірі рама,
Бұдан бөлек еш өнерді сұрама.

Шеберлікке мен арқылы қарарсың,
Рамадан өз бейнеңді табарсың.
Жанарыңмен қойдым оны әйнектеп,
Мені өзіңнің шеберханаң баларсың.

Ғарыштан күн осы Шеберханаға,
Білесің бе, сен арқылы қараған,
Суретіңді сызып менің жанарым,
Жаным менен жүрегіме қадаған.

Жүрегіңді көре алмаймын маздаған,
Амал қанша, оны маған жазбаған.

## XXV

Жұлдызы оңнан туа қалған кімде-кім,
Паш етеді даңқын, шенін, білгенін.
Тағдыр мені қарапайым жаратты,
Бақыт басы махаббат деп білгемін!

Иғаршысы өңшең дөкей жандардың,
Жапырақ жайған жарығына жалғанның.
Игі нұрын күн жасырар, түн келер,
Жалтыраған күнбағарлар бірге өлер.

Жеңістері шолжаңдатқан қолбасын,
Көрдік талай соңғы айқаста оңбасын.
Еңбегі еш, тұзы сор боп, ақыры,
Ұмытылар, қуғын-сүргін — олжасы.

Үш үрейсіз маған үлес тиіпті,
Өмір бойы: сүйдім, сүйем, сүйікті.

## XXVI

Ізгі махаббат түрткі сап маған тағы да,
Қарыздар құлмын берілген нағыз ханына.
Осынау хатты өткірлемей, сырламай,
Елшілікке жіберем сенің жаныңа.

Таба алмадым саған лайық сөзімді,
Бағалай білсең сен егер адал сезімді.
Жалаңаш, кедей жіберген саған елшімді,
Қиялыңменен киіндіре алсаң, өзің біл.

Кім біледі, Айым да туып оңымнан,
Табармын бақыт белгісіз сапар-жолымнан.
Күтпеген жерден тағдырым даңққа бөленіп,
Күсермін, мүмкін, сүреңсіз, сұрғылт сорымнан.

Көрсетем сонда махаббатымды мақтанып,
Өзірге жатар тұңғыйығымда сақталып.

## XXVII

Істерім езіп, әлімнің бітіп қорегі,
Рахат тауып, төсекте жатқым келеді.
Қисайсам болды, жалғанып қиял сапары,
Бір ғана мақсат мазалай мені береді.

Жүз рет менің сезімім менен арманым,
Пірәдәр жолмен сапарын саған жалғады.
Қап-қара түнге қажыған сорлы жанармен,
Қараудан бөлек қауқарым менің қалмады.

Жүрекпен, оймен қараймын, күдер үзбеймін,
Жанарсыз қалып, түнектен сені іздеймін.
Көлеңке сәулең көлбеңдеп маған өткенде,
Түнектің өзі тамаша болып кеткендей.

Махаббаттан маза таппадым,
Күндіз де, түнде сапарда алғы саптамын.

## XXVIII

Салмағын қайтіп көтеремін ауырдың,
Рахатынан ажырап қалдым дамылдың?
Қатерін күннің түн сейілте алмайды,
Түнімнің өзі мұңменен езген ауыр күн.

Күндер мен түндер ежелгі жаулар әу бастан,
Достасқан білем, түрі жоқ бұл шақ жауласқан,
Аластап тағдыр күнімен күйбеңдеймін де,
Мұңаям түнде шырымын көздің алмастан.

Ашық күнді өзіңменен теңеуім,
Таңды өзіме бағыштайын дегенім.
Жұлдыздарды жанарыңа ұқсатып,
Торы түнге дұғай сәлем беремін.

Келер күнім тіптен ауыр, қауіпті,
Келер түнім тас қараңғы тамұқ-ты.

## XXIX

Өкпелесем тағдырыма, өмірге,
Азап жылдар аударылып көңілде,
Мазалаймын мағынасыз жалынып,
Жаратқанның салғырт, керең көгін де.

Тағдырыма назаланып, шағына,
Жеребе тастап сорлап жүрген бағыма.
Пешенемді алмастырғым келеді,
Өнердің бір өрге басқан жанына.

Көңілім сонда тек өзіңді талғайды,
Қараң қалған ынжықтықты қарғайды.
Жалбарынбай, бағынбастан жазмышқа,
Жаным менің бозторғай боп самғайды.

Махаббатты, сені есіме алғанда,
Менен күшті бұл жалғанда хан бар ма?!

## XXX

Жасырып, үнсіз келген шақта соттағым,
Қайта үрлеймін өшкен шақтың оттарын.
Ескі жара жаңарады қайтадан,
Еске түсіп өткен-кеткен жоқтарым.

Жандарды ойлап моладағы таскерең,
Жас төкпеген жанарымнан жас төгем.
Жоқтаймын мен өлген махаббатымды,
Жақсыларды ұмыта алман, әсте, мен.

Өшкендерді жүрек қайта санайды,
Санайды да, қайта тағы қанайды.
Бұл өмірде өтеуі жоқ көз жасы,
Өмірбақи өксігенді қалайды.

Өшкендерді сенен көріп, аяулым,
Тағдырымды кешіруге даярмын.

### XXXI

Молада деп, санаушы едім өлгенге,
Бар жүректің үні сенің кеудеңде.
Бір кездегі жанға жақын жандардың,
Шұғыласын пішініңе берген бе?!

Құлай түсіп, құлпытасқа жайнаған,
Көздің жасын құйып талай байқағам.
Жазмыш бәрін әкетіпті уақытша,
Міне, біздер ұшырастық қайтадан.

Маған жақын, таныс жандар, қанық тым,
Сенен соңғы баспанасын тауыпты.
Әр түйірін менің махаббатымның,
Құрметпен саған арнайы алыпты.

Асылдарым сен арқылы көрінген,
Мен өзіңе, оларға да берілгем.

### XXXII

Топырақ басқан өмірдегі орнымды,
О, дариға, көрсең егер сол күнді,
Көз жүгіртіп осынау жыр жолына,
Досың жазған жырды алғанда қолыңа.

Салыстырып көресің бе жастармен?
Олар артық, бола көрме босқа әуре!
Жаның ашып, жақсы көрсең, мейілің,
Тіршілікте сен деп көзімді ашқам мен.

Күнім бітіп, егер жолда қалмасам,
Ғасырменен бірге өсер ем, жалғасам.
Басқа ұрпақтың ақындары арасында,
Әттең шіркін, әдемі жыр арнасам.

Өлі жанмен айтысса олар, қара да,
Мен — махаббат, олар — шебер, бағала!

## XXXIII

Бақылдап тұрдым, алаулап күннің жанары,
Мейірін төгіп, мәпелеп ту тауға қарады.
Күлкісі ойнап, шабындықтардың үстінде,
Ақ беті судың алаулап жанып барады.

Алайда аспан әредік ерік береді,
Ажарлы таққа қаңғыбас бұлттар төнеді.
Сұрғыл жылжып, сүреңсіз дүние үстімен,
Ғажайып шақтан ада ғып жерді жөнеді.

Менің де күнім бір кезде солай төнген-ді,
Құнарсыз сыймен төбемнен төмен келген-ді.
Сұп сұрғылт соқыр тұманы бұлттың басқанда,
Сәулесі нәзік махаббатымның сөнген-ді.

Алайда менің өкпем жоқ байғұс тағдырға,
Аспанның бұлты жерде де бар ғой, бар мұнда...

## XXXIV

Болғасын ашық, бақтым да ауа райын,
Шаңсыз үйден серуендеуге шығайын.
Бұлт пен дауыл, бұршақ пен жаңбыр қатар кеп,
Бұғынар жер жоқ, не амал таптым, құдайым?!

Содан соң мейлі, бұлтты тесіп зауласын,
Зердей сәулең маңдайым сипап, алдасын.
Құйғасын кейін бітіріп жаңбыр саудасын,
Жарамды менің жаза алмай өзің қалғасын.

Өкінішің шаттандыра алмайды,
Уайымның түзетпейді мән-жайды,
Жәбіршінің жердемінен, әй, қайдам,
Жаншылар ма жанға батқан жанқайғы?!

Інжу, маржан жанарыңнан парлаған,
Бар күнөңді шайып кетті, арлы адам!

## XXXV

Айыбыңды мойындап сен мұңайма,
Тікенексіз роза жоқ, мұны ойла!
Күн мен Ай да тұтылады бұлт басып,
Айна бұлақ айналады лайға.

Күнәліміз шыдап болмас төзуге,
Мен де баттым күнәға әрбір сөзімде.
Айыбымды жумақ болып әрнемен,
Айыбыңды заңсыз кештім кезінде.

Сотта өзімді адвокат деп түсінгем,
Қарсы жаққа қызмет ету үшін де.
Өшпенділік, махаббатым өзара,
Майдандасып жатыр менің ішімде.

Сүйкімді ұры, тонасаң да мені сен,
Айыбыңды, үкіміңді бөлісем.

## XXXVI

Мойындаймыз, екі жанбыз, білем мен,
Махаббатпен біреу болып түлеген.
Арыңа сенің кемшілігім кез келген,
Қара лақ боп қадалуын тілемен.

Махаббаттың жалғыз жібі жалғайды,
Екеумізде екі түрлі бар қайғы.
Махаббатты ол өзгерте алмайды,
Сағат сайын бірақ ұрлап жалмайды.

Айыпкердей айрылғанмын еріктен,
Барман саған көп ішінен көріп мен.
Түспесін деп арыма ақау менің де,
Ала алмайсың сәлемімді көріп сен.

Солай-ақ болсын!.. Сүйем сені жаныммен,
Мен сендікпін арыммен де, барыммен!

## XXXVII

Ұрпағының ерлігі мен жас қаны,
Кәрі әкені шаттандырып тастады.
Соған ұсап, шындығыңа, даңқыңа,
Сүйсініп мен, даңқсыз сөне бастадым.

Қайырымдылық, сұлулықпен, атыңмен,
Денсаулық, күш, асқарлаған ақылмен,
Жасап қалам жақсы қасиетіңнен,
Маған берген сенің махаббатыңмен.

Тулап шыққан сенің жомарт жаныңнан,
Махаббатпен өмір сүріп, табынғам.
Өлсіз, жалғыз, кедеймін деп мен, әсте,
Тағдырымды талақ етіп, тарынбан.

Жаным саған не жақсылық қаласа,
Бәрі сенен құйылып тұр, тамаша!

## XXXVIII

Сен сыйлаған асқар ойлар тұрғанда,
Арқау неге табылмасын жырларға?
Сенің ғажап ойларыңды жазуға,
Көрінгеннің әлі келмес бұл маңда.

Егер кейде бағаласа кім мені,
Рақмет айтсын саған білгені.
Саған арнап жыр жазбаса кімде-кім,
Ол — жарымжан, босқа өмір сүргені.

Біздер үшін сен — шабыттың арқауы,
Әрбір өлең бір-бірінен артады.
Сен сезімге себеп болған сан жырлар,
Сапарларын әманда алға тартады.

Шабытың үшін ардақтап ұрпақ жер-көкке,
Алғысын айтсын біздің де осы еңбекке.

**XXXIX**

Екеуіміз — бір жан, мақтаймын қалай сені мен?
Өз сұлулығын мақтаған кімді көріп ең?
Өзін өзі мақтауға, сірә, болмас-ты,
Өздерін өзі мақтағандардан жерінем.

Естісін деп мақтауымды тынбастан,
Жамалыңнан жасау үшін жыр дастан.
Санамызды сағынышқа жеңдіріп,
Ажырастық біздер бірге тұрмастан.

Ажырасу ауыр дерт қой жалғанда,
Бірақ кейде жолға жалғыз барғанда,
Керемет бір тыным беріп арманға,
Жол ашады уақытты алдауға.

Айрылысу екі бөліп жүректі,
Бірін бірі жоқтасын деп тілепті.

**XXXX**

Ынтықтығым, махаббатым — ал бәрін,
Білесің бе, аз ғой бірақ алғаның.
Адам әлгі махаббат деп атайтын,
Білесің бе, сенде мәңгі қалғанын.

Мендегінің бәрі сенде болғанын,
Досым менің, айыптаман ол жағын.
Сыйламадың менің махаббатымды,
Мен өзіңе назданиуым — сол, жаным.

Қайыршының қағып кеттің несібін,
Сүйкімді ұры, еттім бірақ кешірім.
Махаббаттың өкпе, назы ауыр ғой,
Ашық жанжал әлдеқайда тәуір ғой.

Қиянаты жақсылықтай жан еркем,
Өлтір, бірақ жауым болма және ертең!

### XXXXI

Бұлғын шақтың бейқам назын, өкпесін,
Сезбей өзің, мені жаралы еткесің,
Менің атым сызылған соң санаңнан,
Білімнен сен бір-ақ аттап өткесің.

Жайдарысың, жарамсақтық қоршаған,
Әдемісің, әзәзілдік — жол саған,
Қызықтырған әккі әйелдер алдында,
Шыдап тұрмас құдай ұлы болса да.

Жалын атып жас қайраттың, от демін,
Әттеген-ай, маған соқпай өтпедің.
Бұзылар деп достық борыш екі есе,
Амал қанша, аяушылық етпедің.

Жалтыраған жастығыңа мастанып,
Ақиқатты алдың менен бас салып.

### XXXXII

Жарты қайғы сенің ие болғаның,
Ойлау қиын оның сені алғанын.
Жеркентеді жегідей жеп жанымды,
Досым, сенің махаббатсыз қалғаның.

Менің сүйген жарым болды тапқаның,
Себебі сен мені сүйдің, ақымағым.
Шетсіз-шексіз сүйкімдісің сен маған,
Сол үшін де ол сені сүйіп жатқаны,
Ойлап-ойлап, өзім сендерді ақтадым...

Махаббатым жан досыма танулы,
Досым барып, сүйгеніме табынды.
Жоғалтуым қажет болса, қидым мен,
Екеуіңе бастан ұшқан бағымды.

Досым, өзім — жұрты болсақ бір жақтың,
Жарыма мен баяғыдай қымбатпын...

## XXXXIII

Кірпік ілсем, анық байқап, айта алам,
Көзімді ашсам, қараймын да, байқаман.
Сала берер жарық болып жанарым,
Ұйқтап жатып, көрсем сені қайтадан.

Сенің шұғылаң сәл жарқ етіп өткенге,
Түнек түнге шам жағылып кеткен бе?!
Ашық күні түсімде емес, өңімде,
Қайтер едім сен жалт етіп өткенде.

Қандай бақыт менің үшін, тегінде,
Көрсем сені түсім емес, өңімде.
Жан ынтызар таңсәріде оянып,
Нұрлы күнмен сені бірге көруге.

Сенсіз күндер түнге айналып кеткен бе?
Сенсіз күндер түске айналып кеткен бе?

## XXXXIV

Тәнім менің, қиял болып кетсеші,
Табынбай-ақ тәңірге оңай өтсеші.
Заулап өтіп, көзді ашып-жұмғанша,
Қиындықты тастап, саған жетсеші.

Алыс шалғай қандай елде жүрсем де,
Алты қырды асар едім бір демде.
Ойлаған жерге мұхит асып барар ем,
Адам емес, қиял болып жүргенде.

Мейлі, жаным рух, оттан жаралсын,
Бірақ қалай қиялды ұстап қаларсың.
Жер мен судан жаратылған жанмын мен,
Қиял-ойды қайтіп қуып барарсың?

Жерде тудым, жерде тұрмын өз басым,
Аққан сулар ағыл-тегіл көз жасым.

## XXXXV

Ауа мен от дүниенің жанындай,
Желдей жүйрік, жеңілдігі сағымдай,
От лебін, арман отын жібердім,
Шалғай жатқан шартарапқа бағынбай.

Екеуі де саған ұшып кеткенде,
Елші болып екеуі де жеткенде,
Жаныштап бір жаза көрген жанымды,
Қалғандары ойран салар тек менде.

От пен рух оралғанша қайтадан,
Өзімді өзім билей алман шайқалам.
Солар қайта оралғанда өзіме,
Мені еске алған хабарыңды байқағам.

Бақыттымын! Бірақ кірпік қаққаннан
Жылдамырақ, олар саған аттанған.

## XXXXVI

Көз, жүрегім баяғыдан күресте,
Әрқайсысы сені алмақшы үлеске.
Жүрек сені жасырғысы келеді,
Жанар одан асырғысы келеді.

Жүрек көзден сақтағысы келеді,
Ант етеді, мақтанышы көреді.
Ал көз сенің ұмытылмас бейнеңді,
Айнасында ап қалғысы келеді.

Шешу үшін бұл өзара жанжалды,
Билік құрып, ойлар қолына алған-ды.
Келістіріп жүрек пенен жанарды,
Біржолата тату жолы қамданды.

Ойлар тобы қазынаны қақ бөлді,
Жанарға — жанар, жүрекке жүрек ап
берді.

## МАРОК АРОНСОНҒА

Альпинист еді, төсекте өліп барады,
Есін бір жиса, елестеп таулар қалады.
Неліктен оны тастады доптай ұшырған
Жыға алмай қойды Хан Тәңірдің бораны.

Өлім мен өмір жатқан бір сәтте қағысып,
Жететін бе еді дертінің бозғыл шаңы ұшып.
Көшкін боп келіп өмірге деген ынтық күс
Жететін бе еді алдына оның тағы ұшып.

Кешіргін мені, ажалды айттым қаусаған,
Жан едің жайсаң жауқазын өмірді аңсаған!
Карсы алып тауды, қатыгез таңды сүюші ең,
Тоныңды жапқан тозаңдай еді қар саған.

Қияны кезіп, адымдап мен де басқанда,
Жалтырап жатты қар ма әлде құж-құж тастар ма?
Шетсіз де шексіз көсіліп жатқан бір тыныш
Қаршыға шыңдар қадалып тұрған аспанға.

Білуші ек біздер мұнара шыңның ызғарын,
Өзеннің долы опырып жатқан мұздарын.
...Шіркін-ай, ол да моряктай батса, несі үрей,
Тұңғыйық теңіз айқара құшып мұз, қарын!

Күлдің-ау, тағдыр, қайырымсыз болдың сен неден?
Досымның жүзін қаратып тауға жерлер ем.
Тәкаппар таудың жеп-жеңіл көлеңкесі кеп,
Желпитін еді жібектей жұмсақ желменен.

Құлайтын еді құлазып жатқан жүрекке,
Келтірер еді көгерген ерін ретке.
Қажыған, талған, шаршаған басын аймалап,
Қалғитын еді кешқұрым шыңдар түнекте.

*1959-жылы аударылған.*

## ТЭМ ГЛЕН

Ақыл айтшы, айналайын жеңешем,
Құрыдым-ау, қолға түстім енді мен.
Туыстарды өкпелеткім келмейді,
Бірақ жақсы барлығынан Тэм Глен.

Керек емес дәл осындай ерменен,
Қорқу маған тағдырымнан жерлеген.
Жоқшылыққа риза болып, көнер ем,
Әттең, дүние-ай, бірге болса Тэм Глен.

Шақырады сұмпайы бай қаріген,
Садаға кет, билей алмай менімен.
Скрипка үніменен толықсып,
Тым тамаша билеуші еді Тэм Глен.

Шешем маған былай деді ашумен:
Еркектердің алдауынан сақтан сен.
Тыйыл, — деді-ау,— жүзіқара ісіңнен!
Бірақ мені сата қоймас Тэм Глен.

Дейді әкем: — Қызым, ойлан, жөнге көн,
Қарық қылам бір жүз сомдық теңгемен.
...Жүз сом ақша тәп-тәуір-ақ сыйлық қой,
Бірақ одан жүз есе артық Тэм Глен.

Сәтті күні бал ашқыш болып алдым көреген,
О, шіркін-ау, рахат-ай не деген!
Қатарынан тастап едім үш рет,
Үшеуіне де бірдей шықты Тэм Глен,

Баяғы бір үмітіммен үзбеген
Тағы, міне, бал ашып ем күзде мен.
Дәл өзіңдей, дәл баяғы қалпында
Сұр шалбарлы келе жатыр Тэм Глен.

Кімге шығам, кім алады, жеңешем?
Бал ашып бер мен сорлыға енді сен.
Сүйіншіңе тауығымды берер ем,
Балыңызға түссе егер Тэм Глен.

*1960-жылы аударылған.*

---

[1] Маршак аудармасы

## КҮДІК

Қызға деген кешкі асы суып қалды,
Бесігінде кіші ұлы тынып қалды.
Тек ана отыр телміріп терезеге,
Дірілдейді басқандай суық қарды.

Бір отырып, бір орнынан тұрады,
Бірде сыртқа, қақпаға ұмтылады.
Қабырғада сағатқа бірде қарап,
Әлденемен әбігер, ынтығады.

Орамалын бір сәтке лақтырып,
Кешкі үнді тыңдайды құлақ түріп.
Қонақ күтіп отыр ма асыл ана,
Пейілінен береке нұр арттырып?

Өтіп жатыр минуттер алаң қылған,
Кенет сыбдыр естілді қараңғыдан.
Сәулетай қыз есіктен күле кірді,
Екі беті албырап алау нұрдан.

Анасының алдында тұра қалды,
Үрей, күдік аралас тұман алды.
Мерзімінен кешіккен керім бикеш
Ана алдында таба алмай тұр амалды.

Кешіктің деп анасы ашулы ма?!
Сөйледі қыз, аптығы басылды да:
— Ертең және қайтадан жиналамыз,
Бітпей қалды мәжіліс, ашылды да.

Ана көңлі қашаннан күпті еді де,
Сенген болды, бір ойды жүктеді де:
— Қалай дедің, қаршығам, қалай дедің,
Басталмаған мәжіліс бітпеді ме?!

Дұрыс, ботам, түн кезер күйге еніпсің,
Ақыр, міне, алдауды үйреніпсің!

Үялсайшы, клубқа барып келгем,
Бірбір адам жоқтұғын танып, көргем!
Мәжілісің қайда өтті, кербезім-ау,
Ақиқатты айтсайшы анық көрген!

Шашын ұстап қызы тұр, ділгіреді,
Тарқатып та, өріп те үлгіреді.
Қолаң қара шашы оның бар айыптың
Бастамасы болды ма, кім біледі?!

*1964-жылы аударылған.*

***Аветик ИСААКЯН***

## СОКРАТ

Алысып айдаһардай үкіметпен,
Жауыздық, жалғандықты түтіп өткен.
Жаулары Сократтай данышпанды,
Өлтіріп, өш алуға үкім еткен.

Ақыл-ой, ар-махаббат құдіретін,
Әлемге ту көтерген, жүгінетін.
Мәңгілік ақиқатты паш еткенде,
Жаулары жатсынатын, түңілетін.

Өлім күтіп қапаста қалғанында,
Сарылып, саруайым салмады да,
Аты әйгілі әншіні шақыртыпты,
Есітіп қалайын деп жан барында.

— Сәлем саған, Сократ, кемеңгерім!
Немді ұнаттың, білмексің менен нені?
Не құрмет көрсеттім? — деді дағы,
Даңқты әнші бас иіп, елеңдеді.

— Өмір — келте, ұзақ түн — қараңғылық,
Тұрған сәтте кеудемнен жан ұшқалы.
Музыканың бар сырын ақтарған-ды,
Оны білмей өлуім — жаман қылық.

— Алайда сен... О, менің данышпаным!
Тынды әнші, бос сөзге барыспады.
— Қансам деймін өнердің құдіретіне,
Тұрған сәтте кеудемнен жан ұшқалы.

Әнші үні аяттай жатталған-ды,
Музыканың бар сырын ақтарған-ды.
Қуанышты рухы Сократтың,
Мәңгілік ғұлама боп аттанған-ды.

## ОТАР МЕН БАҚТАШЫ БАЛА
*Армянның халық аңызы*

— Ерте, ерте, ертеде, ертеде еді,
Ескі аңыздан қалған бір ертегі еді.
Тек ұжмақтың жайылып жайлауында,
Бір отар қой марқасын ертер еді, —
Деп әңгіме армян қарт шертер еді.

Жапа-жалғыз жас қыршын безетін-ді,
Араганның ой-қырын кезетін-ді.
Махаббаттың дертіне төзетін-ді,
Маралынан айрылған бұғыдайын,
Қосылмасын мәңгілік сезетін-ді.

Кезе жүріп, қамыстан сырнай жонып,
Қапастағы серігі сырнай болып,
Сылдыраған бұлаққа, ақ бас шыңға,
Мұң шағатын жалғыз тал қурай болып,
Басқадай алданыштан жұрдай болып.

— Біздер сенің қасыңда қала алмаймыз,
Қалай ғана жатармыз аға алмай біз,—
— Біздер сенің соңыңнан бара алмаймыз,
Деп бұлақтар тартатын. Тау күрсініп:
— Біздер сенің соңыңнан бара алмаймыз,
Қара жерге қадаған бағандаймыз.

Қойлар елтіп сырнайдың әуеніне,
Қалдырыпты ұжмақты, әуені де.

Араганның баурына келіп түскен,
От-суы мол, ұжмақтан мәуелі де.

Сиқырлы үнін сызылтқан сырнайға еріп,
Қыршын жасты қоршапты қимай келіп.
Жалғыз жанмен айрылмас дос болыпты,
Тау елінде қалуды хош көріпті.

Содан бері күнқақты таудың ұлы,
Сол отардың соңында бар ғұмыры.
Рақымды асқардан ырыс ағып,
Араласып өмірмен жанды нұры.

## ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТҮТІНІ

Туған жерге қайта оралып келдім де,
Аспанымнан көз алмаймын мен мүлде.
Жұлдыздарды алғаш рет көрдім бе?!
Бәрі ғажап, бәрі менің көңлімде.

Ерке досым сыңғырайды ақ бұлақ,
Емін-еркін тасқа моншақ атқылап.
Ұмыт болған балалық шақ — қамсыз шақ,
Қырсы алдымда жүгіріп жүр шапқылап.

Күн аттанып, іңір қайта жапқандай,
Бұталарда бұлбұл үні. Бақ қандай?!
Таныс соқпақ, сол баяғы шақтардай,
Дел-сал болып әкем келе жатқандай.

Ойын қалған, елең-алаң кеш кірген,
Мені іздеген шешем даусы естілген.
Ондай жанды көрмей ғұмыр кештім мен,
Ондай күлкі көрген емен ешкімнен.

Ошағымда қызыл күрең от жанған,
Ондай түтін сезген емен оттардан.
Айналамда әңгіме сыр, мен — бала,
Тәтті ұйқының жөргегінде кетті арман.

Керегі жоқ, түкке көңіл бұрмаймын,
Өткен өмір — өшкен дүние, жыр қайғым.

Бар байлығым — туған жердің түтіні,
Даңқтан да, махаббаттан жұрдаймын.

Бір керемет күтіп мына жалғаннан,
Жас сәбидей бос қиялға алданған.
Туған жердің түтін иісін жұтсам бір,
Марқұм болған ата-анамды құшсам бір,
Амалым не, арылар ем арманнан.

*1964-жылы аударылған.*

***Акоп АКО***

## РЕВОЛЮЦИЯ

Көріп пе ең, жолдас!
Теңіздің дауыл шақтарын?
Тағыдай тулап,
Аузынан көбік атқанын?
Өкіре келіп,
Жағаға соғып толқындар,
Шашылып құмдай,
Тас-талқан болған шақтарын?

Дауылдан кейін,
Жайдары күліп, бұйығып,
Күлетін күнге,
Аспанға, жерге сыйынып.
Сызылып тұрып,
Сыбызғы сынды құйылып,
Наз ерке қыздай,
Қамайтын еді қиылып.

Естіп пе ең, жолдас!
Жасынның көктен атқанын?
Аспанда атыс,
Жарылыс болып жатқанын.
Жарқ етіп сөнген,
Жасынның оғы — найзағай,
Қара бұлттарға,
Қадалып қалған шақтарын?

Сол сәтте дереу,
Рахат нөсер төккенде,
Өкірген жасын,
Өлермен шаққа жеткенде.
Көкпеңбек шуақ,
Ағаштың бұйра шаштарын,
Көгілдір нұр кеп
Рахаттана өпкен-ді.

Жалғанға сыймай,
Жанымен әлек боп жатқан,
Естіп пе ең, жолдас!
Әйелдің даусын толғатқан?
Жан тапсыратын,
Жаралы жолбарыстайын,
Ыңыранған босқа,
Ылажы құрып, сорлатқан.

Азап та тынып,
Арман да шығар қарсы алдан,
Мінеки сәби,
Әлемге бүкіл жар салған.
Бақытты сәтте,
Басылып жанның азабы,
Сарыла күткен,
Сағатты ана қарсы алған.

Осылай, жолдас!
Революция ашылған.
Қос теңіз тасып,
Біріне бірі шашылған.
Қарама-қарсы алапат күштер алысып,
Найзағай мынау,
Тұңғыйық түнде асылған.

Дауыл да тынды,
Жасын да өшті,
Ақ жаңбыр,
Түнерген бұлттан,
Аспанды шайып алды-ау бір.

Қып-қызыл шақа,
Азаппен туған,
Арман — бұл,
Алып бұл сәби — Бостандық, жолдас!
Бостандық!

Күйреген түрме,
Күлінде өсіп қалған бір!
Ант еткен маған,
Сағатта мына алданған.
Қозғалыс — жеңіс,
Жеңіссіз жетпес арманға.
Жолдасым менің,
Жадыңда ұста жалғанда!
Азаттық — сәби,
Революция — Ана.
Жаныңмен ант ет,
Жаныңмен оны қорғауға!

*1964-жылы аударылған.*

***Евгений ЕВТУШЕНКО***

## ГҮЛДЕР МЕН ОҚТАР

*Америка Құрама Штаттарының Оңтүстік Шығыс Азиядағы соғысына қарсы демонстрацияға қатысып қаза болған Кент университетінің студент қызы Аллисон Краузенің аруағы риза болсын.*

Гүл сүйген жан, әдетте,
оқ алдында оңар ма?
Кінәмшіл бикеш — оқ деген,
рақым күтіп болар ма?
Аллисон Краузе —
он тоғызыншы құрбандық,
Гүлді сүйдің,
сондықтан қазылып қойды молаң да.

Мен мөлдір үміт белгісін,
танытты ң шақта тарынған,
[illegible] бір ардың қанынан,
нәп-нәзік адал тамырдан.
Оқтардан гүлдер артық", — деп,
оқпаны жуан қаруға,
[illegible] сенің, Аллисон,
шоқтары гүлдің тағылған.

Бұл сыйлама өкіметке
ақиқатты зорлаған,
Сырыңа бал қайтармай,
қатыгез сұмдық жолдаған.
Міне, саған құрмет,
міне, Аллисон Краузе,
Өзің таққан гүліңді
оқпен атып қорлаған.

Алма ағашы әлемнің,
мейлі, қара жамылсын!
Сенің иісі-ай сиреннің
Жансыз аруақ нағылсын,
Айтуынша президент,
сен бір жүрген сандалбай,
Өлгендердің бәрі — сол,
Кімнен кінә танырсың?!

Шөп үстінде жатырсың,
Мәңгі бейқам күйге енген.
Айрылдың билеуден,
жаңа кітап оқудан,
жаңа көйлек кигеннен.
Студент едің сен,
әсем өнер үйренген,
Бірақ сұмдық өнер бар,
тірі пенде жиренген.

Сірә, жендет өнердің де,
данасы бар, сорлары.
Кешегі Гитлер кім еді?

Тажалдың бұққан қорғаны,
Гүл біткеннің атынан,
қарғыстаймын,
құрып кет,
Алдаудың архитекторы,
ажалдың дирижерлары!

Әлемде барлық аналар,
сыбырлап отыр аллалап,
Көріпкелдер қорқады.
Болжамақ қалай, оңдамақ,
Камбоджа, Вьетнам жерінде
қаусаған сүйек билеп жүр,
Апырмау, ертең өзіне,
сахна қандай таңдамақ?!

Токионың қыздары,
жігіттері Римнің,
аттаныңдар, тұрыңдар!
Гүл көтеріп,
қарсы бар,
ортақ жауға, зұлымға,
Бүкіл әлем бақбақты
ризамын үрлеп қалғанда,
Алапат бір қарлы дауыл
тұрар еді-ау жалғанда!

Қызғалдақтар,
әсем гүлдер,
жаңа ғана бүр жарған,
Қамданыңдар соғысқа,
жазалаушы сұмдарға!
Өшір үнін,
кекті ашумен атылыңдар қырлардан,
Екі жүзді жымысқыдан ада болсын бұл жалған!

Мата жасмин кемелерді
өлім сықап тиелген,
Сен, ошаған,
қарауылға қадал дағы, иемден!

Киелі лотостары,
Нілдің әрі Ганганың,
Қаһарыңды
өлімге буаз самолеттерге арнағын!
Соғып жатыр,
соғып жатыр сәбилердің арманын,
Күлдіріңдер,
бұл ғаламның құс қанатты аңдарын!

Раушандар, бағаң қымбат екеніне есірме,
Қыздарға тым қолайлысың,
қызғанайын несіне,
Бомбасы бар самолеттің бензобагін тесуге,
Қамдана бер,
қанжар бойы тікеніңді өсір де!

Гүлдерден де оқтар күшті,
мұны әркімдер біледі,
Ерен болмас жапырақтың дірілдеген жүрегі.
Қару алған Вьетнам қызы —
Аллисонның құрбысы,
Ел кегімен суарылған
қаруланған гүл еді!

Гүлдер тіптен,
тұмарларын оққа қарсы қойғанда,
Болмайды ғой тарихпенен жасырынбақ ойнауға.
Жас Америка,
жендеттердің аяқ-қолын байлаңдар!
Ақ, керуен-ақиқатты,
ақиқатты ойлаңдар,
Адам арын табандарға жаныштатып қоймаңдар!
Қамдан, гүлдер, соғысқа!
Әсемдікті қорғаңдар!

1970

*Федор МОРГУН*

## КӨКТӨБЕДЕ

Аспаннан асқар тауға қараса күн,
Сырғанар Көктөбеден бала сағым.
Тырналар жазды арқалап келе жатқан,
Қырларға көктеп жатқан қарасады.
Қиып ап қызғалдақты қыр басынан,
Сәбилер қалаға әкеп алма-кезек,
Көз жеткен көктем мәңгі тұрмасына.

Шапанын алуан түспен қауыштырып,
Тау жатыр гүлмен гүлді ауыстырып.
Тырналар биік көкте мас болып жүр,
Ақыл-есін бұл көктем ауыстырып.

*1972.*

# Күнделіктер

*1972-ж.,*
*73, 74,*
*75, 76-жылдарда да*
*жазылды*

# ТҮС

*Таң. сағ. 6.00*
*3-4-ноябрь 52-жыл.*

..."Қойшының баласына біткен мінездері бар". Қателесесіз, дүниедегі адамның қоры қойшы деп ойлаймысыз?!

Мен мұны ұмытпаймын. Өңімде, өмірде айтпағаныңмен, түсімде айтып үлгердің. Рахмет.

Мүмкін, жуық арада өңімде де естірмін. Әрине, бұлай деуің заңды да.

Баяғы менің тозған үйім. Оның еденінің дымқылдығы сонша: тіпті, қарт айтқандай, капуста егуге де болады.

...Анам, Анам! Жеті қат жер астында жатсаң да біліп отырсың-ау! Кешір, ана, өмірде көрген жақсылық пен жамандығым ойымнан ұмыт болғанымен, дән теріп тамақтандырған сен ойымнан қалай ұмыт боларсың?

Апатайым, неткен айбынды, зор едің! Алқабынан алтынын ақтарып алып жатқан асқар тау да сенімен теңдесе алмайды! Сен әрқашан биіксің, зорсың! Олай болуға хақың да бар.

...Нақам — ақ көңілім, асылым — Анам. Адамға деген жақындық, адалдық сенің осы бір ұсқынсыз тұлғаң мен бейнеңнің қай жерінде екен, ә!

...Тәтем! Тәте-ай, мүмкін, өмір соққысын көбірек көргеннен болар, жасқаншақтық, жағымпаздық неге сенен кетпейді? Неге тура айтпайсың?

...Тоқаным — бауырым. Біздің шыққан арнамыз лайланып тасталған, шамаң келсе, осыдан құтылуға тырыс!

Сол бір үйде оқшау тұрған көшеден,
Жылай-сықтай күнелткемін кеше мен...

Айлар өтті...
Болды, міне, жыл жарым.
Жас сәбидей қуантасың, алдайсың,
Білмейсің бе бір жасырын сыр барын?

*1952-жыл.*
*Ноябрь.*

* * *

Өткен жылы (1952-ж. 31-март) дәл бүгінгі күні мен туған жерімде едім...

Әлі есімде, ауылдан оқшау, қара судың бойында [illegible], төңірегін қалың ши басқан туыстарымның қабірінің басында болып едім. Менімен бірге Сыдық, [illegible] болған-ды.

20-сында ма болмаса 25-інде ме, есімде жоқ, қайтыс болған кәрі анамның денесін жасырған топырақтың бетін [illegible] күн құрғатып та үлгермепті. Үшеуіміз аттан түсіп, қабірден иіскеп топырақ алып тастадық.

Су бойында өскен жас шыбықтар әлі көктеп үлгермепті. Солай да болса менің ойымда бір тал жас шыбық қиып әкеліп, қабірдің басына шаншып қойсам ба деген сезім туды. Бірақ өзімде де, жолдастарымда да пышақ болмады. Әрине, шаншып қойған күнде де одан қандай нәтиже шығар еді. Бұл тек қолдан түк келмегеннің ісі еді...

Міне, он сегіз жыл тәрбиелеген анаммен мен осылай қоштасқамын.

Сол күнгі (31-март, 52-ж.) Сыдықтың айтқаны әлі есімде: "Әй, момын бауырым-ай, анау құдың (Лашынның) қалжыңын шын көріп: "Бүгін бармай-ақ қойшы!" — деп [illegible]-ау... Ертең қайсы күн дегенімде барып түсінді.

Шынында, ол алғаш айта бастағанда, менің де жүрегім [illegible] барып, артынан түсіндім...

Кім білсін, менің сол барысым көп нәрселердің бетін бүркеп те кеткен болар...

Мен Шибұтқа жеткенде, бірінші Әбдіке қарсы алды.

Ту, қандай күлкілі. Екеуміздің көріскеніміздің аты не?

Жұлдыз! Егер анаңның адалдығы рас болса, сенің фундаментің 1952-жылы, 31-март күні түнде жасалды.

Балапаным, мүмкін, менің бұл айтқаным саған ұят та болар, бірақ арсыз әкең өмірдің насекомын жыйнауға құмар-ақ...

*Мұқаметқали Мақатаев.*
*31-март 1953-жыл.*
*Алматы.*

1972-жыл. Есеп.

5-февральдан 28-ноябрьге дейін N1, N2, N3, N4-дәптерлер жазылды.

"Аққулар ұйқтағанда", "Қырандар, хош болыңдар" 31-сентябрьден 9-октябрьге дейін жазылған екен.

N1-дәптер — 5/II-15/II-72-ж.
N2-дәптер — 16/II-4/III-72-ж.
N3-дәптер — 14/IX-7/XI-72-ж.
N4-дәптер — 9/XI-28/XI-72-ж.

Так держать!

*М. Макатаев.*

Айналасы бір жетіде "Аққулар ұйқтағанда", "Қырандар, хош болыңдар" жазылды.

Газеттердің тапсырмасын былай қойғанда...

1972-жыл 9-ноябрьден 28-ноябрьге дейін цикл өлеңдер жазылды.

1972-ж. жазы сауықпен өтті.

* * *

*27-март 1972-жыл.*

Шын талантты ақын берерін бергеннен кейін, сыйымен өле білгені де жақсы. Алайда таңдамалыларының толық жинағына өзі редактор болғанның да зияны жоқ...

*30-март.*

"ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ БІР ЖЫЛЫ" (баяндама, ойлар).

"Поэзия махаббаттан басталып, парасатпен аяқталуы тиісті"...

[illegible] жаңа келгендеймін. Ой-санам, жүріс-тұрыс, [illegible] сұмдық өзгеріс бар. Сәл кештеу оянған жоқ [illegible] дер шағы ма екен?!

*[illegible] 1972-жыл.*

[illegible] не знаю, в поэзии не врать!!!" (Өмірде [illegible], өлеңде өтірік айтпау керек).

[illegible] (дәл қазір, 2-апрель, түнгі он екілерде) тырналар [illegible] өтті. Столға отырғаным сол еді, тырнаның даусын [illegible]. Біздің жаққа қарай ұшып кетті. "Ақ тырналар [illegible] сына қағып..." ұшып кетті...

Пушкин мен Абайға айналып соға берем, соға берем. [illegible], Пушкин-ай, соншаның бәрін қашан жазып [illegible] екен.

[illegible] апрель 1972-жыл.

[illegible] жырының бір жылы" — баяндама өтті (12-апрель, 1972-жыл), түсінді ме, жоқ па?! "Поэзия туралы [illegible]" — болашақтың шаруасы.

*[illegible] апрель 1972-жыл.*

Не көрінді?! Не жетпейді?! Сволочи!!!

*[illegible] февраль 1973-жыл.*

..Адамдардың арасында болған алауыздық мені де шарпымай өткен жоқ. "Жұлдыздың" делосын өткізіп [illegible], поэзиямды өзім алып қалдым... Әзірге немен тынары белгісіз, барым менің, балам менің, жарым, жақсылығым менің — поэзиям, тек сені сақтап қалсам екен. Сені де өлтіргісі келе ме, қалай?! Олай бола қоймас, егер бола қалса, қалған өмірдің қызығы не маған. Ойлап отырсам, менде бір арман бар екен. Ол — қалайда халқыма жағыну, ұнау соған. Тек соған ғана жасырмай шынымды айтсам деп едім. Халқым, үнімді қалай жеткізем саған?.. Айналам тарылып, құрсауланып барады. Жағдай қиын, өте қиын...

Келесі жылы жаңа жинағым жарық көре ме, жоқ па?
— Ей, қалам ұстаған, қаламдас бауыр-қарындастарым,

халықты ұмытпаңдар! Халықсыз күндерің қараң! Оны сүйемін деп байбалам салмаңдар. Оған тек ғашық бола біліңдер!

*5-март 1973-жыл.*

Газеттердің тапсырмасын қоспағанда, 3-марттан Н. заставасынан басталды... Бітті.

*2-март 1973-жыл.*

Белгісіз бір дүлей күш қол-аяғымды матап, тіптен ойыма да құрсау салып тастаған сияқты. Не ойлап, не жазарымды білмеймін. Белгісіз біреудің көңілін тауып, ойынан шықпақ болам. Ол не, кім? Білмеймін...

Күн көріс қиындап барады. Балаларымның тағдырынан қорқам.

*6-март 1973-жыл.*

...Поэзия — ғылым. Зерттеу керек. Адам өмірінің, адам жанының зерттелмеген, қалам тартылмаған несі қалды? Соны табу, соны зерттеу керек. Адам сезімін жан-жақты зерттейтін құдірет болса, ол тек — поэзия. Басқа ешқандай да ғылымның қолынан келмейтін шаруа бұл!

*7-март 1973-жыл.*

Мәскеуден хат келді. Білмеймін...

*9-март 1973-жыл.*

Шолпаным айта жүретін, Шолпанымның ұрпағы айта жүретін өлең-ертегі жазып көрейінші...

*17-март.*

Өткен аптада Мүсіреповте (үйінде) болдым. Бұл адаммен жақын келіп сұхбаттасқаным осы. Үйінде өзі жалғыз екен. Жылы қарсы алды. Екі сағаттай әңгімелестік. Мен Ғабеңді бойындағы дарынның барын беріп болған адам деп айта алмаймын. Ал бойында жасырынып жатқан жанар тауы бар екеніне күмәнім жоқ. Уақыт-ай!.. Әдебиет, жалпы

искусство жөнінде болар-болмас шолу жасап, пікірлестік. Қарт өріден ойлайды. Қазіргі қазақ поэзиясы қатты толғандырып жүрген көрінеді. Бірдеме десем бе дейді.

"Аққулар ұйқтағандаға" тебіреніп пікір айтты, сүйсініп қалды, мен ыңғайсыздандым, онымды түйе қойды да, қоя қойды. Өлеңдер оқыдым. Кетерде маған қалам сыйлады (алтын қалам).

Қарт қартайған екен. Бүкіл үйде жалғыз өзі отырғаны қатты әсер етті маған... кабинеті жұпыны, жазу столы тіпті жұпыны, басы артық дүниелер, әлеміш-жәлемiштер жоқ. Ұзынды-қысқалы, бір түстес, үшкір ұшталған қара қарындаштар. Тілдей параққа арапша жазып тастапты, жаңадан жазылған, сірә. Қорапқа салған екі мылтығы тұр. Кіреберісте саятшының сауыт-саймандары... Ретін тауып, онымен ұзағырақ сөйлесер ме едi, біраз бірге болып, достасар ма едi. Тәңірім-ай, бұлар деген аяғын үзеңгіге салып тұрған адамдар ғой...

*(Абай, Жамбыл өмірбаяны...)*

Енді өзім туралы. Жыр түсінер қауым өлеңдерің жақсы дейді, әр тұстан қолпаштаған хаттар да алып жүрмін, бірақ сенуім қиын. Жаман жыр жазу қиынға түсіп барады. Жақсы жыр басылмаса, жарық көрмесе, қайтем?! Білмеймін... Тәңірім әзірге шешемді тірі қоя тұрса екен. Өстіп, тұралап жүрген кезімде қисая қалса, ел-жұртқа масқара болам ба деп қорқам...

*20-март.*

Құрбы-құрдас, замандастар мен туралы көп-көп қауесет таратады. Біріне бірі айтады, "өзімсініп" өзіме де айтып қалады. Көбісін бояп, бірінен бірі жаңартып айтады, ал мен олардың қай қырымнан қасығысы келіп тұрғанын түсінбейді ғой дейсің бе?.. Түсінем. Бекер обалдары не керек, бәрінің сыйлайтынын да білем. Білем де қоям, қарсы болмаймын, айта берсін, арамдық ойласа, өздерінің басынан артылмасын. Тек менің жұртқа зиянсыз екендігімді түсіне ме, жоқ па?!

Мен үшін дүниенің ең қорлығы — адамның айыбын бетіне басу, оның нашарлығын дәлелдеу. Бұл — бір. Екінші — болмайды, жарамайды, жоқ деп айта алмайтыным. Қорлықты осыдан тартып жүрмін. Көңілшектік — менің осал жерім. Сірә, сүрiне беретінім де осыдан болар.

Уақыт өз рөлімді маған да бөліп берген, соны дұрыстап ойнап шығу жолында мен де тырбаныып бағам, әрине. Демек, мінездегі жасандылық (артистік) маған да бөтен емес-ау...

*23-март.*

Ұмытшақтық пайда бола бастады, әсіресе... Бәрі де тұйыққа тіреліп тұрғандай. Жылжыған бір іс жоқ әзірге. Еш нәрсеге зауқым шаппайды. Қалам ұстағым да келмейді. Бір зілзала бойымды басып барады, немен тынары белгісіз.

Балаларым ғой... Олар болмаса, өкінішсіз-ақ өлуге болар еді.

*9-апрель 1973-жыл.*

Адам өмірінің бақыты — балалық шағы. Балалық шақ бақытсыздықпен өтсе, санасы бар пенденің бүкіл ғұмырына ақау түскені...

*21-апрелъ 1973-жыл.*

18-апрельде Сәбит Мұқанов қайтыс болды. Ертең (22-сі) жерленбекші. Егер бұрынғылардың айтқаны рас болса, енді екінші, нағыз шын өмірі басталатын адам осы Сәбең болуға тиісті.

Жұрт не ойласа да өзі білсін, менің ойымша, Сәбит — үлкен дүние. Өзі — Өмір. Хатты жаңа тани бастаған қазақтың қалаулы ұлдарының ішіндегі ең ірісі осы адам болуға тиісті.

Өзі өсірген өмірі мен заманы тұрғанда, Сәбеңді ұрпақтар ұмытпақ емес! Бұл — қазақтың Бальзагі (Жетпіс жылдығында солай деп ем...)

Құрметті адам өлгенде де құрметті! Хош, кәрия! Топырағың торқа болсын!..

* * *

Жарығым! Жарық дүнием сен ғанасың... Егер сен болмасаң, қазір-ақ, қазір-ақ, қазір-ақ!..

...Бүгін таңертең балконға шығып едім, мұрныма ауылдың көктемінің иісі келді. Сонау "Айқайтастан" соққан жайлаудың самалының иісі келді.

Сонау соғыс жылдары шешем екеуміз, әжем де бар, қой айдап жайлауға алғаш көшіп барған балауса, балғын шақ

есіме түсті. Әлі мал аяғы таптамаған Шалкөденің жап-жасыл жайлауы тұрды көз алдымда. Сол кезді, сол табиғатты бірінші рет маған көрсеткеніңе құлдық, тәңірім!

Сұлу сүйіп, сауық құрмай барам. Мейлі, өкінбеймін. Туған жерімнің тұнып тұрған қылшығына қылаң түспеген сұлулығын алдымен мен сүйгем! Соның бәрінің қызығы менде, менімен өзіммен бірге кетеді. Ол аймақ баяғыдай, менің балауса шағымдай сұлу емес қазір. Жоқ, сұлу емес. Ол да бөлек қазір, мен де бөлек. Екеуі де өлген. Тек менің кеудем мен миымда ғана. Менімен бірге өледі...

* * *

*23-апрель.*

Кеше (22-апрель) Алматы Сәбит Мұқановты ақырғы сапарына аттандырып, қоштасты. Түнеріп келіп, нөсерлете жаумай, анда-санда бүркіп қана тұрған күннің райы, ыстық та емес, салқын да емес, қоңыржай, шыбынсыз көктем, жиналған жұрт нөпірі, өзіне оңаша бөлінген Көктөбенің баурайы — бәрі де символично. Халық өз ұлынан ештеңесін аяған жоқ, ақ ниеттерімен ақырғы рет қоштасты. Сірә, өз халқының мұншама ықыласына бөлену — енді кімдерге қиындау болар...

Өзбектен келген жазушы (Сафаров) өз тілінде жақсы сөйледі. Ғабең (Мүсірепов) толқып сөйледі, қорқып сөйледі. Құдай-ау, анау "Экспресс", Пикассосы құрғырларда несі бар еді... Керегі не еді сол жерде?!

Сонымен, Сәбеңнің екінші өмірінің бірінші күні басталды. О, оның ұзақ өмірі енді басталды. Сәбеңде арман жоқ! Өз өмірінің шежіресін жазып үлгірді ол. Ал оның өмірі — дәуірдің өзі.

Айтса да, данышпан Мұхтар жатқан жерге жерленбей, қыр басына, мұсылмандардың қасына жерленді. Бұл да символично!

Жыртақтаған жігіттерді жек көріп кеткенім-ай! Қарғадай бастарынан бақастықты, тақастықты, пәскене-қоқыстықты қайдан үйренеді осылар?! Бұл жақсылық емес. Жастық жақсылыққа ғана ұмтылмайтын ба еді?..

*15-ноябрь 1973-жыл.*

Сонымен, хош бол, Москва!..

Менің үйіме лаң кірді. Немен тынары белгісіз. Бәрін

де бүлдірді Айбар. Шын уайым, шын қайғы осылай болады екен-ау.

*18-ноябрь.*

Айбар осыншама оңбағандыққа барып, осыншама сарсаңға салады деген үш ұйқтасам түсіме кірмейтін. Байғұс балам-ай, қисайта салса, құрдымға кетейін деп тұрғаны есіне кіріп те шықпайды. Балалығы дейін десем, қулық-сұмдық, өмірлік мәселелердің бәрін де түсінеді, бәріне де жетік сияқты. Ұстаздары, сөз жоқ, баламды түсінбейді. Оларды Айбар, Айбарды олар түсінбеушіліктің ақыры осыған әкеп соқты. Ақырының немен тынары белгісіз. Соры қайнап, өмірі сорлылықпен өте ме, қайдам?!

Екеуміз бір-бірімізді түсінеміз. Сол түсінігі түйсігін қазір оятса ғой, кейін кеш боп кетеді. Мұны енді не істеймін, неңдей айласын табам?!

* * *

*21-ноябрь 1973-жыл.*

"Сызат алды дегенше, сына берді десеңші". Тәңірің түбін берсін, біздің семьяға сызат түсті, оны әкелген — менің кіші ұлым Айбар. Біз де, әрине, кінәліміз ғой. Ақымақтың айтқанын орындап, тым шолжаңдатып жібердік. Меніңше бізден де гөрі екі есе кінәлі мектебі, мұғалімдері. Балам сол мектепке барғаннан қуғын-сүргінге ұшырады. Отырса опақ, тұрса сопақ деп, жолдастарына, бүкіл мектепке Айбарды жеккөрінішті етті.

Саумалдап тәрбиелеудің орнына, он екіде бір гүлі ашылмаған баланы үсті-үстіне жазаның астына алды. Ақыры бала ашынды, ашынды дағы, тіптен бағынуды қойды. Ақыры осыған әкеп соқты. Амалым таусылып, Айбарымды ол мектептен құтқардым. Енді қайтем, қайда жіберем, білмеймін... Нағашылары қабылдай ма, жоқ па?! Қабылдар еді-ау, Айбар үйреніп қалған әдетінен арыла ма, жоқ па?! Қалайда Айбарды қалада ұстап болатын емес. Кеше тергеуде болып қайттым. Жұмаға жымысқы іс қылған жолдасымен беттестіреді, не болары белгісіз. Тәлкекке салған тағдыр-ай!..

* * *

*24-ноябрь 1973-жыл.*

Кеше Айбар түрмедегі досымен беттесті. Бала ақылды бала екен, Айбарды сатпады. Бәрін де өз мойнына алуға даяр. Айбар да өзі қатысқан қылмысын жасырмай мойындады. Сонымен, тергеудің алдындағы іс тыныштықпен аяқталған тәрізді. Айбар бұрынғы мектебіне оралғысы жоқ, оқудан мезі болған.

Қайда, кімге барып орналасады, әзірге белгісіз...

*27-ноябрь 1973-жыл.*

Айбардың ісі аяқталған жоқ. Заңшылар исполком жанындағы комиссияға тапсырамыз дегенді шығарып отыр. Олары не демекші?! Аларын алып, айыбын тағып, баламды қолыма берсе екен. Айбарды ауылға аттандырсам ба деген ем, одан да түк шықпады. Ісі аяқталғанша осында болуы шарт екен. Баламды үгіттеп, бүгін мектебіне жібердім, не деп, қалай қарсы алып жатыр екен жыланкөз апасы.

* * *

*7-декабрь 1973-жыл.*

Жұмыссыз жүргеніме жаңа жылда бір жыл толады. Қайтіп, қалай жан бағып жүргеніме таңданам. Айбардың ісі аяқталған жоқ. Соның салдарынан басқа да жағдайлар бар, мен қазір мырза қамаудамын.

*18-декабрь 1973-жыл.*

Балам (Айбар) оңалып кетсе, әзірге бақыт маған сол. Кеше Совет ауданының исполкомында ісі қаралып, бір жылдық шарт пен 30 сом штраф салып, мектебінде қалдырды. Шешесі барды, менің арызым қатысты.

Ақымақ директор (қатын), оның итаршылары шабуыл жасап бағыпты. Қарғадай бала несін алды екен оның. Мендегі шаруасы не еді наданның?!

* * *

Үнемі Москвада тұрып, сонда тірлік еткендей, Москва неге ой-түсімнен шықпайды?

Алматыға, адамдарға деген біртүрлі жатырқау бар. Как ни

говори, Москва — есть Москва, там все проще. Там можно кое-чему научиться и можно добиться кое-чего (Қалай дегенмен Москваның аты Москва, онда бәрі оңайырақ. Ол жерде бір нәрсені үйренуге, әлденеге қол жеткізуге болады. Бастан өткен аяулы бір дәурен сияқты. Бір нәрседен арманда қалған, сол жерде бір асылымды ұмыт қалдырғандаймын... Өмір болса, тұра тұрсын, досты сол халықтың арасынан іздеу керек екен.

*19-декабрь 1973-жыл.*

Әзілдегенсіп, жаны ашып, жақын тартқансып, ақыл айтқансып, арыңа тікенектей қадалатын әріптестерден түңіле де, құтыла да алмай-ақ қойдым. Байқағаным — менің ардың-күрдің, қызынып, қылғытып жүретінімді қалайды екен бұлар. Сау жүрсем, сақтана бастайды. Әсіресе — Х... Ой, зұлым-ай! Неғылған іші тар ит еді?! Аңдып-ақ жүргені, сәл адаса қалсаң, аяйтын түрі жоқ. Оңашада сырласқан болады да, екі адамның басы қосылса, көзімді бақырайтып қойып, әзілдегенсіп, білдірмей жамандай бастайды. Бассыз-ай, мен соны түсінбейді деп ойлайды-ау, шамасы. Әй, екі аяқты есек-ай, мен сенің қазаныңа қол сұқпаймын ғой, несіне сонша зұлымданасың?!

* * *

Бұл күні менің қатын-баламнан басқа жақының қалмаған сияқты. Күні-түні келгенде, олардан да шошқа мінез көрем... Мүлде бір жат ортаға душар болған жандаймын. Ешкімге залал істемеп едім ғой, неге бәрі сырт тебеді?!

*24-декабрь 1973-жыл.*

Бұл жыл да өтті. Жырмен басталған жыл жырмен аяқталды. Күйбеңмен, азаппен өткен өлі күндерді қойшы. Жырсыз өткен күндер — мен үшін өлі күндер. Тәңірдің бұл алданышты қиғанына да құлдық. Поэзия болмаса қайтер едім?! Ақынның өз мемлекеті, өз қоғамы, өз дүниесі бар. Бұл аз дүние емес. Демек, мен сол үшін өмір сүрем, сол үшін күресем. Күресем?! Кіммен, немен күресем? Өзіммен өзім бе?!

Соңғы сөзді айтып өлу керек қой... Қандай сәби едім. О, Тәңірім! Түйсік бере көр, түсінік бере гөр!..

* * *

(Осыдан кейін бірнеше парақ жыртылған. — Құрастырушы).

*1 январь 1974-жыл.*

Вот оно что собственное достоинство! А я, глупец, не только не оберегал его, а вовсе не знал. Старался быть приятным, оказался простаком. Не только мои "Друзья", даже собственная моя семья, дети сумеют обвести меня вокруг пальцев. О, какое Вы чудовищное существо, Человечье! Нельзя, храни свое достоинство! Береги имя поэта, ибо ты истинный поэт, будь достоин тому! Будь простым, как сама природа, но и будь непреклонным, как она. Ты отличаешься от современников. Чем, не скажу... Так, будь же гордым! Выше голову, брат!..

(Жеке өз басыңның қадір-қасиеті деген осы екен-ау! Ал мен ақымақ оны қорғамақ тұрмақ, тіпті білмеппін де. Қарапайым болғым келді, алайда ашық ауыз екем, тек менің "Достарым" ғана емес, тіпті өз отбасым, балаларым да мені көр соқтырып кетеді. О, сен қандай қорқынышты нәрсесің, Адамзат! Болмайды, өз қадір-қасиетіңді қорға! Ақын атыңды сақта, нағыз ақынмын десең, соған лайықты бол! Табиғаттың өзіндей қарапайым бол, бірақ ол сияқты қайсар да бол. Сен замандастарыңнан өзгешесің. Неңмен екенін айтпаймын... Сенде ше, өр болсаңшы! Басыңды көтер, бауырым!..)

* * *

В 12.00 встречали Новый год. Тихо. Мирно. Скучновато. Я, собственно, не веселился. На этот раз что-то не получилось. О, Мир, скучай. Я скучаю. К чему все это?! Ради гордости! Ради своей самооценки!

(12.00-де Жаңа жылды қарсы алдық. Тыныш. Бейбіт. Зерігіңкілеу. Мен өз басым көңілденгенім жоқ. Бұл жолы бірдеңенің қиюы келмеді. О, дүние, зарық! Мен зарыққан халдемін. Мұның бәрі не үшін?! Мақтаныш үшін! Өзіңді бағалау үшін!)

* * *

*3 января 1974 г.*

В своем творчестве где слаб, где силен, я прекрасно понимаю сам. Где я слаб — не моя вина, а где силен — это не заслуга среды, в которой я жил. Не заслуга времени, при котором я находился в вечном опасении, вечно контролируя сам себя.

Нынче трудно быть поэтом...

(Өз шығармашылығымда қай жерде әлсіз, қай жерде күшті екендігімді өзім жақсы білем. Әлсіз жерім менің кінәм емес, ал күшті жерім — мен өмір сүріп отырған ортаның еңбегі емес. Үнемі өзімді өзіме қадағалатып, мәңгі мені қауіптендірумен келе жатқан уақыттың да еңбегі емес.

Қазір ақын болу қиын...)

* * *

*11-январъ 1974-жыл.*

Судьба поэта, его последние часы меня куда более волнует, чем судьба ее мятежной страны. Интересно, о чем он думал перед смертью?! Наверное, он в мыслях сказал: "Чили, радуга моя!" Или же что-то в этом роде. Да, все проходят через сердца поэта.

(Оның тыныштсыз елінің тағдырынан гөрі, ақынның өз тағдыры, өмірінің соңғы сағаттары мені көбірек толқытады. Өлер алдында не туралы ойлады екен, шіркін?! Бәлкім, іштей: "Чили, шуағым менің!" — деген шығар. Немесе соған жақын бір сөз айтқан болар. Иә, бәрі де ақынның жүрегі арқылы өтеді).

* * *

*27 января 1974 г.*

Будь ты проклята моя поэтическая судьба! Будь ты трижды проклята среда, окружающая меня! Среда, которой душой и сердцем я отдался, поверил, надеялся на лучшее. Коротаю свои униженные дни, дни которые мне ничего не принесли, кроме горечи да страданий. Теперь-то я понял, что нет человека на свете несчастнее меня. Не знаю, чем все это кончится. Одно мое желание — успеть воспевать свою лебединую песню. Не уж-то, я действительно хотел умереть добровольно?! Нет, чуть-чуть подождем, посмотрим что будет дальше...

(Ақындық тағдырым, қарғыс атсын сені. Мені қоршаған орта, үш мәрте қарғыс атсын сені! Мен жаныммен, жүрегіммен берілген, сенген, жақсыдан үміттенген ортам. Өзімді төмендеткен, маған қайғы мен қиналыстан өзге ештеңе әкелмеген күндерді бастан өткерудемін. Жер бетінде менен өткен бақытсыз адам жоқ екендігіне енді ғана көзім жетті. Мұның бәрі немен бітетінін білмеймін. Менің бір ғана тілегім — өзімнің ақтық өлеңімді айтып үлгеру. Мен

...ындығында өз еркіммен өле қояйын деп отырмын ба?!
...-пәл күте тұрайын, ары қарай не боларын көрерміз...)

Сегодня, 27 января 1974 г. написана поэма под названием "...свет мой!", за один присест, без перерыва, без единой ...рки, с 10 утра до 12 ночи. Попробуйте-ка, сразиться со ...

(Бүгін, 1974-жылғы 27-январьда, бір отырғанда, үзіліссіз, ... бір түзетусіз, таңертеңгі 10-нан түнгі 12-ге дейін "... - шуағым менің!" атты поэма жазылды. Менімен ... көріңдер қане...)

*М. Макатаев.*

* * *

*10 февраль.*

...тетерге ұсынғандардан әзірге хабар-ошар жоқ. Жарыққа шығара ма, жоқ па, білмеймін. Үлкен бір ...ында, үлкен бір мемлекет адамының алдында аруақ ...р Ахаңның арқасында үлкен бір ұят іс істеппін. Ол ...м бөлен де демес-ау, бірақ көлеңкесінен қорқатын ...дастар маған абайлап, сақтанып қарауы мүмкін ғой...

Жаным ауырып, күйзелу үстіндемін.

"Зову я смерть: мне невтерпеж". "Өлім шақырамын: ...н асығыспын" (Шекспир).

Ұят та, басқасы да шыдатпай барады. Не істеуім керек?

* * *

*...май 1974-жыл.*

Білгендерін істеп бағуда. Не жаза бар, бәрін қолдануда. Милицияға да бірнеше рет тапсырды. Енді қаматпақ ойлары. Көлеңкемнен қорқатын халге жеткізді. Милиция қашан келіп, ...алып кетер екен деген қауіптемін, әнеу күні милицияда ...лып өлмек те болдым, балаларымды қимадым. Мойныма тұзақ салып сәл тұрдым да, ойландым...

* * *

(Осы арада тағы да жыртылған. — Құрастырушы).

...Бұл халге де жеткізді. Соншама не істеп қойдым бұларға? Себепсіз адам өлмейді. Бірақ біздің ел оған пысқырып та қарамайды. О, не деген қиын уақытта өмірге келгеміз, бауырым...

*25-май 1974-жыл.*

"Чили, шуағым менің!" 27-февральда (1974-ж) "Социалистік Қазақстанда" толық басылды. Қуаланды қу байтал халімде жарық көрді. Жұрттың бәрі бір адамдай жақсы қабылдады. Көргісі келмегендер көрмей-ақ қойсын.

Бір нәрсеге өзіме өзім дән ырзамын. Ол — өзімнің ақындық болжамым, ақындық интуициям. Пабло туралы менің поэмамнан кейін Одақтық баспасөзде көп материалдар жарияланды. Әрине, олардың бірімен де мен таныс болған емен. Солармен кейін таныса отырып, дәл басып, бұрын білмеген жайттарымды алдын ала нақ айтқаныма мақтанам. Неруданың сүйегін қабірінен қазып, ұрлап әкетіпті, кітаптарын өртепті. Мен мұны білгем...

* * *

На следующий год, в этот же день, в каком положении окажусь, мне абсолютно неизвестно. Вообще, вся моя сознательная жизнь вокруг этих сомнений крутятся. Я не знаю даже, что будет завтра, всегда нахожусь в неизвестном направлений.

19-мая сего года, в жизни первый раз, пожалуй, первый и последний раз обратился к большому человеку. На его имя отправил большое письмо на русском языке. Честно, отчаянно во всем признался, ни на кого не жаловался. Что будет от моей затеи, что ждет меня впереди, неизвестно. Письмо мое дойдет ли до него не знаю, он сам лично ознакомится ли, или нет! Только одна надежда успокаивает меня, это то, если он лично ознакомится, то, неужто такой, большой человек не имеет такое большое сердце?! Не простой же смертник к нему обращается, а поэт, поэт с большой душой...

(Келесі жылдың осы күні қандай күйде болатыным маған мүлдем белгісіз. Жалпы, менің бүкіл саналы өмірім осы күдікті шыр айналумен келеді. Мен тіпті дәл ертең не болатынын да білмеймін. Әрдайым белгісіз бір күйде қалам.

Биыл 19-майда өмірімде бірінші рет, бәлки, соңғы рет үлкен кісіге өтініш білдірдім. Оның атына орысша жазып үлкен хат жібердім. Шынымды айтып, ашына бәрін мойындадым. Ешкімнің үстінен шағым айтпадым. Бұл әрекетімнен не шығатыны, мені алдымда не күтіп тұрғаны белгісіз. Хатым қолына тие ме, білмеймін, ол өзі оқып танысар ма екен әлде жоқ па? Мені тек бір нәрсе үміттендіреді: егер

...тынысса, сондай үлкен адамда қалайша үлкен жүрек ...ды? Оған өтініш білдіріп отырған көптің бірі емес, ...й, үлкен жанды ақын... Әзірше күтудемін).

*... 1974 г.*

Милые дети мои! Не будьте глупыми! Жизнь полно ...остей, будьте осторожными! К любому проявлению ... относитесь серьезно, трезво, не будьте слишком ...рыми, снисходительными. Пока существует жизнь, ...ствует и зло. Добром и снисхождением не сломить зла. ... только лишь силой можно противостоять, иначе ...те! Не делайте зла никому, а если кто злобствует ... Вами, ответьте ему тем же способом. Это — простая ...метика. Не держите душу нараспашку, как ни горько, ... век это к хорошему не приведет...

Одним словом, сумейте любить и ненавидеть, но ...йтесь человеком! Будьте всегда человеком! Будьте ... начеку, старайтесь всегда защищать свое "Я!".

Дети мои! Дети мои! Если Вы меня поняли...

(Сүйікті балаларым менің! Ақылсыз болмаңдар! Өмір тола ..., абай болыңдар! Өмірдің әрбір құбылысына байыппен, ...мен қараңдар! Жөні жоқ мейірбан, жұмсақ болмаңдар. Өмір барда жауыздық та бар. Мейірбандықпен, жұмсақтықпен жауыздықты жеңуге болмайды. ...Бір сөзбен ...да, сүйе де, жек көре де біліңдер, бірақ әрқашан адам ...тарыңда қалыңдар! Әрдайым сақ болып, әрдайым ...діңді бағалай біліңдер!

Балаларым менің! Балаларым менің! Егер сендер ...сеңдер ғой мені...)

* * *

Жил-был давным-давно царь Нерон. Люди привыкли его ...вать дураком. Я не знаю, действительно ли он был таким. Однако, я знаю и глубоко понимаю его по его же выражениям:

"О! Какой великий актер умирает!" — в этих словах вся суть его жизни! Это — чистосердечное признание человека, ...щего не своей жизнью: хотя б и он дурак. Все мы — ...тисты: даже в малом...

(Ерте-ертеде Нерон патша өмір сүрген. Жұрт оны ақымақ ... атауға дағдыланып кеткен. Шынында да ол сондай болды ..., мен онысын білмеймін. Бірақ мен оны өз сөзі арқылы ...мін және терең түсінемін. "О! Қандай ұлы актер өліп ...ды!" — оның бүкіл өмірінің дәні сол сөзінде. Ол қанша

ақымақ болса да, өз қалауынша өмір сүрмеген адамның шын жүректен мойындауы. Біз бәріміз — артиспіз, тіпті ұсақ түйек те де...)

* * *

Неужели, умный и преуспевающий счастливец тот, кто умеет приспосабливаться к создавшему условию, к любому безвыходному положению, умеет обходить любые опасности, не сопротивляется, лишь только изгибается как молодой, зеленый тальник под бурей?! А не тот, кто не покорен ни с кем, всегда старается сопротивляться к любому явлению зла и насилия и стоять как старый дуб под бурей, предпочтя, лучше вырваться с корнем, чем быть униженным рабом зла?!

Как ни говори, в наш век, мы первого считаем умницей и завидуем ему, а последнего называем либо дураком, либо неудачником и сопровождаем бедного кислой улыбкой, свысока, с презрением смотрим на такого. Могу привести тысячу примеров, да Вы сами сможете того...

Милые дети мои, в этом отношении, мне трудно Вам выбирать одного из двух, выбирайте сами. Мне неизвестно, как сложаться судьбы Ваши...

(Тап келе қалған жағдайға дереу бейімделе кетіп, кез келген лажсыз жағдаймен амал тауып, кез келген қауіпті айналып өте алатын, қарсыласпайтын, тек бірақ жел шайқаған көк шыбықша майысып қана қоятын адамдар ғана ақылды әрі табыстан табысқа жеткіш, бақытты болып саналмақ па? Ал ешкімге бас имейтін, кез келген жауыздық пен зорлыққа әрдайым қарсы тұруға тырысатын және жауыздықтың қорланған құлы болғанша, түп-тамырымен қопарылып қалғанды артық санайтын қарт еменше қара дауылға қасқайып қарсы тұратындар неге бақытты деп есептелінбейді? Қалай дегенмен де, бұл ғасырда біз алдыңғыларды ақылды санаймыз. Және оларға қызығамыз, ал соңғыларды не ақымақ санаймыз, не жолы болмағандар дейміз де, байғұсты кекесінмен менсінбей шығарып саламыз, ондайға жоғарыдан, жақтырмай қараймыз. Мыңдаған мысал келтіре алам, ол өздеріңнің де қолдарыңнан келеді...

Сүйікті менің балаларым, бұл жөнінде маған сендерге екінің бірін ұсыну қиын, өздерің қалап алыңдар. Сендердің тағдырларыңның қалай болатыны маған белгісіз...)

* * *

(Осы беттен де кейін жыртылған. — Құрастырушы).

*[illegible] 1974-жыл.*

Молчит мой большой человек, молчат мои коллеги. Неужели судьба поэта, судьба моя не встревожила никого? Не знаю, неужто они хотят опять осуждать меня, когда я сам себя беспощадно осудил. Может быть, под конец, я сделал неверный шаг, обратившись туда, куда не следовало бы?! Не исключено, что частенько чистосердечное признание превращается в бумеранг. Что, если опять, снова начнутся суды да пересуды?!

Дело Айбара еще не кончено, закон угрожает уплатой. Судьба моя, судьба моей семьи висит на волоске. Чем все это кончится, неизвестно.

(Менің үлкен кісім үнсіз, қаламдастарым да үнсіз. Менің тағдырым, ақын тағдыры қалайша ешкімді селт еткізбеді? Білмеймін, мен өзімді өзім әбден аямай айыптап біткенде, олар мені қалайша тағы қайта жазғырмақ? Мен, бәлкім, өзі де соңы біткелі тұрғанда, өтініш айтпайтын жаққа өтініш айтып, шалыс қадам жасап қойдым ба?! Кейде шын жүректен айтқан сырыңның бумерангқа айналып, өзіңе қайта оралып соғуы да ғажап емес. Егер тағы қайтадан бас-көз жоқ сөгу, даттау басталып кетсе, қайтем?!

Айбардың ісі әлі біткен жоқ, заң төлемімен қорқытады. Менің, менің отбасымның тағдыры қыл үстінде тұр. Мұның соңы немен бітері белгісіз).

* * *

Какой я человек, откровенно говоря, незнаю. Слабохарактерный, это правда. Но, душа моя, слишком добрая, сердце мое очень мягкое, как оно само. Может быть, от того и разделяю, неверно, мнение Толстого: "Несопротивление злу, насилию". Верно ли?!

(Ашығын айтқанда, өзімнің қандай адам екенімді де білмеймін. Көңілшек екенім рас. Алайда жаным менің тым мейірбан, жүрегім менің өте жұмсақ. Сірә, сондықтан шығар Толстойдың "жауыздыққа, зорлыққа қарсыласпауын" менің де қолдайтыным? Солай ма?!)

* * *

Не могу сказать, что люди коварные по тому, что мало знаю их. Я не исследователь, а поэт. Горечи и радости людские меня интересует больше, чем сам человек. Плох ли, хорош ли он, не мне рассуждать, ибо сам отношусь к отряду таковых... Меня увлекает судьбы людские,

окружающая их действительность, время в котором они живут, общество, которое управляет ими...

(Адамдарды жауыз деп айта алмаймын, өйткені оларды аз білем. Мен зерттеуші емеспін, ақынмын. Адамзаттың қайғысы мен қуанышы мені жеке адамның өзінен артық қызықтырады. Адамдардың жаман екенін, жақсы екенін ажыратушы мен емеспін, өйткені өзім де солардың бірімін. Мені жұрттың тағдыры, оларды қоршаған ортаның шындығы, олар өмір сүріп отырған уақыт, оларды басқарып отырған қоғам қызықтырады...)

*1-июнь 1974-жыл.*

Вчера в Союзе встретил одного человека из Большого дома. Оказывается, этот человек знает о моем письме. Меня потревожило сомнение, неужели, мое обращение к нему, попалось в руки таких, вроде бы этого. В таком случае мало надежды, по тому что я-то знаю, кто чей, кто кому служит... Неужели сердца людей превратились в мясной массив?! Неужели государственные мужы перестали относиться к нуждам народа, частицей которого являюсь и я ?! Начинаю понимать людей. Во мне что-то умерло. Начинаю терять доверие к людям, от того и не имею ни малейшей симпатии к власть имущим! Люди отличаются от скота потому, что между ними должно существовать неподкупное, взаимное, чистое доверие, сознательное, человеческое уважение друг к другу. Без этого мы потеряем, окончательно уничтожим себя и других. Лишаемся того богатства, которого называем "Дух"... Без духа ничего не делается. Считай себя трупом, когда тебя покидает дух! Значит, для спасения духа стоит бороться.

(Кеше үлкен үйдің бір адамын Жазушылар одағында жолықтырдым. Ол ч-к (ченеунік. — Құрастырушы) менің хатым жайында білетін болып шықты. Ана кісіге деген өтінішім мынау секілді біреулердің қолына тиді ме деген күдік биледі мені. Егер олай болса, онда үміт аз, өйткені мен кімнің кім екенін, кімнің кімге қызмет жасайтынын білем... Шынымен-ақ адамдардың жүрегі бітеу етке айналып кеткені ме? Мемлекеттік қызметкерлердің шынымен-ақ халықтың, оның бір бөлшегі болып саналатын мен сияқтылардың мұң-мұқтажына құлақ асуды қойғаны ма? Адамдарды енді түсіне бастағандаймын. Менің ішімде әлдене өлді. Адамдарға деген сенімімді жоғалта бастадым. Сондықтан қолында билігі барларға титтей де ықыласым жоқ! Араларында бір-біріне

[illegible] сатусыз, екі жаққа бірдей таза сенімі, саналы, кісілікті [illegible]ымы болғандықтан да адамдардың малдан айырмасы бар. Біз онсыз бір-бірімізден айрыламыз, өзімізді де, өзгені де біржола құртамыз. Жан дейтін байлықтан айрыламыз. [illegible] ештеңе жасалынбайды. Жан кеткен соң, өзіңді өлік деп есепте! Демек, жан сақтау үшін күресуге болады).

* * *

Сидит один кретин и советует мне написать поэму о "золотом человеке", о мнимом казахе. Я сказал, что это невозможно, прочтя ему на днях написанное мною стихотворение о "золотом человеке" и сказал: "Где человек, который дороже золота? Знаю только одно — если этот золотой человек действительно из нашего рода, то он знал [illegible] свою цену, золота. Выясни, кто этот "золотой человек"? [illegible], думал ли этот золотой труп при жизни, что все золото превратится в золотой гроб, и поколениям останется лишь только золото? Мне надо узнать, кто он, кем был, заслужил ли он за этого золотого одеяния?! Мне неведомо, откуда он достал столько золото, если известно, что золото добывается не легким путем и не каждому. Так что, пойми дорогой, поэзия не журналистика, а поэт не журналист, чтобы гоняться за каждой сенсационной случайностью. Разве можно написать поэму только за то, что нашелся скелет в золотом одеянии?! Я охотно напишу поэму о черепе человека, не захороненного в безлюдной степи, чем о человеке весь в золоте".

(Бір кеще отырып алып маған, жорамал қазақ "Алтын адам" туралы поэма жаз деп ақыл айтады. Оның мүмкін емес екенін айтып, жуырда жазған "Алтын адам" атты өлеңімді оқып бердім. "Алтыннан қымбат адам қайда?" — дедім әлгіге. Бір нәрсеге ғана көзім анық жетеді: егер ол адам шынында да біздің арғы тегіміз болса, ол өзінің де, алтынының да бағасын білген екен. "Алтын адамның" кім екенін анықта, маған түсіндіріп бер: өзінің бүкіл алтыны алтын табытқа айналатынын, ал кейінгі ұрпаққа тек алтынның өзі ғана жететінін тірлігінде бұл алтынға оранған өлік ойлады ма екен? Маған оның кім екенін, қандай адам болғанын, ана алтын киімді киюге тати ма — соны білу қажет. Сонша алтынды оның қайдан тапқаны маған белгісіз, ал алтынның оңайлықпен табылмайтыны бәрімізге аян. Сондықтан мені дұрыс түсін, қымбаттым, поэзия журналистика емес, ал ақын дабыра

туғызатын жағдайларға жүгіре беретін журналист емес, алтынмен киіндіріп қойған қаңқа сүйек табылғаны үшін ғана поэзия жазуға бола ма?! Алтынға малынған адам туралы жазғанша, елсіз далада көмусіз қалған адамның бас сүйегі жайында қуана-қуана поэма жазар едім).

* * *

*10-июнь 1974-жыл.*

Сегодня до обеда был на допросе у одного младшего сержанта милиции, а после обеда один известный поэт прочитал мне свои стихи и подарил мне свой новый сборник стихов, конечно, с большой надеждой он ждет моего отзыва. Вот она — моя жизнь...

О, какое отвратительное время настало для меня!

(Бүгін түске дейін бір милицияның кіші сержантында сұрақта болдым, ал түстен кейін бір белгілі ақын маған өз өлеңдерін оқып, өзінің жаңа өлеңдер жинағын сыйлады; әрине, ол менің пікірімді үлкен үмітпен күтеді. Менің өмірім — осы.

О, мен үшін қандай бір жексұрын күндер туып тұр десеңші!)

* * *

Как поэта, волей-неволей, меня понимают люди, а как человека едва ли кто понимает, даже самые близкие мне. Так поймите же, я родился Человеком и останусь им, а поэтом я стал, понимаете, стал т. е...

(Қаласа да, қаламаса да жұрт мені ақын ретінде түсінеді; ал адам ретінде кім түсіне қояр дейсің. Тіпті ең жақындарым да. Түсінсеңдерші, мен туғаннан адаммын, адам қалпымда қалам; ал мен кейін ақын болдым, ұқсаңдаршы, болдым, яғни...)

* * *

К 175-летию Пушкина.

Вот что знаю я о нем: Пушкин, прежде всего был коняшкой своих детей. Это — прекрасно! Не всякий гений может быть таким!

(Пушкиннің 175 жылдығына.

Менің ол жайында білетінім сол: Пушкин, бәрінен бұрын өз балаларының ат көлігі болды. Бұл — тамаша! Ұлылардың бәрі ондай бола алмайды).

*[illegible] сентябрь 1974-жыл.*

Все мне чуждо, отвратительно, омерзительно! Я давным-давно перестал понимать, кто мне друг, кто враг. Нет! Нет у меня друзей! Вижу только со всех сторон сползающих осьминогов к себе. Могу ли я отбиваться, не знаю. В таком случае только чудо меня может спасти. А я твердо верю в чудеса. Чудо должно свершится!

А пока меня хотят обезоружить. Враги мои безперестанно наступают. Они готовы уничтожить меня. Если кто-нибудь скажет, отдав ружье одному: "стреляй в него", — то тот или иной, не дрогнув рукой готов сию же минуту убить меня: меня - любившего вес род человеческий, не сделавшего никому зла.

Друг мой неизвестный! Ты говоришь, что у меня семья, свой дом, свой очаг. Еще что тебе не хватает? Нет, это не правда! Нет у меня семьи, нет родителей и родственников. Дом, в котором я живу, это не дом, а гроб при жизни. Спрашиваешь, почему тогда живешь, заботишься о семье, стараешься жить, стихи пишешь, книжонку хочешь выпускать?

Отвечаю: для детей, для своих капли кровей! Все-таки, они продолжение моих не дожитых дней, хотя, иногда, и они, мои маленькие хищники, тоже показывают мне свои когти, и готовы в любой момент причинить мне боль, глубокую рану. Для них, для моей жены я давно перестал быть отцом и мужем, а превратился в машину, добывающую деньги. Вот так они меня принимают и признают. Во мне что-то умерло, невозможно теперь оживить его... Все равно, последнее слово останется за мной. Надо-же, в конце-концов, допеть лебединую песню.

Эй, шарманщики! Не вам судить меня! Настоящие судьи впереди еще. Пройдут года, придет новое поколение, и они поставят каждого из нас на свое место. Испокон веков так было, так и есть, так будет! О себе я вот что скажу: Я ровесник поколения XXI века, а может быть, родственник еще дальних поколении...

(Бәрі маған жат, жексұрын, жиіркенішті! Кімнің дос, кімнің қас екенін ұғудан мен баяғыда-ақ қалғанмын. Жоқ! Менің достарым жоқ. Мен тек айналамнан өзіме қарай жылжып келе жатқан сегіз аяқты сұмдықтарды ғана көрем. Қорғана аламын ба, білмеймін. Мені бұдан тек қана бір

керемет құтқара алады. Ал мен кереметке қатты сенемін. Кереметтер болуға тиіс!!!

Қазірше мені қарусыз қалдырғылары келеді. Дұшпандарым тоқтаусыз шабуылдауда. Олар мені құртып жіберуге де дайын. Егер біреу қолына мылтық беріп, ат десе, қайсысы болса да қолы қалтырамастан бүкіл адамзатты сүйген, ешкімге зияны тимеген мені сол заматта-ақ атып жіберуге әзір.

Менің белгісіз досым! Сен маған: өз отбасың, өз үйің, өз ошағың бар, тағы саған не жетпейді дерсің? Жоқ, олай емес. Менде отбасы, ата-ана, туыс жоқ. Мен өмір сүріп жүрген үй — үй емес, тіршілігімдегі табыт. Онда неменеге өмір сүріп, отбасыңның қамын жеп, пірі болуға тырысып өлең жазып, кітап шығармақ болып жүрсің дерсің.

Жауап берейін: балаларым үшін, өз тамшы қаным үшін. Қалай болғанда да олар менің өмірімнің жалғасы ғой. Кейде олар да — менің сол кішкене жыртқыштарым да — маған өз тырнақтарын көрсетіп қояды, кез келген уақытта менің жанымды ауыртуға, қатты жарақаттауға олар да даяр. Олар үшін, әйелім үшін мен әке, күйеу болудан баяғыда қалғам, ақша табатын мәшинеге айналғам. Олар мені солай қабылдайды, солай таниды. Менің ішімде әлдене өлген, оны енді қайта тірілту мүмкін емес... Бәрібір соңғы сөзді мен айтам. Қалай болғанда да ақырғы әнімді айтып бітуге тиіспін ғой.

Ей, безілдектер! Сендер емессіңдер маған баға беретін! Нағыз бағалаушылар әлі алда. Жылдар өтеді, жаңа ұрпақтар келеді, біздің әрқайсымызды өз орнымызға солар қояды. Ежелден солай болып келген, солай болады, бола береді де. Мен өзім жайында мынаны айтам: мен XXI-ғасыр ұрпақтарының құрдасымын. Бәлкім, одан әрідегі ұрпақтардың туысымын да...)

* * *

Қайнекей ғұлама адам еді, ол да желінді... Франсуа Вийонды ол аса жақсы түсініп, жақсы аударып еді; бітіре алды ма екен, жоқ па екен?! Жатқан жерің торқа болсын...

* * *

*1 октября 1974 г.*

Не тот глупец, кто будучи не имея ни грамма таланта, претендует стоять в одном ряду с талантливыми литераторами; глупец тот, кто мерит свое творчество с сегодняшним днем и своим ура — патриотизмом хочет

[illegible]ся на литературном поприще. Глупец тот, кто ищет и все время находит вакантное место в литературе. Нынче талантливые люди в литературе мало играют роль. Теперешней нашей литературе нужны послушные холопы. Они, конечно, "борозду не портят". Существующие правила их вполне удовлетворяют. С разрешения пишут, работают, кушают и ходят. Они дисциплинированы. Еще бы, когда талант рвется, хочет своей дорогой двигаться и сбивается с борозды, что-нибудь да натворит, те холопы тут как тут. Бессовестные, они готовы заменить таланта, и представьте, заменяют". Занимают посты и командуют над талантами. О, как горько! Горьче не бывает...

(Бойында бір тамшы таланты жоқ бола тұра, талантты [illegible]шілердің қатарында тұрғысы келгендер ақымақ емес, [illegible] шығармашылығын бүгінгі күнмен және өзінің ұранды [illegible]измімен өлшейтін, сөйте тұрып, әдебиетте қалғысы келетіндер — ақымақ. Үнемі іздеп жүретін және ылғи [illegible]тегі "бос орынды" тауып ала қоятындар ақымақ. Осы күні талантты адамдар әдебиетте аз рөл атқарады. Казіргі [illegible] әдебиетке құлдық ұра беретін құлдар қажет. Олар, әрине, [illegible]ланы бүлдірмейді". Осы күнгі ережелер оларды толық [illegible]тандырады. Рұқсатпен жазады, жұмыс істейді, тамақ [illegible]ді және жүріп-тұрады. Олар тәртіпті. Өйтпегенде ше, талант [illegible]рқанса, ол өз жолымен қозғалғысы келеді және жолдан [illegible] кетіп, бірдемені бүлдіріп те алады, сондайда құлдар [illegible]асты табыла кетеді. Ұятсыздар, олар таланттың орнын [illegible] қоюға дап-дайын және ойлап қараңызшы, "орнын басады [illegible]". Орынға отырады да, таланттардың үстінен бұйыра [illegible]тайды. О, қандай күйінішті! Одан өткен күйініш [illegible]майды...)

* * *

*6 октября 1974 г.*

Настанет ли время очистить нашу литературу от сорняков?! Вряд ли. Нынешняя наша существующая литература всяких дельцов, земляков и друзей, подхалимов и трусов. Кое-как появится на литературном горизонте один пройдоха, и этот пройдоха притащит с собой себе подобного Санчо-рецензента. И этот "рецензент" до поры до времени тянет свои лапти на том же поприще. Стремится взять быка за рога. Кому подхалимничает, кого пугает (сам пугается), оглядывается, нет, дальше так не пойдет, и, он, при помощи своих собратьев-халтурщиков, не стесняясь, делает шаг в большую литературу,

теперь сам хочет быть творцом. Поэтому то, что ни месяц, у нас, в нашей литературе появится новая, но неизвестная, безымянная "звезда". Мы не замечаем, что наша добрая почва взрастила еще одного сорняка. До каких пор так должно продолжаться?! Осмелится кто-нибудь вырвать сорняки с корнями?! По моему это не дело одного рук. Потому и я призываю тех, кто страдает за чистоту нашей литературы, талантов меньшинств: Друзья, таланты! Соединяйтесь! Объявляйте войну против всех халтурщиков! Выведите на чистую воду всех их покровителей! Поймите же, наша литература начала задыхаться!

(Әдебиетімізді арамшөптерден тазартатын күн туар ма екен?! Қайдам?! Осы күнгі әдебиет — нағыз таланттардың әдебиеті емес, пысықтардың, жерлестер мен достардың, жағымпаздар мен қорқақтардың шатпағы. Әдебиеттің көкжиегіне өйтіп-бүйтіп бір алаяқ іліне қалса, ол өзі сияқты бір Санчо-сыншысымақты сүйрелей келеді. Ол "сыншысымақ" белгілі бір уақытқа дейін өз шәркейін сол салада сүйретіп жүріп жатады. Жағдайы барда айпап-жайпап қалуға тырысады. Біреуге жағымпазданады, біреуді қорқытады (өзі де қорқады), содан соң жан-жағына қарайды: жоқ, бұдан ары бүйте беруге болмайды екен; ол өзінің шатпақайшыл серіктестерінің көмегімен ұялмай-қызармай үлкен әдебиетке аяқ салады, сөйтіп енді өзі шығармалар жаза бастайды. Сондықтан бізде ай сайын әдебиетімізде жаңа, бірақ өзі белгісіз, аты-жөнсіз бір "жұлдыз" пайда болып жатады. Ал біз құнарлы топырағымыз тағы бір арамшөпті өсіргенін елемейміз. Қашанға дейін осылай созыла бермек? Арамшөптерді түп тамырымен жұлып тастауға әлдекімнің батылы жете ме? Менің ойымша, ол бір ғана кісінің қолынан келетін іс емес. Сондықтан мен әдебиетіміздің тазалығы үшін қиналатындарды, азшылық таланттарды мынаған шақырам: Достар, таланттар! Бірігіңдер! Барлық шатпақайшыларға қарсы майдан ашыңдар! Олардың жебеп-жебеушілерін түгелдей әшкерелейік! Ұқсаңдаршы, біздің әдебиетіміз тұншыға бастады!)

* * *

1974-ж. декабрь— 1975-ж. 23-январь.
N1, N2, N3-дәптерлер жазылды.
Тетрадь N3 (27.X.1974-ж.-23.I.1975-ж.)

# МАЗМҰНЫ


1. Музаға.
2. Көшіріңдер.
3. Серіксіз бе едің?..
4. Балқытушы.
5. Мен сені сағынғанда.
6. Шындық туралы.
7. Жездіде.
8. Отан.
9. Майгүлге.
10. Гүлденесің.
11. Шұғыла-арман.
12. Байқалмай өткен махаббат.
13. Бір күні, бір жылдары, бір заманда.
14. Зоопаркте.
15. Соқ, жүрек, солқылда, ми.
16. Басқажыл.
17. Алматының аспаны.
18. Сезім.
19. Фантазия.
20. Жазғырма мені...
21. Жүрегім, жүйкем, бар гүлгам.
22. Сонарда.
23. Қаншама жан болғанмен сорың қалың.
24. Жоғалып жазғы шақтарда.
25. Әттең, әттең...
26. Бір кемпірді бір кемпір...
27. Айығып келем.
28. Аққала — ақ бала...
29. Сынауға тіптен құмар кім көрінген.
30. Ақиқаттың ауылы.
31. Күн батты, міне кеш кірді.
32. Шағылысқан алдымда шар айнадай.
33. Майданның бәйгесіне.
34. Татамын деп сортаңды.
35. Жарығым-ай!
36. Сиыр айдап өріске ертең менен.
37. Соғыстың соңғы көктемі.
38. Беташар.
39. Түн маған ұйықтау үшін жаралмаған.
40. Бақытым менің алыста.
41. Жылқыбайдың жүрегі.
42. Жаз едім кеше.
43. Есті күндерім.
44. Шалға барып...
45. Моцарт. Жан азасы (Реквием).
    1. Табыт үні.
    2. Халық үні.
    3. Жесірлер үні.
    4. Жетімдер үні.
    5. Бесік жыры.
46. Нені көрдім?
47. Мен сені ұнатамын.
48. Адам қайдан жаралған?
49. Көк шығып қалды күнгейге.
50. Шын терлеп, дала бусанған.
51. Кездесу.
52. Мына бір келген мамыр ма?!
53. Сәуір айы.
54. Шыңылтыр аспан шытынап.
55. Гүлдер семіп барады.
56. Жартасқа жалғыз гүл өсер.
57. Киіктер, мұнда жүрмеңдер!
58. Маңыма сәуле жуытпай.

59. Жанашырға.
60. Ұрынбай боран, жауынға.
61. Махамбеттер, Абайлар-ай!
62. Жігіттер, мақтанбалық.
63. Туған жерде.
64. Тілегім қайда менің көкке өрлеген?
65. Аңғал досым-ай!
66. Бәрін де қойшы...
67. Жаным, сен жасымағын.
68. Баяғыдай.
69. Малшы айтады...
70. Қараша.
71. Сағалап сайды, жыраны.
72. Сол түні...
73. Жалғыз сәт.
74. Сен бе едің?!
75. Не жетпейді?..
76. Ей, өмір!
77. Аласарып Ай батқан.
78. Интервью.
79. Бақытты шақ.
80. Құт мекені.
81. Сұмдық-ау!
82. Танысу.
83. Өзеніне асыққан бұлақ тайын.
84. Жағымпаздар мен..
85. Сенің неңді аңсаймын?..
86. Асығып алыс күндерге...

**N4-дәптер. 11-февраль 1975-ж.-12-февраль 1976-ж.**

1. "Үлпілдеген, үрпиген..."
2. "Не келіп, не кетпеген..."
3. "Дариға, домбырамды берші..."
4. "Жібі түзу жан едің..."
5. "Тап-таза аспан тұп-тұнық"
6. Айбармен әңгіме.
7. Ағажан.
8. "Алыста, тым алыста..."
9. "Сағынып кеткенім-ай..."
10. "Ілініп күн тұр тауларға".
11. "Наурыз".
12. "Мен білмеймін не болады..."
13. "Есінде ме, екеуміз де..."
14. "Сүрініп кетпе"
15. "Сезбейсің ғой..."
16. "Кеше ғана көктем жаңа басталған"
17. "Жарқырап шығып..."
18. "Егерде айта алмасам..."
19. "Жазылар естеліктер..."
20. "Кереметі-ай!"
21. "Айтатын саған сырым бұл"
22. "Жиі енеді".
23. Халқым барда.
24. "Не пайда күрсінгеннен..."
25. "Түн. Қала. Үйлер үнсіз..."
26. "Жаратқасын адам ғып..."
27. "Туған жер сағындырды..."
28. "Бал дәурен, бала дәурен..."
29. "Күн бүгін күреңітіп..."
30. Сүйген ерін...
31. Өзімнің есебімше...
32. "Не керек осы адамға?"
33. Казақта монастырь жоқ...
34. Азаматтың ұрпағы.
35. Күн ауысып барады.
36. "Өткінші жаңбыр өрекпіп..."
37. Бір келіншек.
38. Көреміз.
39. Сен.

40. Оралыңдар.
41. Адасқан шағала.
42. Жарайсыңдар, жігіттер!
43. Бәріне жауаптымын.
44. Елім барда.
45. Қасқырға.
46. "Өзгеден емес, өзімнен..."
47. "Жырлар жазам"
48. Қазақстан.
49. Менің анкетам.
50. "Несін? Несін?.."
51. "Ешнәрсенің керегі жоқ."
52. "Күн жылыған, жер жібіген..."
53. Лайсаңда.
54. Қуаныш.
55. Бибігүлге.
56. Ол шақты қайтем...
57. Саяхат
58. Барлығы да сендердікі.
59. Қара қамба.
60. Гокарьдің соңғы сөзі.
61. "Қай күні менің..."
62. Карта ойынында чемпион жоқ.
63. "Өлімнен қорқам..."
64. Жүрек арызы.
65. Арман қуып...
66. Ауылыңа бір келгенде...
67. Февраль түні.
68. "Қилы тағдыр қарсы алдымда..."
69. Сыр.
70. Көктемде.
71. Қайран Қарасазым-ай!
72. Жүрексің.
73. Арыз жазып кетейін...
74. "Ей, бауырым!"
75. Несіне өмір сүргенсің.
76. Түйсік.
77. Аттанғанда.
78. Күн ұялап.
79. Хал мүшкіл, қалқам.
80. Сәлемдеме.
81. Әулие.
82. "Түн қатып..."
83. "Менің бір қарызым бар..."
84. "Не деген керемет күн!"
85. Түнжыраған ояу бақ.
86. Ұям менің.
87. Тау — бір аңыз.
88. Әкелер.
89. Абысындар.
90. Көшеде.
91. "Аттандырып..."
92. Менің мақсатым.

P. S. 1-2-3-дәптерлердің қолжазбасы (оригиналы) жоғалды. Тек машинописі бар (1-11-даналар).

Табылды!!!

*24 января 1975 г.*

После всяких потрясений (и морально, и материальн оказался в больнице. Ожидал ли я этого, не знаю. Вра говорят, что у меня хронический гепатит с переходом цирроз печени. Насколько правда, тоже не знаю. Но с прекрасно понимаю, где, как, что у меня болит. Прекрас чую, у меня болезнь не одна, чую, что душа вся в крови.

Больница мне помогла. Там в больничной палатке, ноч в буфете (столовая) работалось отлично. После долгой разлу мы встретились (с поэзией) как влюбленные. Вида соскучились друг без друга. В течении двух месяцев (с декабря 1974 г. по 24 января 1975 г.) написано около 4( стихотворных строк. Работал на совесть, не думая, возме ли кто-нибудь опубликовать их.

Во мне начинается прозрение. Начинаю понимать друг окружающую среду. Не понимаю, иногда мне кажется, ч весь род людской становится другом, а бывают моменты, ч родная мать окажется мне врагом. Это, наверно, от того, ч я отношусь к людям чересчур сочувственно, от них жду то же. Хочу быть понятным. Хочу, чтобы мне сочувствова люди, чтобы уважали меня. Потому что сам уважаю безмерно. По отношению ко мне, что вздумается, пусть лю говорят. Остановить их не в моей власти. Но их скры враждебность не скроется от моего взора, все равно узна Узнаю, да когда-нибудь культурно или безобразно нагруб Иначе я болею. Почему все это я говорю, да потому, ч имею дело с людьми, исследую их. Меня интересует не с человек, не оболочка, а характер, отношение, мысли психология людей. Стараюсь понять их. Понимая людей, с хочу быть понятным. Вот она — суть всей моей поэзии. Д меня поэзия — крик души. Больше ничего...

(Сан алуан сілкілеуден соң (моральдық та, материалд та) ауруханадан бірақ шықтым. Мұндайды күттім білмеймін. Менікі бауырдың қаттылануына айналып ба жатқан созылмалы гепатит дейді дәрігерлер. Қаншалық дәл екенін тағы білмеймін. Бірақ қай жерім, қалай, н ауыратынын өзім жақсы білемін. Аурудың біреу ғана ем екенін де, жанымның қанға батып жатқанын да жақсы біле

Аурухана маған көмектесті. Аурухананың палатасында, тү

[illegible] (асханада) өте жақсы жұмыс істелді. Ұзақ айрылысудан [illegible] (поэзиямен), ғашықтарша ұшырастық.

[illegible]қаймын, бір-бірімізді сағынып қалыппыз. Екі айдың ішінде (1974-жылдың 8-желтоқсанынан 1975-жылдың 24-қаңтарына дейін) 4000 өлең жолы жазылыпты. Әлдекім [illegible]лай ма, жоқ па дегенді ойламастан, арыммен жұмыс істедім.

Менің көзім енді ашыла бастағандай. Басқаларды, қоршаған ортамды ұға бастадым. Неге екенін, кейде маған бүкіл адамзаттың баласы дос болып көрінеді, ал кейде туған [illegible]м де қас сияқтанып кететін сәттер бар. Ол, сірә, менің адамдарға соншалық шектен тыс жаным ашып, есесіне олардан да өзіме сондай жанашырлық күткендіктен болар.

Жұртқа түсінікті болғым келеді. Мен олардың маған жаны ашығанын, мені сыйлағанын қалаймын. Өйткені өзім оларды шексіз сыйлаймын. Мен жайында не ойлайтындарын жұрт [illegible] айта берсін. Оларды тоқтату менің билігімдегі нәрсе емес. Алайда олардың жасырын жауылықтары менің [illegible]рымнан тыс қала алмайды, бәрібір білем. Білем, сонан соң ерте ме, кеш пе, мәдениетке жата ма, жоқ па, әйтеуір, бір [illegible] айтып тастаймын. Әйтпесе, мен ауырамын. Мұның бәрін [illegible] айтып отырмын, себебі мен адамдармен істес болам, оларды зерттеймін. Мені адамның өзі, сыртқы сұлдері емес, мінез-құлқы, қатынасы, ойы мен психологиясы қызықтырады. Оларды түсінуге тырысамын. Адамдарды түсіне отырып, олардың да мені түсінгенін қалаймын. Менің бүкіл поэзиямның мәні, міне, осы. Поэзия — мен үшін жанымның шырылы. Басқа ештеңке де емес.)

* * *

*26 января 1974 г.*

Я отношусь к Блоку как к полубогу. У Пушкина своя, особенная особенность; у Лермонтова, у Некрасова свои. В русской поэзии, мне кажется, Блок стоит особняком. Ни на кого не похож. Он выше своей поэзии. Очень культурная, серьезная поэзия у него. Блок — разочарованная душа. А его "Двенадцать" — крик (вроде "Реквием" Моцарта) мятежной души.

"Возмездие" его — это плач целой эпохи, целого поколения. Блок мне напоминает орла. Он парит высоко-высоко, хочет и не хочет садиться на эту грешную землю. Если бы не закон

тяготения, возможно, он остался бы на небе. Вся его жизнь напоминает "Коршуна" своего. У Блока не существует природы без человека и наборот. Природа и человек для него одно целое. Как можно понять природу без человека? Без его отношений к ней, без его настроения в тот или другой момент? Природа осознана, понято человеком. Значит она должна быть воспета вместе с ним.

Природа — она, сама собой украшение, не стоит ее украшать. Например, земля — земля, луна — луна, солнце — солнце и т.д. С чем еще можно сравнить их? Какое отношение того или другого человека к ним, кто как воспринимает, это другое дело. А искать всякие эпитеты для них, не кощунство ли?!.

У Блока все проще, понятно "Черный вечер, белый снег..." Опять-таки, в поэзии большую роль должен играть Дух. Остальное зависит от самого поэта. У кого не существует Дух, может удалиться от поэзии, нечего ему делать на этом поприще. К сожалению в наш век трудно таких прогнать, если они сами, по совести, не решаются на это. Потому что век-то наш добрый, хотя и жестокий...

Тәңірім-ай, сколько у нас поэтов и писателей! И все хотят быть прославленными. Все хотят быть обнародными, однако, даже не оглядываются, как смотрит на это народ к затеям.

Какая стала нынче наша добрая литература? Она стала кормилицей всем: и талантам, и бездарным, и пенсионерам и т.п. Придет молодой начинающий с двумя-тремя стишками, кое-где показывается и смотрит, не тут-то дело, пробиться невозможно. Потом попробует свою силу в прозе. Она тоже стоит перед ним непробиваемой стеной. Отчаявшись, молодой начинающий возьмется за критику. Зная, что подхалимничать тому или другому авторитету в поэзии и в прозе не очень-то легко, а в этой области удобно и выгодно. И он начинает свою деятельность. Иногда даже кого-то (того, кто не очень-то страшно, т.е. не занимает пост) пугает, и в один прекрасный день, становится "знатоком" нашей литературы и вершит суд над ней.

Я иногда хочу исследовать похождения скороспелок, каким путем они пришли в литературу, в чьем саду они росли, под чьим крылом они находятся, кто их покрыватели, да некогда мне...

Так продолжаться невозможно. В конце концов, всему будет конец, терпи и жди...

Мен Блокты жарты құдай санаймын. Пушкиндікі өзіндік, оның ғана тән өзгешелік; Лермонтов пен Некрасовтікі де өздерінше. Менің ойымша, Блок орыс әдебиетінде оқшау. Ешкімге ұқсамайды. Ол өз поэзиясынан биікте тұр. Оныкі өзгешелікті, күрделі поэзия. Блок — көңілі қалып, түңілген жан. Ал оның "Он екісі" — асау жан-дүниенің айқайы (Моцарттың "Реквиемі" сияқты).

Оның "Кепиетжазасы" — бүкіл ұрпақтың, тұтас бір ғасырдың көз жасы. Блок маған қыранды елестетеді. Ол өте, өте биікте қалықтайды, мынау күнәлі топыраққа қонғысы келмейді, қонғысы да келмейді. Егер тартылыс заңы болмаса, білем, сол аспанда қала берер ме еді. Бүкіл оның өмірі өзінің "Құрығына" ұқсас. Блокта адамсыз табиғат кездеспейді және керісінше. Табиғат пен адам — ол үшін біртұтас. Табиғатты адамсыз, оның әр сәттегі көзқарасынсыз, көңіл күйінсіз қалай түсінуге болады? Адам табиғатты түйсінген, түсінген. Сондықтан табиғат онымен бірге жырлануға тиіс.

Табиғат сол өз қалпында әдемі, оны әдемілеудің қажеті жоқ, Қалай көрінсе, суреткер оны сол қалпында беруі керек. Мысалы, жер — жер, ай — ай, күн — күн, тағы-тағылар. Оларды немен салыстыруға болады? Оларға қай адамның қалай қарайтыны, қалай қабылдайтыны, ол басқаша жағдай. Ал оларға теңеу табам деп іздеу кәдірсіздік емес пе?

Блокта бәрі оңай, қарапайым: "Түнек кеш, Аппақ қар". Айналып келгенде, поэзияда рух үлкен рөл атқаруға тиіс. Қалғаны ақынның өзіне байланысты. Кімде рух болмаса, ол поэзиядан аулақ жүруі керек, оған ол салада істейтін ештеңе жоқ, Өкінішке орай, егер олар өз ұяттары оянып, өздері солай шешпесе, біздің мына ғасырда оларды қуып тастау қиын. Өйткені біздің ғасыр қаталдығы болғанмен, бәрібір мейірбан...

Тәңірім-ай, бізде ақын, жазушы қаншама? Бәрі де атақты болғысы келеді. Бәрінің де халыққа танымал болғылары бар. Алайда сол әрекеттеріне халықтың қалай қарайтынына бұрылып бір өздері көз салмайды-ау.

Қайран әдебиетіміз қазір не боп кетті? Ол бәрін асыраушы: таланттыны да, талансызды да, зейнеткерлерді де, тағы-тағыларды. Екі-үш өлеңін алып жаңа жаза бастаған жас келеді, бірер жерге көрсетеді, бұл істен ештеңе оңбейтінін, өтіп кетудің мүмкін еместігіне көзі жетеді. Сонан соң өз күшін проза жазып байқайды. Ол да алдында алынбас қамалдай тұрып алады. Ашынған, жаңа жаза бастаған жас

сонан соң сынға жармасады. Поэзия мен прозадағы беделділердің біріне болмаса біріне жағымпазданудың оңай еместігін біліп, ал сын саласын ыңғайлы әрі тиімді санайды.

Сонымен өз әрекетін бастап кеп жібереді. Кейде тіпті біреуді (әрине, онша қауіпті еместі, яғни қызметі жоқты) қорқытып та тастайды, сөйтіп күндердің күнінде біздің әдебиетіміздің "білгіші" болып шыға келеді. Және әдебиетімізге үкімін жүргізе бастайды.

Мен кейде дүмбілездердің әдебиетке қандай жолмен келгенін, кімнің бақшасында өскенін, кімнің қанаты астында қатайғанын, оның қамқоры кім екенін, бүкіл кезген жолын зерттегім келеді, уақытым жоқ...

Бұлай бола беруі мүмкін емес. Түптің түбінде бәрінің де ақыры болады, шыда, күт...)

* * *

*31 января 1975 г.*

Как обидно (не дай бог!), умереть, не успев даже приобрести себе пару новых костюмов. Как горько родиться и жить в вечной нужде. Если я вспоминаю детство, юношество, мне становится жутко, обидно. Вся молодость прошла мимо меня. Никак не могу вспомнить хотя бы одного дня, который оставил бы маленький радостный след в моем сознаний. Вот уже пошел сорок четвертый год как я появился на этот свет, а вся эта жизнь выглядит так оскорбительно, так омерзительно, что порой хочется покинуть все добровольно...

Откровенно говоря, я раньше не знал, что такое здоровье, что такое болезнь. Оказывается, судьба моя не лишила меня возможности и в этом отношений. Раньше не знал, а теперь пришлось познать все недуги здоровья... Боюсь ли я смерти? Боюсь! Боюсь потому, что не вкусил радость жизни, что не встречался с радостью творчества, что всю свою жизнь провел в нужде, в вечном страхе перед ней. Короче, как-то оскорбительно родиться, жить и умереть ничего не увидевший, ничего не изменивший...

(Өзіңе бір жаңа екі костюм алып кимей-ақ өліп кетуің (құдай оның бетін әрі қылсын) қандай аянышты. Жетіспеушілікте туып және үнемі жетіспеушілікте өмір сүру қандай өкінішті. Егер бала, бозбала кезімді есіме алсам, сұмдық үрейленем, қатты жәбірленем. Бүкіл жастық шағым менің өзіме соқпай жанай өтіп кетіпті. Санамда титімдей

бір қуаныштың ізін қалдырған, ең құрыса, бір күнімді есіме түсіре алмаймын. Мен бұл жарық дүниеге келгелі, міне, қырық төртінші жылға аяқ басып барады екен, бар өмірімнің өмір, жиреніштi болып көрінетіні соншалық, кейде өз ырқыммен-ақ қиып кете салғым келеді...

Шындығын айтқанда, мен бұрын денсаулық дегеннің, ауру сезімінің не екенін білмеуші ем. Тағдырым мені бұдан да құр қалдырмапты. Бұрын білмесем, енді бар сырқаттың сырын түсінуге тура келді. Мен өлімнен қорқам ба? Қорқам. Қорқатын себебім: өмірдің қуанышын татып көргем жоқ, шығармашылықтың қуанышына жолыққам жоқ, бар өмірімді жоқшылықта, жоқшылықтан үнемі үрейленуде өткіздім. Қысқасы, туғанда да, өмір сүргенде де және өлгенде де біркелкі болу: ештеңе көрмеу, ештеңе өзгермеу — қашанда қорлық қой...).

* * *

*10 февраля 1975 г.*

Если издадут в 1976 г. мои "Избранные", думаю, тогда в конце концов, мне станет чуть легче: и духовно, и материально. Хорошо же ведь иметь "Избранную". Я ее назову "Тамаша айым — тамызым" ("Август — месяц священный").

Если заключу договор с издательством, то это должно быть именно в августе. Обычно, они заключают договор в этом месяце, на следующий год. Это во-первых, а во-вторых, август — последний месяц лета; в третьих, конец моему похождению, все-таки я уже не молод, вот уже исполнится 44 года. И, конечно, конец моей молодости. После лета наступает осень... Вот почему мне хотелось назвать свою "Избранную" "Август — месяц священный". Дай, Боже, чтобы моя мечта свершилась! Подари, Боже, побольше жизни, чтобы умереть довольным!...

(Егер 1976-жылы менің "Таңдамалым" шықса, онда менің ақыр аяғында рухани да, материалдық та жағдайларым ептеп не болса жеңілдеп қалар еді. Оны мен "Тамаша айым — тамызым" ("Август — месяц священный") деп атаймын.

Егер баспамен шартқа отырсам, онда сол тамыз айында отыруым керек. Әдетте, олар келесі жылдың шартын сол айда жасайды. Бұл — біріншіден, ал, екіншіден, тамыз — жаздың ақырғы айы; үшіншіден, менің жортуылдарым да

бітеді, қалай дегенмен мен енді жас емеспін ғой, міне 44-ке келдім. Әрине, бұл менің жастығымның соңы. Жаздан кейін күз келеді. Сондықтан мен таңдамалымның атын "Тамашы айым — тамызым" деп қоймақпын. Құдай, қолдай гөр, арманым орындалса екен! Ризалықпен өлу үшін, ұзағырақ ғұмыр сыйлай көр, құдай!..)

* * *

*12 февраля 1976 г.*

Старая болезнь. Больница. Лечение. От 11 января по 15 февраля. Видать, болезнь моя серьезная... Если врачи не врут, если правильно поставили диагноз, то меня спасти может только чудо. На этот раз я сам осознал, что я действительно болен. Похудел здорово. Самочувствие прескверное. Усталость, общее недомогание. Да еще грыжа, откуда взялась проклятая, не знаю; раньше и в помине не было; мешает повсюду. В конце этого месяца назначена операция.

Мои "Избранные" пошли под названием "Өмірдастан", по своей воле. И верстку, и подписную самому читать не удалось, из-за болезни.

Не знаю, как она выглядит. Одним словом, бедную мою я оставлял на произвол судьбы. Я прекрасно знаю, как относятся мои коллеги к моим творениям... Под любым предлогом они готовы задеть меня конспиративно.

Закончил четвертую тетрадь, от корочки до корочки исписано, часть которой в больнице, часть дома. Итак, у меня готов еще один новый сборник стихов. Дайте мне скорее издателя, а я обеспечу его новыми стоящими вещами.

Я не привык писать стихи урывками, когда как, где попало. Нет! Поэзия — это порыв души. Когда порыв появляется, надо сидеть не отрываясь от работы. Кому как, а я не встану, пока не иссушу, не выжму все соки вдохновения. Болезнь болезнью, но работалось отлично. Иногда даже оно (творчество) исцеляет меня от всех недугов.

Стихотворения прежде всего напряженнейший труд, труд кропотливый, нервный. Любит уединения и покой. Если во время такого напряжения на полдороге я остановлюсь, то потом трудно будет мне гнаться за мыслями. Отвыкну от прежнего азарта.

(Ескі ауру. Аурухана. Емделу. 11-январьдан 5-февральға

...шін. Ауруым оңай болмаса керек. Егер дәрігерлер алдамаса, ...нозды дұрыс қойған болса, онда мені тек бір керемет ...үш қана сақтап қалады. Бұл жолы шынында да ауру екенімді ...ен өзім де ұғындым. Қатты жүдедім. Көңіл күйім нашар. Шаршадым, бүкіл өне бойым сырқат. Оның үстіне жарық ...ені кесел жабысыпты, қарғыс атқырдың қайдан пайда ...ола кеткенін білмеймін. Бұрын мүлде қаперімде жоқ нәрсе, ...үдеп кедергі болды. Осы айдың аяғында операцияға белгілеп ...пыр.

Менің "Таңдамалым" өз келісіміммен "Өмірдастан" деген ...нмен кетті. Ауруыма байланысты қалыптауын да, соңғы ...ақойымын да өзім қарай алмадым.

Қалай болып шығарын білмеймін. Бір сөзбен айтқанда, ...нусты тағдырдың тәлкегіне тастадым. Өз әріптестерімнің ...енің шығармама қалай қарайтындарын тым жақсы білемін. ...ез келген сылтау тауып, олар мені білдірмей бір іліп қалуға ...ынып тұрады.

Жартысын ауруханада, жартысын үйде, алдыңғы тысынан ...ртқы тысына дейін түгел жазылған төртінші дәптерді ...тірдім. Сонымен, менің тағы бір жаңа жинағым даяр. Маған ...ңдетіп баспагер тауып беріңдерші, мен оны жаңа татымды ...үниелермен қалай қамтамасыз етер екем.

Мен өлеңді үзіп-жұлқып, орайы келгенде, кезі келген ...ерде жазуға әдеттенбегем. Жоқ! Поэзия — жан ...ұлқынысы. Бұлқыныс пайда болғанда, қаламнан қол үзбей ...ыру керек. Кімнің қайтетінін қайдан білейін, мен өзім ...ибыттың бүкіл сөлін сығып алып, құр сүлдерін қалдырғанша ...рнымнан тұрмаймын. Аурудың аты ауру, бірақ жұмыс өте ...ақсы істелді. Кейде ол (шығармашылық) мені бүкіл ...ырқатымнан сауықтырып жібереді.

Өлең шығару — ең әуелі қажырлы еңбек. Азапты, жүйкеге ...алмақ салатын жұмыс. Оңашалануды және тыныштықты ...үйеді. Егер мен ондай толғақ үстінде жарым жолда тоқтай ...алсам, кейін онда ой соңынан қуалау маған қиын. Алғашқы ...умарлықтан ажырап қалам).

* * *

*14 февраля 1976 г.*

Если когда нибудь, кого нибудь интересует моя жизнь, ...ое творчество, я вот что скажу им:

Дорогие товарищи мои! Если Вы действительно намерены

исследовать мою биографию, мое творчество, то не забудьте прочесть все, что написано мною. И прошу не отделяйте меня от моих стихотворений. Напоминаю, что мое стихотвоерние ничего не составляет отдельно. Оно совокупно как поэма. Есть начало и конец. Это вроде бы зов иногда очарованной, иногда разочарованной души.

Мнимое переживание, мнимая любовь и радость, мнимый патриотизм и т.д. — враг поэзии. Не надо творить ради расположения публики, а надо ради расположения Духа. Каждый пищущий человек может рассмешить, разволновать читателя (это зависит от его мастерства), но чтобы войти в его душу, прочно остаться в его памяти, надо быть предельно откровенным, душевным и понятным. Иногда твои образы и праобразы обыкновенной, понимающей публикой откладывается на задний план. Каждый читатель в художественном произведений ищут себя, частицу своей души.

Поэтому я через своего "Я", не утаивая, в стихах вся летопись своей жизни. Тут и горести и радости моей души, которые я думаю, должно отражаться в чужих сердцах.

И так, друзья, все мое творение — это лишь только одна целая поэма. Поэма о жизни и смерти, о переживании и радости человека. Если не верите, попробуйте-ка собрать все мои стихотворения и составить сборник. И учтите, чтоб каждое мое стихотворение стояло на своем месте, т.е. по годам и по росту, а потом прочтите, не отрываясь. На сюжет можете не обращать внимание, а следите за композицией, архитектоникой... Если там меня нет, нет поэта! Тогда казните меня как хотите.

(Егер бір кездерде менің өмірім, шығармашылығым әлдекімнің көңілін аудара қалса, оларға былай дер едім:

Менің қымбатты достарым! Егер сендер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазсам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыңдар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем. Естеріңде болсын, менің жеке өлеңім өзінше ештеңе құрамайды. Ол поэма іспетті біртұтас. Басы және аяғы бар. Ол кейде күлімдеген, кейде түңілген жанымның үніндей. Жалған күйініш, жалған махаббат пен қуаныш, өтірік патриотизм және тағы-тағылар — поэзияның жаулары. Көпшіліктің көңілін аулау үшін емес, жанының

...қатьі үшін жазу керек. Әрбір жазатын адам күлдіре ... жыта да алады (бәрі оның шеберлігіне байланысты), ... оның жанына кіріп, есінде мықтап қалу үшін, барынша ..., сезімтал әрі түсінікті болу қажет. Кәдімгі түсіне білетін ...ілік кейде сенің образдарың мен праобраздарыңды ...е ысырып тастайды. Әрбір оқырман көркем ...рмадан өзін, өз жанының құрамдарын іздейді.

...ндықтан мен өзімнің "Менім" арқылы жасырып ...й өмірімнің шежіресін жасап шықтым. Жанымның ... жүректерге өз сәулесін түсіруге тиіс мұңы мен ...шы — бәрі сонда.

...нымен, достар, бүкіл менің жазғаным — бар-жоғы бір ... бүгін поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қам жеулері мен ...шы туралы поэма. Егер нанбасаңдар, барлық өлеңімді ... бір жинаққа топтастырып көріңдерші. Естеріңде ..., әрбір өлеңім өз орнында тұрсын, яғни жылына және ...на қарай, сонан соң көз алмай оқыңдар. Сюжетіне көңіл ...рмай-ақ қоюларыңа болады, ал композициясы мен ...ктоникасына зер салыңдаршы. Егер мен онда болмасам, ... ақынның да болмағаны).

* * *

*11 февраля 1976 г.*

Кто из современной молодежи ломает голову над чтением "Евгений Онегин" Пушкина или "Чайльдом Гарольдем" Байрона? Едва ли найдется. Я сомневаюсь, хватит ли терпения у них прочесть до конца Лермонтовский "Демон". Нынешнее поколение живет сегодняшним днем. Для них жизнь не театр, а мимолетная эстрада. Они в чудеса не верят; для них ничто не чудо; у них вкусы быстро меняются. Им чуждо, мне кажется, глубоко мыслить, познать себя и других.

А что, если, назло им, написать роман в стихах про их жизнь, на их же лексиконе? С этим заставлять их, злодеев?

(Қазіргі жастардың қайсысы Пушкиннің "Евгений Онегинін" немесе Байронның "Чайльд Гарольдін" оқып ... қатырады. Ондайлар зорға табылар. Лермонтовтың "Шайтанын" аяғына дейін оқып шығуға олардың шыдамы ...ер-жетпесіне күмәнданам. Қазіргі ұрпақ бүгінгі күнімен өмір сүреді. Олар үшін өмір театр емес, өте шығатын эстрада. Олар кереметке де нанбайды: оларға ештеңе керемет емес;

олардың талғамы тез өзгереді. Маған терең ойлау, өзін және өзгені тану оларға жат сияқты боп көрінеді.

Егер қасақана солардың өмірі жайында солардың өз сөйлеу мәнерінде өлеңмен роман жазса қайтер еді? Сол арқылы мәжбүр етсе көксоққандарды?..)

* * *

*16 февраля 1976 г.*

Без художественной критики не существует художественная литература. Она (критика) должна брать на себя очень многое. Критика должна быть и судьей, и адвокатом, и, когда необходима, должна быть очень суровым, да жестоким обвинителем. Иначе литература, да и вообще искусство напоминает первобытное общество. Каждый действует по своему, при том сознавая, что действует не хорошо, инстинктивно, не художественно. Однако, лезет и лезет. Во всем этом виновата критика. Нет у нас здоровой критики. Нет ее здоровые, справедливые, умеющие представители. Есть только подхалимы. Они между собой соревнуются восхвалять того или другого авторитета. С этим они огораживают себя, чтобы вечно остаться литературным нахлебником. Эти ура-критики не различают художественного произведения от халтуры. У них на первом плане стоит сам автор. Кто он таков, каков он пост занимает. А в тени таких халтурщиков медленно погибают таланты.

(Көркем сынсыз көркем әдебиет өмір сүрмейді. Сын өз мойнына талай нәрсені алуға тиіс. Сын қазы да, адвокат та болуы керек, ал қажет бола қалған жағдайда ол өте қатал, мейірімсіз айыптаушы да бола білуі керек. Әйтпесе, әдебиет, жалпы өнер атаулы алғашқы қоғам құрылысын елестетеді. Әркім өз білгенінше, мұнысы жақсы еместігін сезе тұра, жабайы түйсікпен, көркемдікке жат әрекет жасайды. Алайда кимелей береді, кимелей береді. Соның бәріне сын кінәлі. Бізде дұрыс сын жоқ. Оның таза, әділ, білгір өкілдері жоқ, Тек жағымпаздар бар. Олар беделділерді мақтау үшін өзара жарысқа түседі. Олар сол арқылы әдебиеттің асырауында өздерінің қала беруін қамтамасыз етеді. Бұл урашыл-сыншылар көркем шығарманы шатпақтан ажырата алмайды. Олар үшін автордың өзі бірінші орында тұрады. Оның кім, қандай қызметте екеніне көңіл аударады. Ал ондай шатпақайлардың көлеңкесінде таланттар бірте-бірте сөне береді.)

* * *

"...А сколько погибло цивилизаций и великолепных произведений искусства только потому, что в свое время не было хороших критиков".

("Тек қана өз уақытында жақсы сыншылардың болмауынан қаншама өркениет пен ғажайып өнер туындылары құрып кетті екен десеңші!")

*Чехов.*

* * *

У кого нет определенного, здравого взгляда на жизнь, на общество, в котором он живет, тот не поэт. Тот человек не имеет право считать себя думающим гражданином общества, не только поэтом.

Настоящий современный поэт должен быть, прежде всего мыслящим, т.е. философом. Голая красота поэзии подобна к голой красавице, ею можно лишь полюбоваться. Обязанность поэта не обрисовать, не описывать, а раскрыть тайну красоты, что именно спрятано за той красотой. Как опытный диагностик, современный поэт должен нащупывать пульс времени, должен болеть болезнью эпохи общества. Быть философом в поэзии, это значить осознать окружающий мир, познать суть вещей. Однако не надо быть холодным, рассудительным философом, надо до конца остаться "инженером человеческих душ"...

(Өмірге, өзі өмір сүріп отырған қоғамға белгілі бір көзқарасы жоқ адам ақын емес. Ондай адамның өзін ақын түгіл емес, қоғамның ойлай білетін азаматымын деуге де қақысы жоқ.

Қазіргі нағыз ақын алдымен ойшыл, яғни философ болуы керек. Поэзияның жалаң сұлулығы жалаңаш сұлуға ұқсайды: оны тек қызықтауға ғана болады. Ақынның міндеті суреттеп шығу, баяндап беру емес, қайта сол сұлулықтың құпиясын, оның ар жағындағы нақ сол жасырынды ашып беруде. Осы заманғы ақын тәжірибелі құбылнамашыдай уақыт тамырын дөп басып, дәуірдің, қоғамның дертін өз дертіндей қабылдауға тиіс. Поэзияда философ болу деген сөз — өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу. Алайда салқынқанды, ақылгөй философ болу жарамайды, ақырына дейін "адам жанының инженері" болып қалу керек...)

*17 февраля 1976 г.*

Какой поэт не воспевает природу? Но с какой стороны подходит к ней? Это — вопрос. Например, возьмем Пушкина. У него природа и человек и его настроение едины. В поэзии Пушкина человек и природа воспето вместе, не отставая друг от друга.

В каком настроении человек, в таком же положении окажется природа или наоборот. Они зависимы друг от друга. Мне кажется...

(Қай ақын табиғатты жырламайды? Бірақ қайсысы қай жағынан келеді? Бұл — сұрақ. Мысалы, Пушкинді алайық. Онда табиғат пен адам және оның көңіл күйі біртұтас. Пушкин поэзиясында адам мен табиғат бірге жырланады, бір-бірінен қалыспайды. Менің ойымша...)

* * *

Хвала и честь тем людям, которые живут сегодняшним днем, сегодняшней жизнью. Провел день хорошо, и хватит. Провести жизнь свою в достатке без нужды, без переживаний, оставить хорошее, богатое наследство вот смысл жизни для них. Что же, правильно они делают.

К чему стремлюсь я, жертвуя собой?! Жертвуя всеми?! Все к чертям! В конце концов, я ведь тоже должен пользоваться всякими земными благами... Но как?!

(Бүгінгі күнмен, бүгінгі өмірмен ғана тіршілік жасап жатқан адамдардың даңқы мен атағы арта берсін. Бір күнін жақсы өткізді ме, жетеді. Олар үшін өмірдің мәні — өз ғұмырын қыжалатсыз молшылықта, уайым-қайғысыз өткізіп, артына жақсы, бай мұра қалдыру. Несі бар, олардікі дұрыс.

Өзімді құрбандыққа беріп, мен неменеге талпынам? Бәрін құрбандыққа қия отырып?! Шайтан алсын бәрін! Түптеп келгенде, жер бетіндегі жақсылықтың рахатын менің де көруім керек қой. Бірақ қайтіп?!)

* * *

В одно я твердо верю, что поэзия умрет вместе с естеством, т.е. с человеком и природой. Пусть очерствеет душа человечества, все равно останется один разумный человек. Тот — поэт. Последнее слово за ним.

(Мен бір нәрсеге — поэзияның тіршілікпен бірге, яғни

...іммен, табиғатпен бірге өлетініне — кәміл сенемін. Адамзат ...ның қатыгез тартса тарта берсін, қайтсе де бір парасатты ...жым қылады. Ол — ақын. Ақырғы сөз сонікі.)

* * *

Что должен иметь поэт, чтобы быть поэтом?

Первое: талант. Талант с образованием, с эрудицией (диплом не обязательно).

Второе: совесть, чтобы стыдиться самому перед собою, прочтя слабые вещи.

Третье: Простоту. Пусть не гениальную как у Пушкина и Абая, но простоту человеческую, чтобы быть понятным другим. Не умничать, не рассуждать, а воспевать.

Четвертое: Интуицию. Чего не видят другие, увидеть и понять.

Пятое: Труд, чтобы постоянно совершенствоваться.

Шестое: Дух. Всегда держать себя духовно богатым.

(Ақын болу үшін ақында не болуы керек?

Біріншi: талант. Білімді, сұңғыла талант (диплом міндетті емес).

Екінші: ұят, өзінің нашар өлеңдерін оқығанда өзінен өзі ұялу үшін.

Үшінші: қарапайымдылық. Пушкин мен Абайдікіндей болмаса да, басқалар түсінетіндей адамдық қарапайымдылық. Ақылдымсымау, түсіндірмеу, тек жырлау.

Төртінші: түйсік. Басқалар көре алмайтынды көру және ...ну.

Бесінші: еңбек, үнемі шыңдалып отыру үшін.

Алтыншы: жан. Жан байлығын әмәнда сақтау қажет).

* * *

*18 февраль 1976-жыл.*

Здоровье мое как дом разрушенный. Пока поправки не чувствую. Особенно трудно под утро. Как будто бы камень лежит в груди, тяжело, под правыми ребрами что-то дает знать о себе. Печенка ли, легкие ли, не знаю. Трудно представлять откуда у меня столько болезней:

1. Цирроз печени (сам не верю, врачи говорят...)
2. Внутренний кровоточащий геморрой (с 1972 года).
3. Грыжа (с 1975 года).
4. Радикулит.

5. Гастрит.
6. Ревматизм.
7. Головная боль.
8. Бессоница.

Сердце! Только оно — одна моя опора.

(Менің денсаулығым қираған үй сияқты. Әзірше түзелген сиқым байқалмайды. Әсіресе таңға жуық қиын. Кеудемді тас басып жатқандай ауыр, оң жақ қабырғамның астынан әлдене сыздайды. Бауыр ма, өкпе ме, білмеймін. Осыншама аурудың қайдан жабысқанын маған елестетудің өзі қиын:

1. Бауырдың қатаюы (дәрігерлер солай дейді, өзім сенбеймін).
2. Қанталаған көтеу (1972-жылдан).
3. Жарық (1975-жылдан)
4. Қуяң.
5. Гастрит.
6. Ревматизм.
7. Бас ауруы.
8. Ұйқысыздық

Жүрек! Менің жалғыз тірегім — тек сол).

* * *

*25 февраля 1976 г.*

Бесспорно, наш фольклор богатый. Его можно поставить на уровне с любым фольклором любого народа. Если сравнить наш фольклор с нашей литературой, то последняя выглядит куда беднее. Это от того, что она еще молода, еще не окрепла. Пишущих хоть отбавляй, а написанные (серьезные полнокровные) еще малы. Мы довольствуем количеством написанных. Не пора ли задумываться над тем, что художественная литература не труд коллективный. Она рождается глубоко индивидуально. Она не отчет, не фотография определенного времени. Она должна пережить испытания общества эпохи. Километровые списки не составляют литературу, когда ее достоинства миллиметровые...

(Фольклорымыздың бай екені даусыз. Оны кез келген халықтың кез келген фольклорымен қатар қоюға болады. Егер фольклорымызды әдебиетімізбен салыстырсақ, онда соңғысы кәдімгідей кедей көрінеді. Ол оның әлі жасандығынан, буыны қатпағанынан. Жазғыштар көп болғанмен, жазылғаны (мәнді, толыққандысы) әлі аз. Біз

...ылған нәрсенің санына қарап қарықпыз. Көркем әдебиет ...ымдық еңбек емес екенін ойлайтын уақыт жетпеді ме? ... мейілінше даралықтан туады. Және белгілі уақыттың есебі ... фотографиясы да емес. Ол қоғамның, дәуірдің сынынан ... тиіс.

...р қадір-қасиеті миллиметрлік қана болса, шақырымға ...ылған тізімдер әдебиетті құрай алмайды.)

* * *

*... февраля 1976г.*

...ли бы не болезнь, этот год для меня начался неплохо. ...ли "Избранные" — "Өмірдастан" тиражом 15 тысяч; ...ьма неплохо. По содержанию, по тематике меня ...творяет. Удивительно то, что написанные мною 10— ... лет тому назад читаются как новые. Все на месте...

(...теңі, ауруым болмаса, биылғы жыл мен үшін жаман ...мады. "Өмірдастан" — таңдамалым он бес мың дана ...шықты: аса жаман емес. Мазмұны, тақырыбы мені ...аттандырады. Бұдан 10—12 жыл бұрын жазған...рымның жаңа дүниедей оқылатыны қуантады. Бәрі ...ында...)

***Орысша мәтіндерді қазақ тіліне аударған — Бексұлтан Нұржеке-ұлы.***

"Жазушы" баспасының
көркем аударма бөліміне
Мұқағали Мақатаевтан

# ӨТІНІШ

Италияның ұлы ақыны Данте Алигьеридің "Тәңір тәлкегі" (Әзірге "Божественная комедияны" осылай деп отырмын) дастанын аударумен жылдар бойы шұғылданып жүрмін. Жекелеген үзінділері республикалық газет-журналдарда жарияланған. "Литературная газетада" ол туралы хабар да берілген еді.

Өздеріңізге белгілі, "Тәңірдің тәлкегі" үш кітаптан тұрады ("Тамұқ", "Ғарасат майданы", "Ұжмақ"). "Тамұқ" деп аталатын бөлімін ада-күде аударып болдым. Көлемі бес баспа қағаз; кіріспе сөзі, анықтамалары бар. Дүние жүзі әдебиетінің алтын қорына айналған бұл шығарманы қазақ оқушылары да қабылдар, халқымыздың мәдени мұрасына қосылған рухани үлестердің бірі болар деген ниеттемін. Әрине, алдын ала кем-кетігін ескертіп, кеңес беретін жолдастарға алдын ала, күнібұрын рахмет! Соның үшін де "Тамұқты" 1969-жылдың жоспарына енгізулеріңізді өтінемін.

*Өтінішпен* М. МАҚАТАЕВ.

# ӘБДІҚАЙЫМ БАУЫРЫМ!

Кеше ғана сенің хатыңды алып, бүгін (13/XII.56-ж.) саған мен жазып отырмын. Алыс болғандықтан ба, хатың Смоленск пен Алматының арасында көп уақыт жүріпті. Хатыңнан аман-саулығыңды біліп, қуанып қалдым.

Иә, мен де әдебиетті сүйемін. Одан жоғары тұрған мен үшін еш нәрсе жоқ. Амал қанша, әдебиетті әзірге қоя тұрып, әзірше, юриспруденциямен айналысып кеттім. Бұған өкінбеймін. Бұл әдебиетке жол ашпаса, бітемейді.

Тек сенің өзіңнің тіліңе, өзіңнің әдебиетіңе деген ынтаң болса, сен басқаның көмегінсіз-ақ меңгеріп, үйреніп кетуің мүмкін.

Өз ана тілінен бөлек, басқа бір тілді жақсы білу, ана тілін ұмыттырмаса керек; қайта ана тіліңді тереңірек, толығырақ меңгеруге үйретеді.

Мысалы, Ленинді алшы. Француз, неміс, т.б. шет тілдерін білген. Ал оның үстіне өзінің орыс тілін, ана тілін қандай жақсы біледі! Лениндей орыс тілін меңгерген орыс әзірге туылған жоқ.

Пушкинді ал. Есіңде ме, Пушкин өмір сүрген ғасырда орыстың мәдениетті қауымы француз, одан қалса неміс болып кетуге аз-ақ қалған. Бірақ Пушкин француз тілін ана тіліндей біле тұра орыс тілін (өзінің тілін) қандай меңгерген. Шет тілін білгені оның өз тілін ұмыттырды ма? Жоқ, ұмыттырған жоқ. Қайта оның сөздік қорын молайтты.

Ақыр соңында, біздің Мұхтарды алып қара (Әуезовті айтам). Орыс тілін Мұхтардай білетін қазақ баласы жоқ шығар. Ал онымен қоса Мұхтар өзінің тілін қалай біледі? Оның "Абайын" оқыдың ба? Өз тілінде.

Мұхтардың "Абайының" 4 кітабын қазақ тілінде оқып шыққан адам — сол қазақ.

Сен қазақсың ғой, бауырым. Орыс тілін неғұрлым жақсы білген сайын өз тілің де байый беруі керек.

Білесің бе, әдебиетке құмар адамдар бар да, әдебиетке бір тамшы үлес қосатын адамдар бар. Әдетте романдарды кезек-кезегімен аударып, оған Дон Кихотша еліктеген адам, сол баяғы қалпымен (Сервантестің "Дон Кихотын" оқыған шығарсың), "Әдебиет ауруымен" ("Литературная болезнь") ауырып қалып қояды. Бұдан сақ бол. Еліктеу жақсы, әттең, соған жетуге ынтықсаң, ұмтылсаң.

Университетті, институтты бітіргенде "жазушы", "ақын" деген диплом бермейді ғой. "Агроном", "зоотехник" т.б. деген диплом береді. Көрдің бе, ақын мен жазушыны даярлап шығаратын оқу орны әлі жоқ. Демек, оларды өмірдің өзі әзірлеп, өзі үйретеді. Олардың жолы бұраң, соқпағы, көлденеңі көп. Ол жолды таңдап, сол жолға түскен адам бәрін де басынан өткергені жөн-ау деймін. Ұлы жазушылардың өмірлерімен таныстың ба? Оқы, таныс солардың өмірімен.

Ұмытпай тұрып айтып қояйын, егер тапсаң, мыналарды оқып шықшы:

1. Конст. Паустовский "Золотая роза" ("Октябрь" журналының 1955-ж. жаңылмасам, 8-9-10-11-номерлерін қара).

2. "О писательском труде". Бірнеше жазушылардың қалай жазғандығы туралы пікірлері бар.

3. "Жизнь замечательных людей" сериямен шығатын кітаптар бар (Чеховтікі бөлек, Добролюбовтікі, т.б.).

Егер сонда жоқ болса, Лашынға жаз. Бандероль етіп жіберсін. Біздікінде бар.

Өзің көрген Алматы баяғы қалпында. Үлкен-үлкен үйлер көбеюде. Әсіресе тұрғын үйлер көп салынуда. Дәл осы қалпында болса, енді бір 4-5 жылда Алматыда үй мәселесі толық шешіледі. Қала күннен-күнге көркеюде.

Шіркін-ай, маған қандай қымбат Алматы! Атлант мұхитының ар жағына апарып тастаса да, сау болсам, Алматыға қайта оралар едім.

...Әзір зачетты бастадық. Экзамен 5-январьдан 25-январьға дейін болмақ. Кім білсін, қалай боларын. Әйткенмен, қалайда "отлично" тапсыруға күш салып жүрмін.

Сабақтың бәрі орысша, соның үшін де біздер (қазақтар) үшін өте қиын. Казақтар үшін ғылым емес, әуелі тіл үйрену керек қой.

Ең бір қиын сабақ — Спецподготовка. Суббота күні 8 сағат оқимыз.

1. Инженерное дело.
2. Военная типография.
3. Боевая строевая подготовка.
4. Уставы (караульн. горнизон. и т.д. и т.п.).
5. Защита против атом. и водородн. бомб.

Міне, осы сияқты. Кіші офицер деп атақ беретін болса керек.

5 курс бітіп, госэкзамен біткеннен соң 4 ай службаға жібереді, содан келгеннен соң диплом береді. Жатақханада тұрамын. Ауыл аман-сау, хат алып тұрам. Алматыда кәзір күн жылы. Әлі қар жоқ.

Хош, сау бол! Хат жаз.

*Мұқа-Гали.13/XII. 1956-ж.*

## ҮЗІК ЖАЗБАЛАР

1) Өлең жинағының аздығы, көптігі жөнінде айтады. Сол да сөз болып па?

2) Тәжірибе мектебін өтіп жүрген сыншы: "Барлығы да менікі" мен "Көгершіндей қысқы күн жем іздегенді" мақтайды.

3) Өлеңдер сынаған болыпты. Онысымен қоймай, "Аққулар" мен "Қырандарды" атүсті бөлен екен дей салады. Білгілі адамның оған деген көзқарасын қайдан білсін...

4) "Қазақ әдебиеті" "Барлығы да менікіні" өзі мақтап, өзі жамандатқаны несі? Принциптілік деген қайда? Осындай пікірлерден кейін сыншының кім екенін, оның жазған сынының шама-шарқын ажырату қиын емес.

Кертартпалық, әйтеуір, танылу үшін, аяқтан бір шалып көру ғой.

Мысалдар Қадыр туралы "Лениншіл жастағы" сынының көшірмесі.

Біреулерді ағалап, біреулерді сағалап, жағалап, ат жалынан нан табушылық алысқа бармаса керек.

"Қолбала"

5. Ақынның өсу жолын зертетуден гөрі, бөлендей болмады деп кері итерушілік орын алып барады.

Мысалдар

6. Ақынның дүниетанымы дамылсыз қозғалыста болатынын білген жөн. Оның дүниеге деген сан қырлы көзқарасына ілесе алмай, артынан топырақ шашу — өнерменсіздің ісі.

Сынаудан бұрын ақынды (поэзияны) түсінуге тырысу керек. Түсіне білсең, сынау ешқайда қашпайды.

Мысал: "Лит. газета".

Матвеева жөніндегі қос пікір. Екеуі де сендірел Төрелігін әркім өзі айтады.

7. Жамандаған екенсің, деді де.

Биылғы қорытындының ерекшелігін айта келіп, негізгі мәселеге соға.

Отыз жылдықты қысқа, осы тұста

Тоқаш туралы

2. Баяндаманың қиындығы.

*23-февраль 1975-жыл.*

* * *

5) Өлең жазушылар, әуестенушілер.

Редакциядағы өлеңдер.

Сәлеммен Сарғасқаев деген сияқты хаттар. Стихияны стихия ғана жоқтатады.

Неге бір ақын, жазушы қиямет-қиындығын, қалай екіқабат болып, қалай туғандығын айтып сөз творчествосы туралы мақала жазбасқа??? Ізденген, талапкер жас сонымен таныссын.

Мұнда тұрған ешқандай мақтаншақтық жоқ,

6) Партияның ұлылығы туралы, оның бойына бара-бар шығарма бізде әлі жасалған жоқ, Шолохов, Маяковский

7) Жақсы ақын әруақытта өз дәуірінікі.

Ұлтын сүймейтін адам жоқ, бірақ сол ұлттың ұлылығынан гөрі, тартқан қайғы-қасіретіне әуеспіз. Не ашып айта алмай кібіртіктеп, сыбырлап қалатынымыз сондықтан.

* * *

*5 марта 1975 г.*

Что мне делать с новым сборником?! Если на следующем выходит "Избранные"?!

(Егер келесі жылы "Таңдамалым" шықса, жаңа жинағымды мен не істеуім керек?)

## Сындар

1) "Келелі кеңестің әңгімесі" "қ.ә." 1962 (63?).

2) "Сезім мен рух" 1965-66?? "қ.ә.".

* * *

Нелер үшан теңіз. Жалпы жазылғандардың 40%-і ... жарық көрді.

*1 ...-ж.*

*М. Мақатаев.*

* * *

**Еврей қыз — болашақ**

... Адамның бәрі жауыз емес қой. Жаны ашыған палач ... сәбиді алды да, тұтқындарға тапсырды...

... Мүмкін, ана палачқа жалынды. Қанша дегенмен адам ... Алды да, тұтқындарға лақтырып жіберді.

... Жоқ, олай емес. Бәрібір өледі деген ниетпен тамақ ... тұтқындарға "мә, жеңдер" деп келекелеп лақтырып ... Бірақ болашақты өлтіруге болмайды ғой, олар ... Ант етті. Болашақты сақтады. Осы дұрыс!!!

Тұтқындар оны қалай асырады? Вот это вопрос!..

Тұтқын қашып келеді. Өліп жатқан ана (еврейка). ...ылдап жатқан сәби. Дағдарыс. Алады. Қайтадан майдан. ...ды. Ол іздеп келеді!!!

* * *

... де тұтқын емес болса қайтеді?! Тауып алды да, ... етті???

* * *

**Айлар**

1. Қаңтар.
2. Ақпан.
3. Наурыз.
4. Көкек.
5. Мамыр.
6. Маусым.
7. Шілде.
8. Тамыз.
9. Қыркүйек.
10. Қазан.
11. Қараша.
12. Желтоқсан.

**Күндер**

1. Дүйсенбі.
2. Сейсенбі.
3. Сәрсенбі.
4. Бейсенбі.
5. Жұма.
6. Сенбі.
7. Жексенбі.

Тамаша айым — тамызым.
Тамызым — тамаша айым.
Тамыз — тамаша ай.
Август — месяц священный

Поэзия.
"Жазушы".

* * *

**"Ару-Ана". Поэма.**

1966-жыл, февральдің басы.
Басталды.
1966-ж. июньде бітті. 13/II.66-ж. "Бас бәйге".
"Кіріспе" аяқталды.

*М. Мақатаев.*

14. "Құлпытас". Әңгіме. 1965-ж. (Жарияланған жоқ).
15. "Өзгермепті". Әңгіме. 1958-59.
"Мәд. тұрмыс" 1962-ж. жарияланды.
16. Данте "Бож. комедия". Перевод. Бітпеді. "Ж-з", "Л. жас". "Қаз. әдеб." 1965-ж. жарияланды.
На этот год обязательно!!!
"Ақ қайың әні" поэма, 1965-ж.
Кітапта
1965-ж. Жарияланды. Ақ қайың әні поэма. 1965-ж.
"Армысыңдар, адамдар!" 1966-ж. "Жазушы" шығады.
1954-65-жылғы өлеңдер. Бәрі емес.

* * *

Романтизм — изображение внутренного человека. 14-15.X.73 г. Жоғалған өлеңдер.
1) Қазақ ақындарына хат.
2) Пушкин ескерткішіне.
3) Таксиші (бейітке тарт).
4) Шопақай, сағынғаным-ай!
5) Москва, күз.

*М. Мақатаев.*

* * *

…казбен жазылған өлеңдерді жинамаймын. Олар: "С.Қ", "Л.Ж.", "Қəд." т.б. газет-журналдарда.

Мақала сындары да сонда. 1962-66-ж.ж.

Өлеңді 10-11 жасымнан жаза бастадым. Алғашқы өлеңім — "Қырман басында", "Қойшы бала Әкітай" 1949-ж. Нарынқолда "Советтік шекара" газетінде жарияланды. 1951-жылғы "Жастық даусында" (жинақта) екі өлеңім, 1954-ж. "Әдебиет ж. искусствода" үш өлеңім жарияланды. "Досыма хат" (толғау) еш жерде жарық көрмеді, өзімде (архивте).

## Поэмалар (июнь)

*1962-66-жылдар арасы*

1. Ильич (4 бөлімнен).
2. Арман (2 бөлімнен).
3. Ару-Ана (үш-//-).
4. Жер төсінен репортаж (6 бөлімнен).
5. Ақ қайың əні.
6. Мавр.
7. Үлкен өмірден үзінді (аяқталған жоқ).
8. Қашқын (аяқталған жоқ).

* * *

## Повестер

*1964-66-жылдар, май*

1. Жыл құстары.
2. Қос қарлығаш.

## "Масақ"

*Роман*

"I бөлім"

"Киелі тас"

а) Зергер Бейқұт жəне Əбіт бала т.б.

б) Ашаршылық, босқындар. Əбіт—Бейқұт. Қоштасу. Соқыр Бейқұт жұртта қалады. Дін иелері солай деп үкім шығарған, "алланың ақ тасының" қаһары атқан.

## “Масақ”

*(Киносценарий)*

“Алғашқы жоспар”

1. Әбіттің оралуы. "Әулие тас" түбіндегі еске алуы.
2. Адам қаңқасын жерлеуі.

Жер үстінен репортаж.

## Масақ

Қарт зергер. Қанағатсыздық. Адам көзі әдемілікке тойған ба?.. Тағы... тағы... Күншілдік. Уақыт маза бермейді... Үш ұрпақ... Жауыздықтан күншілдік әлдеқайда, әлдеқайда, ағайын, басымырақ.

Межиров: "Смеляков — неровный поэт". Никогда, нигде при жизни ни в какой книге не был собран лучший Смеляков...

"Если мир треснет, то трещина пройдет через сердце поэта..." (Межиров: "Смеляков — бірқалыпты емес ақын. Тірлігінде ешқашан, еш жерде ең жақсы Смеляков ешбір кітабында жинақталған емес".

"Егер әлем жарылып кетер болса, онда оның жарығы ақынның жүрегі арқылы өтеді').

Эпиграф
Смеляков
предсмерт.

**Әңгімелер:**

1) Өзгермепті.
2) Әже.
3) Құлпытас.

## "Қырандар, қош болыңдар!" атты поэманың жазылуы жайлы хикая

*[illegible] июнь 1972-жыл.*
*[illegible] жайлауы. Кеген ауданы.*

[illegible]ертең ауырып тұрдым. Көкте жаттым. Сиыршы [illegible]ектің үйі. Ертеңгі астан кейін көңілсіздік. Гүлді кешіп, [illegible] жүріп кеттім. Айтса да, ертеңгісін бұлт үйірілді [illegible]іміз жаңбыр болады деп қорқтық. Ұлым Айбар: "Мен [illegible], жаңбыр жаумайды", — деді. Шынында да, міне түс [illegible] қалды, аспан ашық. Алба-жұлба ақ бұлттар Алматы [illegible], сірә, толассыз, Қытайға жер ауып барады. Олардың [illegible] мүлде жоқ, қайта үздіксіз самал беріп кетіп жатыр [illegible]: "Мен айттым ғой", — деп мақтанып қояды. Айбар! [illegible]!!!). Айбар кеше бір сөзінде: "Шытырмын ғой, папа, [illegible]!!!" — дейді. Түсінбеймін?! Айбар! Айбар!!!

[illegible] (шындығында, көзіммен көрдім, Ақиық!) қыран [illegible] төрт қыран төбемнен? Ертеден бері айналып ғайып [illegible]. Қайда кеткені белгісіз... Көңілсіздік...

[illegible]гімені басынан айтайыншы. Иә, бір болмашы нәрсеге [illegible] қап, үйден шығып жүріп кеттім де, бір оңтайлау, [illegible]у қырға плащымды төсеп, әрнені ойлап отыр едім, [illegible]ым қасыма келді. Екеуміз сырластық. Кеше біреу [illegible]ма ат берем дегесін, малшы баласын соған жібергем, [illegible] анау ауылдан соны қарауылдап отырмыз. Бере ме, [illegible] ме деп қоямыз. Айбарқа атқа құмар-ақ... Кеше бір [illegible] кетіп келмей қалған үй иесінің келгенін көріп, [illegible]ым соған жүгіріп барды да, қайтып келді. Ол баласын [illegible] алып, Айбарым жеткенше, малына кетіп қалды. [illegible]ым қайта келді қасыма. Ренжуді де, ренжу дегенді [illegible]ді де.

[illegible]р! Айбар!!!

[illegible], таяқпен түртер биіктікте бізді айналып төрт құс [illegible] жүр. Айбар ол қандай құс деп сұрағасын, мен [illegible]ық екенін айттым. Оның қасиетін сұрағасын, онша [illegible] екенін түсіндіріп отырғанымда, сол кезқұйрық жүрген [illegible]тен тағы бір-екі құс көрінді. Қарасам, бүркіт (әрине, [illegible] бүркіті) екен. Мен: "Бүркіт", — деп едім, Айбарым: [illegible]ның басы, ол бүркіт емес", — деді (сөзінің жаны бар

еді...). Сол сәтте сәл биікке қарасам, және бір-екі қыран ұшып жүр, Айбарыма айтып едім, ол да бүркіт екендігін растады. Олар биікте еді. Біреуі Ақиық екен, мен бұрын сәп салып қарамадым ба, шынында ақбауыр Ақиық қыранды көргенім тұңғыш рет...

Осы сәтте әлгі бала Айбарға берген атқа мініп, өзінің атын анау қырдағы ауылдан бері қарай айдап келеді екен. Екеуміз үйге келдік. Әлгі қу бала Айбарға берген атты "мынау асау" деп өзі мінгісі келеді. Айбарым оны біле қойды. Ақ көңіл ұланым-ай, әлгі атты түрткілеп көріп, сәл пысықтау ат екен, қиғысы да жоқ, бірақ мен зекіп тастағасын, келісті де, әлгі жүгермектің шабанына мініп-ақ батыс жақтағы қарсы жотаға екеуі рауғаш теруге кетті.

Дүрбімен қарап отырмын, екеуі жотаға шығып барады. Айбар алда, анау артта... Беттен қайта түсіп келеді, қарап отырмын. Тағы да Айбарым алда. Сайға түсіп кетті. Төменде ысқырып өлең айтып, қара атқа мінген жылқылы ауылдың қызы келе жатыр екен. 15-16-ларда. Шақырып алып, оқисың ба деген сұрағыма:

— Екі-үш кластан кейін оқи алмадым, — деп әзер айтты. Атқа отырысы, мал қайырысы — бәрі еркек, даусы да. Үйіне қарай шауып ала жөнелді.

Ерігіп отырып, аулақта ұшып жүрген құсқа және дүрбі салдым. Бүркіт екен. Манағы Ақиық есіме түсіп, көкті тінтіп ем, тауып алдым. Сұмдық биіктікте рахатта жүр екен. Қасында және бір алып қыран бар, ол — қоңырлау. Екеуі сәл аулақта, төмендеп ұшып жүр. Ақиықтан көз алмаймын. О, керемет! О, Бостандық — Еркіндік! О, Құдірет!!! Ойыма Ғабиттің қыраны түсті... Қай-қайдағыны ойлаймын... Айбарлар келді, рауғаштары жоқ, Айбарға айтып ем, ол да дүрбіні алып қарады, қарады да, манағы Ақиықты тани кетті. Мәз болды. "Ойпырмай, бұлардың ұясы қай маңда болды екен?! Біз отырған таудың бәрі қарағай, аласа, көгал, құздар көрінбейді". Осы ойымды ашып айтып ем, әлгі түлей бала "Қарағайда" дегені. Айбарым жұлып алғандай:

— Атаңның басы, қыран ұясын қарағайға салмайды, биік құлама-құзға салады, — деді.

— Бұлар қайдан келді екен, ә? — деп дал болып едім, Айбарым:

— Папа, бұлар анау Алатаудан, — деп оңтүстікте құдіреттеніп жатқан Тянь-Шанның сілемі — қырғыз Алатауын көрсетті. Сенбеске шарам жоқ Айбарыма. Осымен

...ымда, қырандардан адасып қалдым, қазір жоқ. ...мкін, енді көрмеспін де...

...ш, қырандар! Қош, Ақиық!!! Айбарым! Айбарым!!!

...ндаршы, құдірет деген не?!

...рі қарай жаза алмаймын.

...ге тез жетуім керек.

*... июнь 1972-жыл.*
*... жайлауы. Кеген ауданы.*

...ір ертеңгі сағат 9.00. Қыс. Жер аппақ. Қызыл-жасыл ...лерді қар басып қалды. Кәдімгі қыс. Жапалақтап қар ...ып жатыр, жауып жатыр. Артынан, сөз жоқ, суық болады ... соз.

...орлы гүлдердің күні не болар екен?! Әлде оларға бұл ... үйреншікті де болар.

...із үйдің есігі ашық. Түңлік түсірулі, самауыр қайнап ...ға тарқан жаюлы. Жеңгей менің қас-қабағымды бағуда, ... жантайды, жастық алып бердім.

Айбарым мен әлгі бала (Болат) шелек алып қымызға кетті. ... түннен қалған суық ет, жегем жоқ. Арақтар жүктің ...нда, беріп еді, ішкенім жоқ, себебі келгелі бері отказ ...рем, ішкем де жоқ. Жеңгей — жақсы қатын. Қазақтың ...қты қатындарының бірі. Сірә, маған ішсе екен деп ...нды, айналайын, ішпеймін, шыдаймын.

Үйқы түнде де дұрысталмады. Өз-өзіммен арпалысып ...қтым, ауру дейтін ауру да емеспін.

Түнде сұмдық найзағай шартылдады, әлдеқайда жай түсіп, ...р солқ ете қалды. Жылқы үрікті. Әлдеқайда малшылар ...қ атты. Барлығына амандық тілеп, таң атқанда ғана ...лдім, ерте тұрдым. Сібірлеп жаңбыр жауып тұрды да, ... әлгіндей — қар құйып тұр. Ойнап көр таудың ...ғымен.

О, сұмдық! Өзімнің жазылған жырымдағы жайларды ...т бұлжытпай, дәл сол қалпында көзіме көрсетіп, алдыма ...п отыр. О, құдірет! Не айта алам? Бұл не қылған ...лыс?! Құдірет кім?! Төрт қыран! "Қош, қырандар!".

Қымызын көтеріп Айбарым келді. Қан жайлау мен ...сын қыстың қымызын ішеміз енді. Жатарда Айбар: "...ін жаңбыр жауады", — деген еді, түнде жауа бастаған... Үйқыда жатқан Айбарым басын көтеріп алып: "Папа, ...йттым ғой, жаңбыр жауады деп", — дегенде, жүрегім

су ете түсті. Қорқамын Айбардан. Оның үйде тұрғысы жоқ, далада жүр қар менен гүл кешіп. Міне, енді қымыз ішемін

Қазір жеңгейге ағай "қымыз ішпеймін" деді, мен ішем. Әкеліңіз, құйыңыз, құя беріңіз!

Қазір сағат 1.00. Тауда талтүс кезі. Мынау сұмдық! Қар аттың тізесінен түсті, толастамай әлі жауып тұр. Сұмдық! Түнімен жауса қайтеді бұлар?! Ыңғайсыздық, масқара ыңғайсыздық... Құтты қонақ бола алмадым білем, бірақ біз бұл тауға күншуақты ала келген сияқты едік. Екі күн нағыз жайлау еді, бірақ өзіммен өзім арпалысып, ешнәрсеге зауқым соқпап еді. Енді оңайлайын дегенімде мына қырсықты қар!

Малшылар дүрліге, үрейлене бастады. Менің қожайыным сұмдық байсалды адам, саспайды. Неге сенеді?! Малы қайда?!

Жантайған болдым, ұйқтай алмадым. Түнде де ұйқтағам жоқ. Ұйқым қайда?!

Құлақтың дабылы үдеп барады... Шоқаймен далаға дәрет сындыруға да шыға алмай отырмын, бұл үйде басы артық киім де жоқ.

Үйде бір малшы кәрия отыр, әңгімешіл-ақ. Құзар таудың басына балық қайдан келген?! О, Құдірет! Кеше баласы тау өзенінен балық ұстап әкеліпті.

Жеңгей керемет адам! Біраз мызғып тұрды да: "Бүгін өртеніп өлген адамның арманы жоқ", — деп, сыртқа ақ қарға шықты да, бұтақ бұтап әкеліп, пешті қайтадан дүрілдетіп жіберді.

Кешегі көрші қырғыз малшыларының слетін (тойын) әңгімелеп, әзілдеп отыр. Мені әзілдеп бір қойды. Бұрышта жазып отырмын.

Не деген керемет жандарсыңдар, жандарым! Кім біледі сендерді? Кім түсінеді?! Құдірет деген кім?..

Мыналардың көзінше жазу да оңай емес. Жалпы, біреумен сөйлесіп отырып қолыма қалам ұстап көрмеген адам едім, амал қанша, амалым жоқ.

Сұмдық үрей бар менде. Ұйқы жоқ, бірақ сергекпін. Мені пеш түбіне шақырады, барғым жоқ, тіптен мұздар емеспін, тершіп отырмын.

Ақпан. Нағыз ақпан. Гүл кешіп, күні кеше кешке дейін сайрандаған қайран күн қайта оралуына сену қиын. Гүл қайда, самал қайда, күн қайда?! Ыңғайсыздық! Сұмдық ыңғайсыздық!

Менің шұқшиып отырғанымды көре отырып қожайын ыңғайыздана бастады. Дала аппақ, көз қаратпайды. Мына жеңгейдің аты кім еді?!

Қызық болды.

Амалым құрып, қышап бараткасын, сыртқа шығайын деп ем, жеңгей де, отырған малшы кәрия да киіп жатқан шоқайымды көреді ғой, әрине.

Кәрия: "Балам-ай, шоқайың да бүтін емес екен-ау, шұрық, [illegible] Тым құрыса, бүтін бәтіңке киіп келмедің бе?"

Мен: "Ештеңе емес, кәрия", — деген боп қызарақтап, қымсынып, сыртқа шығып кеттім. Қанша дегенмен жаздың аты жаз ғой, сары майдай шыланып жатқан көбік қар шоқайыма жұқпады. Үйге ендім.

— Жыртық үйдің құдайы бар деген, кәрия. Міне, қар жұғылған жоқ, — деп шоқайымды көрсеттім.

Жеңгей: "Расында да құйылмапты, соған қарағанда, онша алысқа бармағансыз-ау, сірә", — деді.

Үндемей күле бердім, бәріміз күлістік. Үнсіздік. Қойшы енді, тоқтатайын, ыңғайсыз. Ағай қар күреп жүр. Дәретке шығар жол ашып жатыр, қызық...

Біршама бір-біріміздің қабағымызды баққанымызбен, [illegible] күн еңсе көтертер болмады.

Міне түсте сәл ашылып, қар ерігендей болып еді, қайта бұлғанып, енді таудың ақ жауыны басталды. Төпеп тұр. Үй иесі сай-сайдан малын іздеп кетті. Көңілсіз.

Кешқұрым. Кешкі асқа кеспе іштік. Ел с удовольствием. Үйде болса, үш кесе ішер ем. Енді ұйқы болса... Ертең атпен болса да төмен түспек ойым бар. Болмайды екен, ыңғайсыз [illegible]...

Ертерек үйіме — Алматыма — жетпесем болмайды екен...

*19-июнь. Талды жайлауы.*

Түнде, жатар алдында Айбар екеуміздің арамызда конфликт болды. Айбарды түсінбеймін. Иттің ғана күшігімін, өзі туралы керемет ойларымның бір сәтте-ақ быт-шытын шығарды...

Қар — жаңбыр, жаңбыр — қар, боран. Ауыр оймен жаттым. Алайда керемет ұйқтаппын.

Атқа мініп, жайлаудан жүріп кеттім. ...Әбекең (қайнаға) жеңгеміз екеуі шәй ішіп отыр екен, көңілді. Жайдары, күліп қарсы алды. Осылай болу керек қой. Алматының жаңалығын айтты.

Тездетіп Алматыға кеткім келді де, артынша шешемді (Нақамды), Қарасазды көргім келіп кетті. Жеңгеме айттым. Ағам (Әбекең) ауылға алып жүрді. Энгельске соқпай, Шибұтқа (қазіргі Киров колхозы) тарттық. Оһо, Әбекең (Әбдімтәліп)

сезімнің адамы екен! Бәрін де біледі, бәрін де түсінеді. Шибұттағы қайын жұрт бізді жақсы қарсы алды.

Атам мен апамның қабіріне барып, мен құран оқыдым. Әбекеңнің маған деген көзқарасы мүлде өзгеріп кетті. Байқаймын, мен ол кісінің өзіме деген махаббатын бағындырып алдым. Бұл — хақ!

"Қошқар" барып, Қоңырбайдың үйінен дәм татып аттандық.

"Кировқа" келіп, Сара мен Әбдүйсіптің де шайын ішіп "Энгельске" келдік. Әбекең Нақама сәлемдесті. Әбекең қатты толқыды... Көзінен жас көріп қалдым. Тоқтарбай қозы сойм деп еді, Әбекең қарамады. Қарауға да болмайтын сәтті жағдай еді... Ол кісі кетті. Айбарымыз екеуміз қалдық. Байқаймыз, Әбекең бізді мына тұрмысқа әзер қиып кетті. Қатты толқып кетті, толқып кетті. Аман болса екен, ауырмаса екен жақсы Азамат!

*20-июнь 1972-жыл.*

Ұйқтамай шықтым.

Сірә, енді ауылым, ауылым дегеннен аулағырақ болармын. Алайда мен ес кіргелі туған ауыл туралы еміреніп жазып көрген емеспін. Нанбасаң, оқып көр менің өлеңдерімді...

Елім жоқ, жерім жатыр орнында. Сөз жоқ, біреулерді іштей жоқтап жатыр...

Күнішайға (нағашы қарындас, күйеуі авариядан қайтыс болған) көңіл айттым да қайттым. Оныншы бітіргелі 15 жылдан бері көргенім осы. Міне, саған қыздың тағдыры, адамның ғұмыры...

Құрысыншы!!!

*22-июль 1972-жыл.*

Бүгін төртінші күн. Аурухана. Аурухана емес, түрме.

*24-июль.*

Күн әлі шыққан жоқ, Алатау шыңдары қан қызыл, тіпті батысқа қарасаң, ол да қып-қызыл. Бұл не сұмдық!? Күн шықпай тұрып та осылай болушы ма еді?! Сұмдық! Бірінші рет көруім. Тек жақсылыққа бағышталсын!

"Қырандар, қош болыңдар!".

# ДӘПТЕРЛЕРДЕГІ ӨЗГЕ ЖАЗБАЛАР

Алдымен бәрі көз алдыма келеді. Сонан соң естимін, сезімін де жазуға отырамын.

*(3-дәптер, 46-бет).*

## SOS

### I

Союыңа қарсымын!
Қарсымын!
Қарсымын!
Мен дариядан қалған тамшымын.
Қаңсыдым...
Осы — бар шыным.
Союыңа қарсымын!
Алдаған екен ғой қу балам,
Қарағай екем ғой құраған!..
Тидірмен денеме пышақты,
Сойылу үшін мен тумағам!

Алдадың, қу балам, алдадың,
Осы ма аңсаған арманым?!
Сойдырман, жарқыным,
Көремін жазуын алланың.

Ата, сен өлесің бе, шынымен өлесің бе?!

*(3-дәптер, 59а-бет).*

1967-жылдың 27-карашасының түні. Түс. Ғажап түс!!! "Түзелесің, сен түзелесің!" Ғажап! Екі топтың ортасы! Н.Н.А.

*(4-дәптер, 1-бет).*

### *1967-жылы нелер тынуы керек*

1. Самұрық (Бауыржан Момышұлына арналған). Сәуірдің ішінде.
2. SOS! (Поэма. Болған оқиға ізімен). "Спасите наших душ" (Құтқар біздің рухты). Мамырдың ішінде.
3. Назым (Поэма. Қарақалпақ әсерінен).

4. Өлеңдер. Жинақ даярлау.

5. Данте "Ғарасат майданы". Бастау, барынша аяқтауға тырысу

6. Драманың соңғы вариантын (нұсқасын) тындыру.

7. Поэзия туралы үлкен әңгіме.

Бір жылға сол да жетер. Жолың болсын!

*Кезек күттірмейтіндері:*

1. Оңтүстік, Қызылқұм әсерлері. Жинаққа
2. Қарақалпақ әсерлері.

*(4-дәптер, 2-бет)*

Даланың қою түні-ай балбыраған!
Жұлдыздың көзін қара жаудыраған.
Таулардың өзін қара абдыраған,
Қалғыған қабағы анау салбыраған.

*(4-дәптер, 5-бет)*

Кім екен іренжіткен қыз баланы?

*(4-дәптер, 14-бет)*

Алатауым тұрғанда,
Арқасызбын дей алман.
Қаратауым тұрғанда,
Қалтасызбын дей алман.

*(4-дәптер, 19-бет)*

Тағы да күн шығады, таң атады,
Жатады түн жамылып дала тағы.
Жалғыз ғана жыр тусам, жалғыз ғана,
Секілді самұрықтың балапаны.

*(4-дәптер, 26-бет)*

Латвия, Литва, Эстония, РСФСР, Украина, Беларусия, Армения, Әзербайжан, Грузия, Тәжікстан, Түркмения, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстандардан, поэзия, сені іздедім...

*(4-дәптер, 73-бет)*

"Борясь с продажными французами, я защищаю Францию" (Сатқын француздармен күресу арқылы мен Францияны қорғаймын).

*Р. Роллан.*
*(4-дәптер, 80-бет).*

"Махаббат мазары". Поэма.

*(4-дәптер, 84-бет).*

Күніне үш өлең, қалайда үш өлең! 7.11.1972-ж.

*(7-дәптер, 13-бет).*

1972-ж. 8-ақпан кешкі сағат 17.30 миымда дәнеңе жоқ, отырмын.

"Тяжела ты, шапка Мономаха". (Ауырсың-ау сен, Мономахтың бөркі).

*(7-дәптер, 20-бет).*

Жетеді, жоспар бүгін орындалды! Я, сәт! 9-ақпан түнгі сағат 2.30

Жақсы түс көр!!!

*(7-дәптер, 25-бет).*

(Жоғарыдағы сағат 17.30 мен 2.30-ның аралығында, яғни 9 сағатта "Кешіргін, қала", "Үш бақытым" 57 жолдан тұратын екі өлең жазыпты. Бұл "миында дәнеңе жоқтағысы"! — құрастырушы О.А.)

Бүгін туған күнім, 41-ге келдім. Денсаулық жақсарып келеді. Жазуға сұмдық зауқым бар... Әйелім, балаларым сый-құрмет көрсетті. Үйге Абай келді: бюсі. Жақсылықтың нышаны. Поехали!

*9-ақпан 1972-жыл (7-дәптер, 27-бет).*

Бүгін жоспар орындалатын түрі жоқ. Құлқым шаппайды. Екі иығымнан бірдеңе басып тұр. Бір түрлі әлсіздік бар, оның үстіне іші құрғыр ауырып, отырғызбай барады. Түн жарымы болмаса таң атарда ма, қалайда жоспарды орындауым керек.

*10-ақпан 1972-жыл (7-дәптер, 33-бет).*

Академияда кездесу болды. Бармауға да болушы едi, амал не, "Қазақ әдебиеті" хабарлама берiп, тізімге ендiрiп қойыпты. Әнуар баяндама жасады. Қазақша. Тәп-тәуiр, ана тiлiнде сөйлеп шықты. Мұзафар, Ғафу болып өлең оқыдық. Бәрi де дұрыс қой, бiрақ бүгiнгi жоспарым тағы да орындалмайтын қауiп бар. Миымда түк жоқ.

*11-ақпан 1972-жыл (7-дәптер, 33-бет)*

Ендi ұйықтауыңа болады. Жоспар орындалды. Иә, жоспар! Жоспарсыз жұмыс iстеп көр...

*15-ақпан 1972-жыл (7-дәптер, 59-бет)*

Ақпанның 5-iнен 15-iне дейiнгi 10 күнде 27 өлең.

*(7-дәптер, 66-бет)*

Әрi қарай не болады? Кейiн? Одан соң? Бiлмеймiн..

*27-ақпан 1972-жыл (8-дәптер, 37-бет)*

Ақпан аяқталды. Бұл ай жақсы болды мен үшiн. Баяндамаға кiрiссем бе екен, өлеңдi қоя тұрып. Әлде жиынды сәуiрге созуға әрекет жасасам ба?

*29-ақпан 1972-жыл (8-дәптер, 44-бет)*

Байқа! Жалған айтпа! Есiңде болсын, ақылгөйсiме! Есiңе ұста: сен ешкiм емессiң! Сен — ақынсың. Абстракцияның анасы — образ. Поэзияға керегi образ ба, ой ма? Ой!!!

Образ — ойдың түрлаусыз мүшесi. Өлеңнiң де.

*(9-дәптер, 46-бет)*

Қайғы бар қайтқан құстың қанатында.

## ЖОҒАЛҒАН ДӘПТЕРДЕН ЕСТЕ ҚАЛҒАНДАР:

1. Жiгiттер, бөркi ауыр Мономахтың.
2. —"—, менiң атым қаңтарулы.
3. Арманда, жаным...
4. Қазақ сенi сыйлайды қашанда да.

5. Осы мен жыланқы боп баратырмын.
6. Жаным-ау, жалғыз қайтіп шыдап жүрсің?
7. Мотордың үнін есіте-есіте шаршадым.
8. Баққа бардым???
9. Достық, домбыра туралы бірденелер, т.б.

Екінші дәптердегілердің бірсыпырасы "МАВРДА".

*Жоқтары:*

1. Шіркін-ай, жұртым маған бір ат берсе.
2. Менің кішкентай күнім. "Қ.Ә." Шолпаныма.
3. Жүрек туралы цикл.
4. Сүп-сұрғылт қала.
5. Құлпытастағы жазу.
6. Махаббат, достық, адамгершілік туралы көп өлең. Көбі есімде жоқ.

Жарияланбаған 1000 жолдай өлең.
Жоқ, әлі қайтармады, жоқ. Әдейі істелген болу керек.
"Поэзия" атты күнделігім, қайран күнделігім!!!
Не айтып едім онда?! Жоқ.

*1970. (5-дәптер, 1-бет).*

1973-жыл. Бетбұрыс??? Не істеу керек? Ішпеу керек! Ішпеу керек!

*(10-дәптер, 26-бет).*

Қаламмен жазылғанын да, машинкаға басылғанын да үш нұсқа пьесаны жоғалттым. Бәлеге тап болдым...

*16-ақпан 1973-жыл.*

Табыла ма? Қайдам?

*21-ақпан 1973-жыл.*

Өзіңді өзің алдама ешқашанда.
"Аңсап жүріп кездестік Сәкен тойына" атты өлең С.Қ-ның тапсырмасы бойынша жазылды.

*29-май 1974-жыл (12-дәптер, 90-бет).*

Мен өлеңді ойдан құрастырып жазбаймын. Әлдекім құлағыма сыбырлағандай болады. Соны көшіремін, сенесің бе?

*М. М. 21-ноябрь 1973-жыл (13-дәптер, 12-бет)*

А.П. Межировтан хат алдым. Бұл — бірінші болып маған өмірімнің қиын күндерінде әкелік қолын созған адам. Сіздің сеніміңізді қалай ақтасам екен, сүйікті ақсақал?!

*М. М. 1-декабрь 1973-жыл (13-дәптер, 34-бет)*

Жоғалған қолжазбалар, газет-журнал қиындылары, поэзия жөніндегі күнделік әлі жоқ. Су аяғы құрдымға кетті. Біреу қасақана сақтап отырса жақсы. Білмес бір түлейдің қолына түсіп жыртып тастамаса... Әттеген-ай, жариялан бағандары көп еді...

*5-ақпан 1972-жыл (7-дәптер, 2-бет)*

1. Ақыл бар, талант жоқ — Мансапқұмар, атаққұмар.
2. Талант бар, ақыл жоқ — Маскүнем.
3. Екеуі де бар — Данышпан.

Абай жаққан бір сәуле сенбеу үшін.

*Қолжазбаларының ара-арасынан*
*тауып, теріп, жинақтап, реттеген*
***Оразақын Асқар***

# Әңгімелер

— Әй, папа-ай! Ауылдан неге қозғады екен бізді?! Жақсы еді ғой ауыл... Қазір егінді жинап болған шығар. Шөбін орып, егінін жинап алғаннан соң, дала да каникулға шыққандай, рахаттанып дем алып қалады-ау бір, біздің сегізінші класты колхоздың картошкасын жинауға биыл кім бастап апарады екен? Былтырғы Смағұл ағайдың әйбатын-ай! Ешкімнен де қорқпайды. Бір-екі сағат жұмыс істетеді де: "Жетеді енді, балаларым шаршады", — деп класты жинап алып, ауылға тартады. Алтыншы "А"-ның жетекшісі Тәліп ағай: "Бала шаршаушы ма еді, біз бұлардай кезімізде..." — деп бірдеңелерді айтып үгіттей бастаса:

— Әй, Тәке, қойыңызшы. Сіздің оқушыларыңыз менің балаларымдай күніне екі сағаттан өндіріп істесе, екі-ақ күнде бітетін жұмыс қой бұл. Бүгінгі жоспарларыңды асырып орындадыңдар, боталарым, жүріңдер, — деп, Смағұл ағай бәрімізге бас боп думандатып үйге қайтатынбыз. Жарым жолға келгенімізде, артымыздан төбедей жирен қасқа атына мінген деректір ағай қуып жететін. Ол кісі келген бойда: "Қайда барасыңдар? Қайтыңдар кейін!" — деп ашуланатын. Бәріміз класс жетекшіміз Смағұл ағайға қарайтынбыз. Ағатайымыз үркіп-үдірмей-ақ, сабырмен: "Жүре беріңдер, көкелерім, жүре беріңдер", — дейтұғын. Біз жайымызға кете барамыз. Деректір ағай ат үстінде, Смағұл ағай жерде қалып қоятын. Деректір ағай қолын сілтеп, қамшысын нұсқап, кәдімгі жиналыстағыдай бірдеңелерді сөйлеп жататын. Ағайымызға қарайлай беретін ек. Ол кісі біраз тұратын да, басынан кепкісін алып, бізге қарай аяңдайтын...

Осы жағдайды былтыр екі рет кездестірдік. Соңғысында ағайымыз тым мұңайып оралды. Әдеттегідей бізбен күліспеді де. Ауылға жеткенше бәріміз үнсіз келдік.

"Деректір ұрысты ма сізге, неге көңілсізсіз?" — деп көріп едік, "Өсесіңдер — білесіңдер, сабақтарыңды жақсы оқысаңдар, еңбек ешқайда қашпайды, естеріңде болсыннан"

Тілек ештеңе демеді. Қайран ағай. Қазір қайда екен?.. Бірінші шыққаннан кейін ол кісіні қайда ауыстырып жіберді?!

Торғын қайтіп жүр екен... Биыл да класком болды ма екен? Бюрократ, нағыз бюрократ. Бір баламен достаспайды, бір адамға қосылмайды. Өзімен өзі жүреді де қояды. Өзімшіл. Сынақ жұмысында, емтихан тапсырғанда, елден бұрын орындап болады да, төңірегін жинап-тернеп, орнын тазалап, тыныш отырады. Ешкіммен ойнамайды, күлмейді. Өз ісін тындырғаннан кейін, ешкімге жауап та бермейді. Смағұл ағай да қызық, соның несін жақсы көреді екен?! "Ақыл — ақылды. Ақыл азамат болады. Сендер Ақылды әжуалай бермеңдер", — деп дәріптеп-ақ жүргені. Ал ол болса сол баяғы қалпы, бір жадырамайды, мәңгілік көңілсіз, ешнәрсе оны қызықтырмайды.

Былтыр картошканы тегіс жинап біткенде, бригадир ағай келіп: "Ал, балалар, сендерге көп-көп рахмет, қарақтарым! Өздерің өсіріп, өздерің жинаған егіндеріңнің енді жемісин татыңдар, қане кім қанша қаласа, сонша алсын, алыңдар, ыдыстарың толғанша алыңдар", — деген. Таудай үюлі жатқан картошкаға балалар лап қойып, ыдыстарын толтырып жатыр. Мен де әлімнен тыс кеп алып қойыппын. Сонда да Ақыл бюрократ сыртта қалды елден ерек. Тіпті ыдыс та апармапты. Мұғалімдер де, бригадир де, бір-екі рет ал деп ыдыс тауып беріп еді, иілмей қойды. Дөрекі... Қап... Сонда әкеле жатқан картошкамды неге оған көтерттім?! Көмегіне рахмет, өзім-ақ жеткізем, жәйіңе тарта бер деп неге айтпадым?! Дөрекі... Балалардың соңында қалып қойған екем.

- Шамаңа неге қарамайсың? Осынша толтырмасаң жетер еді? — деді де, менің дорбамды иығына қағып салды да, кете барды... Дырқы Зекен қыздарға бірдеме деп сыбырлап, сонда неге жыртыңдады? Қап!.. Неге барып дорбамды жұлып алмадым?! Ол әбден үйге кіргізіп бергенше артынан ілесіп неге жүре бердім?!

Күндегідей сабағын тамамдап, үйреншікті трамвайда келе жатқан тоғызыншы класс оқушысының бүгінгі ойы біріншіден сегізіншіге дейін ауыл мектебінде бірге оқыған Ақыл дейтін балаға келді де, тіреліп тұрып алды. Неге бұлай?! Ғажап! Қаншама кластас құрбыларының арасынан сол бір томырық қара бала есіне неге жиі келе береді?.. Әсіресе бүгін? Міне, ол тағы да көз алдында тұр.

Зияштың үйі қалаға көшкелі жатыр. Мүлік машинаға тиеліп болып, көршілер әжесімен, мамасымен, папасымен кезек-кезек сүйісіп қоштасып жатыр. Әжесі абысын-

ажындарымен қайта-қайта құшақтасып, көзін сулап жүр. Қаңырап қалып бара жатқан жұртына қарап өксігін баса алмайды. Терлеп-тепшіп жүк тиеп жүрген папасының анасына бұрылып:

— Мұнықыз не?! Жылағаны несі?! Жоқ ырымды бастамаңызшы, — дегені Зияшқа тым дөрекі көрінді. Үлкен кісіге неге зекіп сөйлейді?! Әй, папа-ай!... Зияш сол сәтте мына жүрген құрбылары сияқты Ақыл да қоштасуға қалайда келеді ғой деп дәмеленді. Дәмеленді, бірақ мұнысы үшін өзін соншама іштей жәбірледі. Тіс жарып сөйлеспеген, сырласпаған, бірігіп сабақ та даярласпаған сол бір тұйық бала несі оның. Келмесе келмесін, қоштаспаса қоштаспасын... Осы себеп болды ма әлде папасының әжесіне әлгінде зекігені ме, Зияш машина қозғалып, ауылдан аттанарда, әйтеуір, ағыл-тегіл жылаған, жұбанбаған. Машина белден аса бере Зияш кіндік қаны тамған Қарасазына қарағанда, аппақ мектебінен бөлек ештеңе көзіне іліге коймаған, содан қайта егілген...

Келесі аялдамада трамвайдың алдыңғы басқышынан қапшығын сүйреткен бір қартаң жарымжан адам кірді. Оның отырғаны да сол еді, кондуктор әйел билетін құлаштап қасына барды. Қарт ыңғайсызданып қалды да, қолы дірілдеп, бірдеме деп жатты. Қасын сүрмелеп тастаған семіз кондуктор қартты тыңдағысы да келген жоқ, дереу оның қапшығын жұлқып, иығынан тарта бастады. Қарт қарсыласпады, тәлтіректеп орнынан тұрды. Семіз әйел трамвайдың тізгінін жұлқа тартып, тоқтатты да, жол жөнекей әлгі адамды түсіріп тастады. Отырған үлкендердің бірі де араша айтуға батылы бармады, терезеден сыртқа қарап, мелшиіп отырған қалыптарымен ғана қалды.

Зияш кондуктордың өңменінен өткізе өшпенділікпен бір қарады да, алдағы аялдамада түсіп, үйіне келді. Үйге долдана келсе, әжесі әдеттегідей парылдауықты тұтата алмай әуре боп жатыр екен. Беті-қолы күйе-күйе, жағармай сасиды. Әбден ыза болған, бірақ онысын Зияшына білдіру қайда, көңілсіз келген немересінің ау-жайын бірден аңғарған әже әубастағы жайма-шуағына басып, жуып-шайып жатыр.

— Осы дырылдауығы құрғыр бұзылған, Зияш. Кәдімгі әлгі бізді көшіріп келген шопырдың киімтіккішіндей (әжесі Машина деген енесінің есімі болғандықтан, мотор атаулыны киімтіккіш дейтін) пар-пар етіп, бықсиды да, өшіп қалады.

Зияш әжесінің примусы құрғырға үйрене алмай-ақ қойғанын әбден түсінеді. Мектепке апарған асай-мүсейін

үстелге қойды да, шешініп, жеңі жоқ үй көйлегін иығына іле салып, ауылдан келген сары мыс самауырды аулаға шығарып қойды. Зияштың мұншама ашуланғанына күйгіккен әже: "Мені не қара басты, парылдауығымен алысқанша, әуелден-ақ самауыр неге қоймадым?!" — деп бір ойлады да, түнеугүні Зияштың алдында келінінің қызартқаны есіне түсіп қысылды. Келіні: "Әже, не десеңіз о деңіз, бір тал шырпыны да үнемдеуге тура келеді, балаңыздың тапқаны... Осы қуыспаққа әкеліп қамаған сол", — деп еді.

Зияш самауырды тұтатып, одан шыққан будақ-будақ қою түтінге қарап, ауылды тағы да есіне алды. Трамвайдағы ойын әрі қарай жалғай бергенде, әлгінде ғана кондуктор айдап шыққан қария көз алдынан кетпей тұрып алды. Ол үйіне бұрылғанда, жарымжан қария қапшығын сүйретіп, қолы қалтырап, көше бойлап бара жатқан. Тағы бір сәтте оның көз алдында беті көкшіл тартып тарғылданған еркек дауысты семіз кондуктор әйел, сыртқа қарап мелшиіп отырып алған маңғаз еркектер мен маңызды әйелдер тұрды. Бәрі де папалар мен мамалар. Олар неге қарт адамға араша тұра алмайды?! Үлкендер де қайырымсыз бола ма екен?!

Зияш осы құпияларды өзінше саралап, өзінше екшеп отыр. Бәрін ойлай-ойлай, бүгінгі күннің уақиғаларына кінәлі бір-ақ адам деп білді. Ол өзінің әкесі болып шықты. Бәріне кінәлі — сол. Егер ол болмаса, ауылға деген осыншама сағыныш та, әжесінің басындағы әуре-сарсаң да кездеспеген болар еді. Трамвайдағы әлгі бір қолапайсыз күйінішті жағдайды кездестірмеген болар еді. Көсіліп жатқан кең дүниеден жүрісің-тұрысың есептеулі-шоттаулы, оралымсыз оқыс қимылы даттаулы осы қысылтаяң кезеңге сүйреп әкелген — сол. Зияш әкесіне ызаланып кетті, сәлден соң әкеге деген мұндай ойы үшін өзін жер бетіндегі ең опасыз балалардың қатарына апарып қойды, қаны бетіне теуіп, ду ете қалды. Жез самауыр бу атып, асып төгіліп жатыр. Аулада отырған шаңырақ иесінің әжесіне: "Арқа сүйер азаматымыз жоқ, құдағи, осы бір төрт қабырғаның арқасында жанды жанмен бағып отырған жандармыз. Мінеки, екі ай өтті, балаңыз не ойлап жүр?" — деген сөзін естіп, оның пәтер ақысын сұрап отырғанын Зияш бірден түсіне қойды.

— Рас қой, рас, бәйбіше. Бәрін де көріп отырмыз, білмеймін деп жүр дейсіз бе, тиыны құрғырдың ретін келтіре алмай жүрсе керек. Мен бүгін айтайын, — деп жатты әжесі.

"Әй, папа-ай!.. Ауылдан неге ғана көшіріп келдің? Жақсы еді ғой ауыл..." — Зияштың бүгінгі ойы осыған орала берді.

* * *

Түннің бір кезінде оянып, көзін ашып еді, әкесі әлі отыр екен. Қалпақты шырағдан бар сәулесін жазу үстеліне ғана сеуіп тұр. Шешесімен бірге жатқан інісі ыңыранып, бір аунап түсті. Жарықтан ба әлде ұзақ отырыстан ба, әкесі боп-боз. Шаштары ұйпаланған. Жазғанынан да ойланып отырысы көп. Бір сәтте қолжазбасының бір парағын алып оқып көрді де, сәл жымиғансып, бір жерін өшіріп, қайта жазды. Қаламын ұстаған қалпында тағы да отыра кетті, боп-боз. О, ұятсыз мамасы! Он жастағы тұштақай қызға ұсап жамылып жатқан көрпесін теуіп, ысырып тастады да, қалай болса солай ішкиімшең қалды, ұйқысын алаңсыз жалғай берді және әкесі орынан тұрып, мамасының көрпесін қайыра жауып қойды. Мамасы көзін ашып, аунап түсті де, кішкентайын төсіне алып теріс қарап жатты, әкесі қайта отырды. Ауыз үйде жатқан әжесі ұйқылы-ояу бірдеңе деп еді, естілмеді.

Әй, папа-ай. Саған түсінсем бұйырмасын. Ауылды тастап, қора-қопсы, үй-жайды тастап, кең-мол дүниені тастап несіне қызықтың мұнда? Сені мұнда сүйреген қандай күш? Ауылдағы қызметің мұндағыдан әлдеқайда жақсы, әлдеқайда көңілді еді ғой. Жазуыңды онда да жазатын ең ғой. Жазу?! Ғажап, осы папам не жазады екен?! Әйтеуір, мен ес білгеннен бері қарай күндіз-түні (көбіне түнде) қаламын бір алып, бір қойып отырғанын ғана білем, бір өзгерісі жоқ, бір кітабы жоқ әлі. Мұндай жазушының барын әлі ешкім де естіген жоқ. Осы папам қызық, түсінбеймін. Әй, мүмкін емес. Қолынан келмес іске папам текке әуре болмаса керек...

Үкінің жүніндей аппақ шашы қобырап, жөтеле дыбыс беріп, ауызғы бөлмеден әжесі кірді. Кірді де, ойын бөліп қойдым ба дегендей, дәл бір кінәлі адамдай отырған ұлына сәл көз қиығын тастап, Зияштың төсегіне келіп, оның кекілін сипап тұр. Зияш ұйқтаған боп жатыр. Бұл үйге әжесінің тіпті де Зияш үшін кірмегенін біледі ол. Әжесінің манадан бері ұйқтамай жатқанын да сезеді. Табан астында ойлағаны келді, әжесі тұлымынан бірер сипап мекіренді де, папасының қасына барып, сәл тұрып: "Қарағым-ау, таң атып қалды, әлі отырсың, дем алсай азырақ, жөтеліп отырсың ғой", — деп, баласының басын бауырына қысып, шашын сипады. Осы сәтте Зияшқа папасы тым жадау, тым мүсәпір пұшайман көрінді.

Әжесі кетті. Зияш әлгі ойын қайта жалғай берді.

Осы мамамның не білгені бар?! Неге сонша ашуланшақ боп кетті? Мұндай мінезі жоқ еді ғой?! Болар-болмас нәрсені

сылтауратып, үй ішінің шаңын қағып-ақ жүргені. Әсіресе байғұс папама дегенде төбе шашы тік тұрады. "Жылы орнымнан қозғап, балаларды жылы ұясынан адастырып, ақыры біреудің босағасына әкеліп кіріптар еттің. Семья асырай алмайтының бар, қалаға неге көшіріп келесің?! Талантым, талантым... Талантың кімге керек сенің?! Неге келдім, неге алдандым!" — деп жерден алып, жерден салып жатқаны. Бишара папам! Өз кінәсі өзінде, жұмған аузын ашпайды. Алдарқатып күлкімен ғана жеңеді, күлкімен ғана құтылады. Сондағы әжемнің кейпі-ай! Мамамның атқан оғы папамнан асып барып соны жаралап жатқандай маған. Мамам осыны неге ескермейді?! Әжетайым! Момақан әжетайым менің! Есептен сын жұмысын шығара алмай отырған оқушыдай екеуіне кезекпе-кезек жаутаң-жаутаң етеді. Әй, мама-ай! Соны да байқамайсың ба? Бұлан-талан боп жүргеніңде әжемнің кейпіне бір рет назар аударшы, қандай қалде отырар екен... Жо, жоқ... Мамам ашуланғанда өзін де, өзгені де ұмытады. Бұлай болмайды екен, мен бұл жайларды мамама бір күні қалайда ескертуім керек...

Зияш көп ойланды. "Иә, иә, папам, мүмкін, босқа әуре боп жүрген шығар. Оған да ескертсем бе екен", — деген бір қорқынышты сұрақ тағы елең еткізіп еді, папасының күнделігінен жуырда жасырып оқыған: "Әзірге бұл дүниеде мені түсінетін бір-ақ жан бар, ол — менің қызым Зияшым", — деген сөздер әлдеқайдан сап ете қалды есіне. Папасын түсінгенін папасы түсінгенге ырза болған Зияш әкесін оғаш ойдан оңаша ұстап, рахаттана ұйықтап кетті.

Папасы диванда тұяқ серіппей ұйқтап жатыр. Мамасы ума-жума, орнынан енді тұрып, байпағын киіп отыр. Зияш күндегіден кеш оянды. Сағат сегізге сабағы басталатұғын. Абыр-сабыр жуынды да, ертеңгі шайға қарамай, сөмкесін алып үйден асыға шыққанда, қалбалақтаған әжесі қағазға ораған әлдененi қолына ұстата берді.

— Ас ішпей қалай шыдайсың, ботам, қара басып мен де бүгін ұйқтап қалыппын!

Күн бұлыңғыр, көше көңілсіз екен. Сап-сары жапырақтар түндегі жауған жаңбыр суымен шыланып, батпаққа батып жатыр. Көше жасауынан айрылған үйдей жап-жалаңаш, құлазып тұр. Аялдамадағы төрт-бес адам трамвай келетін тұсқа мойын созып, әлсін-әлі қарап, әбігерленуде. Трамвай көрінді. Зияш ұшып келеді. Қалайда осыған ілігуі керек, келесі трамвайды күтіп тұрғанда сабақ басталып кетеді. Ғұмырың қызық-ау, адам, сенің. Қайда, неге асығасың соншама? Білесің

бе қайда асыққанынды? Неге соншама асыққанын Зияш қайдан білсін, ол емес, біз қайдан білеміз...

Трамвайға енді жете бергенде, қандай күштің қалпақтай ұшырғанын да сезбей қалды ол. Болар-болмас есі кірген бір сәтте: "Әй, папа-ай! Ауылдан неге әкелдің? Ауыл жақсы еді ғой", — деп айтқысы келді, бірақ табан астында ол ойынан да адасып, сәл езу тартты, белгісіз басқа бір дүниенің түбі жоқ тұңғиығына рахаттана батып бара жатты.

Сонымен, тағы да бір ашылмаған ой, ақтарылмаған арман сөнді. Трамвай өмір аялдамада бірер минут тоқтады да, қоңырауын сылдыратып алға қарай жылжи берді. Күздің суық желі тырбиған үйеңкі ағашының бір тал қураған жапырағын жұлып алып, көңілсіз көшемен қуалай жөнелді. Әлгінде ғана әжей қағазға орап берген бір жапырақ нан мен бір тілім шұжық жол бойында қала берді, онда ешкімнің шаруасы да болмады.

Қасиетіңнен айналайын ата-ана-ай, олар да бір бәйтерек-ау, түбірлері мықты болып, көктей берсе болғаны... Ал бірер жапырағының мезгілсіз үзіліп түсуінен бәйтерекке не залал. Әйтсе де Камал мен Кәмшат өсіп келе жатқан өндірлері қапелімде қиылып түскенде, қатты-ақ қайығырған. Зияштың өлімі ойсыратып-ақ кеткен оларды. Бірақ бәрі де өз кезінде екен. Тіршілік, уақыт нені ұмыттырмасын, қайғырған, қайғырған да қойған. Тіпті араларындағы дүрдараз сол Зияш қазасымен бірге жоғалғандай болып, босағалары беки түскен, бір-біріне деген сыйлары артқан. Зияштың басына құлпытас орнатамызбен жүргенде, арада бес-алты жыл өтіп те кеткен. Ақыры қалған қарғаларының тілеуін тілеп, сабырмен қалған-ды. Тек жылда жаз айында, Зияштың туған күні, оның басына барып, шөп басқан моп-момақан қабірді үнсіз аймалап қайтатын. Қайтар жолдарында сәндік үшін емес, сәбилеріне ескерткіш үшін әлі күнге құйттай құлпытас орната алмағандықтарын екеуінің де іші сезіп, бірінен бірі ұялатын. Біріне бірі қарай алмай қапаланатын еді.

Бүгін олай болмады. Екеуі есік алдына үнсіз жақындай бергенде, Камал:

— Менің де тіршілік етіп, жер басып жүргенім-ай, Кәмшат... — деп қалды.

Үйлеріне келсе, әжей мұңайып отыр екен.

— Әлгі ауылдағы Зейнептің Зияшпен бірге оқыған баласы келіп, ойымды ойран-топан етті... Азамат бопты... Зияшым да тірі болғанда... — деп, әргі жағын айта алмай кемсеңдей

жөнелді. Жаулығының ұшымен көзін сүртіп, орнынан тұрды: — Мынау өзімнің жазған кітабым дейді...

Әжей қайтадан босап кетті. Баспадан жаңадан шыққан кішкентай кітапқа Камал мен Кәмшат бірдей үңілді...

— Мынау Ақыл ғой. Бәсе, бәсе, одан бір нәрсе шығатынын мен білгем, — деп жатыр Кәмшат. Кітаптың бірінші бетінің бас жағында: "Зияш, сенің кішкентай қабіріңе үлкен құлпытасты кейін орнатам, әзірге осыған риза бол!" — деген сөзді оқып, ерлі-зайыпты екеуі теріс қарап кетті...

## МАРУСЯНЫҢ ТАУЫ

Алматыдан ертеңгі сағат онда шыққан жолаушы таситын қорапты ГАЗ-51 машина Нарынқолға бет алып зулап келеді. "Қортоғайға кіре асфальт бітіп, тас жол басталды. Жүгінің жеңілдігінен бе, машина шоршақтай береді. Машинада бар болғаны төрт-ақ адамбыз. Екіқабат жап-жас орыс әйелі, екі студент, редакцияның шұғыл тапсырмасымен келе жатқан мен.

Қыс. Кегенге келсек, алай-дүлей боран екен. Асханаға біраз аялдап, сағат төрттің шамасында жүрмекші болдық.

— Баллоныңның бедері бітіпті, оның үстіне ебің де жоқ екен. Байқа, таксиші! Маруся бүгін ашулы, өшін алып жүрмесін. Аяғы ауыр әйел бар екен. Бірімізді біріміз сүйрелеп біз әзерге астық, — деген шопырлардың ескертпесіне біздің шопырымыз құлақ аспады.

— Маруськамен бұрыннан таныспын, бірдеме ғып келісе жатармыз, — деп, ол жолға шықты.

Қар аралас боран ұйтқып тұр. Міне, "Марусяның тауы" деп аталатын жұмбақ асуға да жақындадық. Боран жолға қар үрлеп тастапты. Машина ышқына тартып, ыңырсып келеді. Шопыр бір жылдамдықтан бір жылдамдыққа ауыстырып тыным таппайды.

Асудың ортан беліне келгенде, машина қақалды да қалды. Біздер жерге түсіп, далбасалап, итеріп көмектескен болып едік, онымыздан нәтиже шығар болмады. Күн кешкіріп барады, боран әлі толастар емес. Әрі жақ, бері жақта қылт еткен қара көрінбейді. Мысы құрыған шопыр амалсыздан кері қайтпақшы болып машинаны шегіндіріп еді, бір де бедері қалмаған жалаңаш баллон сырғанап барды да, жол шетіндегі омбыға түсіп, шоңқиып отырды да қалды. Оған да шүкір,

әйтпегенде машина аударылып, сайға түсіп, быт-шыты шығатын еді.

Мәселе қиынға айналды. Осы боранда Кегенге қарай кері жаяу баруға мүмкін емес. Аяғы ауыр әйелді қайттік?! Ыза кернеген шопыр: "Тфу! Вот тебе... Маруська!" — деп, машинаны шыр айналып жүр. Істер айласы жоқ.

Ымырт жабылайын деді. Не істеу керек? Кенет ұлыған боранның арасынан қой қайтарған шопан үні саңқ ете түсті. Қайдан шыққанын аңғармай да қалдық. Әлден уақыттан кейін біз тұрған жолдың оң жақтағы қырқасы үстіне қарайып бір салт атты шықты. Екі студент — үшеуміз қосыла айғайға бастық. Қас-қабағын қар жапқан шопан қасымызға келді.

Жағдайымыздың жайсыздығына көзі жеткен ол анау тұрған қырқаның астында қыстауы бар екендігін, қойдың шұбырындысына түсіп тура жүрсек, үйге апаратындығын айтып, кідірмей қайтып кетті. Малы иесіз көрінеді.

Біраз күттік те, шопырдан басқамыз шопан үйіне тарттық. Бар киімді шопырға қалдырдық. Ол машинаны иесіз тастағысы келмеді.

Қыстауда үп еткен жел жоқ. Қи иісі аңқып тұр. Бір-екі ит абалап бізге қарсы жүріп еді, шопан жекіріп тастады. Иттер кінәсін мойындағандай, құйрықтарын бұлғап, тым-тырыс бола қалысты.

Қойын жаңа қоралап болған шопан бізді үйге ертіп кірді. Шопан үйі жып-жылы. Темір пештің үстіндегі мыс шәугім сызылтып ән сап тұр. Бұрышта, ошақтағы қара қазанда, ас қайнап жатыр. Кимешегінің құйрығы арқасын түгел жапқан етжеңді шешей төр алдындағы жүктен текемет алып еденге төседі де, төрлетіңіздер дегендей ишарат білдіріп, өзі сәл еңкейіп, кейін шегінді. Белағашта аспалы шам ілулі.

— Биылғы қыстың нышаны жаман, — деп, шопан ішігін шешіп босағаға ілді де, басындағы түлкі тымағын алып, есікті ашып тұрып, кіре берістегі бөлмеге сілкіп-сілкіп жіберді. Шаруасын жайғап, пештің түбіне келіп отырып, қыздырына бастады. Сол қолының саусақтары жоқ, доп-домалақ. Домалақ жұдырығын сау қолымен сығымдап жылытып отыр. Қабағы түксиген, орақ мұрын, селдір сақал, еңгезердей адам екен. Бойы жылып, бір есінеп алды да:

— Жол болсын, азаматтар? Қай жаққа бет алып барасыңдар? — деді.

Біз жөнімізді айттық.

— Бір тәуліктен асып барады, күн ашылар емес. Әсіресе бүгін тым қағынып кетті. Мана, түске жуық, он машина

ның бірі сүйреп, қар күреп әзер дегенде асып еді, сендердің неге сеніп осы боранда асуға келгендеріңе таңданып отырмын. Қашан жол тазалайтын трактор келгенше тұрғандарың тұрған. Шопырларың қайсысың?

- Ол машинасын иесіз тастағысы келмеді, — дедім мен.

- Бәлі, машинасын қасқыр жей ме оның?! Оларың үсіп өлейін деген екен. Енді жол ашылғанша ешқандай қатынас жоқ. Оданда біреуің атқа мініңдер де ертіп келіңдер, бостан-босқа өліп қалар.

Шопанның ақылын жөн көрдік, студенттердің біреуі атқа мініп, шопырға кетті.

Шай келді. Өзі де әзер тұрған болу керек, кідірмей шопыр да кеп қалды. Ол есіктен кіре: "Вот, Маруська непутевая, изменила, отомстила меня", — деп, белгісіз Марусяны жазғыра келді. Ылғи орысша сөйлегісі кеп тұратын қуқыл студент бәрімізден бұрын:

— За что она тебя?.. — деп шопырға қарады.

— За то, что когда-то мои друзья ее, на этом перевале... — деп, орыс әйеліне бір қарады да, алақанымен аузын баса қойды. Ол Маруся тауы туралы бұрыннан айтылып келе жатқан бәдік қауесетті қайталамақ болғанын бәріміз де түсіндік. Оның ұзын ырғасы былай еді.

Совет үкіметінің алғашқы жылдары болса керек, қыс айларының бірінде жаңадан ұйымдасып жатқан колхоздарға бес-алты машина ауылшаруашылық саймандарын әкеле жатып, осы асуда бір күн аялдап қалыпты-мыс. Шопырларда азық-түлік, арақ көл-көсір болған көрінеді, ішіп-жеп, қашан жұрт кеп жол тазартқанша жата береді. Араларында Маруся атты орыс келіншегі болыпты-мыс. Масайып алған шопырлар Марусяға білгенін істеп, ақыры үсіп өлді деген сылтаумен асуға жерлепті-мыс. Содан бері, әсіресе қыста, асуда боранды күн бола қалса, шопырлар: "Маруська ашуланып қалыпты, өшін алып жатыр", — дейтін көрінеді. Содан бастап осы тау Марусяның тауы деп аталып кетіпті-мыс. Тағы сол сияқты әркім әр саққа жүгіртіп, әр түрлі жаңғыртып айтқанын мен бұрын да талай естіген едім.

Біздің шопыр да соны қайталағысы келіп еді, арамыздағы орыс әйелінен именді білем, аузын жаба қойды. Бұл қауесет шопанға да белгілі болуы керек, бірақ ол титтей де езу тартқан жоқ. Керісінше, өзара жымыңдасқан студенттер мен шопырға қарап: "Жә, балалар, орынсыз ыржақтамаңдар! Суықтан келдіңдер, онан да шәй алыңдар, — деп, ренжіген кейіп білдірді. Шопырға қарап:— Не знаешь, зря не болтай!" — деп

зекіп тастады. Оның орыс тілінен хабары мол екенін түйіп қалдық. Шопыр шопанды сөйлеткісі келді ме: "А ты что, знаешь что ли?" — деп еді, шопан: "Я не только знаю, а был свидетелем", — деп қалсын, орыс тілін барынша өз акцентімен сөйлеп.

Елең ете түстік. Шопан саусақсыз доп-домалақ сол қолының жұдырығымен маңдайын бір сипап:

— Бұл таудың тарихы дәл сендердің естігендеріңдей емес, балалар. Басқадан естіген қауесетке орынсыз сене беру — даракылық, — деді шопан.

— Ты, старина, давай по-русский рассказывай, — деген шопырдың ескертпесіне ол: "Ей, батыр, қоя тұршы", — деп, қолын бір-ақ сілтеп, ұзынсонар әңгіме бастады. Біраз тыңдап, шопыр жігіт ұйқтап кетті.

Әкемнің өзімен бірге туған жанашыр жақыны жоқ болатын. Терін сығып жүріп тапқан азынаулақ шаруасын ретімен ұстап, ешкімге аласы-бересісіз өз күнін өзі көрген адам еді. Бір жылы қыста елге жұт келіп, қолда бар уақжанды сойып алдық та, ал бір бие, бір сиырымыз, қаншама тыртысқанымызбен, көктем шыға көтеремге шалдығып, ақыры өліп тынды. Аталас деген ауқатты ағайындарымыз, қолдан шаруа кеткен соң, сырт айналып сала берді. Ағайындардан көңілі қалған әкем шешем екеуімізді ертіп, қоныс аударып, Қақпақтағы казак орыстарға барып жалшылыққа орналасты.

Шахов Тимофей бізге жаман қарамады. Ішер асқа тарықтырған жоқ. Совет өкіметі орнағанша, көп жыл бойы сонда тұрдық. Сонда жүріп балдыр-бұлдыр орыс тілін де үйрендім. Жаңа өкімет орнағаннан кейін қожайынымыз бір түнде зым-зия ғайып болды. Қайда, қалай кеткенін білмеймін. Әйтеуір, есімде қалғаны, қамбасын өртеп, қорадағы нән өгіздерін өлтіріп жолға түсіпті.

Кімнің ел, кімнің жау екенін білмейтін аласапыран уақыт. Біздің ауыл шекарамен шектес болды да, арлы-берлі сапырылысып өтіп жатқан жүргіншілерді жиі көретінбіз. Бәленді пәнді тонап, түгенді өлтіріп, бәлен ауылды шауып кетіпті дегендерді жиі еститінбіз. Әртүрлі элементтер болып жатқан қарбалас кез.

Бір күні әкем: "Есің барда елің тап демекші, қатын, болмайды. Қалай-қалай емес, өлсек те ел шетіне барып өлейік. Қан құйып, қара жамылып кетпеген едік қой, әйда, тарттық ауылға", — деді.

Елге келдік. Мұнда да бас-аяғы жоқ бір дүрбелең. Біреулер

қашып кетіп, біреулер босып келіп жатыр екен. Әйтсе де жаңа өкімет сай-сайды, түбек-түбекті қуалап қоныс етіп, бытырап көшкен қазақтың бір жерге басын құрап-ақ қалған екен. Тіпті жиырма-отыз түтіні бар ауылдарға "Ынтымақ", "Бірлік", "Теңістік" деп ат қойып та үлгіріпті. Біз де "Ынтымақ" деп аталатын аталас ағайындарымыз тұрған ауылға барып қараша үйімізді тіктік. Ауылда күнде бір жаңалық. Күнде жиналыс. Күнде бір өкіл.

Бір күні мені келіп жатқан көп өкілдің біреуі шақырып алып: "Сен батырақтың баласы екенсің, осы ауылдағы комсомолдардың бірі боласың, — деді де, ескіліктің қалдықтарымен қазақшылықты тастамай, артельге кірмей жүргендермен қалай күресетіндігімді түсіндірді. — Билетіңді кейін аласың, кедей таптың жастарын комсомолға тарт", — деді.

Түн еді. Әке-шешеме ешнәрсе айтқаным жоқ, үйге келіп қисая кеттім.

Не істерімді, неден бастарымды білмей, таң атқанша дөңбекшіп, таң алдында қатты ұйықтап кеткен екем:

— Құтты болсын. Балаң өкімет болыпты деп естіттік, — деп дабырласып жатқан ауыл үйдің әйелдерінің дауысынан оянып кеттім. Дегенмен бүркене түсіп, жата бердім. Әлден уақыттан кейін далада шаруасын реттеп, күрк-күрк жөтеліп жүрген әкем кіріп: "Тәйт, әрі! Өкіметі несі?! Пері соққан ба?!" — деді. Көршіміз Тоқберген кәриянның пысық кемпірі бірдеме деп түсіндірмек болып еді: "Сапылдама, ей, сен қатын! Өкімет сенің ойыншығың ба!.. Сүрініп жүріп өкіметті қайтеді екен, — деді де, — тұр, ей, өкімет!" — деп, құйрығыма аяғының ұшымен нұқып қалды.

Қипалақтап отырып киіндім де, сыртқа шықтым.

Өкілге берген уәдем бойынша, қызыл отау жаққа аяңдадым. Барсам, ауылдың бар белсенділері сонда отыр екен. Өкіл оларға менің лауазымымды таныстырып жатыр. Шөп шабуға көліктің тапшылығы сөз болды да, белсенділер артельге кірмей отырған жекеменшіктерден көлік алуға бөлінді. Менің үлесіме де бір-екі үй тиді.

Сақаның үйіне жақындағанымда, есіктің алдында күйбеңдеп бір нәрсе істеп жүрген Қалып шешейді көрдім де, қашаның сыртында тоқтай қалдым. Мені байқап қалған Қалып шешей маған ожырая бір қарап, етегін сол қолымен қымтай ұстап, есігіне ұмтылды.

— Шеше, Молдекең үйде ме? (Сақаны ауылдың бәрі Молдеке дейтін).

— Неғылайын деп едің? Үйде.

— Артельдің шөбін шабуға көлік жетпей жатыр.

— Жетпесе, неғыл дейсің, Молдекеңді арбаға жегейін деп пе едің? Әрі жүр, әрі! Тексіз неме! Әртіліңмен әдірә қалғыр.

Тағы бірдеңелерді айтып, долыланып үйіне қарай ұмтылды.

— Шеше, мені өкіл жіберді. Бәрібір көліктеріңізді аламыз, — деуім мұң екен, Қалып шешей етегіндегі шөпшегін шашып жіберіп, мен тұрған қашаға қарай далбаңдап тұра ұмтылды.

— Мә! Мә, алдың мынауымды! — деп, саусағының арасынан қос бармағын бірдей шығарып, тұмсығыма тақап жатыр. Кемпір қояр болмағаннан кейін, ыза кернеп, көкірегінен сәл итеріп жібердім. Сол-ақ екен Қалып шешей жүресінен отыра кетті де, жұдырығымен жерді түйіп:

— Ойбай, Молдеке, ойбай! Ойбай, балақтағы битті басқа секіртіп... — деп, топырақты уыстап шашып жатыр. Қолында жұлығын жамап отырған мәсісі, белінде кісесі, басында тер сіңген жеңіл тақиясы, бұтында тізесі алға ұмтылған майлы тері шалбары бар, жотасы сәл еңкіштеу, айыр сақал Сақа қария аулаға шығып:

— Әй, ант ұрған! Кімді жоқтап отырсың? — деп кемпіріне жекіріп тастады.

— Ойбай, Молдеке-ай, балақтағы бит... — дей бергенде, Молдекең Қалып шешейдің иығынан жұлқа тартып тұрғызып, желкесінен бір түйіп жіберді. Долы шешей жым болып, естілер-естілмес бірдеңелерді міңгірлеп, шашылған шөпшегін етегіне қайта теруге кірісті.

Молдекеңмен әкем құрдас адамдар еді. Бірақ дәулеті тасып, шалқып тұрған Молдекең менің әкемдей құрдасы барына намыстанатын сияқты болып көрінетін маған. Ел сыйлаған Молдекеңді менің әкем де "Молдеке, Молдеке" деуден әріге бара алмайтын. Ал Молдекең болса, жиын тойларда: "Ей, сасық! Өй, мешел!" — деп қалжыңдағансып, аса таяғымен әкемнің бүйірінен түртіп, қырғыз өрме қамшысымен тартып кететін. Жиналған жағымпаз жұрт: "Жарықтықтың әзілі де жақсы", — деп мәз болысатын. Табақ тартылғанда Молдекең әкемнің қолтығына кірген маған: "Мә, құлдың баласы", — деп құлақ ұсынатын. Мен алудан қорқып бұға түсетінмін. Жол-жөнекей кездесе қалса да: "Мешел әкең қайда, ей, құлдың баласы?" — дейтін.

Заманның аумалы-төкпелі кезінде Молдекең туыстарын, мал-дүниесін әлдеқайда аттандырып сап, өзі шағын

шаруасымен ғана дүниенің түбін бағып отырған шағы еді бұл. Мінеки, сол Молдекеңмен бетпе-бет тұрмын.

— Ал, мырза, азамат болғаныңды көріп тұрмын. Шешеңді ұрып жығуға жарап қалған көрінесің. Мақұл, мақұл..

Өмірінде ашылып бір күлмейтін Молдекеңнің кекесінді болса да сәл езу тартқанын аңғарып, жүрегім орнына түсті. Молдекең қашаны ашып, үйге ертіп кірді.

Әлгінде ғана менімен жанжалдасып, аптығы әлі басылмай жүрген кемпіріне маған сусын әкелуді тапсырды. Қалып шешей сырлы аяқпен біріңді құрт қатқан арпа көжені алдыма алақ еткізіп қойды да, босағадағы сырмақты алып бір-екі сілкіп, қайта төсеп, далаға шығып кетті.

Жәй-жапсарды менен сұрап қанық қан Молдекең: "Ал, буйымыңды айт енді", — деді.

Көлік мәселесін айтқаным сол екен, манадан бергі жайдары, момақан Молдекең сіңірлі саусақтарымен жағамнан мытып ұстады да, қынынан кездігін суырып, кеңірдегіме тақап:

— Шалып жіберейін бе, иттің күшігі! — деп алқымымды езіп-езіп қалды. Қарттың қолы әлі қайратты екен.

— Ататай, мен емес. Атыңның керегі жоқ... Мені өкіл жіберіп еді... — деп жалбарындым. Қит етсем, сұр кездік қиып жіберетіндей көрінді.

— Өкіліңмен қосып ененді... Бар! Екінші бұл маңға жуушы болма, иттің күшігі! — деп есіктен бір-ақ атты. Әлгінде ішкен көже кеңірдегіме кеп лоқсып-лоқсып жібердім.

Өкілге барып шағынуды ар көрдім де, тура үйге тарттым. Болған оқиғаны, Молдекеңнен көрген жәбір-жапамды әкеме жасырмай айттым.

— Өй, жасық туған шірік! Сенің өкімет болған неңді алды. Тұр әрі сүмірейме! — деп, мені ертіп Молдекеңдікіне бөгтеді.

Әкем бара-ақ мамада байлаулы тұрған бурылға жармасты. Қалып шешей үйге бір кіріп, бір шығып қарғысын жаудырып жүр. Әкем екеуміз бурыл бестіні қашадан алып шыққанда ғана Молдекең есік алдында тұрып:

— Құдайдан жетсін, доңыз, саған! Өкімет боп өмісе тұрсаң тұрдың, тұрмасаң, ісім сенімен болсын сонда! — деді.

— Мал деп, мал түбіне жетіп отырғаныңды білемісің, сен қонталақ. Ақ патшаң келіп ажыратып алғанша, бурылды арбаға жеге тұрамыз. Шыдамасаң, жарылып өл! Шамаң келсе, алып көр қане, — деді де, әкем тарта берді. Неге

екенін, Молдекең әкеме беттей алмады. Бурылды апарып артельге тапсырдым.

Бірнеше күннен кейін Молдекеңнің үй іші бір түнде ғайып болды.

Бурыл бестінің ылаңы оңай болмады. Оны соңыра естірсіңдер. Әңгіме Маруся туралы еді ғой, енді соған оралайын. Бұл бір айтса таусылмайтын, ұзынсонар әңгіме. Барынша тоқ етерін айтуға тырысармын.

— Ал, комсомол, мына шүйке баспен сөйлесейікші, — деді бірде артельдің бастығы Бизекең жергілікті шебер домбайлап жасап салған ұзын сәкінің үстінде отырған, қолында темір қобдишасы бар, бетін күн қақтап күреңіткен қара көзді қызды иегімен нұсқап, — доқтыр көрінеді, шешекті емдейтін, (сол жылы ауылға шешек келіп, балаларды баудай қырқып жатқан).

Манадан жымиып үнсіз отырған қыз:

— Ағай, мен шүйкебас емеспін. Менің атым Маруся, — деп қалсын. Үстел басында айылын жимай отырған Бизекең дереу еңсесін көтеріп алып:

— Өй, айналайын, мен сені...

— Иә, мен орыспын. Орыс көрмеп пе едіңіз? Неге шүйкебас дейсіз?

Бизекең әбден састы, әйтсе де:

— Қой, балам, ренжіме... кешір... Манадан бері неге осылай демейсің? Мен сияқты түлейге әу бастан-ақ қазақшалай бермейсің бе? Ал енді жағдайыңды баянда, қарағым, — деді.

Маруся Есіктідегі атам заманнан бері тұратын шаруаның қызы екен. Алматыдағы бір жылдық дәрігерлік курсты бітіріп, губерниялық комсомол комитетінің тапсырмасымен бірер жылға осында келіпті.

Марусяға ем-домын жасау оңайға түспеді. Ауылдық советтің председателі, артельдің бастығы, тағы сондай ауыл белсенділері көмекке келіп қана бұл шаруа жөнге келтірілді. Сәбилерді қалайда ажал аузынан алып қалуға Маруся барын салып бақты.

Күндер өтіп жатты. Әлде басымызға ауыр күн түскенде орыс арасына барып жан сақтағанымыздан ба, әлде Марусяның қазақ тілін ана тіліндей білетіндігі себеп болды ма, ол біздің үйді жатсынбады. Жиі-жиі келіп тұрды. Біраз уақыт біздің үйде тұрды да. Бірақ үйіміздегі бүлдіршіндей жып-жинақы, тап-таза қыз алдында менің жағдайым мүшкіл болды. Менің ебедейсіз жүріс-тұрысыма, қимыл-қылығыма

ол ылғи қарап тұратындай болып көрінетін маған. Оның алдында өзімді қорсынатын едім. Ас ішкенде де бұрынғымдай шыпырып-жапыратын қомағайлығымды тыюға тура келді. Қысқасы, қыз алдында өзім қыз болып мазам кетті. Әсіресе киімімнен қорланатындығымды сұрамаңыз. Бұтымда сауыс-сауыс сырмалы шалбар, жалаңаш етімде қара сәтеннен шешем тіккен, терден жылтырап кеткен жейде. Бәрі де ешнәрсе емес-ау, жылқының пұшпақ терісінен әкем жасап берген шоқайдың қорлығының өткені-ай. Киіз байпақтың сыртынан киген шоқай ыссы күнде аяғымды терлетіп, бүртүрлі күлімсі иіс шығарушы еді. Көбінесе жатар алдында, қашан Маруся жайғасып алғанша, үйге бір кіріп, бір шығып, ол ұйқыға кетті-ау деген кезде құмандағы суды сыртқа апарып, аяғымды шәйіп жалаңаяқ үйге еніп, қымсына қисая кетемін.

Өзгенің қатарында өзіңнің жадау халіңді жасыратын бірде-бір сүйеніштің жоқтығы намысыңа қадалған тікенек екен. Адам өзінің мұқтаждығын өзінен ілгері тұрған өзгенің алдында ғана сезіне ме деймін. Барды қанағат тұтып, жоққа жол іздемейтін біздің отбасы енді ғана, жақсының жаршысындай болған со бір қыз алдында өз тұрмысының күйкілігіне көзі жеткендей. Ол бар жерде әншейіндегі ашушаң әкем де аузын бағып, жуаси қалады. Ас ішіп отырғанда анам байғұс та Марусяға бір, маған бір ұрлана қарап, жиі үһілеп, өзегінен жалын атады. Сірә, әп-әдемі, тап-таза киінген қыздың қатарындағы менің мүсәпір үсқынымды көріп, іштей тынады ғой деймін. Ал Маруся болса, ол қу қыз, біздің осынау жағдайымызды сезіп, қалайда бізді ыңғайсыздандырмайын дегендей, өзін барынша қарапайым, барынша кішіпейіл ұстауға тырысады. Асты өзі түсіріп, тіпті жүре келе шешемнің кимешек көйлегін жуып, майлы ішекше айналдырады. Ал мен өз көңілімде ол қызға деген бір құпия сүйсініс құрмет барын ешкімге сездіргім келмейтін. Шіркін, Маруся табиғаты бөлек жан еді!

Қыс түсті. Өздерің де көріп отырсыңдар, бұл маңның қысы қыс емес, нағыз жеті ағайынды жұт. Бір күні ауылдық советтің председателі келіп:

— Комсомол, мына Маруся дәрі-дәрмек бітіп қалды дейді. Сарыжазға апарып, камендатурадан дәрі-дәрмек алып қайтсын. Шананды жек те, барып қайтыңдар, — деді.

Ауылдағы қондылау ат Бурылға шана жектік те, Кеген басып, Сарыжазға аттандық. Осы Жылықолаттан мына тұрған Сарыжазға тіке тартудың ыңғайы келмеді. Суықтан шанағынан шыққан қарасуда сең жүріп, өткел бермейтін болды. Кегеннің көпірі арқылы баруға тура келді.

Ит арқасы қиянды басып, қиыр айналып, Сарыжазға ел орынға отыра келдік. Жолда ат шалдырып, аяңдап дегендей. Ертесінде мынадай бір қызық болды. Қашанда қаз-қатар байлауда тұрған, жонынан шыбын домалап түскендей солдаттардың атына қарап қызықтап тұр едім:

— Сағи, Сағи! — деген Марусяның даусын естідім. Ол жеңіл жүгіріп келді де, бір кеңсеге ертіп барды.

Кеңсе ішіндегі орта жастағы жіп-жіңішке әскери адам аяқ-басыма бір қарап, біреуді шақыртып алды. Оның қолында бір уыс кілті бар, мені ертіп алды да, терезесіз үйдің есігін ашып, кір дегендей ишарат білдірді. Жүрексініп, тіксініп қалдым.

— Қорқпа, жігіт, кір, кір, — деді, кірдім. Ол да кірді. Теңімен жатқан киімдердің арасынан бірінен шолақ ақ тон, бірінен қабулы шалбар, бірінен сырт жейде, қойшы, әйтеуір, несін айтасың, ең аяғы іш киімге дейін алып, — енді киін! — демесі бар ма.

Атам көрсетпеген мұндай жақсылыққа таңданғаныммен, ақыры киініп үлгірдім. Аяғымнан басыма дейін су жаңа. Әлгі адам менің шоқпыттарымды аяғымен ысырды да, оңаша бұрышқа үйіп қойды. Көктен түскендей аяғымды әзер басып, командирдің кеңсесіне қайта оралдым. Маруся орнынан атып тұрып: "Ох, ты, оказывается какой Сағижан!" — деп балаша мәз боп, белдігімді түзеп, тұмағымды дұрыстап, о жағыма бір, бұ жағыма бір шығып секіріп жүр. Командир темекісін бұрқыратып басын шайқап, күлімсіреп отыр. "Ана кісіге рахмет айт", — деп, Маруся құлағыма сыбыр етті. "Рахмет, спасиба", — деуге тілім әзер келді қуанғанымнан.

Маруся қолындағы дәрі-дәрмегі таусылғанда анда-санда ауданға барып қайтып тұратын. Сондай бір сапарында ауылдағы Сапар комсомол екеуін осы асуда бандылар ұстап алып өлтіріп кетті. Екеуінің денесін Қырғызсайдан келе жатқан жолаушылар ауылға әкеп тапсырыпты.

Ал осы тау — марқұм Марусяға қазақ табиғатының тартқан мәңгі сыйы. Ел-жұрттың қойған ескерткіші. Бұл тау — Марусяның тауы. Жақсы өмірдің алғашқы қарлығашының мәңгілік мекені. Қасиетті есімді қадірлей білу керек. Оны былапыт сөзбен былғамаса болар.

Бұл оқиғадан соң, бірнеше жылдан кейін, колхоздың бір қора қойын алдым да, осы таудан қыстау салдырдым. Сол қыстау — осы. Тұңғышым осы колхозда мал дәрігері, немерем бар.

— Жазушы балам, ескі көздердің қатары сиреп барады...

Бұл әңгімені бір сендерге емес, осы өмірімнің ішінде мың адамға айтқан шығармын дейім, амал не, бұ жұрт баяғы бір бодік қауесетті әлі қайталай беретін көрінеді. Жазғың келсе, осыны жаз. Халық білсін. Әлдекімдердің таратқан бейпіл ауыз қауесетіне сенбесін. Маруся тауының тарихы осы, — деп, қарт орнынан тұрды. Бәріміз сыртқа шықтық.

Аспан ашық. Боран тыныпты. Түн шыңылтыр екен, аяз лебі күйдіріп тұр. Қойшының маң төбеттері аппақ қырауға оранып, тұмсықтарын төсіне тыққан қалпында мыңқ етер емес.

Сағи қарт ықтасында байлаулы тұрған атына, қора үстінде бірдеңелерді айтып, шөп тастап жүр.

— Кәрия, әлгі бандалардың жағдайы не болды? — деп сұрадым аттың қасына барып, төбедегі Сағиға қарап.

— Е, олар тиісті жазасын алған. Шекарашылар қашқындарды ұстап әкеліп, халық оларға қатал үкімін шығарған, — дей салды.

Ертесінде трактор түс ауа келді. Оған дейін бізді Сағи кәрия асудың солтүстік биік жотасындағы жалғыз қабірге ертіп апарды. Қабірді қоршаған темір шарбақтан бөлек дәнеңе көре алмадық. Шарбақты ақ қарға шаншып салған сияқты, сірә, қабір әлдеқашан жер болып кетсе керек.

— Туған, өлген жылын жаздырып бір құлпытас орнатуыңыз ғой, — деп едім, кәрия қабірден көз алмай:

— Ие, сол тасыңды қойшы, балам. Жұрт не десе о десін, әйтеуір, осы тау Маруcяның тауы деп мәңгі аталатынына мен сенемін. Бұдан артық ескерткіштің керегі не? — деді.

Трактор машинамызды кезеңге шығарды, біз кәриямен қош айтысып кете бардық. Әудем жер ұзағаннан кейін, машина терезесінен артыма қарасам, кәрия қабір басынан әлі кетпеген екен...

## ӨЗГЕРМЕПТІ

*"...Оқытушы барлығын да білуі керек қой, әкем-ау, барлығын да"*

*(А.П. Чехов)*

Аңдып жүрген адамдай, дәл осы бір жайсыз көріністің үстінен шығармын ба...

Қалыңдығы бір елі көгілдір төртбұрышты әйнекке "Учительская" деп шебер жазылған есікті қағып тұрмын.

Есіктің ар жағында әлдекімнің дөрекілеу зекірген даусы естіледі.

— Сендер кім деп жүрсіңдер мені, хайуандар! Танытайын мен сендердің әк... — дей берді де, менің тықырымды естіген болуы керек, бір секунд кідіріп, үзіліс жасаған соң, сол арынымен: — Да! — деп қалып еді, құлағым шың ете түсті.

Есіктің кіреберіс оң жағында, кітаптар тұрған шкафқа арқасын бере екі оқушы тұр. Екеуі де маған жалт қарасып, қайтадан мойындары босап, салбырап қалды.

Иә еденге, иә омырауларындағы түймелеріне қарап тұрғаны белгісіз. Ал менің іздеп келген адамым осылардың қарсы алдында тұр екен. Пиріне мініп алған. Ашулы реңін сәл-пәл өзгерткен боп, жымиғансып:

— О!.. Мұқыш! Келуіңмен! — деп, қолын беріп сәлемдесті. Оқушылармен оның оңаша отырғанын көріп, шыға тұрайын деген ишарат білдірдім.

— Отыр! Отыр! Мен қазір... Мыналармен... Бір минут... — деп, табуретканы ұсынды да:

— Түсір, ей, қолыңды! Мүләйімсуін қара малғұнның! — деп барып, саусақтарын уқалап тұрған оқушының қолын қағып жіберді. Жасықтау бала екен, көзін сығымдап-сығымдап қалып еді, көз жасы ытқып-ытқып кетті.

— Сабақта тыныш отырамысың енді?

— Отырамын, — деді оқушы кепкасымен көзін сүртіп.

— Бар, есіңде болсын! Ал сен тұр осылай бедірейіп. Өй, жалмауыз! — деп, екі жағынан тозаңы шыққан қайсар баланың иығынан бір жұлқып, бұрышқа тақаңқырап қойды. Қанша уақыт өткенін аңғармай да қалыппын. Әйтеуір, Әбен (оның аты осылай еді) қайсар оқушыға шүйіле бастағанда-ақ, мен үстелдің үстінде тұрған глобусты әншейін айналдыра беріппін. Әбенім әлгі оқушының мойнының ұзындығын, мұрнының кішілігін, Мереке деп қойылған атының оған лайықсыз екенін, ақыр соңында әкесінің ауқаттылығын, соған Мерекенің мастанып жүргенін айта келіп:

— Әкең Асаубай анау, жүрген бір нақұрыс! Содан туған сен қайда барам дейсің, — дегенде Мереке:

— Әкемде сіздің жұмысыңыз жоқ! — деп, ол екі ұртын бұлтитып, шұғыл бұрылды да, есікті сарт еткізіп сілке тастап, тайды да отырды.

— Асаубаев! Асаубаев! — деп Әбен ұмтылғанша, Мереке құрықтан құтылған қашағандай мектептің ауласынан орғып шыға берді.

— Көрдің бе? Қандай сұмпайы, ә? Жүзі жанбайды ғой

ұлымның, — деді Мерекенің қалып қойған портфелін шкафтың үстіне қойып.

Мен не жауап берерімді білмей, еңсемді көтеріп, түрегеле бердім.

- Макаренконікі дұрыс! — деді Әбен, — есінен қалғысыз етіп бір жығындырса, білер еді сонда кімнің кім екенін!

- Олар панасыз, бұзық қылмыстылар ғой. Тағы ол уақыттың өзі де...

- Бұзықтың аты — бұзық. "Аюға намаз үйреткен — таяқ", таяқ — деп, бір-ақ кесті Әбен.

Көп жылдан бері көрмеген құрбыммен кездеспей жатып айтысуды ыңғайсыз санадым, үндемедім.

Алматының techинститутын бітіріп кеткеннен кейін Әбенді көріп отырғаным осы. Бір кездегі арзан матадан ұнасымды тігілген әдемі, әр уақытта тап-таза, студенттік костюмді бұл күнде сұрғылт коверкоттан олпы-солпы пішіле салған гимнастеркаға ауыстырыпты. Белін жалпақтығы төрт елі болғары белдікпен қынап тастаған. Бұтында қабулы, мақталы шалбар, аяғында қара пима. Көктемнің мына шуақ күнінде Әбеннің бұлай киінгені баяғыда, интернатта, оныншы класта оқып жүргендегі қылықтарын есіме түсірді.

"Желім ұстапты" деп, елтіріден істелген кеудешесін, тіпті, жаздың күні үстінен тастамайтын. Физкультура сабағы өткен күні "желім ұстап қапты" деп қойдың майын шыжғырып отырғанын көретінбіз. Тым тамақсау еді. Аспазшы апай оған "Тоқпаны кең" деген ат қойып берген. Сауық-сайран, уақыт босқа шахмат ойнау, киноға бару, біреумен пікір таластыру, көркем әдебиет оқу дегендерің Әбеннің күн тәртібіне енгізілмейтін.

Қысқасы, айналасында болып жатқанның барлығына "керегі қанша соның" деп қарайтын. Онысына жараса, алаң болмай, сабақты жақсы оқыса... Ал Әбеннің оқуға да қыры болмады. Бір күні тарих пәнінің оқытушысы Декабристердің көтерілісі туралы сұрағанда шіміріқпестен:

"Декабристердің көтерілісі 1917-жылы Қызыл алаңда болды", — деген осы Әбен еді.

Сол күні Әбен мені жібермеді, қондырды. Түскі шайды ішкеннен кейін ұзақ әңгімелестік. Ол маған үйленгенін, институтты 1951-жылы бітіре саласымен осы өзінің туған ауылындағы онжылдық мектепке географ болып орналасқанын айтты. Шаруасымен таныстырды. Ауқатты тұратыны айтпаса да көрініп тұр еді, бірақ Әбен қара-құрадан бастап, қанша тауық, қаз-үйрегі бар екенін санап шықты. Мемлекеттен қарыз

алмай-ақ еңселі, шатырын қаңылтырмен жапқан, төрт бөлмелі ағаш үй салдырып кірітті. Ауласы кең.

— Жаман емес, ептеп тіршілік етіп, нан тауып жеп жатырмыз, — деді ол өзіне өзі риза болған пішінмен.

— Жәкемнің (әкесін айтады) колхоздан он мың сом аласысы бар. Ол кісі әлі малда, жылдағы соғым сол кісінің мойнында.

Шаруаның жайын әңгімелеп отырып-ақ күнді батырып алыппыз. Кей бөлме жарық, таза болғанмен, ішіндегі жиһаздар оншама сұрын кіргізбей тұр. Еденде есіктен төрге дейін төселген оюлары тозған текемет. Төрде бөлменің екі жақ бұрышына орналасқан екі кереует тұр. Кіре беріс бұрыштағы жазу үстелінің үстінде "Родина" радиоқабылдағышы, қаламсия, оқу құралдары және етпетінен түскен будильник. Төрі қабырғаға, екі кереуеттің арасына ұсталған сұрықсыз кестелермен шимайланып, қолапайсыз түйілген ұзын-ұзын шашақты ақ болатнойдан жасалған киімжапқыштың бүйірі шығыңқы. Тұсында заманы өткен көнетоз түскиіздер. Бір кереуетке гүлді қызыл шыттан шымылдық құрып қойыпты, ұнасымсыз.

Оң жақтағы терезенің алдында абажадай зор сандық, үстінде киім тігетін қолмашина.

Бөлмеге кіріп отырысқаннан кейін, Әбен екеуміз біраз уақыт үнсіз қалдық. Шыдамым жетпей:

— Бір-екі мәртебе шахмат ойнауға жағдайың қалай? Шахматың бар ма? — дедім.

— Ей, Мұқыш-ай, осы сол құрғырыңа зауқым шаппай-ақ қойды, тегі. Жатақханада да студенттер талай рет үгіттеп үйретіп те бақты, бірақ ешнәрсе шығара алмады. Соңында не қасиет барын түсіне алмай-ақ қойдым. Түн жарымына дейін отырушы еді жігіттер. Қырқысып, қызыл кеңірдек боп қалатын, нақ бір атын ұтқызатындай, қажеті қанша соның, — деді де, гимнастеркасының төсқалтасынан шүберекке оралған бірдемені алып жатып, — бес карта десең, құдайдың жөні, — деп кірлеген, бірақ тозығы жете қоймаған картаны араластыра бастады. Соны ермек еттік...

Әбеннің келіншегі Нұрғайша сұңғақ бойлы, мұрны кішілеу, қара торы адам екен. Жүріс-тұрыс қимылы жеп-жеңіл, аяғына шаң ілеспей, тынымсыз кіріп-шығып жүр. Киген киімі де өзіне ып-ықшамды. Үш бала тапты дейтін емес. Әбеннің екі ұл, бір қызы бар. Байкадан арасына мақта салып, сырып, жұқалау етіп жасалған кеудешесінің жоғарғы екі түймесі салынбаған, төсінің екі жағы шағын ғана шығыңқы, кеудешені

кейін теуіп тұр. Аяғында ықшамды былғары етік. Неліктен екенін кім білсін, көзі қыртыстанып, қабағы сәл түйіліп, солғындау қарайды, жүзі жабыңқы. Бір затқа риза емес адамдай кейісті, ақжарқын, жайдары емес, суықтау. Әбен Бағанағы бір әңгімесінде өзі институтты бітіріп келгеннен кейін-ақ ата-анасының: "Жанды-жақты жердің баласы, қарағым, қатын алма, қайын ал" дейді қазақ. Біздің бұрыннан келе жатқан сарысүйек жекжаттығымыз бар, ата-анасымен келіскенбіз, көргенді бала, соған үйлен", — деген кеңесіне қарсы болмай, оныншы класты сол жылы бітірген осы Нұрғайшаға үйленгенін айтқан. Нұрғайша карта ойнап отырған ерінің жотасына келді де, тік тұрған қалпымен, иілместен жай ғана:

— Ас әзір, — деп, қайта бұрылып шығып кетті. Ала [illegible]стен мол істелген дастарқанмен бүркелген көлемді, аласа, дөңгелек үстел даярланды. Қол жуып, асқа отырдық.

Иісі мұрынды жара, жалпақ, ақ қалайы табақта буы бұрқырап ет келді. Суық күзде сойылған жылқының сары қазысы ішегіне сыймай ақтарылып жатыр.

— Ниетің қалыс екен, Мұқыш. Соғымның еті ада болмай тұрған жақсы уақытта келіп қалдың, ал, — деп жалғыз басты жуан ақ бәкісін алдыма тастай беріп әйеліне бұрылып: — Немене, бүгін үйді жылытпағансыңдар ма, ішігімді әперші бері, — деді. Нұрғайша ішігін әкеліп еді, "жаба сал" дегендей ымдап қойды.

Менің сол жағымда он алтылар шамасындағы інісі ет турап отырып, бармақтай етті кесіп алып, аузына енді салып, шайнай беріп еді:

— Турасаңшы, ей! Нысапсызың-ай, кісі жесін де, осы сенің, — деп адырақ ете қап еді, баланың беті ду етіп қызарып, шайнауын тоқтата қойып, қысылғаннан ыржаң ете түсті. Әбен тағы да бір нәрсе деуге ыңғайланғанда, оның назарын аударайын деген оймен, әлгі баланың арғы жағында отырған, он үш жастағы қыз баладан:

— Қай класта оқисың, шырағым? — деп сұрап едім, қыз төмен қарап, үндемей бұға берді. Жауапты Әбен айтты:

— Е, оны қара бассын... Әлі төртіншіде, мисыз! Қыз сүмірейген қалпымен шығып кетті, қайтып оралмады. Сұрарын сұрап алып, мен де қолайсыз жағдайда қалдым. Дастарқан үстіндегі мезгілсіз тыныштықты қуалауға ұйғарды мен әлде көңілсіздікті сезіп, соны сейілту үшін бе, Нұрғайша орнынан лып етіп тұрып, үстелдің үстіндегі радиоқабылдағышты

бұрап қалып еді, қазақтың ән-би ансамблі Қарақалпақтың "Бибігүлін" нақышына келтіре шырқап ала жөнелді.

— Жә, жә, түсінікті, өшіре ғой... Әнсәмбіл... Тым болмаса, тыңдауға тұрарлық нәрсе болса... Еңбек қып тұрып барғаныңа жараса, — деді де, Әбен мұжып отырған қабырғасын үстелге тастай салды. Ән "О...танға" деген жерінен үзіліп, Нұрғайша орнына отырды.

Әбен жарты литрдің тығынын ашты да, шөлмектерге бөліп құйып, өзінің "музыкаға көзқарасы" туралы әңгімесін бастады.

— Ұлардай шулатып осы әнсәмбіл дегенді қайдан тапқан. "Мөлдір су бар, ей", — деп қақсайды да тұрады қашан болса, мөлдір су бар ма? Алматының базарындағыдай. Қажеті қанша соның, кейде ана бір симфония дегені бар, бал араның ұясындағыдай, басы жоқ, аяғы жоқ, ызыңдайды да тұрады. Әбеннің сөздеріне еріксіз мырс етіп жібердім. Тауып айтып отырмын десе керек, ол сөзін жалғастыра берді.

— Сол қаланда жаманды-жақсылы төрт жыл өмір өткіздім ғой. Анда-санда, онда да жігіттер болмай, екі-үш жетіде бір киноға барғаным болмаса, анау театрыңа қызыққан пенде емеспін. Бір күні әлгі осындағы әкемнің інісінің Консерваторияда оқитын қызы "Аққу көлі, Аққу көлі" деп шақырып болмаған соң, еріп барып масқарам шыққаны бар. Өңшең бір жалаңаш әйелдер сахнада тыраң-тыраң жүгіріп, бұттарын соза ма-ау, бұралып майыса ма-ай! Шыққаннан соң қарындасыма: "Аққу көліңе рақмет, жаным!" — дедім-ау, содан қайтып операңа басқан емеспін. Білмеймін, халықтың содан қандай тәлім-тәрбие алатынын.

Бұл тұста мен Әбенге бір нәрсе айтқым-ақ келіп еді, бірақ ежелден келе жатқан қонақ кәдесінің салтын сақтадым. Бәрібір ол менің айтқанымды сол сәтте түсіне қояр ма еді....

Тамақтанып болғаннан соң, жатар алдында, жазу үстеліндегі радиоқабылдағыштың үсінде жатқан сыртында "Совет Одағы Коммунистік партиясының уставы" — деген жазуы бар кішкене қызыл кітапшаны көріп, жазда ауылдан барған, Әбенмен бірге істейтін бір жолдастан: "Әбен партия қатарына өтем деген еді, саяси даярлығың нашар деп аудандық комитеттің бюросы қайтарып жіберіпті. Екінші рет даярланып жүр", — дегені есіме түсіп:

— Сені партия қатарына өткелі жүр деп естіп едім, Әбен, өттің бе? — дедім.

— Екі рет іс қып тырысып бағып едім, нәтиже шықпады ғой соныңнан. Оған да сүйеніш керек екен. Бірінде

Даярлығың нашар екен деп еді, екіншісінде уставын басынан аяғына дейін жаттап барсам да, жолым болмады. Райкомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі мақтаншақ бірдеме екен, жаудыртты кеп сұрақты, жаудыртты кеп, құдайдың бір жоқ ілесін сұрайды, "партиямыздың гимні — интернационалдың сөзінің авторы кім?" дей ме-ау, "Коммунистер туралы қанша, қандай романдар оқыдың?" дей ме-ау, қойшы, әйтеуір, сүріндірді ғой, несін сұрайсың...

Партияның аудандық комитетіне іштей риза болдым, бірақ Әбенге:

— Сен оқытушысың әрі жоғарғы білімің бар, ұяттау болған екен, — деп салдым.

Ертеңгі сағат жетіде, Әбеннің дауысынан оянып кеттім. Ауызғы бөлмеде інісін қыжырып, дабырлап жүр:

— Әмір! Ей, Әмір! Мына неме өліп қалған ба... Тұр, ей! Тұр! Атты суғар! Ана сиырдың астын тазала! Тұр! Тұрыңдар бәрің де!

Оның әмірімен отбасындағы сол күнгі үйреншікті тіршілік басталды: Нұрғайша лыпың қағып ертеңгі шайды әзірлеп жүр, қарындасы төсек-орынды жинап, еденді сыпыруда, інісі тоқжарау бурыл атты қорадан суғаруға алып шықты. Әбен өзі есік алдында шолақ қара тонын желбегей жамылып, атының жемін тазалап отыр.

Мінеки, жеті жыл үзілістен кейін кездескен Әбен амандас.

Ауқатты отбасын құрып, соның айбынды әкімі бола білген, ал ақыл-парасат, ой-сезім ше? Өзгермепті.

## ӘЖЕ

Бір күні студент кезімде, Алматыда, Максим Горький көшесіндегі универмагтан плащ алғалы барып, күтпеген жерден ауылдың екі адамына кездесіп қалдым. Сәлемдесіп болғаннан соң сөзуар, пысықтау біреуі:

— Е, шырағым, өлмейтін өмір, сынбайтын темір жоқ, Әжеңді аттандырдың бұл өмірден. Жасын өзіңе берсін, — дегенде, қойныма жылан кіріп кеткендей денем суып сала берді.

Не дерімді білмей сәл кідірдім де, теріс айналып шыға жөнелдім. Аяқ астынан естіген оқыс суық хабарға панарымды, панбасымды білмей жатақханаға жетсем, жолдастарым да әдеттегідей емес, тіпті төреше қарсы алып

жатыр. Мәселенің растығына көзім жетті. Ішім езіліп барады. Сылқ етіп төсегіме құладым да, жастықты қаба тістеп егіле бердім, егіле бердім.

Кім еді, қандай жан еді менің сүйкімді ғазиз әжем?

Соғыс жүріп жатты. Мол киіп, мол ішетін заман жоқ. Жабағы жүнін тастаған арық-тұрақтай халық жаңа ғана көтеріліп келе жатқанда, соғыс барлығын да жайпады. Оның үстіне со бір жылдары қуаңшылық болып, астық шықпай қалды.

Шуақ көктем. Күн маздап тұр. Ескек желмен ойнаған ерке сағым ен даланы қуалай бұраң қағып, көз ұшында ғайып болады.

Қары кетіп, дымқылын бойына сіңіріп алған аңыз бусанып жатыр. Өткен күзгі орақтан үзіліп түскен арпаның масақ дәні бөртіп, сәл сарғыштау тартқан. Аңызақ Қыстың сызы әлі де арыла қоймаған кез.

Түс ауып барады. Әжем қаншама үгіттегенімен, аңсарым ауылға ауып, кеткім келіп қыңқылдай беремін.

— Жазған-ай, тым құрыса, бір дорбаны да толтыра алмадың-ау. Өзіңдей анау Айшаның балаларын қарашы, шешесін ертпей-ақ өздері келіп теріп кетіп жүр. Толтыр дорбаңды, күн әлі ерте ғой!

Біразырақ мойынсұнып жүремін де, қайта қыңқылдаймын. Әжем маған назарын аудармай, бір тізерлеп отырып алып тере береді, тере береді. Қолындағы дорбасын толтырып болып, анадайда тұрған өмірінде бүйірі шықпайтын ала қапқа салады да, қайта тереді.

Ах, осы ала қап пен әжемді-ай! Бірі — тұрып масақты қанша әкелсең де қылғып жұта береді, ал біреуі — дамыл таппай иесіз аңызда дүниенің бәрін есінен шығарып, ерінбей дән тереді. Сол сәтте ала қапты да, әжемді де көргісіз боп барып, әжем нығыздап қойған қапты бүйірінен теуіп-теуіп қалсам, ішіндегі қысылып жатқан масақ қопсып, көрер көзге лезде толып кеткен сияқтанады.

Әжемнің әзір жүре қоймайтынына көзім жетіп, мысым құрып жарыла жаздаймын. Сусын құйып апарған топатай шелектегі іркітті қуыс қураймен сыздықтатып сорып ішіп тауысам да, қайтадан бүркеп, түк көрмеген пендеше аңызға шалқамнан түсіп жата кетем.

Әжем келеді. Дорбасындағы масағын салып басып-басып қойса, ала қап қайтадан төмен түсіп, әлі де үш-төрт дорбалық орын босатады. Оң қолының ту сыртымен белін сүйеп әжем

үһ деп отыра кетеді. Бүркеулі тұрған сусынды алып қарайды ы:

Балам-ай, діңкем құрып келгенде, бір жұтым қойсаң игі?! — деп, шақшасын алып насыбайын атады да, үнсіз ұнық отырады...

Ой, балалық! Әй, иттік!..

Түн. Қаңылтырдан майыстырып қуыстап жасай салған шамның жарығымен қазақтың эпостық жырларын оқып отырсам, әжем қасыма келіп:

- Дауыстап оқышы, мен де тыңдайын! — дейтін еді.— Қысылып тоқталып қалғанымда: — О несі екен осының, жасықсың-ау деймін. Қане, оқи ғой енді, оқышы дауыстап, тыңдайын, — дейтін маған жалтаруға мүмкіндік қалдырмай.

"Мұңлық-Зарлық" па, "Қыз Жібек-Төлеген" бе, "Қозы Көрпеш-Баян" ба, әйтеуір, қайсысы болмасын бастағанымызды аяқтамай ұйқтамайтынбыз. Қайратты, салқын қанды деген әжем жырдың жауыздық пен әділеттілік алысып, жауыздық басым түскен қайғылы жеріне келгенде, өзін өзі ұстай алмай булығып, үнсіз кимешегінің алқымымен ары қарай батып кеткен кәрі көзінің бір-бір тамшы сараң жастарын алып отыратын. Мұны көрген менің де жүйкем босап, аузымның қиюы қашып, иентегін көз жасым мұрнымның сорасына қосылып берекем қашатын. Сонда әжем:

- Әй, сен бе, сен, — дейтін кейіп, жасық боласың-ау, есті! Басқаны аяп езілген жүрек өзін өзі аяй алмайды, балам, еркексің ғой, сәл де болса суықтау бол! — деп, орнынан шұғыл тұрып кететін. Мен де қатайғансып кітабымды тарс жабатынмын.

Соғыстың салып кеткен ылаңынан жұрт арыла қоймаған 1946-жыл. Сол жылы оныншы класты аяқтап, өз колхозыма жұмысқа орналаспақшы болып әжеммен, шешеммен ақылдасып едім, шешем кейістік білдірді:

— Осы сен тең құрбысынан кем болмаса екен деп шеккен мехнатым, күткен үмітім осымен тынса, не дейін, мейлің. Бірақ кейін өзің өкініп жүрмесең болды. Әне, анау жолдастарыңның қай жері артық сенен? Бәрі де оқуға кеткелі жатыр. Әлі-ақ адам боп кетейін деп тұр олар. Ал сен болсаң, он жыл оқып, енді талқан мен сүтті қимай, қойшы болайын деген ниетің бар көрінеді. Жақсы, сен қойшы, мен күзетшің болайын. Дұшпандар етегін түріп күлсін екеумізге.

Ұршығын мықынына таянып, манадан бері үнсіз отырған әжем келінінің кейістігін орынсыз көріп, жұлып алғандай:

— Қой, сен де қайдағыны айтады екенсің! — деді қабағын шытып. — Ақылға салмай, құры далбақтап басқалармен қосыла шапқаны да қуаныш па саған? Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Оқуға ұмтылғанның бәрін ақылды дегенді кім айтып жүр? Жоқ, ақылын оқумен толтырамын деп жүргендер де толып жатыр. Өмірді көру, маңдай теріңмен тамағыңды асырау — ол да оқу. Еркек боп өзі солай ойлаған екен, оған біз екеуміз неге қарсы боламыз? Әуелі жұмыс істеп көрсін, сонан соң оқысын. Еркекті бетінен қақпа!

Әжемнің сол араша түсуімен әуелі бірер жыл жұмыс істеп, сонан соң оқуға түсіп ем. Оқуымды бітірген соң, әжемді үлде мен бүлдеге бөлеп киіндіріп, аузынан ақ май ағызып асырау арманым еді. Сонда, бәлкім, әжемнің маған деген мейірімін, істеген жақсылықтарын сәл де болса өтейтіндей көруші ем. Бәрі бекер, бәрі балалық далбаса екен. Әкем соғыстан қайтпай қалса да, жетіммін деп ойламайтынмын. Өзімнің жетім екенімді енді сездім. Әжесіз қалғанымды сездім.

*(Әңгіменің аяқталғаны, аяқталмағаны белгісіз).*

# Повести

Екеуінің де етене ең жақыны, ең құрметтісі Манас туралы ауылға таралған қауесетті ене мен келін бірінен бірі жасырды. "Манас үйленіп алыпты, баласы бар дейді", деген дақпырт ел аузында жүргелі қашан. Аз ғана ауылдың санаулы адамдардың үлкен-кішісі ағайынның басына іс түскенде, аяқ астынан ақылшы боп жаны аши қалатыны ежелден белгілі жәйт. Барын бөліп бермегендерімен, көз қырын салып басу айтуға келгенде, бірінен бірі артылып түседі. Ал енді ешкім өлмеген-өшпеген мынадай жағдайда ауыл адамдары ене мен келінге не дерін білмей, тек іштей ғана түйініп, тек көңіл үшін аяй қарайтын. Ақыры немен тынар екен дегендей, бүкіл ауыл сырын ішіне бүгіп, аңдысын аңдып, сұлқ қалған. Не керек, абысын-ажын, ағайын-туған сыбырласа жүретін бір ермек әлдеқашан табылған бұл ауылға. "Манас үйленіп алыпты, баласы бар дейді әуелі".

Әрбір адамның бір-бір күндесі бар. Түйеңнің жүгі ауған кезде құдайым солардың табасынан сақтасын. Көрсе де, көрмесе де көзіңе шұқып, даттап жүрсе масқара ғой. Ененің де, келіннің де қорқатыны осы. Бірақ, амалдары не, жұрт назарынан қаншама аулақ жүргенімен, мерген күндестері сақтанған жақтарынан атып екеуін де жарақаттап үлгерген; алдымен Зияштың өзін, одан соң, міне, бүгін енесі Жамашты жайратты.

Әдетте асын әзірлеп, келіні Зияштың жолын тосып отыратын Жамаш әжейдің бүгін кішкентай немересі Мәлікті алып, пеш түбінде бүк түсіп жатқаны да сондықтан.

Мәселенің анық-қанығына жете алмай ділгіріп жүрген Жамаш әжей мана әзірде зәушайтан тандыр басында жүрген абысындарының қасына барған-ды. Сонау келіншек кезінен бірге өсіп, бір жүрген Жүзімай да сонда екен, Жамаш әжейдің "ата жауы" санайтыны осы кісі. Баяғыда "Жамаш ұл тапқан жоқ, жын тапты" деп шалуыттаған да осы. Не сайтанының барын, Жамашты көргенде Жүзімай, әйтеуір,

бір көрседен ілә тауып, дереу жанжалға шақыратын. Табиғатында момын жаралған Жамаш әжейдің тілін шығарып, ашындырған да осы Жүзімай еді. Сол Жүзімай Жамай әжей тандыр басына жақындағаннан-ақ салған жерден әжейдің арқасындағы Мәлікке тиісті:

Ит не жесе соны құсады демекші, әкесіне айнымай тартуын қарашы, — деп бір қойған.

Жамаш әжей ішінен "тіліңе шоқ" деген де, үндемеген. Қайтсем ебін табам, қайтсем желкесіне мініп, жұрт алдында Жамаштың аузын аштырмай мерт етем деп жүрген Жүзімай осындай оңтайлы кезеңді көптен-ақ күтіп баққан. Қызық... Іші бөтен, бауырында қазаны бөтен Жүзімай Жамашқа осынша нағып өшікті екен?! Екеуінің де ерлері жанында, ел аман, жұрт тыныш сонау келіншек кезінде де Жамашты көрсе Жүзімайдың талағы тарс кететін еді. Енді, міне, екеуі де әже болды, жесір-жетім күн өткерді бастарынан, сонда да болса Жүзекең баяғы бір орақ тілділігін тыймайды әлі. Қызық!..

Жүзімайдың бір пәлеге бастағалы тұрғанын Жамаш әжей білмеді емес, білді. Білді де, "несіне итпен ит болам" деген оймен тандыр төңірегіндегі абысындарымен әңгімелесіп, жайымен отыра берді.

Жүзімай тандырдан шыққан нанның топырағын жонып отыр. Баққаны — Жамаштың аузы, қит етсе, бас салайын деген ойда. Жоқ, Жамаш әжей тұрғысынан ешнәрсе шығар емес. Төзімі біткен Жүзімай Жамаштың арқасына жабысып, қыңқылдап тұрған кішкене Мәлікке тағы тиісті:

— Ырбима, ей әрі! Тоғыз боп кетсең де... Баланы өстіп те өсіреді екен, арқадан түсірмей, — деп тағы қойды.

—Әкем-ау, Жүзімай-ау, сенің нең кетті? — деп, Жамаш әжей Мәлікті алдына алды. — Күнім менің! Мен мұның бір еркелігін көтермесем, несіне тірі жүрем, бұдан басқа менің кімім бар?

— Жатырыңды жарып шыққан өз ұлың жақсылық көрсетіп, енді осы қалып еді, — деп, Жүзімай бір шаншып алды.

— Осы сенің менде не ақың бар, Жүзімай? Енді қартайған шағымызда екеуміздің шыпылдасып жатқанымыз ұят болады, қой енді, шалуыттай берме. Құдайға шүкір. Ұлымнан еш жамандық көргенім жоқ әлі, — деді Жамаш.

— Ондай ұл туғаннан осылай қубас өткенімнің өзі артық... Шешесін күң етіп, біреудің қолына қаратып, қашып кеткен

немеңді де ұлым деп жүрсің бе?! — деп, етек-жеңін сілкіп Жүзімай орнынан тұрды.

— Тіліңді тартыңқырап сөйле, Жүзімай! Күңі несі? Қашып кеткені несі? — деп Жамаш аңырып қалды.

— Иә, зәндемі! Білмей-ақ қалғаның! Тоқанның қызы болмаса, өлетін бе едің? Келін мен балаңа неге кетпейсің?

— Мынаны бірдеме соққан болар, жұртым! Келінің не, ей?

— Балаңның ақылы өспей, асты өскенін енді біліп жүрсің бе? Балаң қалада екінші қатын алыпты, тағы да бір немерең күтіп отыр, ал ендеше! Естиін дегенің осы ма еді, — дегенде, Жамаш әжейдің төбесінен жай түскендей болған. Мәлігін арқасына салған да, үйіне келіп пеш түбіне жата кеткен. Содан әлі жатыр.

Жамаш бір жайсыз күбір-сыбырды бұрыннан-ақ естіп жүрген, бірақ келіні Зияш ешқандай сыр бермеген соң, оншама елең қылмай "өсек шығар" деген де қойған. Жүзімайдың әлгі сөзінен кейін не істерін білмей, біржола бүгіліп қалды.

Зияш үйге кіріп-шығып шай әзірлеп жүр. Жамаш әжей оның бәрін де сезіп жатыр, бірақ бас көтермейді. Жүзімайдың манағы айтқанынан кейін өз келініне өзі қараудан ұялады. Бәріне кінәлі өзі сияқты. Зияш дастарқан жайып, шайға шақырып еді, тұрмады.

Кешкі астың үстінде де ене мен келін баяғыдай ақжарқын әңгімелесе алмады. Мәлік ұйықтап қалған. Екеуден-екеу шошайып отырды да қойды. Әр нәрсені бір әңгімелеп көріп еді, ешқандай қисыны келмей, сөз өрісін табар болмады. Болмашы тамақтанып, әжей төсегін салды да, кішкентайын бауырына алып, өз бөлмесіне барып, ерте жатып қалды.

Түн. Күздің қара қошқыл қою түні. Жауынның алғашқы тамшылары терезені бір-екі шертіп баяулап тұрды да, сәлден соң бар екпінімен сіркіреп ала жөнелді. Жел тұрды. Желмен желіккен нөсер терезені сабалап жатыр.

Зияш оқушылардың дәптерін тексеріп отыр. Оны тындырып, ертеңгі сабағының жоспарын жазды да, қағаздарын ықтияттап қойып, орнынан тұрды. Шамды сөндіріп, төсегіне енді.

Ол дөңбекшіп ұйықтай алмады. Адам күндізгі тіршіліктің елесін төсекке бірге ала кіретіні несі екен?! Оның көз алдынан бүгінгінің ғана емес, бұрынғы өз өмірінің әмбесі жылжып өтіп жатыр. Нені ойламасын, қаншама ұсақ-түйекке көңіл аудармасын, бәрібір, барлығы да сол Манастың

өңірегіне келіп топтала береді. Манас қылығына сенгісі де келмейді. Сенбеуге де болмайды. Сенейін десе, бірге өткізген жылдарының ішінде, аңдап тұрса, Манас мінезінде бірде-бір көзге ұрған оғаштық жоқ екен. Біреулердей желігі, қыртың-сыртыңы, сұйық жүрісі жоқ. Тым құрыса бір рет те ренжіспепті екеуі. Сенбейін десе, бірінен соң бірі борап жататын хаттар неге сирексіп кетті? Сирексігені былай тұрсын, тіпті соңғы айлары атымен жоғалды емес пе. Жұрт қайдан біліп алған? Бірі емес, ауылдың бәрі неге соншама аянышпен мүсіркей қарайды?! Әне бір күні бірге туған ағасының айтқаны анау. "Бәрімізді жерге қаратып кеткен иттің отбасын неге бағасың?! Бер шешесі мен баласын өз қолына! Үйге кел", — деп еді ол. Ұят-ай, тіпті оқушылар да бірдеме сезетін сияқты. Анау әлгі Мұрат, Құрман сияқты бейбастақ балалардың өздері де класқа барғанымда демдерін ішіне алып, жым бола қалады. Қыздар... Айналайын қыздар! Бәрі қабағыма қарап, айналып-үйіріліп-ақ жүргендері. Жо, жоқ, бұл байырғы ізеттілікке, ұстаз бен оқушының арасындағы сыйластыққа ұқсамайды. Оқушылардың көңілінде басқа бір нәрсе — аяушылық, мүсіркеушілік бар сияқты. Оқытушыларды қойшы, олар боса да жабыла қамқор екені ақиқат қой. Әншейінде бұйрығы мен сөгісі даяр тұратын Өміржан деректір де: "Зияш, хал қалай? Кішкентай тұмау-сырқаудан сау ма?", — деп сұрастырып-ақ жүргені.

"Шынымен дәрменсіз, шынымен мүгедек болғаным ба?!"

Ол орнынан тұрып, Манасқа ұзақ-ұзақ хат жазғысы келді, бірақ жүрегі сабыр-сабыр дегендей болды да, аунап түсіп, терезеге қарап жатты.

Жаңбыр әлі тыйылмаған. Дала түнек. Үй бұрышындағы тауық күркеде әтеш қанатын желпіп-желпіп жіберіп, азан шақырды.

Күн жексенбі. Бейуақ. Кешегі жауған алғашқы көбік қар күні бойы сабынша көпіріп, жердің миы шығып кеткен де, түс ауа қатайып, тоңазып қалған. Далада су тоңдырар аяз. Үй іші жылы. Жамаш әжей ауызғы бөлмеде Мәлікпен сөйлесіп жүр. Зияш терезе алдында Манастың сурет салған екі альбомдарын парақтап отыр. Қарындашпен нақышталған эскиз, этюдтерді көріп, оқта-текте күлімсіреп қояды да, кенет сәл шытынса, жаңағы жалт еткен қуаныш қос қабағының арасындағы жалғыз сызыққа сүңгіп ғайып болады.

Апыр-ау, мұншама мол дүниені қайда жүріп, қалай салдырды екен?! Өзінің өскен өлкесінің ойы мен қыры, қысы мен жазы, күзі мен көктемі, тіпті әрбір түп бұтасы

мен бұрышы да ап-айқын, қаз-қалпында Манастың сиқырлы қарындашына ілігіпті. Бәрі көзге таныс, көңілге ыстық.

"Ымыртта". Күн әлгінде батқан. Батыстағы "Көмірші" тауының қамқоршыл көлеңкесі ғана көрінеді. Ат тағасының жарты сынығына ұсаған жаңа туған ай аспанда ілініп тұр. Әлденеден шошыған үш-төрт шүрегей үйрек ауыл іргесіндегі жылғадан енді көтеріліп ұшып барады. Құрығын қарына іліп, күпісін әлі тастамаған жылқышы көлікке мініп, көз көрім жердегі алакөлеңкеге сүңгіп кетіпті. Шамасы, түнгі күзетке аттанған болу керек. Желсіз тымық ауада болар-болмас күреңітіп тұр. Көктемге ұқсайды. Ауыл төңірегіндегі орман да, көше бойындағы ағаштар да әзірге әлі сыйдаң, жапырақсыз, жаңа ғана бүршіктене бастаған. Иә, иә, көктемге ұқсайды...

Ал енді мынау не болды екен?! Бұл қай жер?! Екі қапталы бірдей құзар-құзар жартастар. Терең сай. Әр-әр жердегі жыралардың теріскей жағына көлеңке түсіп тұр, жиныс өскен шырша көлеңкесі. Сай, келіп қараса, бөрік түсерлік құлама құз кереге тасқа тіреліпті. Тау өзені сол тастың иығынан асылып, бар екпінімен төмен қарай ақтарылып жатыр — сарқырама. Тасқа соғылған тау өзенінің тұнық суы айналасына дым бүркіп тұрғандай. Не деген дәлдік, не деген шеберлік! Бояу, нақышсыз қарапайым қағазға қарапайым қарындашпен түсірілген әрбір сызықта бір-бір өмір, бір-бір құдірет. Иә, иә, баяғы сарқырама. Ал мына терең сай "Шолақ" деп аталады.

Ана бір жылы, жазда, Зияш пен Манас "Шолақтың" басындағы жайлауға кеп демалған. Мына суретті Манас сонда салған.

Бірақ ол бұл ісіне қанағаттанбаған. "Эскиздің аты эскиз ғой, Зияш. Мына табиғаттың мұншама құдіретін тек қана қарындашпен жеткізуге болмайды. Бұған үлкен полотно керек. Сонау бетті көрдің бе? Міне, мына құдірет сондай полотноға ғана сыюы мүмкін. Бар бояудың түсін сонда ғана мейлінше пайдаланасың", — деп, сайдың оң жағындағы балауса жамылған жазық бетті нұсқап еді. Дүние-ай, сол сәттер қандай тәтті, қандай қуанышты еді!..

Екеуі сарқыраманың басына кеп ұзақ отыратын. Күн нұрына шағылысқан көз жасындай мөлдір суда жалт-жұлт шұғыла пайда болатын да, ілезде адастырып, басқа тұстан қайта елес беретін. Нұр мен судан жаралған әр түсті бояуларды бағып отырған Манас: "Әне, қара!", — дегенше жаңағы алтын сәулелер лып ғайып болып кеткенде, ол

...ылын жоғалтқандай мұңайып қалатын. Өзі түйініп, өзі сезінген дүниені Зияштың да аңғарғанын қалайтын еді ол.

Зияш ол кезде Мәлікке жерік. Таудың рауғашына жерік болды. Манас шалғыны белуарадан келген балауса бетке барып, солқылдақ рауғаштың бір құшағын әкеліп Зияштың алдына қояды. Жапырақты жамсатқан түйеге ұсап Зияштың күргілдетіп-ақ отырғаны. Ерні көгергенше жеп-жеп, сілекейі шұбырып, шалғынға ұйқтап кететін. Манас жұмысымен ...ылысатын...

Зияш ойында сағыныш. Айтса таусылмайтын, атса жығылмайтын сарыуайым. Шегі жоқ, шеті жоқ, қанағаты жоқ, қомағай құмарлық. О, қандай қасиетті құмарлық! Манас — Зияш үшін өмір.

Терезе алдында Зияш ұзақ отырып қалыпты. Көз байланып барады. Ол оныншы шамды жақты да, Манас альбомын қайта парақтады.

Мына бір сурет "Махаббат" деп аталыпты. Әр түсті бояу қарындаштармен салынған. Шамасы, күз-ау. Бір қиырдан бір қиырға кеткен күрең сары дала. Айналаны көмкерген ақ қар таулардың ұшар басының әр-әр жерінде боп-боз қар тұр. Аулақта орман қарауытады. Иесіз дала. Айналасында ағаш емес, бұта да жоқ, сол иесіз алқапта егіз екі терек өсіп тұр, жапырақтары сарғыш, бірақ әлі түспеген.

Аптап. Желсіз, тынық күні салған болуы керек, жапырақтар қимылсыз, салбырап тұр. Әлдеқайда алыста, қаланың шаңын завод мұржасынан әлеметтене будақтаған түтіндей тік көтеріп құйын келеді. Тау жотасынан түңіліктей қара бұлт көрінді. Сірә, көп кешікпей дауыл тұрып, әлгі тыныштықты бұзады. Сонда орманнан үркіп кеп жалаң өңірге орналасқан мына егіз теректің тағдыры қалай болатыны әлі белгісіз. Онсыз да әзер тұрған мына сарғыш жапырақтарын тонап алып, екеуін де жалаңаштап кетуі мүмкін-ау...

Елсізде өскен теректі Зияш махаббат символы деп түсінді, ол анау құйын, мынау күз, түңіліктей қара бұлтқа оншама мән бермейді. Тек біраз ойланыстан кейін ғана: "Неге күз?! Жапырақтар неге сарғыш?!" — деп сәл тосырқап қалды. Суретте берілген Манастың қорқыныш фантазиясын ұғына алмады Зияш. Бұл суретті Манас оқуға кетер жылы салыпты. Суретке Зияш қайта үңілді. Сары бояу басым екен. "Әрбір бояу, Зияш, адам өмірінің сыры мен күйі. Қат-қабат сезімнің көрнекі құралы. Мысалы, мен өзім қызыл бояу — күрес, жасыл — жастық, қара бояу — қайғы, сары бояу — сағыныш

деп ұғынам. Және осылай қолданам да", — деп еді бірде Манас.

"Махаббат" деп аталған суреттің сиқырына енді-енді түсінген Зияштың ойында бір әлемет басталып кетті. Әлгінде түңіліктей қара бұлт тұтасып, аспанды айқара жауып, алыстағы құйын дауылға айналып, жапанда өскен қос теректі түтіп бара жатқандай болды. Әзер тұрған сарғыш жапырақтар тым-тырақай желге ұшып, егіз терек ілездe бұтақтары сидиып, сидаң қалғандай көрінді.

Альбомды әрі қарай парақтауға Зияштың шамасы келмеді. Жұдырықтай боп кеудесіне түйілген бірдеме өзегін буып келді де, алқымына тығылып, буып жіберді. Мәлікті қасына қойып кеткен Жамашты аңғармады. Орамалын алып, көзін сүртіп еді, кірпіктеріне кептеліп тұрған жас жұмсақ матаға жармаса кетті. Кішкентай саусақтарымен көйлегін тартқылап, қыңқылдап тұрған Мәлікті көтеріп алғанда, ол уілдеп, Зияштың бет-аузын сипап, қуанып жатыр.

— Бұл жұрт не деп жүр, балам? Осылай бітеу жара боп жүреміз бе?

Жамаш әжей сырттан сөйлей кірді. Зияш үндемеді.

— Дос, дұшпанға таба ғып... — деп, әжей өз мұңын шағып, көзін біраз сулап алды да: — Барып, анық-қанығына жетіп кайтсақ қайтеді, балам? Осылай жүреміз бе? Алда-жалды рас болса, амал не, жөнімізді табайық.., — деп, қайта босап кетті.

* * *

Ауыл тау сілеміне орналасып, теңіз деңгейінен әлдеқайда биікте тұрғандығынан болар, осы өлкеге қыс ерте түсетін де, жаз кешігіп келетін. Октябрьдің орта шендерінде-ақ жаңбыр, арты қиыршық қарға айналып, күннің құлқы бұзылып, қыстан хабар беріп қоятұғын.

Дабырлаған бақташы даусы Зияштың ертеңгі тәтті ұйқысын бұзып жіберді. Төсегінен жеңіл тұрып, жылы халатын жүре киініп, башмағын іле сала терезенің пердесін ашып еді, әйнекке аяз тұрып қалыпты. Аузын әйнекке тақап, ып-ыстық лебімен көздей жерді жібітті де, тысқа қараса, құлақшынын түсіре киіп, алқымынан байлап алған бақташы кәрия ат үстінде тұр екен. Ұзын сырғайға байланған ұзын сап қамшысын тақымына қысып алыпты. Үсті-басы, сақал-мұрты, астындағы аты да ақ қырау; екеуінің танауынан да бу атып тұр. Көз көрім жердің бәрі аппақ. Сенсең ішекке оранған бақташы кәрия

қысты бір түннің ішінде алып келген Аяз Атадай боп көрінді Зияшқа. Жамаш әжей сиырын қорадан жетектеп шықты да, бақташының алдына салып берді; ол "өк, чо!" деді де, ауладан шығып бара жатты.

Күн демалыс. Ертең мейрам, жетінші ноябрь. Ауызғы бөлмеде шаруасымен айналысып жүрген енесінің қимылын баққан келін осынша ұзақ ұйқтап қалғанына кейін отырып киініп жатыр.

Ене мен келін көңілдері тұнық, көкіректері сарай кездерінде үй шаруасында жүріп бір-бірінің артық қимылдағанын аңғартып та қоймайтын. Екеуінің арасында тым адал, тым жақын туыстық бар еді, риясыз туыстық еді ол. Әйел қауымының меншігіне тиген тірші́ліктерін ешқашан бөліспей-ақ, кез келгені атқарып жүре беретін. Тіпті біріне-бірі жаны ашып, жақсаттана әсіреленбейтін. Ол бір қандарына біткен табиғи татулықтың өнегесіндей болатын. Ал бұл күнде міне: "Апырай, мына аязда тоңады-ау, ене шелек алып суға кетті, ренжір ме екен... Санасыз ұйқыға неге сонша берілдім, ренжір ме екен..." — деп келіні отырса: "Аллам, ақырын жақсылыққа соқтыра гөр. Көнейін көрсеткеніңнің бәріне... Ұйқтасыншы, демалысы ғой, шаршаған ғой, күнім. Тірідей байынан айрылған бейбақ қой, көнейін. Я, алла, ала көз әлеметіңнен сақтай гөр, ренжітпейін бишараны, оның қабағы шытыла көрмесін", — деп енесі барады.

Бәрібір, ене мен келін бірінің қабағын бірі бағып, біріне бірі жәйіліп жастық, иіліп төсек болғанымен, олардың арасындағы байырғы табиғи туыстық, риясыз жақындық күннен-күнге алшақтап барады, алшақтап барады. Екеуі қазір ұзақ сапарға бірге аттанған екі жолаушыдай, жол айырығы кездескенде екеуі де жәй-жәймен екі жаққа кететін тәрізді болады да тұрады.

Екеуінің де ет жүректері сезеді мұны. Сондықтан да бір-біріне сая болғысы келеді, тұңғиықтан төніп келе жатқан қауіпті бірінен бірі жасырады. От басын, ошақ қасын қалайда аман сақтағылары келеді.

Зияш жылылау киініп сыртқа шықса, дала аппақ екен. Дүниенің бәрі кіршіксіз тап-таза, боп-боз. Аспан бүгінгідей көк болмас. Күн құрық бойы көтеріліпті. Желсіз, шыңылтыр аяз. Шатырын қар жапқан аласа үйлердің мұржаларынан ширатыла шыққан түтін сәл жоғары көтеріле бере шалқып кетіп жатыр. Сиырлар ауыл іргесіндегі қырқамен өріске қарай жалқау маңып барады,

оқта-текте ауылға қарап созылта мөңірейді. Иін ағашты екі иығына тең көтерген енесі келеді суаттан. Әлдеқайды біреу аязда шеге боп қалған мұз ағашты балтамен соққылап, әуре үстінде. Шабан күреңіне газет-журналға толы ала қоржынын артқан пошташыны көріп, Зияш есік алдында сәл аялдап еді, ол қайырылмай келесі ауылға бұрылып кетті. Үміті тағы сөніп, көңілі тағы құлазып қалды Зияштың.

Есік алдында екі күнге жетер-жетпес отын қалыпты. Қыс болса мынау, жаңа басталды, қарып өлтіріп барады.

— Суықта неғып тұрсың, Зияшжан?

Жамаш әжей су әкелді. Бүркей басын ораған жаулығының екі жағына боп-боз шық тұрып қалыпты.

— Мына күн қырар, әже, мен-ақ әкелер едім ғой, - деп, Зияш енесінің иығындағы екі шелекті лып ұстап, үйге алып кірді. Енесі екі қолын темір пешке қарсылап жылыта бастады. Зияш жуынып-шәйініп ертеңгі шайды әзірледі де, екеуден-екеу ене мен келін дастарқанға отырды.

Ешбір әңгіменің ұшығын жалғай алмай, екеуі де бірінен бірі жасырып, Мәлік жатқан төсекке қарап қояды. Мәлік оянды. Ол басын көтеріп кішкентай жұдырығымен көзін уқалай береді де, терезеге қарамақ болады, бірақ жылы үйде мұзы еріген ашық терезеден ақ қармен шағылысқан күн сәулесі оның ұялшақ жанарын қаратпай жасқандырып жібереді.

Мәліктің оянғанын бірінші аңғарған Зияш лып тұрып, орнынан алмақ болып еді, ол Зияшқа келе қоймай, қарсылық білдіріп, отырған әжесіне қарай талпына берді.

— Келмесең, қойдым, — деп Зияш қайта отырды. Жамаш әжей Мәлікті төсегінен көтеріп алды. Ол арсаландап, әжесіне шолжаңдай бастады.

— Балаға суық қарама, Зияшжан, — деп, әжей дастарқанға келді.

Әдетте мың қайтара айтылып жүрген енесінің бұл сөзі де Зияшқа дәл қазір мірдің оғындай қадалды. Осы сөздің арғы жағында "бала кінәлі емес, баладан мейіріміңді үзбе!" деген бір қатал ескерту бардай көрінді оған. Солай деп сезінді де: "Әже, әже... мен сізге не айтам. Қалай деп түсіндірем сізге... Сіздегі аналық жүрек менде де бар. Әкесіз болар Мәлік, бірақ анасыз болмас", — деп іштей ғана түйініп, сап болды.

— Әже, ертең мейрам ғой. Отын қалмапты, тойдың

ырду-дырдуы екі-үш күн басыла қоймас. Мен әлгі шопырға, Әшірге барайын. Тауда, пилорамдағы қарағайларды жеткізіп берер ме екен кешке. Бүгіннен қалса, болмайтын сұры бар, — деп, Зияш киініп шығып кетті.

Әшір шопыр мұздап қалған мотормен әуре боп жүр. Біресе кабинаға кіріп, біресе сыртқа шығып, машинаның әр жерін бір шұқылай береді. Бірауық кемейінен көк жалын атқан оттық аспаппен жылытып бағады, машина от алмайды. Арқа-басы май-май. Онсыз да барбиған жұп-жуан саусақтарын суық қарып, одан бетер ісіндіріп жіберіпті; асықпай, аюша қорбаңдап, шабан қимылдайды. Құлақшынының алды артына теріс айналып кеткенін де байқамаған түрі бар. Кеңсірігіне май жұғып қалған. Ауа түп-тұнық, аяз шақырайып, өртеп барады.

Әшір манадан бері қасында тұрған Зияшты аңдаса да, көрмегендей болып өз жұмысымен жүр. Зияшқа назар аударып, жәйін да сұраған жоқ. Зияш машинаның от алуын күтуде. Әшір кабинаға қайта кіріп, стартерді басып көріп еді, мотор біраз уілдеп, ызылдап барды да, пар-пар етіп от алып кетті. Әшір машинаны барынша гүжілдетті де, соңынан баяулатып, кабинадан шықты. Машина төңірегінде жатқан мүкәмәліктерін жинап, орын-орнына қойып үлгерді. Сәтті кезеңді бағып тұрған Зияш оның қасына келді:

— Хал қалай, Әшір?

Әшір сол жылы шырай көрсетпеген қалпында "жақсы" дегеннен бөлек тіс жарып жауап қатпады.

Үйден үлкен адамның телогрейкасына оранған 5—6-лар шамасындағы қыз бала шығып, есік алдында:

— Папа, шәйіңді іш, мамам шақырады, — деді. Әшір оған қараған да жоқ, тек бара бер дегендей қолын сілтеді де қойды.

— Әшір, тауда, пилорамада, даярлатқан біраз қарағай бар еді, бүгін жеткізіп бересің бе? Бүгіндік-ақ отынымыз қалды. Ертең мейрам ғой...

Әшір төмен қараған бойда күңкілдеп, жөнді жауап бермеді. Үйден пальтосын желбегей жамылған Әшірдің әйелі Нұрыш шықты. Зияш онымен сәлемдескен болып еді, ол назарын да аудармай, байына дүрсе қоя берді:

— Неменеге сонша мөлиіп, үнжырғаң түсіп кеткен?! Жүр үйге, шай суып қалды... Шаруам бар, елге ұқсап ерігіп жүрген адам жоқ.

— Қолым тимейді, бастықтар қыстауға жем апар деп жатыр, — деп, Әшір тайып тұрды. Зияш жасып қалды, кілт бұрылып, жәйімен кете барды.

* * *

Күн батар шақ, Ауыл кешкі тіршілігіне кіріскен. Зияш ең соңғы шөркені жаңқалап болып, енді үйге тасып жүр. Енесі қорада сиыр сауып жатыр. Шелекке күрп-күрп сорғалаған сүттің дыбысы естіледі. Мәлік плита түбінде ойнап отыр. Қайықтай қайқыбас шанаға жалдас бурыл жеккен үш-төрт жігіт көшені қақ жарып, гуілдесіп, әндетіп барады, тым көңілді. Екі-үш салт атты таудан қарағай сүйретіп келеді.

Кешкі тіршілік. Ауылдың мұржалары түтінін түтініне қосып жатыр. Клуб жақтан радио саңқылдап тұр. Өзенде балалардың шуылы естіледі. Әлдекім баласын шақырып қарғап-сілеп жатыр. Көршілердің бірі қорасының төбесіне шөп жинауда.

Зияш жаңқаланған отынның бір тал шөпшегін де қалдырмай, сыпырып-сиырып тегіс үйге кіргізіп алды.

Түн болды. Енесі мен баласын жатқызды да, Зияш өз бөлмесіне кіріп, қолына бір журналды алған бойы плитаға арқасын беріп, көрпе үстіне отыра кетті. Оқуға зауқы шаппады. Өзін-өзі қаншама зорлағанмен, ойы мүлде басқа жаққа бұра береді.

Ертең мейрам. Жұрт тегіс көшеге шығып, кеңсе алдындағы алаңға жиналады. Ойын-күлкі, сауық-сайран басталады. Кешке қарай ерлі-зайыптылар қос-қостан бір-біріне қонақ болады. Айтса да, ертең кешке қарай ауылдың атқа мінерлері мен белсенділерін, мұғалімдерін атақты қойшы қонаққа шақырып отыр. Зияшты да шақырған. Баласы Зияштың класында оқиды. Қуаныш иесі — сол.

Көңіл-қосы түзік кезінде Зияш шақырған жерден қалмайтын. Екі айтқызбай баратын да, біраз отырып, жұрт желпінісіп, жігіттер от ала бастағанда, лып беріп сусып, тайып отыратын-ды. Манастың суық хабары естілгесін, Зияш онысын мүлде тыйған. Әйтеуір, сылтау тауып, сауықтан бойын аулақ ұстайтынды шығарған.

Ий, ертең мейрам. Оты шалқып, ордасы шайқалмаған отбасылар барынша даярланып-ақ жатыр. Ал бұл үйге ондай қуанышты кім беріпті. Еркексіз отбасы — есігінен де, тесігінен де жел үрлеген, саңлау-саңлау, ескі, иесіз үй деген осы екен-ау.

Оның санасы сан алуан саққа жүгірді, тұрақтай алмады

бір орнында. Біресе Манастың бұлыңғыр бейнесі жалт етсе, біресе манағы ертеңгі Әшірдің суық кейпі елес береді. Ал анау Нұрышқа не жоқ?! Дәл бір байын тартып алатындай гулданғаны несі?! Бәрінен де бүгінгі бауыры Әлімнің қылығын айтсаңшы.

Әшірден тауы шағылған Зияш мектеп деректіріне барғанды. Жәй-күйін айтып көріп еді, деректір: "Айналайын Зияш, мені қинап отырсың. Мейрам өтісімен өзім бастап мұғалімдерді ертіп, таудағы отынға барамыз. Әзір жоқ, көлгесін ал", — дегесін амалсыздан әкесінікіне келген. Әке мен шеше туған баласынан несін аясын, есік алдындағы жалғыз қарағайды арамен теңдей екіге бөліп, Зияш енді алып кеткелі жатқанда бауыры келіп: "Бір жақтағы опасыздың үй ішін мен бөдіретіме алғаным жоқ. Өзімнің де бала-шағам бар. Тиме отынға! Мен сенің қолыңды байлап, басыңды матап бергенім жоқ, өз обалың өзіңе. Шешесі мен баласын аттандыр да, кел үйге", — деп жолатпаған. Салы суға кетіп үйіне келген Зияш.

Осындай шытырман ойдың тұңғиығында қалған ол қос жанарынан қалай жас аққанын да білмей қалды. Жүрегі езіліп, ағыл-тегіл, үнсіз егіле берді, егіле берді. Нән кереге сағат "жыла, жыла" дейді дамылсыз. Орнынан тұрып, үстел қасына барып еді, әйнектеулі, әшекейлі жақтаудың арғы жағынан күлімсірей қалған Манастың суретін көрді. Бейкүнә, момақансып қалған жансыз бейне келекелеп тұрғандай көрінді оған. Зияштың қос жанарындағы көз жасы көк жапырақта мөлтілдеген жаңбыр тамшысындай шоршып кетті.

Ол жансыз бейнені қос қолдай ұстап, жұтына, лебін ішіне тартып сыбырлайды. Көз жасын тыя алмайды. "Не істеп едім саған, Манас? Не жазығым бар еді? Шын ба, Манас? Шыныңмен кеттің бе?..".

"Неге? Не үшін?" деген қиянат сұраққа ешкім де, тіпті Зияштың өзі де жауап бере алмады, миға шанышқан қазықтай қатерлі сұрақ тұрды да қойды.

Өзін зорсынып, өзгені қорсынатын немесе керісінше, өзін қорсытып, өзгені зорсынатын пиғыл Зияшта жоқтұғын. Бұл — өзінің де, өзгенің де дүниеһүй, пендешілік қылықтарына көп мән бере қоймайтын, тек адалдықтан, адамдықтан әрі аттамайтын момын, қарапайым қазақ қызы еді. Және де адалдық пен адамдықты істейін деп те ойламайтын, бұның бәрі Зияш бойынан өзінен-өзі, табиғи танылып тұратын. Ол ата мен ананың, бауырдың арқасында

өмірдің қысылтаяңын кездестірмей өскен. Өмірден алғашқы алған "сыйы" осы. Жақсылық пен жамандық, ізгілік пен жауыздық дегендер енді-енді елес бере бастады оған. Кімнің қандай екенін енді-енді түйіне бастағанына таңданатын болды.

Бүгін алғаш рет ол өзін қорсынды. Енді іске аспайтын керексіз бұйымдай сезінді өзін. Манас оған енді қол жетпес асқардай, орындалмас армандай боп көрінді. "Неге? Не үшін?" оны айна алдына апарды. "Әлде... әйел емес, әурей шығармын..." Көзін сүртіп, айнаға қарайды. (Айнаға карауды жек көретін).

Жоқ! Зияш әурей емес еді. Періштедей сұлу да емес еді. Бойы ортадан сәл жоғарылау, шашы қара қоңыр, қалың да қайратты, соңғы кезде ептеп түсе бастаған, онша ұзын емес. Жүзі ақсары, мұрны сәл қоңқақтау, маңдайы жазық. Бір кездегі толықтау ажары бұл күнде сәл солғын тартқан. Там-тұм дөңестеу келген қабағының астында түпсіз, терең, тұңғиық көл жатқандай. Қара да емес, оншама қоңыр да емес, мөлдіреген қос жанарының екі шеті сәл-пәл қиықтау, отыққан қозының көзіндей тұп-тұнық. Я мұң, я терең бір сыр екені белгісіз, әйтеуір, қос жанар айнадан Зияшқа үреймен қарап қалыпты. Өз жүзін айнадан алғаш рет анықтап көргені осы Зияштың. Сусып самайына түскен шашын саусағымен ысырды да, айнадағы көзге Зияш қадалып тұр. Ұзақ үнсіз тұрды. Кенет, қос жанар кірпігін қағып-қағып жіберіп еді, моншақтай мөлдір тамшылар ытқып-ытқыды да, айнадағы көздер ғайып болды.

Зияш апыл-ғұпыл шешініп, жарықты сөндірді де, тереңге сүңгіген аппақ сазандай төсегіне енді. Ол Манастың жастығын құшақтаған қалпында сілесі құрып ұйқтап кетті.

Әлдеқандай ауыр зат бар екпінімен гүрс етіп құлағанда, үй іші діріл қағып, терезе сыңғыр ете қалды. Шырт ұйқыда жатқан Зияш та, енесі де шошып оянды. Тағы бір нәрсе құлап түсті. Зияш жарықты жағып ауызғы бөлмеге шығып еді, енесі: "Бұл қайсысың, ей?" — деп, далаға шығып барады екен.

Ай түн белдеуінен ауып, жамбасқа барып қалыпты, түн жарық, аппақ. Есік алдында машина тұр. Оның бір жақтауын ашып тастап, біреу отын түсіріп жатыр. Жамаш әжейдің дауысына. "Мен, шеше, амансыз ба? Әшірмін. Таудағы сіздердің отындарыңызды әкелдім", — деп дыбыс берді де, ісін жалғай берді.

Зияш далаға шықты. Әшір ең соңғы қарағайды домалатып түсірді.

— Рахмет, балам! Өркенің өссін, үйге кір, дәм тат, тоңған боларсың, жылын, шырағым, — деп әжей құрмет көрсетіп еді.

— Сізге де рахмет, шеше! Ұйқыдан өліп барам, таң атып кетер, үйге барып бір-ақ дем алайын, — деп, машинасына отырып оталдыра бастады.

Зияш кабинаға таяу барды да:

— Рахмет, Әшір!.. — деп оған бір нәрсе ұсынды. Әшір 25 сомдық ақшаны алғашында байқамай қолына алып, көре саласымен дереу Зияштың өзіне қарай лақтырып жіберді.

— Менің ұятым әлі өзімде!.. Адамдықты ақшамен бағалауды үйренген екенсің, — деді де, машинаны орнынан жылжытып, жайлап жүріп кетті. Зияш мелшиіп тұрып қалды, Әшірдің машинасының артындағы қызыл сәуле тілін шығарып, келеке етіп бара жатқандай боп көрінеді оған. Қызыл сәуле бір жанып, бір сөніп, қарсы көшедегі Әшірдің ауласына кіріп, сап болды. Ашық аспандағы жұлдыздар да бір сөніп, қайта тұтанып тұрғандай. Зияш әлі тұр. Қораның ығында жатқан Ақтөс сілкініп орнынан тұрды да, қыңсылап Зияштың жанында сәл тұрып, үй айналып кетті.

Зияш таң атқанша дөңбекшумен болды. Томырық мінез Әшірі құрғырдың бүгінгі қылығына ойы орала берді.

Әшір мен Зияш бір өскен, тіпті бір үйде тұрып, бір қазаннан ас ішкен, бірге оқыған. Әкесі қаза тапқаннан кейін, Әшірдің ауру шешесі де кешікпей дүние салып еді, Зияштың қарт әкесі байырғы досының жар дегенде жалғыз ұлын өз қолына алып, мәпелеп, ешкімге маңдайынан шерткізбей өсірген-ді. Әшірдің шаруақор қабілетіне қарт сүйсінетін де. Оның елгезек, тілалғыштығы ел ішінде аңыз болған да, жұрт оны Мақұлбек деп атап кеткен. Кім неге жұмсамасын, Әшір "мақұлдан" бөлек ешнәрсе айтпай, істегенін тыңғылықты орындайтын. Сабаққа да сорлы емес-ті. Бірақ оныншыны бітіргесін оқи алмай қалды. Алты айлық шопырлық курсты тамамдады да, өз ауылының шопыры болды.

Ол кезде әкенің не ойлағанын Зияш қайдан білсін, әйтеуір, Зияш отырған жерде көзінше де, көзінен тыс та мақтайтыны Әшір еді қарттың.

Зияш екі жылдық мұғалімдер курсын бітіріп, үйіне оралғанда, әке мен шешенің қуанышында шек болған жоқ, Әшір әлі солардың қолында екен. Зіңгіттей азамат болыпты. Колхоздың маңдай алды шопыры. Қарт адамның қауқары

белгілі ғой, Зияштың шешесінің азаматтың үсті-басына қадағалап қарауға шамасы келмей қалыпты. Оның үстіне шопырлықтың өзі де бір ластау жұмыс, Әшірдің халі мүшкілдеу екен. Үсті-басы май-май. Жағасы кір. Иіс-қоңысқа үйреніп қалған батырың тіпті өзіне-өзі карауды да қойған сияқты, шашын да алдыртпапты. Әлімдікі бір баска, ал шашты шалдардың біреуіне ұстарамен қырғызып тастауға болар еді ғой. (Әшір шашын қайырмайтын).

Міне, сол Әшір Зияш келгеннен бастап күрт өзгерді. Ептеп айылын жия бастады. Бір күні өзіне аудан орталығынан бастан-аяқ киім сатып әкелді. "Сенің оқу бітіргеніңе тартауым", — деп, Зияшқа да бірдемелер ұсынып жатыр. Кемпір-шал мәз-мейрам. Зияш та бойын бұлдамады, Әшірдің кір-қоңын жиренбей жуып, төсек орнын мұнтаздай етіп, ретке келтіріп жүрді.

Күндер жылжи берді. Бір күні түс мезгілінде, дастарқан үстінде, әкесі шешесіне қарап бір нәрсені ымдады да, қарт орынан тұрып бара жатып кемпіріне тағы да бір иек көтеріп қалды. Кемпір дүрсе қоя берді:

— Отыр, қайда барасың?! Менің балам болса, сенің де балаң, отыр бері, — деп, әкесінің етегінен тартып қалды. Қарт абыржып, ебедейсіз құлана күлді де, далаға шығып кетті, Зияштың шешесі көптен байланып жүрген түйінді шешті.

— Зияшжан, құдай қойса бойжеттің, — деп бір созып, шәйді бір ұрттап қойды. — Жақсыны жатқа жіберме деген. Әкең екеуіміздің Әшірден айрылғымыз жоқ...

Қу қыз кесесін қоя бере сылқылдап, ал кеп күлсін. Күлгенін күлді-ау, бірақ дәл сол кезде Зияш кет әрі емес еді. Тек бауырындай бірге өскен Әшірден ұялып, екі беті ду ете қалды. Әшір үйде жоқтұғын. Әшір тұрғысынан бұрын-соңды бір-бір өмірлік мәселенің ұшығы байқалмаған.

Тоң мінез Әшір томсарып жүретін де қоятын. Анда-санда ұрланып ұзақ қарай беретін де, жәйімен кететін. Міне, сол күннен бастап Әшірге деген Зияш сезімі күрт өзгерген. Әшірдің алдында байқап басып, байқап сөйлеуді шығарған. Қысқасы, сол күннен бастап Әшірдің енді бауыры емес екендігін түсінген. Балалық кезіндегі Әшір мен Зияш жоғалып, олардың орнын ержеткен мен бойжеткен басқан.

Я, рас, бір шаңырақтың астында бірге тұрған Әшірден Зияш бір нәрсені күткен, жүрексіне күткен, делбетап күйде болған Зияш онда. Дәл со бір кездерде Әшір арманын айтып,

сырын алдына жайып салса, Зияш қайтер еді? Білмейді. Тіпті, қазір де білмейді...

Әшір мәселесі Зияшқа әлі де жұмбақ. Мақұл, ата мен ана солай деп ұйғарған екен, онда тұрған не бар?! Қарттар не ойламайды, олардың өз есептері өздерінде. Әлде мені Әшір шынымен сүйді ме екен?! Сүйсе, неге тұйық қалды?.. Ақыл тоқтатып қалған азамат еді, неге өзіме бетпе-бет келмеді?..

Ой сахнасына Манас шықты. О, Манас!.. Жалт етіп сөнген қуанышым, жалп етіп төнген қайғым — Манас. Қалай болып еді?.. Туу, қалай тез болып еді бәрі де?.. Кездесулер, кездесулер... Үйлену тойы... Бала сүю, армандау, қиялдау... Оны оқуға аттандыру... Неге ғана оқуына келісім бердім... Жоқ... Оным дұрыс, оның таланты бар ғой, талант өлмеуі керек қой... Ал ол маған не істеді? Нем ұнамады оған?! Әшір... Момыным, бауырым Әшір. Ол неге кетіп қалды біздікінен?! Масқара-ай, ол Нұрышқа емес, Нұрыш оған үйленді деп жүр ғой жұрт. Өзінің желаяқтығынан күйеуінен ажырасып, Әшірге баласын ертіп келіпті. Ғажап!.. Әшір екеуінің арасында махаббат бар ма екен?! Мені көрсе, Нұрыштың неге сайтаны қозады?! Әшір неге теріс айналады менен?

* * *

...Әр жүректің өз құпиясы бар. Әшір Зияшты бала шағынан сүйетін. Онысын тірі пендеге айтпаған. Оның қанына ана сүтімен бірге біткен әдептілік тұсаған оны. Ата-анасындай болған Зияштың әке-шешесінің адал дастарқанынан аттағысы келмеген. Тұнық, адал махаббат сезімін жалған туыстықпен тұншықтырған да қойған.

Зілдей төзімділікпен сәтті бір уақытты күтіп жүргенде, ортаға Манас килігіп, оның сыбағасын төгіп кеткен-ді. Бітеу жараның аузы солай ашылмай қалған-ды.

Ол Зияш басына төнген қара күнді естігелі ұмыт болған уайымы жанын қайтадан жегідей жеп, іш құсасы ішінде. Мұны сезген, есік көрген, сұңғыла зайыбы Нұрыш қит етсе тарпа бас салып, момын жанды әбден иіне көндірмекші. Зияшқа деген аяушылығы өшпенділікке, өшпенділігі аяушылыққа ауысып жүрген сүлесопа бір жан.

Әшір мана ертеңгісін малшылардың тұз, жемін машинасына сықайта тиеп алған да, алыс отарларға тартып отырған. Қиыла өтініп тұрған Зияш бейнесі оның көз алдынан кетпей қойды.

Ол ойлап отырса, осы өмірінде шын мәнінде шаттанып бір қуанбапты. Өткізген өмірі мынау қар жамылып, құлазып

жатқан адыр-адыр жондардай иесіз, сұрықсыз, боп көрінді оған. Тағы да қандай суық өздері. Қыстың шыңылтыр аязындай жан-жүрегін қарып, қалтыратып барады. Барды-жоқты елемейтін, өз базары өзінде өткен балалықты қойшы, ол өтіпті ғой, әйтеуір. Ес кіріп, ер жеткен мына жігіттік шақты айтсаңшы. Ақылы мен қайраты бір басына жетерлік еді ғой. Әшір кімнен кем? Ешкімнен де кем емес. Апырау, кем болмаса, мына өмірдің істеп отырғаны не?! Мақұл, әкесіз-шешесіз өскен екен, еркелемепті ешкімге. Ал енді осының несі мін?! Жалғанның жарығында жетімдер аз ба... Адал адамдар аясына алып, алақанына салып-ақ өсірмеді ме... Әрине, сөйтті. Сөйтерін сөйтті-ау, бірақ Әшір соған қуанды ма, шаттанды ма? Жоқ! Жоқ! Рахмет адамдарға, бақты, қақты. Ал қуаныш, бақыт берді ме олар? Жоқ! Жоқ! Жетімге деген аяушылық қана болды оларда. Әшір қуанған жоқ.

Қош, жар сүйген екен, өзінше шаңырақ көтеріп, отбасын құрған екен, бұл қуаныш емес пе? Емес! Алғашқы үміті сөнгенде, ессіз, көзсіз ұрынған ол Нұрышқа. Зияшқа, оның ата-анасына деген ызадан туған, ағат аттаған қадамы еді оның. Әйтпесе, Нұрышта несі бар еді? Екеуі екі мемлекеттің адамы сияқты. Әшірдің зілбатпан момын мінезі мен Нұрыштың қызуқанды, долы мінезі тіпті де бір арнада тоғысуы мүмкін емес. Қырсыққанда, Нұрыш дүниеге бір сәби әкеліп алдандырмады да Әшірді. Нұрышқа еріп келген жат баланы қаншама жақын тартқанымен, әкелік сезімі оянбайды, иісі бөлек. Әшірдің ынжықтығын пайдаланған Нұрыш мөңкіп тұр тіптен. Қалайда ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстағысы келеді.

Жоқ, ойлап отырса, Әшір әлі бір қуанбапты. "Апырау, өті жарылып кетсе де, мен сендерден ұзап қайда барам, Зияш, бірге өстік, бірге өмір сүрейік деп неге ашып айтпадым?! Кім менің тілімді байлаған?! Жо, жоқ... Зияштың көңілі болса, айтқызбай-ақ түсінер еді, сезер еді...".

Отардан-отарға қыдырып жүргендегі Әшір ойы осы болды бүгін. Әдетте, малшыларды әурелемей-ақ тұз-жемді өзі көтеріп, түсіріп беретін Әшір бүгін кабинадан да шыққан жоқ, түнеріп отырған да қойған.

Отардан түнде оралған да, үйіне соқпастан, пилорамаға барып, Зияштың айтқанын қалай орындағанын өзі сезбей қалған. Жасырын махаббаты оның ырқына көнбей, еріксіз мойынсұнтқан.

Бүгін мейрам. Аяз әдеттегісінен біраз сынған. Күн ашық. Алғашқы көбік қар көпси еріп, жердің миы шығып жатыр.

Бырын киінген жұрт кеңсе алдындағы алаңға қарай аңдыздап барады. Әлдеқайдан пионер горнының даусы естілді де, артынша сәби дауыстар жамырасып әнге басты. Азғантай ауыл Октябрь тойын көңілді қарсы алуда. Алыстағы астанада өтіп жатқан парадты хабарлап радио тұр.

Мәлікті таза киіндіріп, әжесі екеуін қуанышқа жіберді Зияш. Алаңсыз сәби мәз-мейрам болып, әжесінің жотасында жарбайып барады.

Зияш не істеп, не қоярын білмеді. Радиоқабылдағыштың үнін шығарыңқырап бұрап қойды да, терезе алдында біраз отырды. Қазақ, орыс дикторлары алма-кезек астанадағы парадты баяндап тұр. Аракідік уралаған дауыстар естіледі, көңілді марштар, әндер...

"Дәл қазір Манас не күйде екен?.. Жаңа жарымен бірге парадта тұр ма екен әлде?.. Бүршақтай аппақ тістерін көрсете күліп, нәрестесін биікке көтеріп, мүмкін, парадтан өтіп бара ма? Күлкісі... Күлкісін қалай ұмытам... Сондай да тұнық, сондай да сиқырлы күлкі болады екен адамда. Күлкісі... Сол күлкі шынымен жат болғаны ма, мәңгіге жоғалғаны ма енді?!"

Зияштың іші өртеніп кетті. "Өлсем бе екен..." деген бір ой оның тұла бойын жай оғындай осып бір өтті де, өз ойынан өзі шошып, қарғып тұрды. Жаман ойдан құтылғысы келді. Бәрін, бәрін де ұмытуға тырысты. Үстелде жатқан шілтерін алып, сүйріктей саусақтарын сыпылдатып, апыл-ғұпыл іле тарта бастады. Сәлден соң назары басқа жаққа сәл ауды да, ісін жалғай берді.

— Мәссаған!.. Отырысын қарай гөр. С праздником!— Сумкасын печенье, конфет, шарапқа толтырған Дариға есіктен жайраңдай кірді, қарасұр беті сәл нұрланып, толықша денесі шиыршық атып тұр. Зияштың "кел, батырын" күтпей-ақ шешініп жатыр. Қызметтес адамның келгеніне Зияш іштей ырза боп қалды. Дариға Зияштан үлкен-ді, бұрын-сонды онымен сырласып, мұң шертіспеген. Дариғаның қолында жалғыз апасынан бөлек ешкімі жоқ, бойдақ келіншек. Бұл маңның адамы емес, сондықтан да оның өткенін білген де адам жоқ.

Дариғаны күлкісіз ұшырату қиын еді. Қай жерде, кіммен бірге тұрмасын, қасындағысына бірдеңелерді айтып сылқылдайтын да жүретін. Және де күлкісі қандай десеңізші, нағыз бір кішкентай қоңыраудың тұнық сыңғырындай. Жоғарғы кластарға орыс әдебиетінен сабақ береді. Оқушылар оны "күлегеш тәтей" дейтін.

Зияш бұл адамнан бойын аулақ ұстайтын. Оның себебі

де бар-ды. Осы колхоздың аға инженерімен аты шығып, түнеу кезде партком секретары инженер екеуін беттпе-бет қойып:

— Осындай әңгіме... Не айтасыңдар? — деп бір қойды да, — оқыған мәдениетті адамсыңдар. Сенің бала-шағаң бар, — деп, инженерге қарағанда, ол бишара бастауыш кластың оқушысындай бәтеңкесінің тұмсығына қарап, мойны үзіліп кете жаздапты. Ал Дариға сүм сыңғырлап күліпті де:

— Ағай, жанжалы құрсын, бұ жігітіңізге бес тиын залалымды тигізсем бұйырмасын. Міне, көзі отыр, дін аман, бала-шағасымен болсын, маған керегі шамалы, енді маңына да жоламайын, маңыма да жуытпайын, — деп, күле шығып кетіпті.

Бос мойын азаматты ауыл ағасы сөгіп-сөгіп қоя беріпті. "Ел құлағы елу" деген, бұл әңгімені естіген ауыл адамдары күліскен де қойған. Уайым-қуаныштың бәрін күлкімен ғана қарсы алатын бұл бір ғажап жан еді. Оның қайраты да, қаруы да — күлкісі.

— Ұлыстың ұлы күні ғой, Зияш, уайымдап қайтеміз. Кел, тойды қарсы алайық, — деп сыпылдап жүр.

Зияш алжапқышын шалып, ас әзірлеуге кірісті. Дариға радионы біраз айналдырды да, Зияшқа келді.

— Бүгін бұртүрлі қуанышты, Зияш. Сәл мойын бұршы. Күн әлі ерте, әзірлерсің асты, — деп, Зияшты үстел басына ертіп келді. Сәл-пәл қызыңқырап алыпты өзі. Ол сумкасынан шампан шығарып, бокал алдыртты да, түтінін бұрқ еткізіп, атып жіберді. Қос келіншек бокалдарын толтырды. Ащымен әуестігі жоқ Зияштың қаны ойнап, бетіне шықты.

Үстел үстіндегі Манастың суретіне тесіле қарап Дариға:

— Сайтанның өзі де тым сүйкімді екен ғой. Білесің бе, Зияш, әйел жаны тек әдемілікке құмар. Әдемілікке дегенде біздерде қанағат жоқ қой, солай емес пе, мойындашы, — деп, Зияшты қу күлкісіне тоғытып, құшақтап алып, айналдырып жіберді. — Сөз жоқ, турасын айтайын, Манасың осында болғанда, мен де қалпағын теріс кигізіп, шыр айналдырар едім.

Дариға байырғы құмарпаз ішкіштердей-ақ мүлде қызып алды. Әзіл де, күлкі де жайына қалып, бойын босатып жіберді де, дел-сал көңілсіздікке берілді.

— Сен бақыттысың, Зияш. Балаң, туған-туысың бар, әке-шешең бар. Әлі бәрін де ұмытасың... Алғаш қиын, біраз уақыт өткесін бәрі ескіреді, бәрі ұмытылады. Алғаш қиын...

Дариғаның самай шаштары қобырап, кенет екі алақанымен бетін басты да, солқылдап, еңіреп кетті.

— Мен бақытсызбын... Жалғыз... жалғызбын мен... — Зияш оны жұбатып, жасын сүртті.

Дариға қарсыласпады. Әлгіндегі қызулығы басылып, айна алдына барып, қобыраған шашын ретке келтірді. Айнадан өзінің алабұртқан жүзін, тұманданған көзін көріп, бір жымиды да, әлгіндегі қылығынан өзі ұялды. Ас әзірленіп, екеуі дастарқанға отырды.

— Сен түсінесің бе мені, Зияш? Мен еркекке сенуден қалдым. Енді маған күйеудің керегі шамалы, бірақ бала сүйгім келеді... Бақыттысың сен, Зияш, заңды күйеуіңнен заңды балаң бар. Ол бәрін де ұмыттырады әлі...

Зияш Дариғамен шешіле сырласуды жөн көрмеді, оқтаекте келте жауап қайырып:

— Соншама түңілудің керегі не, Дариға. Өмір әлі алда емес пе, — деп, басу айтумен болды.

Алдында отырған осы бір ақжарқын келіншек әлі оған жұмбақ еді. "Апырау, күндердің күнінде мен де осылай күсер ме екем өмірден, ашынар ма екем осылай?!" деген ойға орала берді де, біртүрлі үреймен қарады Дариғаға.

Дариға қайтадан көңілденді. Аяқ астынан сыңғыр етіп күлді:

— Осы еркектің керегі не бізге? Олардың не артықшылығы бар, түсінсем бұйырмасын. Бар азапты әйел арқалайды, ал қызығын олар көреді...

— Артықшылық көп қой, Дариға... Осы, сен ерге шығып па едің?

Оқыс сұрақтан Дариға біраз сергіп, есін жиды. Көңілді жүзіне мұңның көлеңкесі түсті.

— Я была глупенькая, очень глупенькая, — деп сырын ақтарды ол. — Институттың соңғы курсында жүргенде үйлендік біз. Ол дәрігер еді, жақсы адам болатұғын. Бірақ бір түрлі қолапайсыздау, суық еді. Әйелге тек әйел ретінде қарайтын, бірақ не істесем бәрін де кешіретін. Ұзақ тұра алмадық. Кінәлі мен. Жалғанның жарығында любовник деген болады, Зияш... Және олардың бәрі шетінен әдемі-ақ, иттер... Шыныңды айтшы, Зияш, сенікі де бар ғой, болды ғой? Солай емес пе?

— Жоқ, Дариға, жоқ! Болмайды да, болған да емес!

— Онда үш есе бақыттысың... Лучше не иметь. Да ну их... Міне, соның қайдан сап ете түскенін, қайдан құрығына ілінгенімді өзім де сезбей қалдым. Қолды байлап отырған

бала жоқ, әйдай кеп дәурен сүре берейік. Тек ішкен тамағын, істеген қызметін ғана біліп момыным жүре берді. Ол мещандық өмірге қалай дағдыланса, мен жасырын жүріске сондай үйреніп, құнығып алдым. Сонымен, не керек, ақыры сезді ол. Сезіп қана қоймады, просто застал на месте преступления... "Бара ғой, бақытты бол, көкетай", — деп теріс айналып, жүзін де көрсетпеді. Сол үйде, сол жерде тұрудың мағынасы болмады, чемоданымды арқалап, тайып тұрдым. Көңілдесім жәйімен кетті, қол ұшын да берген жоқ, оңбаған. Сүйтіп бір-ақ күнде дүние өзгерді, менің көзім ашылды...

Әлгінде ғана әп-әдемі Дариға Зияшқа әруей боп көрінді. Ләм-мим жауап қатпады оған. Қалайда айласын тауып, одан құтылғысы келді. Дариға болса, бар уайым-қайғысын бір-ақ серпіп ысырды да, бір көзе шараппен қоса сіміріп жұтып қойды.

Мәлігін арқалап Жамаш әжей кірді. Ауыл адамдарының аузында жүрген бойдақ келіншектің келінімен мәслихатта болып отырғанын әжей оншама ұната қоймаған кейіп білдіріп тұр. Жасаулы дастарқан, ішілген шарапты көріп, тіпті жиіркеніп қалды.

Нарттай нұрланып алған Дариға:

— Мерекеңізбен, әже! Мерекеңмен, Мәлік! — деп құттықтап, сәбиге шоколад ұстатып жатыр.

— Әже, сіз де жас болдыңыз ба? — деді Дариға шай үстінде сиқырлана күліп.

— Жоға, қарағым.

— Жастық шағыңызда сұлу ма едіңіз?

— Жоқ, қарағым...

Әжей көңілді келіншекті ұнатпай отыр. Онысын Зияш түйді. Дастарқан басы бірден жұтаң тартып, қиюы қашып сала берді. Мұны Дариға да сезді, әйткенмен қартты сөзге тартпақ, көңілсіздікті сейілтпек болған Дариға:

— Тамаша қалай өтті, әже, жұрт көп болды ма? — деп көріп еді, оған да әжей салқын, доғал жауап берді:

— Сонысын аңдамаппын, қарағым... Мен болдым, — деп кесесін қойды да, Мәлігімен айналысып кетті.

— Кешкісін шақырған үйге барасың ба, Зияш?

Зияш Дариғадан қалайда құтылғысы келіп, ойланбастан: "Барам", — дей салды.

Дастарқан жиналып, Дариға қайтты, әудем жер Зияш шығарып салды. Ол үйге оралғанда әжей: "Осы адамың маған ұнамайды, Зияшжан..." — деп бір күрсінді.

Ел орынға отырған шақ, Мәлік ұйқтап жатыр. Ене мен келін кешкі асын ішіп отыр. Ауладан тықыр естілді. Үй іргесінде жатқан Ақтөс тұмсығын бауырынан алмастан бір-екі үріп жәйімен қалды. Есікті шалқайта ашқан Әшір енді тұтқаны таба алмай әуреленіп тұр. Аяз үй ішіне лап қойды. Зияш орнынан жеңіл тұрып есікті жапты да, Әшірді дастарқанға шақырып тұр. Кемпір де: "Кел, қарағым", — деп жік-жапар болып жатыр.

Әшір мас. Аяғын әзер басады, тап-таза киініп алыпты, калошін азар шешті де, төрге барып қонжиып отыра кетті. Кулайы қасықтың басынан ұстап, сабын табаққа салмақ болып еді, әжей: "Өй, балам, сабынан ұста", — деп, түзетіп берді. Әшір астан алды да, үн-түнсіз мелшиіп отырып қалды. Ене мен келін біріне бірі қарап таңданды да, қойды. Әшір сол ешкімге қарамаған бойда, сәл күлімсіреп: "Зияш, ақымды бер, — деді. Әжей Зияшқа бір, Әшірге бір көз тастауда. — Таңданатын дәнеңесі жоқ, ақымды бер, Зияш", — деп және сұрады Әшір.

Зияш сасқалақтап қалды:

— Ақысы несі?! Түнде өзің берген ақшаны лақтырып кетіп ең ғой.

— Ақшаның керегі шамалы, ақымды бер дегенсін, ақымды бер.

Таң-тамаша әжей шыдамай сөзге араласты.

— Қарағым-ай, қалағаныңды айт, рахмет саған! Бүгін тұтатарға түк қалмап еді, рахмет! — деді.

Әшір мөлиіп біраз отырды да:

— Ақымды бер, Зияш. Арақ бер маған, — деді.

Әжей көңілденіп кетті:

— Бер, қарағым, бер. Қалып па еді ол құрғырларың? Зияш Әшірдің аңысын аңдап бағып еді, оның көнетін сұры жоқ, ақыры үгіттей бастады: — Сен удай массың ғой, Әшір. Осы қылпың да жетпей ме?

— Бер дегесін, бер ақымды. Дастарқанды қимасаң, далаға барып ішемін.

— Тәйт, балам! Даласы несі үй тұрғанда. Бер, Зияш, бер, — деп Жамаш әжей де болмады.

Ақыры Зияш аузы ашылмаған бір шөлмекті Әшірдің алдына әкеп қойды. Әшір бөтелкенің аузын ашып, кесесіне құйып алды, Зияш кесе ұсынып еді, қолының сыртымен ысырып қойды. Бір кесеге қалған арақты құйып, Зияшқа берді.

— Іш дегесін, ішесің.

Зияш қарсылық білдіріп еді, көнетін түрі жоқ, амалсыз алды.

— Мақұл, ішейін. Ал енді баста өзің, еркексің ғой.

Әшір қисық-қисық бір ыржиып, кесені көтере бергенде, Зияш арақ құйылған кесені жасыра қойып, бос кесені ол да "ішіп" салып, "тыжырына" ас алып жатыр. Әшір бір сәт алақанымен аузы-мұрнын басып отырып қалды, кесенің ішінде тамшы да қалдырмапты.

Сәлден соң Әшір бұрынғыдан да бетер масайып алды. Бас-аяғы жоқ бірдеңелерді шата береді, түсініксіз. Бірауық ән салмақ болып көріп еді, таланты құрғыр жетпей, екі-үш рет өкірді де тынды. Кенет ол орнынан тәлтіректеп тұрды да, Зияштың бөлмесіне кіріп кетті.

— Әже, барыңызшы, бір нәрсені бүлдірер. Мұны қайттік енді?! Әйеліне барып, шақырып келсем бе екен?! - деп Зияш абыржып тұр.

Әжей Әшірмен бірге кіріп кетті. Зияш апыл-ғұпыл дастарқанын жинады.

— Өй, балам, қой. Ол сурет, қайтесің оны, — деген әжейдің даусын естіп Зияш бөлмесіне кірді.

Әшір Манастың суретін сол қолына ұстап, оң қолының сұқ саусағымен шұқып көрсетіп тұр.

— Мынау, ә... мынау сіздің балаңыз... иә, сіздікі... балаңыз... иә... сіздің өлген бала ма әлде тірі балаңыз ба?..

— Өлгені несі, көкем-ау?! Тірі... Тірі, шырағым, тірі...

— Бұл — күшік!... Тірі балаңыз, ә... тірі... Онда өлтіру керек мұны, өлтіру керек! Өлтіру керек!.. Өлтіру керек!.. — деп, Әшір суретті тапап жатыр, тепкілеп жатыр. Ене мен келінде үрей жоқ. Нақ бір тірі адамнан кек алғандай Әшір суретті табанымен жаныштап жатыр. Зияш шыдай алмай оның аяғын құша жығылды да, әйнек рамасы быт-шыт болып ұмар-жұмар иленген Манас суретін қолына алды да:

— Шық үйден! — деп, Әшірді итермелеп еді, орнынан қозғай алмады. Ол жым болды. Бұлыңғыр, нұрсыз көзінде ешқандай ұшқын қалмапты, су тиген әйнек сынығындай сәулесіз жылтырайды құр. Есеңгіреп біраз тұрды да:

— Кешір, Зия... Мен сені... мен... — деп қалай болса солай отыра кетіп, — Мен сені сүйген, сүйем... сүйем. Табам сені қайтсем де... Неге қорлайсың? Неге қорладың? — деп, екі иығы солқылдап, ықылық атып кетті. Әжей аң-таң. Зияш теріс бұрыла берді, бар айтқаны:

Мас қой, сіз тұра тұрыңыз, мен әйелін ертіп келейін, алып кетсін.

Жамаш әжей оны сүйеп, орындыққа отырғызды. Ол басын столға қойып, түсініксіз бірдеңелерді міңгірлеп жатыр.

Алғашында әжей: "Алда, пұшайман бишара-ай! Момын сорлының өзінше дерті бар екен ғой. Жақсы көреді екен ғой Зияшты..." — деп жаны ашығанымен, жаңа ғана Манастың суретін таптағанын есіне алып: "О несі-ей шақырдың?! Әкесін Манас өлтіргендей жынданғаны несі екен?! Басынғаны-ау, сірә", — деп кейіп алды. Зияштай жанның жүрегін жаулап алған ұлын бір сәт пір тұтып, іштей мақтаныш етер де жәйі бар. "Әй, Манас! Қу жалғыз!.. Аллам жақсырын бер, оң жолыңа бұра көр..." — деп күбірлеп қояды.

Нұрыштың сұрына адам қарап болар емес. Бар қуатын бойына алып, бар долылығын бетіне жинап, бар нәжіс-пәлекетінің бәрін ақтаруға даяр тұр. Көкпеңбек, пальтосының түймесін салуға да үлгермепті. Есіктен кіре байын бас салды, Зияш ауызғы бөлмеде қалып қойды.

Нұрыш Әшірді желкеден бір-екі түйіп жіберді де, жұлқылай бастады, ол басын сәл көтеріп, мөлиген өлі көзімен қарады.

— Иә... Немене, қызыққа белшеңнен баттың ба? Тастап кеткен қалыңдығың есіңе түскен, ә?! Тұр! Қарама маған, қарама! Қарайтын бет жоқ сенде!.. Жүр үйге... Жетеді енді...

Әшір орындықты құлата орнынан көтерілді.

— Зияш... а-а-а... мен... Нұрыш... — деп теңселіп тұр. Әзер тұрған Нұрыш ал кеп ағытты-ай дейсің: — Мүләйімсіген сайқал неме!.. Байыңның безіп кеткені де осы қылығыңнан ғой... Ұйыққан қаншық, құсап кеше бұраңдап тұрғаныңнан қорқып едім...

— Ей, келін, тілің қандай ащы еді, қарағым, жас басыңмен. Алда көрер күнің бар ғой, неге сонша тілдейсің жазықсыз адамды, — деді Жамаш әжей.

— Жә! Сіз қойыңызшы әрі! Ақ самайыңызбен арада жеңгетай боп... Ақылыңыз болса, кетпейсіз бе балаңызға... Тоқанның сайқал қызының қызылына жығылмай...

Әжей жағасын ұстап, Нұрыштан күсіп кетті:

— Астағыпыралла! Не деген беті ашылған адам еді!..

Зияш ауызғы бөлмеден жалбарына кірді:

— Айналайын Нұрыш, адалдығым үшін ант етейін... Аясаңшы? Ұяңды бұзсам, ұям бұзылсын!.. Нан ұрсын, бауырым, нанасың ба?..

— Кет әрмен! Сенің ұяң бұзылғалы қашан, ал мен бұздырмаймын, дәметпей-ақ қой! — деп, Зияштың кеудесінен итеріп жіберді.

Ессіз Әшір құлағалы тұрған шыршадай біраз теңселіп тұрып, кілт Нұрыштың жағасынан шап беріп, бетпе-бет қаратып алды да:

— Тфу, бетсіз! — деп түкіріп жіберді. Әр нәрсеге бір соғылып, апыр-тапыр шығып кетті. Артынан Нұрыш та зытты.

Ене мен келін бірінен бірі ұялады, біріне бірі тіктеп қарай алмай, сүле-сопа, екеуі екі бұрышта тұр.

Бұл — осы бір тату шаңырақ астындағы болған тұңғыш ойран, тұңғыш жанжал. Мұндай сұрықсыз көріністің болғанына екеуі де кінәлі емес екендіктерін іштей ұғысуда. Іштей бірін бірі аяйды; аяйды да әрі қарай не боларын, қандай тоқтамға келерлерін білмей екеуі де дал-дал.

Бұл жердегі айыпкер — Манас, бірақ ол жоқ қой, жазықсыз қорланған екі бірдей ар кімнен өш алады? Кімге барып мұң шағып, арын арашалайды?

* * *

Күн маздатып барады. Үп еткен самал жоқ. Көшені бойлаған арықтың жағасы жап-жасыл. Тау етегіндегі адыр-қыркалар көкпеңбек. Дүние тегіс түлеп біткен кез. Аспан мен Жер, Күн, бар табиғаттың баршасы өзара келісімге келіп, біріне бірі бар рахатын жомарттықпен төгіп тұрған балауса, сәби шақ — көктем.

Жамаш әжей өрмек тоқып отыр. Қызылды-жасылды керіліп тасталған жіптер құдды кемпірқосақ, жауыннан кейінгі шұғыла. Сөзі жоқ бірдеңені ыңылдап, астына бөстегін төсеп, арқауына мініп отыр әжей. Жап-жалтыр ағаш қылышы жалт-жұлт етеді. Мәлік томпаңдап Ақтөспен әуре. Дарбазаға қонған айдарлы, ұзын тұмсық сасық көкек "көкек, аж-ж-ж-ж" деп изеңдеп біраз отырды да, қолапайсыз ұшып кетті. Қараторғай мың құбылтып сайрап отыр, аракідік сілкініп, қауырсынын тарайды.

Ақтөс үріп, көшеге тұра ұмтылып еді, Мәлік құлап қалды. Ала қоржынын артып пошташы келді, орта жастардағы мүгедек адам.

— Есен-саумысыз? Ісіңіз өнсін, — деді де, қоржынына қолын сап, бір топ хат алды. Ат тізгінін аузымен тістеп, жалғыз қолымен ердің қасына қойған хаттарды араластырды да: —

Іиланыздан хат келді, мәніз, — деп әжейге конвертті ұстатты; келесі ауылға кетті.

Әжей төртбұрышты көгілдір қағазды қанша аударып қарағанымен, түгіне түсіне алмады. Танығаны тек аузына хат тістеп ұшып бара жатқан көгершін болды. Мәлік етегіне жармасты.

— Хат, құлыным... Папа... хат, — деп конвертті көрсетті оған. — Әй, түлей-ай, екеуміз де түлейміз, ә? Біз не білеміз, — деп, конвертті екі бүктеп қалтасына салды. Алақанымен маңдайын көлегейлеп күнге бір қарады да:

— Ойбүй, қой, балам. Шәй қояйық, маман келетін уақыт болды, — деп, үйден сап-сары жез самауырды алып шықты.

Зияшқа әже хатты бірден ұсына қоймады. Ол әбден жайғасып, шешініп, шәй әзір боп дастарқанға отырғанда ғана:

— Зияшжан, қуантайын ба сені? — деді абайлап.

— Қуантыңыз, әже. Сүйінші берем, — деп ол да сабырмен үн қатты.

Әжей хатты берді. Таныс жазуды көргенде, Зияш бір сәт конвертті ашуға батпай, бір бозарып, бір қызарып, жүрегі қылыштағыдан бетер ойнақтап сала берді. Конверт сыртындағы әрбір сөз экрандағыдай бір өшіп, бір жанып тұрған тәрізденді оған. Жыртпай, ұқыптап ашып, хатты алды. Бір-ақ парақ екен, бір бетінің біраз жері ғана жазылыпты.

Әжей "дауыстап оқыр ма екен" дегендей, демін ішіне алып күтіп отыр. Бірақ Зияш дауыстамады, көзін жүгіртіп өтті. Оның хат ұстаған қолы сәл дірілдеді де, хат үстелге түсіп кетті. Зияшта үн жоқ, белгілі бір нүктеден көзін алмай, мелшиіп отырып қалды. Бір сұмдықтың болғанын Жамай әжей де сезді, бірақ сұрауға батпай, кимешегінің алқымын умаждай берді.

Біраз үнсіздіктен кейін Зияш хатты қайта алды:

— Тыңдаңыз, — деді. Зияштың мұншама суық, мұншама маңыздана қалған үнін, немқұрайды салқындығын бұрын естімеген әжей дір ете қалды. Хатта: "Тағдыр осылай болды, Зияш. Бар айып менде, бақытты бол... Менің арым былғанды, алдыңа баруға бетім шыдамады. Енді ғана түсіндім, екеуміздің жолымыз екі дай екен... Үйленбеске болмады, бала бар. Қалай айыптап, қандай жаза қолдансаң, өз қолыңда. Тек киген киімін бер де, апамды жібер, жолына ақша салдым. Хош, бақытты бол, Зияш. Мен үшін Мәлікті сүй... Манас", — депті.

Екеуі де үнсіз. Үй іші тым-тырыс. Тек бір бармақтай қара шыбын сыртқа шыға алмай терезенің әйнегінде сырғанап, шыр айналып ұшып жүр. Күн бұлтқа кірді ме, бөлмеге

көлеңке түсті. Мана бу атып тұрған жез самауыр суып қалды, сап-сары сары уайым сияқты мізбақпай, нұрсыз бедірейеді.

Қыңқылдап келген Мәлікті алып, әжей баурына тықты да:

— Кетпеймін, құлыным! Кетпеймін сенен. Мәңгілік сенің күңің боп өтсем де тастамаймын, ботам!.. Аузымды ашып сүйіп, көзімді ашып көрген көгершінім, айрылмаймын сенен... — деп еңіреп отыр.

Ал Зияш мүлде бөлек кейіпте. Әлгі бір әзірдегі жан толқынының қайда кеткені белгісіз. Ойсыз мүлде. Ауыр дертінен айығып, ауыр науқастан тұрғандай түсініксіз бір халде. Тіпті бұрын өмір сүрген-сүрмегені белгісіз, айналасының бәрі бөтен, бәрі жат, өзге бір дүние. Бұл өмірдің қызық-қызғылығының бәрін басынан өткеріп, шаутартқан, тоқмейіл көксе адамдай, төңірегіндегі қимыл-харекетінің бәріне салғырт, салқын қарайды. Ағыл-тегіл ақтарылған мынау ақ самайлы Ана, бұта қоралаған торғайдай әжесінің бауырына тығылған анау сәби — бірі де тартпайды оны, тебірентпейді, ал жалғанның жарығында Манас деген біреу болды ма, жоқ па, ол жағы да белгісіз. Бәрі алыс, бәрі сүреңсіз бірдемелер...

Үйдің есігі ашық. Аспаннан бір-екі тамшы торс ете қалып еді, есік алдындағы топырақтан бұрқ етіп болар-болмас шаң көтерілді. Табиғат кәріне мінді. Қап-қара бұлт тұмшалаған аспанның бетін найзағай қып-қызыл қарындашпен сызып-сызып қалғанда, құлақты жарған әлдене сарт етіп, бар кеңістік дүр сілкінді. Нөсер ырғағын түзей алмай жүйткіп біраз тұрды, сәлден соң қалпына келіп, сазын тауып, сабасына түсті де, қуаң даланы жүндей түтті.

Жамаш әжей шапанын бүркеніп, сырттағы өрмегін алып кірді.

— Күн батыстан күркіреді, Зияш, алла бұйырса, астық болады биыл, — деді. Ежелгі ырымы бойынша Мәліктің басын жалаңаштап, алғашқы жаңбырға тосты әжесі.

* * *

— Қу жалғыз, құрттың мені. Салып жүрген сайраның не?! Не сұмдыққа бастап жүрсің?! — деп, әжей біраз булығып, отырып қалды. Әжейге хатшылық қызмет атқарған жетінші класс оқушысы Нартай бала аңырып, оның аузына қарады. — Жаза бер, балам, мен не айтсам, соның бәрін жаз. Бірін де қалдырма. Тек келістік қой, тірі адамға айтпағайсың, қарғам!

— Айтпаймын, әже, айтпаймын.

— Көсегең көгерсін, қарғам! Ал енді жаза бер, Зияшжан келіп қалар. Бір сен деп ақ жүзімді қуартып, ақ сүтімді суалтып жүріп осы халетке жетіп едім. Аллам енді мұны да көпсінді ме мен бейбаққа... Арқа етімді арша, борбай етімді борша ете жүріп бақтым сені, хан баласынан кем қылып өсірген жоқпын. Кешегі әкең марқұм: "Құбас, өзіңді де, мені де құбас қып өткізетін болдың жалғанда... Сенен де лақтаған ешкім артық деп жүргенде көріп едім сені. Сондағы істеген жақсылығың осы болса, басыңа шайнап бүрк. Мен бармаймын саған. Сүйегім осы қара шаңырақтан шығады. Мәлігім мен Зияштан тірідей ажыраспаймын, қу жалғыз!.."

Әжей тағы да тоқырап қалды. Кимешегінің алқымымен көзін сүртіп, жылай отырып, түсініксіз бірдеңелерді айтып кетті. Нартай танауын тартып, күтіп отыр.

— Жаза бер, балам, жаза бер. Манасжан!.. Қозым менің, ақылың бар еді ғой... Қалай ғана қиясың Мәлігіңді, Зияштың несі ұнамады саған? Өзің сүйіп қосылған қосағың емес пе еді? Не жаманшылығын көрдің бұл сорлының? Тілімді ал, құлыным, ұяңды бұзба, орал өз ұяңа, ая ақ сүтімді, ботам!..

Әрі қарай жалғауға әжейдің шамасы келмей, кемсеңдеп, босап кетті.

— Жыламаңызшы, әжетай, — деп Нартай уатқан болды. Лып беріп кіріп келген Зияшты енді аңғарды олар. Екеуі де абыр-сабыр сасқалақтап қалды.

Зияш столдағы парақты алып, оқып шықты да, қызыл қарындашпен қатесін түзеп, жазудың астына "2" деп бадырайтып қойды.

— Жазғаның жарты парақ, мұншама қате. Бар, сабағыңды оқы, екінші мұндай іске араласпа, — деді сүмірейіп тұрған Нартайға. Ол шығып кетті.

— Ендігіміз бос әуре, әже... Ақ пейілің мен таза жүрегіңнен айналдым, әжетайым... Манас жоқ... Маған енді Манас жоқ, — деп Зияш әжесін құшақтады.

Көптен бері қамығып жүрген қос көңілдің селі бір арнаға құйып, бір ырғақпен үнсіз, дәрменсіз, тоғысып бара жатты. Біразға дейін баянсыз саруайымға ерік берді де, тоқтар болмағасын, амалсыздан бірін бірі жұбатты. Екеуі екі жерде отырды да, шақ-шәлекей шытырман ойлары тұяқ тірер тұғыры жоқ бір кеңістіктен құлап бара жатты.

Беймаза тіршіліктің тағы бір түні өтіп, тағы бір таңы атты. Кешегі бүгінге, бүгінгі ертеңге ұқсас бірсыдырғы күйбең. Адам неге көнбесін. Ол үшін қуаныш та, қайғы да өткінші бір жаңбыр іспеттес. Тек тіршілік болсын, тіршілік бәрін де

ұмыттырады, бәрін де өзінің толқынында шайқалтып, бір бұрылыста жағаға шығарады немесе тереңіне батырып қайрандатады.

Зияштың қазіргі жағдайы да сол мұхит-өмірдегі желкенін жел жыртқан басқарусыз қайық сияқты. Қайда әкетері, неге апарып соғары әзірге белгісіз; әйтеуір, бағыт-бағдарсыз ағыспен жылысып барады. Не істемек енді? Өмірдің сынығы жамалар, бүтінделер ептеп, ал көңіл ше?! Жазықсыз соққы көрген көңіл ұмытар ма енді, түзелер ме?! Манас, сөз жоқ, Анасын тастамайды, оралады оған. Адал Ана келіні мен немересін қаншама қимағанымен, бауыр ет — баланың жөні бөлек қой. Шынтуайтқа келгенде, туған баласынан күсіп, тастанды келіннің босағасында қалған өмірін өткізуге қарт адамның шыдамы жете ме? Оралады Манас, сөз жоқ, енесінен біржола айырылады сонда. Кетеді әжесі, әзіргісі әншейін алғашқы бас асаулық...

Осындай ұрдым-пердім ойлардың тұсауында мектептен үйіне келе жатқан Зияшты Дариға сып беріп, қолтығынан ұстай алды.

— Зияш, менің де сабағым бітті. Жүр біздікіне бұрыла кет, өзіңше келмейсің.

Зияш қарсыласпады, Дариғанікіне келді. Үй ішінде тұрмысқа ең қажет, ең керекті заттардан бөлек бөтен дүние жоқ. Апасы екеуінің екі төсегі, диван, стол, орындықтар деген сияқты. Апасы үйде жоқ екен.

— Мә, Зияш, сен мынаны қарап отыр, мен шәй қояйын, — деп, Дариға қалың альбомды ұстата берді. — Қара, қарай отыр, өткен күндерден ескерткіш.

Зияш альбомды парақтап отыр. Дариға суретке түскіш-ақ екен өзі. Күліп те, күлімсіреп те, тіпті шомылғанда киетін әлгі бір "бөлемен" де фотоға түсе беріпті. Дариғадан басқасын танымады. Тек бір жерде ғана "жүректің" ішінде Дариғаның қасында отырған "ғашықтық" бейнесін кездестіріп, "ері осы болар" деп ойлады.

Шай келді. Дариға буфетінен көзелерді сырғалата беріп еді, Зияш:

— Дариға, мен де, сен де екеуміз де ішпейміз. Егер оны үстелге әкелсең, кетемін, ренжісең, өзің біл, — деді. Көзенің сыңғырына Дариғаның күлкісі ұласты да, амалы жоқ, Зияштың айтқанын орындады, шарапты шығармады.

— Мен сен үшін, Зияш... Теріс ойлап қалма...

Зияш әлгі альбомдағы "жүрек" ішіндегі суретті көрсетіп еді:

— Дәл өзі, сол. Заманның тыныш кезінде солай болғамыз, — деп, Дариға іле жауап берді.

— Шыныңды айтшы, Дариға, ойлайсың ба оны?

— Зияш, шынымды айтайын, онан гөрі ананы, әлгі қарғыс атқыр көңілдесті көбірек ойлаймын.

Дариғаның қу күлкісінің тығыны ашылып кетті.

Бір сәт үнсіздікте қалды. Ашық тұрған терезеден самал еспі, төгіле салбырап тұрған пердені бір-екі толқытып жіберді. Сумкаларын қолтықтаған оқушылар өтті.

— Міне, енді оқу жылы да аяқталады, Зияш. Қызық өзі, осы жазғы демалысқа тарарда мені біртүрлі көңілсіздік басады да тұрады. Жапан далада жалғыз қалғандай сезінем өзімді... Коллектив, әсіресе оқушылардың арасы мен үшін бақыт сияқты көрінеді. Бес минут жалғыз қалсаң, қайдағы шолені ойлайсың, ал олардың арасы көңілді, бәрін де ұмыттырады.

Дариға кесесіне қант салып, қасықпен араластырып отыр. Самайына шыққан жалғыз тал ақ шаш ап-айқын мен мүндалап тұр. Қаншама өрескел санағанымен, Зияш шыдамады:

— Сәл тұра тұр, — деді де, ақ шашты жұлып алып Дариғаға көрсетті.

— Ым-м-м,.. Да, старость наступает, — деп, Дариға оны саусағына орап отыр.

— Түнеу кездегі инженермен болған романды естіген боларсың, Зияш?

Зияш басын изеді.

— Мен биыл бұл ауылдан, бұл ауылдан ғана емес-ау, жалпы ұстаздық жұмыстан кетем. Ес кіріп қалған балалар... Біреуден біреу, біреуден оқушылар естиді... Ұят... Коллективке рахмет... Сол әңгімеден кейін маған кірерге жер тесік болмай жүрді...

Дариға алдындағы кесесіне тесіліп, ұзақ қарап қалды да: — Сенің арың таза ғой, Зияш... Міне, сен ұстаз болуға лайықтысың... Өз өмірімді қалыпқа келтіріп алмай, бұл қызметке оралмаспын, сірә... Оқу жылы бітісімен кетем...

Сырдың суы сирағынан келмейтін Дариға осы сәтте мүлде бір мүгедек пендеге ұқсап, шөгіп кетті. Зияш оның тамағындағы жіп-жіңішке, ұп-уақ әжімдерге қарады...

* * *

Оқу жылы алдақашан аяқталған. Дариға көшіп кеткелі біршама уақыт өтті. Дариғаның айтқаны мұншама рас болар

ма, Зияш өзін жұртта қалғандай сезінді. Коллектив, көңілді жеткіншектердің арасы қандай ұжмақ еді. Оның үстіне шөп шабыс науқаны басталды да, еңбекке жарайтын ауыл адамдарының кәрі-жасының әммәсі шаруашылықпен кетті. Апырай, бір сыр ашып, сыбыс түйісетін жан болсашы. Біреуі оқуда, біреуі демалуда, мұғалімдер де көрінбейді.

Зияштың ермегі кітап, газет пен жорнал. Олар да жалықтырады. Манастан ешбір сыбыс жоқ. Оқта-текте ата-анасынікіне барады. Олар да пәлендей ағынан жарылып отырған жоқ-ау. "Өз обалың өзіңе" дегендей бөтен, жат көзбен қарайтын секілді. Бауыры қалаға барып келіпті дегенді есітті. Неге, не үшін, ол жағы да бимәлім. Адуындау адам еді, бір нәрсені бүлдірмесе болғаны.

Әжей біртүрлі сабырлы, неге сенеді екен? Әлі өрмегімен әуре. Тамыздың тас қайнатқан мына ыстығында ыңылдап алашасын тоқып-ақ отырғаны. Осы кісі не ойлайды?! Тіпті қаннен-қаперсіз, ошағы бүтін, оты жағулы адамдай...

— Аман ба, құдағи? — деген бауырының даусын естіп, Зияш құлағын түре қойды.

— Аманбысың, қарағым? Үй ішің есен бе? — деп жатыр әжесі. Бауыры келген беттен асыр-тасыр, аттап кете жазып тұр.

— Бұл отырысың қай отырыс, құдағи?

— Жәй, қарағым. Мынасы құрғыр бітпейді, тегі. Қаншама қимылдасам да өндіте алмай отырғаным.

— Мен кеше қаладан келдім... Жолықтым балаңа...

Әжей ісін доғара қойып, Зияштың бауырының аузына қарады.

— Балаң қатын алыпты, онда да бір немерең күтіп отыр.

— Балам-ай, сіз деген сөздің сынығы, сен деген сөздің анығы демекші, неге соншa атарға оғың жоқ боп тұр? Сен емес, әкең де әлі сен деп көрмеп еді, қалайсың өзің? Әзірге менде бір-ақ келін, бір-ақ бала бар. Басқасы қажет емес.

— Құдағи, естеріңді жинап, етектеріңді жаптыңдар, құдайға шүкір, енді жетеді. Іздеусіз, сұраусыз жетімек деп жүрсіңдер ме? Жетеді! Кет балаңа! — деп, тартулы тұрған өрмектің қазығын суыра бастады.

— Өй, балам, сабыр ет, — деп, әжей оның қолынан ұстамақ болып еді, анау итере беріп, қазықтарды суырып алды да, өрмекті жұмарлап лақтырып жіберді.

Үйден Зияш шықты. Бауыры енді Зияшқа шүйілді:

— Жина дүниеңді! Жүр үйге! Ит басты, сиыр сиықты тобырларды қашанғы асырайсың енді?

Бауыры әбден түтеп алған, ақылға келер емес. Зияш құпқу боп бір тізерлеп отырған әжесін сүйеп үйге кіргізді. Бауыры да ілесе кірмек болып еді:

— Барыңыз, аға, менде шаруаңыз болмасын, әулікпеңіз, кетіңіз, — деп, есікке көлденең тұрып кіргізбеді.

– Намыс жоқ опасыз! Бір ақымақ алаяққа бола атаңнан, бауырдан безіп,.. — деп қалай шұғыл келсе, солай шұғыл бұрылып, тайып тұрды.

— Саған рахмет, Зияшжан! Рахмет! Батамды берейін, балам, бара ғой үйіңе. Безбе туыстарыңнан... Мені құдай мәңгілік күтуге жаратқан, күтем осы қара шаңырақты, кетпеймін. Манас шіріген жұмыртқа, қайтейін... Тек Мәлігімді көрсетіп тұрсаң болғаны, содан көз жазып қалмасам болғаны...

Жамаш әжей сол күні бүк түсіп жатып алды. Тек кешкісін ғана басын көтеріп бір шыны-аяқ шәй ішті де:

— Зияшжан, мен біртүрлі ауырлап тұрмын, Мәкеңді өзің алып жатшы бүгін, — деді. Зияш тілегін орындады.

Әжей түні бойы ұйқтай алмай шықты, Зияш түнімен бұқылаумен болды оны.

* * *

Тағат таппай шиқылдап қос қарлығаш қораға бір кіріп, бір шығады. Есік алдында шуақта отырған әжей мен Мәлікті айналып ұшып, қанатымен сипап өтеді. Әбден мазаланған құстарды көрді де, әжей Зияшты шақырды.

— Зияшжан-ау, Зияшжан! — Зияш келді. — Қораға баршы, балам, мына байғұстардың шырылдауын қарашы, тіпті өлер болды.

Зияш қораға кіргенде, тап-тарғыл ұры мысық қораның қақ төрінде тілімен мұртын жалап отыр екен, Зияшты көріп, далаға атып шықты. Белағаштағы қарлығаштың ұясы жерде құлап жатыр. Сары езу балапандарының бірі де жоқ.

Жырткқыш қора төбесіне қойылған жуан бөрененің қырымен өрмелеп барыпты да, ұяны құлатып, азығын тауыпты. Әжей бірден білді, сонда да болса Зияштан:

— Бәрін жеп қойып па? — деп сұрап еді.

— Ұяны құлатып, түгел жалмапты, — деді Зияш.

— Ой, әттеген-ай, ә!.. Сорлы басым алғаш неге аңғармадым, қап!..

Құстар шырылдап, біраз ұшып жүрді де, бір мезетте шырқау биікке көтеріліп, ғайып болды, содан қайта оралмады.

Анадайда ойнап отырған Мәлікті Зияш көтеріп алып, үйге кіріп кетті...

— Қап, әттеген-ай, ә!.. Обал болды-ау бишараларға, — деп әжей де үйге кірді. — Ой, тоба!.. Мұндай да болады екен?! Зияшжан, менің оң көзім суырып, өлтіріп барады. Мана қарлығаштар шырылдап жүргенде, бірі көз алдымнан ұшып өтіп еді, қанаты осы көзімді сипап өткендей болды ма, қайдам, әйтеуір, миымды солқылдатып тұрғаны.

Зияш келіп әрі-бері қарады да, ештеңе көре алмады. Бәрі орында сияқты. Бірақ енесі:

— Мен жатпасам болар емес, әлсіреп барам, Зияшжан, — деді де, төсегіне жастық қойып қисайды.

— Дәрігерге барайын ба, әже?

— Әй, балам, қоя ғой оны. Мені құдай алады дейсің бе, басылар. Әзірге әкетіп бараткан ештеңе жоқ.

Кешкі тамаққа әжейдің зауқы шаппады, болар-болмас талшық етті де, төсегін салдырып жатып қалды. "Мәлікті қайтер екен" дегендей Зияш қарайлап еді, оған да оншама көңіл бөлуге мұршасы келмеді, тек:

— Мәкеңді бүгін де өзің алып жатшы, балам, — деді. Зияш Мәлікті тербелмелі кішкене темір төсегіне жайластырып, өзі де сол енесі жатқан бөлмедегі диванға төсек салды.

Түн ортасы ауған шақ. Ай әлі бата қоймаған. Жаздың балбыраған балауса түні.

— Зи-и-и-яш-жа-ан... Зияш... — деп қырылдаған енесінің даусын есітіп, Зияш ұшып тұрып, шам жақты.

Енесі шалқасынан жатыр екен. Еріндері әзер қимылдайды. Оң қолы төсектен салбырап түсіп кетіпті, сүп-суық, зілбатпан. Зияш оны көтеріп көрпе ішіне салды.

— Оң аяқ, оң қолым жансыз, Зияшжан, қимылдамай қалды.

Әжей әзер сыбырлайды, су сұрайды. О, сұмдық! Енесінің оң көзі қайда?! Көздің орнында үңірейген тесік қарауытады, жоқ, жанары әлдеқайда батып кетіпті, терең құдықтың түбіндегі судай әзер шыңырауда жылтырайды. Зияштың зәресі зәр төбесіне шықты. Апыл-ғұпыл киімін киді де, докторға ұшты. Жол-жөнекей әке-шешесін оятып, өкпесін қолына ұстап, ұшып барады.

Ол докторды ертіп келгенде, әкесі мен шешесі әжейдің төсегін қоршап отыр екен. Доктор әрі-бері қарап көрді де, басын шайқады.

— Паралич... Прогрессивный паралич, — деді.

Әжей сөйлеп жатыр:

— Я, аллам, тірі масыл етіп, қор етпе, тарт аманат жаныңды... Зияшжан, басымды көтерейінші, тұншығып барам...

Зияш жастығын биіктей берді.

— Таң атысымен аудан орталығына ауруханаға жеткізу керек, — деп доктор кетті. Әжей сөйлеп отыр:

— Алланың кәріне ұшырайтындай жазығым жоқ еді... Болты енді, қайтейін... Айналайын құда-құдағиым, сендер табалай көрмеңдер мен бейбақты... О, қу жалғыз! Не дейін саған, аман бол, қайтейін... Зияшым... Аяулым... сен оған Назаланба... Әй, қу жалғыз... — дей беріп талықсып өксіп кетті.

Ертеңгісін әжей біраз тыншып, қалғыды. Зияш Манасқа телеграмма жіберді. Көңіл сұраған ауыл адамдары кіріп-шығып жатыр. Зияш енесін аудандық емханаға апарудың қамын жасауда.

Сәске кезі еді. Әжей деміге бастады, тілі байланды. Жалғыз сау көзімен жиналғандарға жаутаңдап қарай береді. Зияшты қасынан екі елі жіберер емес. Сәлден кейін әжей иегін көтеріп, бірдемені ымдады Зияшқа, ол түсінбеді. Түсініксіз күбірдің арасынан "Мәкен" деген сөзді түйіп, Зияш Мәлікті әкелді. Мәлікке бір, Зияшқа бір қарай береді. Қоршап тұрған жұрт арасынан тағы біреуді іздейді қарт: іздейді де, таппайды. "Баласын күтіп жатыр... Алда, шер жүрек ана көкірегі-ай!" — дейді отырғандар.

Сол қолын зорға көтеріп, Зияшының маңдайын сипады. Кенет Мәлікке тесіле қарап қалды да, ауыр бір күрсінгендей болды. Иегін бір-екі қақты да, әжей дүние салды. Зияш боздап кеп құша жығылды. Осынау жарық дүниені тәрк етіп, белгісіз, момын жан — абзал Ана — тыншықты.

Манас кеп қалар деген үмітпен, жұрт болып әжейді сүйегін бір күн жерлемей бақты. Күн ыссы, бұзылар болғаң соң, амалсыздан келер күні түс қайта мәңгілік мекеніне табыс етті. "Жалғызымнан бір уыс топырақ бұйырса болғаны", — деген Ана арманы орындалмады, Манас жерлеуге үлгермеді.

...Көшенің шаңын шаңына қосқан жеңіл машина жұлдыздай аққан бойда Зияштың ауласына келіп кірді. (Бұл келесі күні еді). Сыптай түзу қара сұр жігіт машинадан түскен бойы асыға кіріп келгенде, Зияш ауыл адамдарымен бірге үйде отыр еді. Жігіт босағада тұрған бойда қалды, қарсы алған, көңіл айтқан бір пенде жоқ, бәрі де үнсіз. Сырттан біреудің "Мекем" деген зор даусы естілді. Әлгі жігіт сонда барып есін

жиып: "Анам, анашым!" — деп, әдемі қоңыр даусымен күңірене жөнелді. Ат қойып, жылай кірген Әшір екен. Манас онымен көріспек болып еді, Әшір оған бұрылмай, Зияшқа барып көрісті. Әзер отырған Зияштың жүйесі босап кетті. Егіле берді, тамшыдай тұнық жасы омырауын жауып, төгіле берді. Жылау-сықтау басылып, үйде тағы да үнсіздік орнады. Манасты жұбатып, сабыр айтқан ешкім жоқ.

Зияш орнынан тұрып, баяғы әжесі оқушы балаға жаздырған хатты Манасқа ұстатты да:

— Ал енді қош, жолың болсын, бар, — деп, есікті шалқасынан ашып тастады. Манас хатқа қарап біраз тұрды да, салбырап шығып бара жатыр еді, Әшір орнынан атыла тұрып, оның жағасынан алып, екі жағынан тартып-тартып жіберді, арашалаған адам жоқ. "Кет қазір! Оңбай кетейін, өлтірем!" — деп тістенді ол. Манас кетті.

Ауыл сыртындағы қыраттағы бейіт басында қорабы күнге шағылысқан жасыл "Волга" күн батқанша тұрды, назар аударған жан болмады оған. Манасқа деген Зияш сезімін Ананың өлімі біржола суытты.

* * *

Жаңа оқу жылы жақындаған сайын Зияштың мазасы кетті. Әсіресе түнеу күні Нұрышпен жолыққалы бері "қонысқа аударсам ба екен" деген бір ой миынан шықпай қойды. Тек қана бір ауыз мақұл деген сөз ғана. Әшір Зияш тұрғысынан соны естісе, бар дүниені талақ етуге даяр тұрғанын Зияш Нұрыш айтпаса да біледі. Сондықтан да Әшірдің көзіне көрінуге қорқады. Әлде тәуекелге деп, сәті түсіп тұрғанда, көзін тас жұмып, таба ма Әшірді. Болмайды, болмайды! Әйел жүрегін, әйел мұңын түсінеді ол. Өзі келмеген бақытты өзгеден тартып алуға ешқандай қақысы жоқ. Өмір оны осыған үйретті. Өзгенің көз жасын ағызып, өзінің көңілін сергіткені құрысын.

Нұрыш байғұс екіқабат екен. "Кеш мені, Зияш? Сен де әйелсің ғой, түсінесің, білесің бәрін де... Әшір менен суып, алыстап барады. Сенем сенің адалдығыңа... Қи маған Әшірді. Құлай сүйген пақырды құрығыңа алмай-ақ қой, ақылыңды айт Әшірге. Қызғанып та, қызықтырып та көрдім, бір жібімейді. Осы бір момынның қанатының астына кіріп, таптым ғой бақытымды деуші ем... Одан айрылып қайда барам, кімге керекпін, кімнің мұзынерітем, Зияш, ая мені, кеш, сіңлім", — деп қиылып еді ол.

Осы үшін де Зияш туған аулын, әке-шешесін, коллетивін тастап, басқа ауданға ауыспақшы енді. Қаншама сарыла ойлағанмен, осы тұжырымға орала берді, ақыры берік байламын жасады. Әшір көзінен аулаққа кетеді, адасқан махаббатты іздеп қайтсін...

Зияштың есіне Дариға түсті. Қайда екен?... Апырай, осындайда сыр ағытар бір жанның жоқтығы-ай...

...Ауыл болып Зияшты алма-кезек құшақтап, көрісіп жатыр. Бәрі де сәт сапар, бақыт тілейді оған. "Қайда жүрсең, аман бол, бет алған бағытыңнан жарылқасын, қарғам" — деп шешесі аңырап тұр. Құшақтай сүйіп, егіліп Нұрыш жүр. Кәрі Ақтөс есік алдында шоқиып, созылта ұлиды.

Жүк тиеліп, Мәлікті алдына алып, машинаға отырды. Туған жерден аттанудың қиыны-ай... Бәрі бұлдырап қалып барады. Зияш кабинадан басын шығарып, ең соңғы рет қыр басындағы қабірге қарады. "Хош, әже! Асыл әжем, хош!" — деп күбірлеп, көзін іркіп алды. Бадана көзін бақырайта қарап, дүниеден бейхабар Мәлік отыр.

Ауылдан әудем жер ұзағанда, алдарынан машина көрінді. Қатарласа кеткенде Әшір екеуі бірін-бірі көрді де, екі машина да тоқтай қалды. Екеуі де кабинадан шықты. Дала да құлазып жатыр, қуаң тарта бастапты.

Әшір машинадағы жүкке бір, Зияшқа бір қарап аң-таң.

— Ал енді хош, Әшір. Мені басқа ауданға ауыстырды.

Әшірдің өңі бұзылып, не дерін білмей тұр, терлеп кетті.

— Хош, Әшір. Ұмыт бәрін де... Жарыңды ренжітпе, баланды сүй, момын бауырым...

Дардай жігіттің көзінде бір-екі сараң жас іркіліп қалды. Зияш оның тершіген маңдайын баурына алып ұзақ тұрды да, шөпілдетіп сүйіп-сүйіп, машинаға отырып, жүріп кетті.

Әшір ұзақ тұрды. Машина бел асып, көзден ғайып болғанда ғана:

— Хош, Зияш, хош! — деп жол шетіне отыра кетті...

# ЖЫЛ ҚҰСТАРЫ

Жаз. Тал түс. Тау бөктеріндегі шаңытқан, борпылдақ қара жолмен жиырмалар шамасындағы қыз келе жатыр.

Ол бүгін ұзақ жол жүрді. Тотыққан өңінде қажу бар, шөліркеген ерні кезеріп тұр. Темір қобдишасы мен жолға алған жеңіл чемоданын жол шетіне қойды да, біраз дем алды, бірақ отырмады. Желпи соққан самал шыт көйлегінің етегін қабыстыра береді. Бір байлам басындағы орамалын қолына алып, төңірекке ұзақ қарады. Тырс еткен тірі пенде жоқ. Айнала таулар, таулар...

Тағы да жол. Айналасын тау қоршаған иесіз далада жалғыз қара жылжып барады. Жол шетінде жалғыз-жалғыздан, қос-қостан құлазыған молалар. Тау жаңғырықтырып мылтық даусы естілді. Жағасын тоғай жапқан қара су кездесті. Судың арғы жиегіндегі ашық алаңда төрт-бес күмбез тұр. Әлдеқайдан жалғыз көкектің мұңды үні шығады. Әлгі жолаушы біраз жүрексініп тұрды да, аяқ киімін шешіп, қобдиша мен чемоданын бір қолына алып, бір қолымен көйлегін тізеден жоғары түрінді де, суға түсті. Су тереңдеу екен, көйлегінің артқы етегі суға малшынып барады. Жағаға жетті. Көкек үнінен бөтен сыбыс жоқ. Аяқ киімін киіп, орынан енді көтеріле бергенде, тоғай арасынан шыға келген адамды көріп, селк ете түсті. Екеуі бір-біріне біраз аңтарылып тұрғаннан кейін, әлгі адам бұрылып, қайта кетпек болып еді, қыз үн қатты:

— "Ынтымақ" дейтін ауыл әлі алыс па?

Жас жігіт айбалтасын ұстаған қалпында аңырып біраз тұрды да:

— Алыс емес, әне көрініп тұр, — деп, тоғайға қайта еніп кетті.

Ауылдық советтің де, артель басқармасының да кеңсесі аласа, тоқал там үйге орналасқан. Домбайлап қолдан жасалған қиқы-шойқы екі үстел басында екі адам отыр. Бірі — қырықтың ішіндегі, ірі сүйекті ер адам. Артель бастығы — Бизақ. Екіншісі — етженді, отыздың бел ортасындағы әйел. Ауылдық советтің председателі — Көзімжан.

— Сәлеметсіздер ме? — деп, кіріп келген қызға қарап отырғандар үдірейісіп қалды. Қыз заттарын бұрышқа қойды да, басынан орамалын уыстап сыпырып алып, шашын ретке келтіріп, бөлме ішін бір шолып өтті де, үш адам отырған қисық сирақ ағаш скамейкаға отыра кетті. Ауылдық

советтің председателі оған көз жазбай қарауда. Қыз сәл ыңғайсызданып, қызарды.

– Жағдайды көріп отырып көз жұмғандарың ұят болады. Әңгіме сол — таңертең көліктеріңді әкеліп тапсырыңдар да, өздерің шалғыға барыңдар!

Бағанадан үнсіз отырған үшеудің бірі — найза сақал, арықтау келген сары шал қалпағын оң қолына мыжып ұстаған қалпымен, бастыққа қарап, зілмен сөйледі:

— Шөбің түгіл, жау шауып жатыр десең де жалғыз атымды бермеймін. Сендерде не қанағат дегеннен, не нысап дегеннен ешнәрсе де қалмады ғой өзі. Қыр Сібір айдатам, тәрік қылам деп қорқытып бір алдың, ортаға қой, жарылқаймыз деп алдарқатып тағы алдың, ендігі істеп отырғандарың әлгі. Айдатып жіберсең де ат жоқ, Е, шалғыңа болса, өз көлігіммен өзім көмектесермін.

— Сіз олай деп аспаңыз, қария. Білсеңіз, сізге деген туысқандықты бізден артық ешкім де жасамас еді. Құдайға тоба деңіз, көрнектіге тартылған жоқсыз. Кетсе, қиырға балаларыңыз өзі кетті, біз қуғамыз жоқ, — деп, ауыл совет председателі баппен темекісін тұтатып, сорып-сорып жіберді. Сары шал атып тұрып, ашуға басты.

— Сен, бикеш, шылымыңды ширата берме, — деді ол көлекелей бет аузын қисаңдатып, көкірегін қиқаңдатып. Отырған екеу де, бастық та жымиып төмен қарай берді.— Сені бедеу қылған құдай мен емес. Әкеңнің құны қалған жоқ менде, аларыңды алдың, істеріңді істедің! — деп, қалпағымен сол алақанын соғып-соғып қалды.

— Тартыңыз тіліңізді! Сіз кіммен сөйлесіп тұрсыз! — деп, Көзімжан үстелді бір қойып, орынан ұшып тұрды. Сары жібек орамалы сәл кейін сырғып, самай шашы қобырап кетті.

— Үйбәй, тақсыр, сізбен... Құлдық, тақсыр, құлдық, — деп, сары шал есікті тарс жауып, тайып тұрды. Қалған екеу де бірге ілесіп кетті.

Артель бастығы ауыр күрсінді де:

— Қызым, шаруаңды айт, қайдан жүрсің? — деп, төмен қарап үнсіз отырған қызға бұрылды.

— Қырғызсайданмын, ауданнан. Бір-екі жылдық дәрігерлік курсты бітірдім. Губком сіздерге жіберді. Балалар шешекпен ауырады дейді, соларға жәрдем көрсетпекпін.

— Дәкіметің бар ма? — деді әлі де ашуын тарата алмай отырған Көзімжан сәлден соң.

Қыз темір қобдишасын ашып, документін көрсетті. Көзімжан оны қараған болды да, қайыра беріп:

— Орыспысың, ноғаймысың? Атың кім?

Қыз сәл езу тартып:

— Орыспын. Мария Николаевна Шапалова. Маруся дей беріңіздер, — деді.

Артель бастығы Бизақ жадырап сала берді.

— Қызым-ау, қазақшаны қайдан жүріп үйренгенсің?

— Біз үй ішімізбен қазақша сөйлейміз.

— Жарайсың, қызымке, жарайсың! — деп, Көзімжан да әлгіндегі ашуы сейіліп, жібіп кетті.

— Хал нашар, Маруся. Шешек деген пәле келіп, балаларды баудай қырқып жатыр...

Артель бастығы Марусяның заттарын алып, үшеуі де сыртқа шықты.

Ауыл тым-тырыс. Күн ыссы. Әр үйдің есігі алдынан ақ кимешекті әжелер ғана анда-санда қара көрсетеді. Бір кемпірдің: "Әшір! Әй, Әшір! Ой, үнің өшсін, үнің өшкір жүгірмек! Ой, жуадай сол, Әшір! Жер жұтып кетті ме ей жүгірмекті?!" — деген үні естілді. Оқыра қуған үш-төрт сиыр кеңсенің көлеңкесіне келіп паналады.

Көзімжан мен Маруся Көзімжанның үйіне қарай бұрылды. Көзімжан әр нәрсені шұқылап сұрай береді.

— Қалай, қызым, басекеңдікіндегі жеңгей қолайыңа жақты ма?*

— Так себе ничего, — орысша жауап қайтарып, артынша дереу: — жаман адам емес, — деп түйіп қойды.

— Нишауасы, нишауа-ау. Эх! Бизақтай жігітке мынадай әйел керек қой, — деп, бас бармағын барынша қайқайтып қойды Көзімжан.

Көзімжанның үйі. Тап-таза. Едені жер дегені болмаса қабырғалары да, төбесі де сары сылақпен мұнтаздай сыланған. Төргі текеметтің үстіне құрақ көрпе төселген. Әппақ шымылдық құрылып қойған, сырлы ағаш төсек. Жапқыштары да мұнтаздай. Кестелі киім жапқыштың шашақтары төгіліп тұр.

— Міне, менің үйшігім осы, қызым, — деді де, Көзімжан босағада ілулі тұрған қырғыз өрме қамшысын алып, былғары етігінің қонышын тартып-тартып қалды.

— Бір қамшым, ертоқымым үшеуміз тұрып жатырмыз! Ал мұжық нету.

---

* Осы араның алдындағы оқиғаны әлдекім ағат қысқартып жіберген болу керек (Құрастырушы).

Қамшыны орнына ілді де, бешпетін шешіп, алдына алжапқыш байлап жатып:

– Мен ас әзірлей қояйын, сен самауыр қайнатып жібер, шелекте су тұр, — деді.

Көзімжан ауызғы кішкентай бөлмеде, ошақ басында ас әзірлеп жүр. Оның жуан, сом балтыры былғары етіктің қонышын жарып кете жаздайды. Оқтаудай білегі бұлтыңдап, камыр илеп жатыр. Желкесіне түйіп алған қос бұрымы шоқпардай. Қимылдаған сайын мол кеудесі дір-дір етеді. Жалпы, Көзімжан бойында жасырынып қалған жастықтың жігері электр қуатындай ойнап тұр, жағып қалсаң, жарқ ете түсетіндей.

Шәй да, ас та әзір. Екеуі ас үстінде. Үй іші салқын. Сықсиған жалғыз терезеге тұтылған шыт перделен күн сәулесі болымсыз түседі. Шәйді Көзімжан өзі құйып отыр.

— Маруся, сен менің үйімде бол. Бала жоқ, бабай жоқ,

Маруся үндемеді.

— Білем, қызым, білем. Бәсекеңнің үйіндегі жеңешең шуаяқ адам. Қайбір жағдайың болар дейсің? Осында бол! Әке-шешең бар ма?

— Әкем бар, шешем жоқ, екі жыл болды...

— Нешауа, қызым. Мен әкемді де, шешемді де көрген емеспін. Үш бірдей бала жасымыздан жетім қалыппыз. Бір байға ағайындар сатыпты, өкімет орнағаннан кейін ол Қытайға қашты, мен қалдым. Несін сұрайсың, қызым, менің өмірім айтса таусылмайтын ертегі...

Күн әлгінде ғана батқан. Бейуақ. Үйде шишасыз жетінші шам қызарып тұр. Үй іші алакөлеңке. Көзімжан төсек салып жүр. Маруся далаға шықты. Жерден ыстық күннің аптабы әлі кетпепті, тымырсық.

Көрші қорадан біреудің: — Чо! Чо! Мына сасыққа бірдеме көрінген бе?! — деген даусы естіледі, шамасы, сиыр байлап жүр. Оқта-текте қозы маңырайды. Бірде жылғаның арғы жағынан шабындықтан "бытпылдық, бытпылдықтаған" бөдене даусы келеді. Тағы бір сәтте қоңыр дауысты ер адам салған ән қалқиды. Елең-алаң іңірдегі дабыр-дүбір тына қалды.

Ән! Арманын да, азабын да, қуанышын, қасіретін де әнге сыйдыра білген айналайын елім-ай! Зарығып келген, жалынып келген үн естісем, ол — сенікі. Әзілі апшыны қуырып, қыртыстаған қабақты жадырататын сал-серінің ойнақы үнін естісем, ол да сенікі. Кер тайлаққа жүгін артып, туған жерден үдере көшкен, босқан айыр сақал атаның,

кейуана ананың боздағанын естісем, ол да сенікі. Бәрі — сенікі. Адуын батырым да, данышпан ақыным да — сен, даламдай дархан, тауымдай төзімді менің халқым!!!

Қоңыр кешті қоңыр үн әлдилеп барады. Таулар талмаусырап сұлық жатыр. Жылғаның суы сәл сылдырап, жәй ағуда. Қыз-келіншегі аралас, бір топ жас айыр-тырмасын иыққа алып, бір қолымен ұзын көйлектерінің етегін қымқыра көтеріп, судан өтіп келеді. Ән әлі баяулап тұр. Суаттың жағасына апарып біреу ат арқандауға қазық қағып жатыр. Бизақ бастық үйіне кеп аттан жаңа түсті де, ат байлаған қалпында тұрып қалды. Бәрі де үнсіз. Бұл аймақтың жанды-жансызы ән сазына түгел ұйыған. Көзімжан төсек-орынды жайлап, сыртқа шықты. Маруся там үйдің бұрышына сүйеніп әлі тұр. Үй ішін сағынды ма әлде көзі әлі үйрене қоймаған қазақ ауылының мына жадау тіршілігін аяды ма, екі көзінен жас парлап, үнсіз егіліп жылап тұр. Жылауына әлдеқайдан мамырлап шыққан мына бір әннің себеп болғаны ақиқат.

Оның жылап тұрғанын Көзімжан байқамады. Әнді сәл тыңдады да:

— Екі жыл болды, осы бір сиқырлы, қу дауыстың кімдікі екенін таба алмай-ақ қойдық. Ылғи осындай елең-аланда немесе түнде, бір ұйқыдан кейін шығады өзі. Бұл кім екен? Бұл ауылда бұлай ән салатын адам жоқ. "Пері, сиқыр" деп қариялар өзінше жориды, солардікі рас па деп те қалам кейде.

Ән батқан күннің қызылындай баяулап барып сөнді. Таудың арғы жағынан айдың жартысы көрінді.

Көзімжан Марусяны ағаш төсекке жатқызды да, шырағданды өшіріп, өзі төр алдына жайғасты.

Екеуінен де ұйқы қашқан. Екеуі де дөңбекшуде. Көзімжанның көз алдынан қою мұртты, ірі сүйекті, биік Бизақ бастық кетер емес. Оның байсалды қимылы, түксие қарағанда түнеріп, көзін жауып кететін жар қабағы да көз алдынан кетер емес. Кәдімгі қолдан құйған ер адамның ескерткіші сияқты сом-сом тұлғасы елестейді де тұрады. Өзі көп сөйлемейді, сөйлесе баяу айтады, бірақ байлап айтады.

Көзімжан осы бір мұртты бастықпен өзінің арасында жуырда ғана кездескен, бірақ сіріңкенің отындай тез сөнген ұшқынды есіне алды.

Екеуі ауданға жиналысқа барып, бірге қайтқан-ды. Жол ұзақ, шаруа жайын біраз әңгімелесті де, екеуі де үнсіз келеді. Тоқжарау екі ат та аяқтарын сараң басады, жүргісі жоқ,

танауларын тартып, пысқыра береді. Өз ойымен өзі болып, түнеріп келе жатқан бастық кенет:

— Болыс-еке, біз бұл жүріспен бүгін ауылға жете алатын түрымыз жоқ. Кәне, бір желпініп алайық. Сенің қыздан, менің жігіттен қай жеріміз кем, "Қызқумақ" жасайық, — деп, Көзімжанның астындағы құла атты құлаштап тұрып қамшымен осып-осып қалған.

Қаннен қаперсіз келе жатқан құла атырылып ала жөнелген. Бизақтың торысына құла аттың маңайлатпайтынын сезген әйел жүрегі ат басын ірке берген. Әйтсе де бастықтың да, оның торысының да делебесін қоздырып, екіүш шақырым жерге еліктірген. Торының қауқарының үстігіне көзі жеткеннен кейін, көпе-кернеу құланың тізгінін сол тартып, бастыққа қуып жетуге ерік берген-ді. Міне, ол жақындап қалды. Мүмкін, қазір қуып жетіп, ауыр қолын иығына артар... Мүмкін... Ауданнан шыққаннан бері үнсіз келе жатқан бастық жақындасудың жолын осыған әкеп тіреген болар... Әттеген-ай, олай болмады. Құланы "қуып жеткен" торыны бастық бір жаққа бұрды да, сәл озып барып тоқтап, қақпадай айыр кеудесімен артына бұрылып езу тартып, жымиып қана тұр. Міне сонда, әлгінде ғана әлденеге ынтыққан әйел жүрегі булығып, ауыздықсыз ашуға басқан.

— Кезек сіздікі, қашыңыз! — деген де, торыны бұл да тартып-тартып жіберген. Ат тізгінін бастық та қоя берген. Иесінің ашуын сезді ме, құла ат торыны құтқармай құйындай басқан. Ал Көзімжан Бизақтың жалпақ жауырынына қырғыз өрме қамшымен салсын кеп, салсын кеп. Бастықтың күреңіткен бетіне қаны ойнап шығып, шамданайын дегесін, соққысын тыя қойған. Екеуі сол бойдан үн-түнсіз кешқұрым ауылға келген. Айырлысарда ғана Бизақ:

— Көзімжан, қаруын қайтаратындай қылық істеген жоқ сияқты едім саған, ашуың қатты екен, аямадың ғой, — деген-ді.

— Азаматсыз, кегіңіз кетпес... — деген де, кете барған Көзімжан...

Соншама нән еркектің күш-қуатын, жан жүрегін жалғыз пайдаланып жүрген, тұлға-тұрқы өзінен әлдеқайда кем әйелден Көзімжан Бизақты қызғыштай қызғанып кетті. Төсегінен тұрып, темекісін тұтатты, шыдамады...

Маруся өз ойымен жатыр. Не істеу керек? Бүгінгі күннің қылық-қияпетінің бәрі оның көзінің алдынан алма-кезек ауысып жатыр. Міне, ол темір қобдишасын ұстап, үй-үйді

қыдырып жүр. Бірақ бәрі де бос сандалыс, балалардың әжелері, аналары баласын емдетпек түгіл, маңайына да жолатпайды. Тіпті, кейбіреулері үйіне қарай беттеген Марусяны көріп, баласын тарс бекітіп, өздері есік алдына шығып, ұршығын иіріп отырады да қояды, жарытып жауап та айтпайды. Бір түрлі үреймен қарайды оған. Ол баласы бар деген барлық үйді аралап шыққан.

Енді ауылдың күнбатысындағы ең соңғы үйге кірді. Есік ашып, кіріп барғанда шәй құйып отырған балалы әйел:

— Көтек, орыс қой мынаусы! — деп, орнынан атып тұрды. Төрде отырған төрт-бес кемпір де кеселерін қойып, адырайыса қалды.

— Неге шошыдыңыз, жеңге? Орыс көрмеп пе едіңіз? — деді Маруся да жұлып алғандай.

Төрдің ортасында отырған күндігі дағарадай, еркек дауысты зор кемпір:

— Ә, ноғайдың қызы екен ғой, отыр, қарағым, — деп басу айтқан болды.

Төсекте ауру бала жатыр. Аурудың екі қолын бөзбен орап, шандып байлап тастапты. Баланың беті-аузы албырап жатыр, көзін аша алмайды. Отқа күйгендей әр-әр жері қолбырап тұр. Маруся оған еңкейіп қарады да, баланың бұл дүниенікі емес екендігін іштей түйді де қойды. Төрдегі зор бәйбіше шәйді сораптап, гөйітіп отыр. Қалғандарының бәрі соның аузына қарап аң-таң.

— Бұл жарықтыққа ешқандай ем істелмейді. Алланың өзі сақтар. Бұл да бір, жылқының сақауы да бір. Жұмыр басты пенде мұнымен бір-бір ауырып тұрады қалайда...

— Бекер айтасыз, шеше, балаларды шешектен сақтандыруға, онымен ауырмайтын етуге толық болатыны ғылымда дәлелденген. Шешекке қарсы алдын ала емдеу, дәрі егу — әрі қарай бітіп жатыр. Ал сіздер балаларды көпекөрнеу ажал аузына апарып беріп отырсыздар. Ектіріңіздер, балаларыңыз шешекпен ауырмайтын болады.

— Алла біледі. Алланың қолында... — деп, зор бәйбіше жақтырмай қалған.

Тауы шағылып, Маруся ол үйден де ренжіп шыққан. Не істеу керек? Өлгені өлді, ауырғаны жатыр, ал енді қалған сәбилердің өмірін қалайда арашалап қалу керек қой. Қартаң әкесін құйттай сіңлісімен қалдырып келгеніне жараса, дым тындырмай жүрмей, борышын ақтауы керек қой.

Ойлар, ойлар... Тоқта, тоқта... Егерде... Маруся жанын

мазалаған шытырман ойларын бір жерге топтағандай болды. Оның көз алдына қайсыбір күнгі жылға жағасында шомылып жүрген балалар келді. Аз ғана ауылдың аяғымен жүретін балалары сонда баратын көрінеді. (Оның ойында ертең іске асуге тиіс әрекетінің жоспары сызылып жатты).

Мінеки, ол чемоданының түбіндегі құмандай құйма қантты тендей етіп ұсақтады да, бөз дорбаға салып, темір қобдишаны ұстап, жылғаға тартты. Жылғаның жағасы толған қап-қара ши борбай, торсық қарын балалар. Бірі суға түсіп, бірі жағадағы тасқа, құмға бауырын төсеп, рахаттанып жатыр. Балалардың айқай-шуы құлақты тұндырады. Маруся жақындағанда олар дүр үрікті.

— Қорқпаңдар, қане кімнің қант жегісі келеді, міне қант, — деп, дорбасынан бір түйір қантты алды да аузына салды. Сірә, "атаманы" болу керек, 11 — 12-лерге келген, шашы өсіп кеткен, таңқы мұрын біреусі тоқтап, сенер-сенбес қарап тұр.

— Келіңдер, қорқпаңдар. Бәріңе де жетеді. Міне, қант, — деп, Маруся дорбаны сілкіп-сілкіп қойды. Балалардың назары Марусяда. Жаңағы атаман сарбаздарымен шүйіркелесіп:

— Иә, қуын қара, алдайсың, — деді.

— Алдасам, мә, жеп көрші мынаны, — деді де, Маруся бір түйір қантты арғы жаққа лақтырып жіберді. Бәрі де апыр-топыр тұра ұмтылды. Қантқа бәкене сары ие болды. Балалардың назары сонда. Ол қасқа тісімен титтей сындырып, дәмін алып көрді де, "тәтті-ей" деп "атаманға" ұсынды. "Атаман" да бір тістеп, дәмін алып, тағы біреуіне берді. Қант екеніне бәрінің көзі жетті.

Атаман бастап Марусяның қасына келді.

— Алдымен былай, бойларыңа қарап сапқа тұрыңдар, содан кейін мен сендерге қант үлестірем, — деп Маруся оларды сапқа тұрғызды. Бәрінің көзі бөз дорбада. Әсіресе саптың ең соңында тұрған кішкентай қараның кейпі қызық-ақ. Басын сәл иығына сүйеп, бір езуінен сілекейі шұбырып кетіпті.

Маруся дорбасының аузын ашып, жерге қойып, темір қобдишадан аспаптарын алды. Балалар таңырқап тұр.

— Балалар, алдымен сендерді емдеймін, ауырмайды. Қане, қайсың батырсыңдар? Кім емдетсе, соған қант берем, — деп, балаларға қарады. Олар үдірейіп қалды. Тұра қашудан да тайынып тұрған жоқ. Бірақ қанты құрғыр да тәтті-ау.

Әлгінде лақтырған қантты қақшып алған сары бір басып, екі басып Марусяға жақындады. "Атаманға" қарап қояды,

ол үнсіз ақырын күтіп тұрғандай. Маруся сарының оң қолының үш жерін сызып-сызып, мөлдіреген дәрі құйып, ақысын берді. Сары қантты алып кеміре бастады. Сол-ақ екен: "Маған, маған, мені, мені", — деп, қалғандары иығын төсей берді. Бәріне де шешекке қарсы ем жасалды.

Басқа жағада шомылып жүрген қыздар да келді.Олар да парызынан құтылып, сыбығасын алды.

— Енді үш күн суға түспей, үшінші күні осында келіңдер, тағы да қант болады, қызық-қызық ойындар үйретем, — деді. Балалар уәде берді.

Ертеңгі жоспарының жұмысын осылай бекітіп, көз алдына елестеткеннен кейін, Маруся сәл езу жиып, күлімсіреді де, ұйқтап кетті. Оның бұл ойы сол күннің ертесінде-ақ қаз-қалпында іске асқан-ды...

Ауылдың атақты желаяғы Қаден сыпың қағып бір үйден кіріп, бір үйден шығып жүр. Ерні ерніне тимей бір хабарды жеткізуде. Нақ біреу бәйге беретіндей-ақ қазық аяғын қадай басып лыпыңдайды.

Есік алдында ұршық иіріп отырған екі кемпірге келіп, бір тізесін қолымен басып, асығыс сәлем жасады да, олардың батасын күтпей-ақ;

— Сұмдық, жеңеше, сұмдық! Шойынқараның (Сәлімді ауыл осылай атайтын) үйіндегі келініңіз қорқытып жатыр. Ертеңнен бері толғатып, әлі босанған жоқ. Мәрту басса керек. Тәуіп жеңешем де сонда, мені Молдекеңе жіберді. Қасиетті адам ғой, ертіп кел, мүмкін, со кісіні көріп серпілер, — дейді.

Бір тізерлеп отырған қалпында сартылдап-сартылдап айтарын айтты да, Қаден Сақанікіне қарай қаздаңдай басып кетіп барады.

Ана жан терге түсіп жатыр. Тек жарқырағаны болмаса, көзінде жанар жоқ. Су түбіндегі әйнектің сынығындай нұрсыз, ұшқынсыз мөлдіреп қана қояды. Қинала-қинала үні де қарлығып қалыпты. Оң жағында отырған еркек дауысты зор бәйбішенің иығына әлсін-әлі қолын артып, жанарсыз көздерімен жалбарына бір қарап, қайта қиналады. Бөлменің ортасына адалбақан орнатып қойыпты. Зор бәйбіше жатқан ананы қайта-қайта тұрғызып, бақанды құшақтатып:

— Иә, сәт! Сыйын тоңды еріткен Домалақ енеңнің әруағына! — деп, бебеулеген әйелдің белін тарта береді.

— Қолыңның әлі бар ғой, сен тартып көрші, — деп жиналған бес кемпір кезекпе-кезек белге жармасады. Бала

түспейді. Жан ұшыра шыңғырған ана қара суға шомылғандай терлеп, әлсіреп барып, есі ауып қайта жатады.

Ертеңгі шайдан басталған толғақ әлі тынған жоқ. Күн батты. Жұмыстағы ері келді. Үйелмелі-сүйелмелі үш бала әкесін көріп, жамырай жылап, аяғына оралып жатыр. Кеудешетінің түймесін ағытып жіберіп, үш жасар кенже қызын қойнына қымтап, жұбатып тұр. Қалған екеуі шалбарының екі балағынан ұстап айрылар емес, үрейлі. Мойны ұзын арық кемпір үйден шықты да, Сәлімге бірдеме деген болды. Сәлім үш баласымен есік алдындағы бөрененің үстінде отыр.

Қазандай басып Қаден келді. Сәлімді көріп:

— Құрдас, молдекеңе барып едім, үйінде өзі де, кемпірі де жоқ екен. Іздемеген үйім жоқ, таба алмадым, — деп, сып беріп үйге еніп кетті.

Әйелдің шыңғырған даусы естілді. Сәлімнің қойнындағы кішкентай қызы да жылап отыр. Екі бала әкесіне тығыла түсті...

Сәлім қызын төсіне жабыстырған қалпында Көзімжанның үйіне келді. Кешкі асты ішіп болып, енді жинап жатқан Көзімжан мен Маруся үрейлі Сәлімге таңырқай қалды...

Маруся мен Көзімжан Сәлімдікіне кіргенде, толғатқан ана сәл тыншыпты. Кемпірлер де үрейлі. Бір-біріне сыбырлап бір тізерлеп отырып, әйелді қоршап алыпты. Маруся кірген бойдан баяғы зор кемпірге қарап:

— Шығыңыздар, үйдің ауасын мүлде тарылтып жіберіпсіздер, — деді.

Зор бәйбіше бастаған кемпірлер жақтырмаған пішінмен еріндерін сылпылдатып, далаға шықты. Үйде Маруся, Көзімжан, толғатқан Ана қалды.

Сығырайған май шам шалқи жанып тұр.

Бұлыңғыр. Ана көзін ашты. Маруся оның құрсағын басып көрді де:

— Қимылдай ма? — деп сұрады.

— Түске дейін болар-болмас қимылдап еді, әзір жоқ, қимылдамайды, — деп, қиналып әзер жауап берді де, қайтадан есі ауып кетті.

Маруся әйелді әбден ықтияттап, зерттеп жүрегін тыңдады да, Көзімжанға қарап басын шайқады. Әйел сандырақтай бастады.

— Мен... қазір... Әкіш... Күкен... Сәлім қайда...

— Бала қимылдамайды, өлген әрі теріс келген. Шұғыл операция керек. Ол менің емес, аудандағы дәрігерлердің де

қолынан келу-келмеуі неғайбіл, — деді де, Маруся асығыс үсігіс дәрі алып, әйелге иіскетіп еді, ол сәл есін жинап, көзін ашты да, Сәлім мен балаларын шақыруды өтінді.

Кішкене қызын төсіне жабыстырған қалпында, екі баласын ертіп Сәлім кірді. Кемпірлер де ілесе кірді.

Ана үш баласының маңдайынан иіскеп, талықсып кетті. Шырылдаған үш сәбиді біреу далаға алып шықты.

Батыр тұлғалы Сәлім күректей алақанымен шалқасынан жатқан зайыбының маңдайынан сипады. Әйел де жуған шүберектей құп-қу, әлсіз саусақтарымен ерінің білегінен ұстап, көзін барынша ашып, тесіліп қарап жатыр. Сәлімнің жанарынан бір-екі тамшы сараң жас домалап түсті. Әйел сол қалпында мәңгі оралмас сапарға аттанды.

Әлгінде ғана алыптай көрініп отырған Сәлім бойындағы бар қуатымен жан ұшыра бір өкірді де, екі бүктеліп, шоңқиып отырып қалды.

Найзағай жарқылдап, күн күркіреп, дала да әлемет боп жатты. Маруся қос алақанымен бетін басқан бойда далаға шығып, селдетіп тұрған нөсерге қойды да кетті. Алды-артына қарамай жүгіріп барады. Қап-қара түнекке сүңгіді де ғайып болды.

Күз. Бұлтсыз, бұлыңғырсыз, желсіз, жауынсыз жайдары күз. Ауыл сыртындағы қара жолдан шаң көтерілді. Самалсыз тымырсық күнгі қою шаң жалп етіп жол бойы шөпке қонақтап жатыр. Ауылдан шыққан қасқа жол тауға тартқан.

Сап түзеп, үшкілденіп, қиқулап батысқа бет алған тырналар биікте жүзіп барады. Кенет олардың шуылы көбейіп, қатары бұзылып, быт-шыт бытырап кетті! Бет алған бағытынан бір толқып, кері айналды да, қайтадан сап түзеді. Ноқаттай жалғыз қара шырқау биікке көтерілді де, жұлдыздай төмен сорғалады. Дала бүркіті. Ол бар екпінімен құйылған бетінде тырналар тобына кілікті. Құс мамығы бұрқ етті де, топ тырнаның бірі қара үзіп қала берді. Әне, ол бір қанаты салбырап, жалғыз қанатымен қалқып келеді. Жерге түсті. Көтерілмек болып ұмтылып еді, жаралы қанатын жаза алмай, жорғалады да қалды.

Манадан бері кетпенге сүйеніп, қызықтап тұрған Сапар тұра ұмтылды. Ұзын сирақ бишараны ұстап, қырман шауып жүрген әкесіне әкелді. Әбіт кетпенін қойып, тырнаның сынған топшысын көрді де:

— Қайтесің мұны? Бәрібір өліп қалады. Қоя бер әрі, — деп, ісіне қайта кірісті.

Айнала егін. Биік боп піскен мысық мұрт бидай күбір-күбір, сыбыр-сыбыр желпіп өткен жылы самалмен бір толқып, бойын қайта түзеп алады. Қарт бас алмай қимылдауда. Аракідік еңсесін көтеріп, оң қолының сыртымен белін басып, қайқайып, бой жазып, қайта кіріседі.

Күн бесін. Астық арасынан құлынды биеге мінген Сақа шықты. Таза киініп алыпты. Мәсісі де, жұқа шекпен, қалпағы да су жаңа. Сапар сәлем берді. Сақа Сапардың сәлемін иейілімен алды.

— Немене, кемпіріңді төркініне жіберіп, қалыңдық айттырайын деп жүрмісің? Жол болсын, молдеке? — деп, Әбіт те қол алып сәлемдесті. Молдекең атынан түскен жоқ, Әдемі шақшасын сылдырлатып, ердің қасына тықылдатты да, асықпай насыбайын атып:

— Әй, мешел-ай, қарісең де қарап жатқың келмейді-ау! Қойсаңшы енді, балаң ер жетті, аштан өлем дейсің бе? — деді.

— Ақылыңа болайын, о не дегенің, мырза? Үйренген кәсібін адам көзі жұмылғанша тастаушы ма еді? Баланың тіршілігі өзіне, менікі өзіме, — деп, жұмысын жалғай берді. Қанын ішіне тартып, жарыла жаздап тұрған Сақаға назар да аудармады.

Сақа жәймен кетті.

Күн батты. Әбіт жұмысын тамамдады. Ол күркешегіне барып, кетпенін сүйей салды да, торсығынан сусын жұтты. Сапар жаралы тырнамен әуре.

— Мен шаршадым, осында болам. Сен шешеңе бар. Бизаққа айт. Қырман даяр. Ертең тұлығын жіберіп таптатсын, — деді Әбіт.

Жаралы тырнасын көтерді де, Сапар ауылға тартты, жаяу. Егін ауылдың жоғарғы жағында, үш шақырымдай. Батыс өртеніп бара жатқандай қызыл алау. Ауыл түтіні жіп-жіңішке, тіп-тік баяу қалықтап, көкке сіңіп барады. Төстегі тау бөктеріндегі ауылдан әлдекім шаңдатып келеді. Жерден зорға көтеріліп, бір-екі дуадақ ұшып өтті.

Сапар үйіне бармастан бұрын әуелі Марусяға тырнаның сынығын емдетіп, содан соң Бизаққа әкесінің айтқанын жеткізді.

Төрінің алдында баласымен ойнап жатқан бастық:

— Қартым жарады. Ертең орақшылар да, қырманшылар да сонда болады, — деді.

...Жаз ортасы ауып барады. Әлі де күн аптабы қайта

қойған жоқ, ыссы. Әуе айналып жерге түсіп тұр. Бизақ пен Көзімжан атқа мініп ауылдан шықты. Жылғаның жағасында балалар ойнап жүр, қолдасып, дөңгеленіп алыпты. Орталарында Маруся.

— Болыс-еке, бұл қыз — бізге ғайыптан табылған құс. Қалайда осыдан айрылып қалмайық. Қарашы, әне, балалармен қалай шүйіркелесіп кеткен.

— Атамаңыз. Бәрін де істегісі келеді, амал не, қол қысқа. Бишара қыздың Сәлімнің әйелі өлгенде қайғырғаны қабырғама қатты батты. Осы күні уақытының көбін соның үш баласымен өткізеді. Үшеуі де мұнтаздай тап-таза. Бишара Сәлімге обал-ақ болды, — деп, Көзімжан темекісін тұтатты.

— Ым... м... м... Обал.., обал... Айтса да, болыс-еке, осы Сәлімді неге қолға алмайсыз. Теңіңіз. Бой десе бойы, ой десе ойы бар жақсы азамат, — деп, Бизақ әзілдеген болып еді, Көзімжан:

— Сіз бара-бара бойдақ еркектер мен жесір қатындардың да қамын жейтін болғансыз ба? Болса болсын, арада сіздей жеңгетай жүрсе, арман не, — деп жайдары жауап берді.

Олар жылғадан өтті. Орылған шабындықтың арасындағы жалғызаяқ соқпақпен бірі ілгері, бірі кейін аяңдап келеді. Көзімжан бастықтың жалпақ жауырыны мен жұп-жуан мойнынан көзін алмайды. Жол үстінде жайылып жүрген үш-төрт жылқының ішіндегі сәуірік кісінеп, тұсаулы қысыр торы биеге тұра ұмтылды.

Олар қалың құрақты қара суды сағалай келіп, түбектің шабындығын жусатып жатқан шалғышыларға соқты. Аттарынан түсіп, жетектеген бойда шалғышылардың қолын алып жатыр. Көзімжан атының шылбырын Сапарға ұстата берді де, бешпетін шешіп тастап, шалғы алды. Шалғының жүзін бас бармағымен байқап көрді де, тартып кетті. Алғашында сәл кібіртіктеп, жаттыға келе құлашын кең тастап, еркінше сілтеп барады. Оңнан солға қарай салмақпен тартқанда, толықсып тұрған қарабас шалғын сол жаққа шашылмай келіп сылқ ете қалады. Бизақ Әбіт қарияның шалғысын алып, тік тұрған қалпында, сабын жерге тіреп қойып, ұзын құм қайрақпен жанып тұр.

— Келін қалай сілтейді, ә?! Енді жеткізбейді, бол, — деп, Әбіт бастықты қайрап қояды.

— Байтал шауып, бәйге алмайды. Саспа, Жәке! — деп Бизақ та сол тартты. Жоқ, байырғы шаруа азамат қаншама қарпына қимылдағанымен, Көзімжан шендетер емес. Ол тіпті

қолына шалғы алып, билеп бара жатқандай, жеп-жеңіл. Әнеки, ол солды деген жеріне жеткізіп, енді Бизаққа қарай екіншісіне түсті. Әп-сәтте оны да жайғап, Сапардың шалғысын өзіне берді де, орамалының ұшымен терін сүртіп, Бизаққа қарап тұр. Ол да бітті.

— Бас-еке-ау, шау тартып қапсыз, қолтығыңыз жазылмай қапты. Қолау болған тайдай кібіртік-кібіртік етесіз, — деген Көзімжанның сөзіне шалғышылар бір күлісіп алды. Бизақ сол кір шалған беторамалын алып, терін сүртті де, Көзімжанға қарады. "Мәссаған, бұдан бұрын неге аңғармаған! Қандай көрікті әйел еді?! Сәл демігіп дем алған сайын мол кеудесі жұқалтаң кеудешесін көтеріп-көтеріп қояды. Тіпті, екі самайынан қобырап шығып тұрған шашы да ажарын аша түскендей. Үлкен де емес, кіші де емес қап-қара көздері болар-болмас қана күлімдейді. Жоқ, бұл кеңседе темекісін бұрқыратқан, тік мінез ожарлау Көзімжанға ұқсамайды. Оның алдында бар қуаты бойында, жастығын шығындамай жасырып қалған мүсіні мұжылмаған балаң келіншек тұр, әйел тұр. Қауызы толып, пісіп тұрған масақтай. Енді алмасаң, үзіліп түсетін тәрізді. Жай отындай бір сезім Бизақтың басынан кірді де, ішкі сарайының бір түкпіріне барып тұрып қалды.

Қоңыр кеш, ауыл алаңсыз. Есік алдындағы қазықтағы қаска сиыр бұзауын бауырына алып, жусап жатыр. Қоясар итаяғын жалап-жұқтап өліп барады. Жылғаның төменгі агындағы жылқының кісінегені естіледі. Көрші бір үйден сәбидің жылаған даусы шықты. Үркер көтеріліп келеді. Оңтүстік жақтағы таудың арғы бетінде, сірә, жаңбыр жауып жатса керек, найзағай жарқ етіп бір желпінді де, қайта сөнді. Ұзыннан ұзаққа созылған таулар. Қарауытып тұр. Көрші ауылдың оттары болымсыз, әлсіреп жанады. Сапар үйге кіріп бешпетін жамылды да, далаға қайта шығып бара жатқанда, анасы: "Сапаржан, тағы кетесің бе? Осы түнде қайда барасың? Жатып дем алсайшы, ерте оянасың ғой", — деп еді, ол тыңдамады. Кемпір бір күрсінді де, ұйқтауға әзірленді. Сапар ауыл сыртындағы жылғаға барды да, судың ағысына қарай жағамен жайлап жүріп кетті.

Ауылдың алды ұйқтаған. Маруся бәтеңкесін іле салып, жекетін жамылып, сыртқа шықта да, елең етіп тұра қалды. Сонау жазғы кештен кейін жоғалып кеткен ән қайта естілді, бірақ алыста. Адаса соққан түнгі самал алыстан келген үнді әркайда шалқыта береді. Қыз жүрегі әнге әбден елтіді. Ол

жылғаға барды. Бәтеңкесін қолына алып, судан өтті. Өтті де, ән шыққан жаққа қарап, қалшиып қатты да қалды. Ән шақырып тұр. Ол әуелі жайлап бір-екі аттады да, бәтеңкесін қолына алған қалпында жүгіріп ала жөнелді. Алдынан ескен самал оның біресе көйлегін түріп, біресе шашын ұйпалақтап, әбден ажуалады. Ол жылғаның бойымен төмен қарай ұшып келеді. Ән жақындай берді, жақындай берді...

Ауыл тегіс ұйқыда.

Осы кезде егіннің басында түнеп қалған Әбіт қария күркешіктің ішінде иесіз даланы басына көтеріп, шалқасынан түсіп, қорылдап ұйқтап жатты. Піскен астықты түнгі самал билетіп тұр. Бұйра бас бидай масақтары майыса толқып, майыса толқып сыбырласады. Әбіт түс көріп жатыр...

Төңірегі толған тау-тау астық. Ортасында күрек ұстап өзі тұр. Баласы Сапар "Жәкелеп" ана жерден бір, мына жерден бір дауыстайды. Қарт оны таба алмайды, тек ұлының дауысын естиді. Қызыл сапырып жатқан бір топ жастардың арасынан жарқылдап күліп жүрген баласын көрді де, қасына жетіп барса, ұшты-күйлі жоқ, қайтадан ғайып болып, әлдеқайдан "Жәкелеп" қайта дауыстайды. Енді бір ол алып су диірменнің ішінде жүреді. Жан-жағының бәрі дағар-дағар астық, ұн. Зыр айналған шұбар тастың астынан тозаны бұрқыраған ұн шанаққа кеп құйылып жатыр, құйылып жатыр. Кенет диірменнің ішіне су тола бастады, ұнның бәрі суға шыланды. Сыртқа шығайын десе, шыға алмайды, есік жоқ. Судың ішінде қарманып, малшынып жүр, батып барады. Шошып оянды! Көзін ашып алып еді, сіріңке шағып, бетіне үңіліп тұрған Сақаның сұсты жүзін көрді. Орнынан тұрмақ болып еді, әлдеқандай тегеурінді батпан қол кеудесін бір түйіп, құлатып тастады. Сақа қынынан пышағын суырып:

— Иманыңды айт, құл неме! — деп тұра ұмтылды.

— Молдеке, қанын жүктемеңіз, — деп, біреу араға түсті. Мәселенің не екеніне енді көзі жеткен Әбіт:

— Молдасың ғой, иман-суың өзің бер. Қаласаң кәрі жаным міне, ала ғой, аярым жоқ, — деп, тағы тұрмақ боп ұмтылды, бірақ тұрғызбады. Әлекедей жаланған екі жігіт Әбіттің аяқ-қолын тас қып матап та үлгірді. Сүйреп тысқа алып шықты. Молда шырпысын ұстаған бойда:

— Ел мен жерге ие бола қалғанын тобырлардың! Мә, саған нан, мә, саған мал! — деп, қурап тұрған егінге от қоя бастады.

Сақа мүлде жынданып алған. Бір шеңгел бидайды

сабағымен жұлып алды да, оны да тұтатып: — Тарт! — деп атына қарғып мінді. Үшеуі де шығыстағы "Қолтық" тауын бөктке алып, тізгін ұшымен жөнеп отырды. Үш аттың дүбірі алыстап барып тынды.

Осыны күтіп тұрғандай күздің желі соқты. Өрттің тілі ұшырып, алаулап, бітік егінді албастыдай бас салды. Астық өртеніп жатыр. Сынған бұтақтай шарт-шарт етеді. Аяғы тұсаулы, қолы байлаулы Әбіт, тізесін бауырына алып, өлгенде әзер орнынан тұрып, жалаңбас, ішкиімшең, жалаңаяқ, өртеніп жатқан егінге қарап тұр. Тентек жел оның қаба сақалын жұлып әкете жаздайды. Төңірек нарттай. Түнгі өрттің жалынымен Әбіт те жанып бара жатқандай, қызарып көрінді. Ол осыншама өмірінің ішінде көзіне тұңғыш рет жас алды. Кек пен ыза қабат кеп, қартты кемсеңдетіп жіберді. Диханның астығы өртенгені адамы өлгенмен барабар.

Сапар мен Маруся қол ұстасып ұшып келеді. Таудан соққан өкпек жел үдей түсті. Жан ұшыра жүгірген екеу жар қабаққа соғып, жылғаның иіріміне шолп етті. Малшынып жағаға шығып, қол ұстасып тағы жөнеді. Ауылға кірді. Тым-тырыс. Ал ауылдың жоғарғы жағындағы өрт жалаң қағып, көкке қарай сумаң-сумаң етеді. Қап-қара қою түтін бұйраланып, көлбеп барады.

— Бизаққа жет! — деді де, Сапар Марусяны тастай беріп: — Өрт! Аттан! Аттан! Егін өртеніп жатыр! — деп, ауылды қақ жарып егістікке қарай жүгіре берді. Ит үріп, сиыр мөңіреп, азан-қазан.

Аз ғана ауыл лезде аяғынан тік тұрды. Әйел-еркегі аралас. Көбі сырт киімін киюге де үлгермей, айыр ма, тырма ма, күрек пе, қолына ілінгенін алып өртке қарай бар күшімен самғап барады, көбі құр қол. Бизақ жұрттың ең алдымен аяқ-қолы жерге тимей ұшып келеді. Оны өкшелей Сәлім келеді. Айғай-шу, жылаған сәбидің даусы. Көйлекшең, жалаңаяқ Көзімжан көрінді. Жүгіріп келеді, тарқатылған шашымен әуре боп келеді.

Елдің ең соңында бақташы Жарылқасын. Атақты күреңіне жайдақ мініп алыпты. Басқа-көзге сабаса, желіп қоймайды. Ақыры Жақаң шыдамады, қарғып түсіп, күреңді басқа екі тартты да, жаяу заулады. Әбіттің бәйбішесі де үйінен шығып, жоғары аяңдады.

Адамдар өртке араласып кетті. Әркім өзінше арпалысуда. Біреулер топырақ шашып, біреулер айыр, күректеп сабалап, тіпті біреулері үстіндегі киімін шешіп алып қойғылап жүр.

Дәрменсіз шаруалар өртпен ұзақ алысты, сөндіре алмады. Сапар тікесінен тік, үнсіз тұрған әкесінің қол-аяғын шешті. Әбіт екі қолымен маңдайын ұстап, сылқ отыра кетті. Сапар өртке араласты.

Аш жалаңаш, азаппен жүріп әзер жеткен артельдің аядай егінін өрт жалмады да қойды. Қаралаш-күйелеш, салы суға кеткен жұрт. Үнсіз, біріне бірі қарағысы келмейді. Бәрі де кінәлі сияқты, салбырап ауылға қайтты. Өртенген егін бықсып жатыр. Жұрт қаралы. Жарылқасын бақташы сақалын сипап қалып еді, үгітіліп алақанына түсті, күйіп кетіпті. Әйелдер солқылдап жылап келеді. Еркектер еңселерін әзер көтеруде. Қайғы. Тұңғиық терең қайғы. Елдің бәрі де ең сүйікті адамын жерлеуге бара жатқандай. Көзімжан мен Маруся елдің ең соңында аяқтарын әзер алып келеді. Жел тынды. Ит ұлиды...

Күздің сары таңы әзер атты. Сұрықсыз, нұрсыз жарты ай тас төбеде сөніп барады. Кешегі жайқалып тұрған астықты алқаптың орнында бықсыған қара дала жатыр. Қара даланың қақ ортасында еңгезердей еңсесін көтере алмай Бизақ отыр. Жауырыны бүкірейіп, екі тізесі тұмсығына жетеді. Орнынан тұрып, төңірекке қарады. Бұл аймақта ешқандай тіршіліктің ізі де қалмаған сияқты. Үркердей ауыл бүрісіп ұйқтап жатыр. Дала боп-боз. Батыстағы "Көмірші" тауының айыр өркешіне бұлт мініп алыпты, қайда тартарын білмей аңырып тұрғандай. Таң алдындағы шолпан өшіп барады. Өртенген егістіктің ор жерінен түтін ширатылады. Көңілсіз. Бизақ өрттен әлдеқандай аман қалған жалғыз тал бидайды жұлып алып, қайтадан отыра кетті. Оның көңілі күз тонап жатқан мына боз-боз даладай құлазып кетті. Көктемгі жер жырту, көрген азап, кеше ғана шулап тұрған бітік егін — бәрі көз алдынан сағым боп бұлдырайды.

* * *

Ертеден кешке дейін қаңбақ ұшырған қара боран бір толастамайды, онсыз да жасауынан айырылған жүдеу даланы жүндей түтіп жатыр. Бүгін де солай.

Жүн орамалын жүре байланды да, Маруся көшеге шықты. Күз бораны көшенің шаңын шаңына қосып, ысқырып тұр. Ызғырық. Анда-санда ұшқындап келіп, құп-құрғақ қар түседі. Бүрсең қаққан иттер бас қалқа іздеп, онда бір, мұнда бір барады. Сақаның ауласы иесіз. Оның қиюы кеткен қақпасын жел бір ашып, бір жауып тәлкек етіп тұр. Терезесінің әйнегін балалар тұтас қиратып біткен. Төбесі түскен көрдей үңірейеді.

Есік алдында шоқиып отырған кәрі төбет көкке қарап бір-екі улып қойды. Әрбіт тамының төбесін жауып жатыр. Шешесі мен Сапар лай алып ішке кіріп кетті.

Маруся есік алдында отын жарып жатқан Сәлімге бұрылды.

— Балалар үйде ме, аға?

— Үйде.

Маруся үйге кіріп келгенде, төсекте үрпиісіп, бүрісіп отырған кішкентай Күміс:

— Майуся тәте, аналай мені ұяды, — деп, мұңын шағып жылап жіберді. Сірә, әкелері жұмыстан жаңа келген болу керек, үй іші салқын. Әлдеқашан суып қалған темір пештің түбінде отырған екі ер бала да бозарып, Марусяға қарап, көздері бал-бұл етеді. Маруся Күмісті жұбатты да пальтосын шешіп, жарылған отыннан әкеліп от жақты. Сәлім жарған отынын үйге кіргізді де, шәугіміне су құйып, пеш үстіне қойды.

Кішкентай Күміс Марусяға соншама бауыр басып кеткен. Қазір де кіп-кішкентай басын Марусяның алқымына жасырып, алдына отырып алыпты. Маруся оның шашынан сипайды.

— Мен ертең кетем, ағай. Балалармен, Күкенмен қоштасайын деп келдім. Уақыт болса, жазға тағы бір келіп қайтам.

Сәлім пештің отын қағыстырып, Марусяның алдына жабысып отырған қызына аяныппен қарап:

— Рахмет, қызым. Қайда жүрсең аман-есен бол. Аш жүрсе де, ер балаларды қойшы, олар көнеді. Осы Күкенге қиын болды. Сен келмесең, "келе ме, қайда кетті" деп сұрай береді, — деп, Күмісті өзі алды. Күміс әкесіне бір, Марусяға бір қарай береді.

Қолайсыз үнсіздік. Жағынан боздағы шығып жүдеген екі бала да көздерінің астымен қарап қояды. Маруся пальтосын киіп, есікке бет алғанда, Күміс әкесінің алдынан ұмтылып:

— Майуся тәте, кетпе! Мен де кетем... Апама баям, — деп шырылдап кетті. Пеш түбінде отырған екеуі де жылап жіберді. Әбден абдыраған Сәлім орнынан тұрып:

— Кетпейді, балам. Кетпейді! Маруся тәтең апаңды ертіп келеді, — деп жұбатқан болды, бірақ Күміс көнбеді. Маруся балалардың маңдайынан иіскеп, асығыс шығып кетті. Ол әбден ұзағанша Күмістің шырылдаған даусы құлағында бара

жатты. Қызын көтерген бойы Сәлім балаларына байқатпай, сырт айнала беріп, жеңімен көзін бір-екі сүртіп алды. Төртеуінің де үнжырғалары түсіп, нағыз жетімдік бастарына енді орнағандай болды.

...Баяғы кеңсе. Сол бір кездегіден бергі бар өзгерісі — бұрышта бір бау масақ тұр. Қаза болған қалың егіннен қалған жалғыз ескерткіш осы. Ескерткіш қана емес-ау, артельдің қамбасындағы бар дәні де осы. Көзімжан, Бизақ, бригадир Мәкең, екі-үш шаруа, Маруся. Бизақ кеңсенің қақ төрінде тік тұрған қалпында:

— Төстегі ауылдан кешегі әкелген он центнер бидайды теңдей бөліп, бір-бір уыстан болса да бүгін жұртқа тарату керек, халықты қырып алармыз. Көзімжан, сен "Алғадымға" аттан, келесі жылға дейін қайтсе де бір центнер болса да бірдеме тауып кел. Мен "Қайнарға" барам. Табылғанын табылғанша халыққа тарату керек. Ел бар, күн бар, тұқымды бірдеңе етерміз, — деп орнына отырды да, маңдайын уқалап, біраз үнсіз қалды.

— Ал енді сен, қызым, біздің жағдайды көріп шошыдың, — деп амалсыз, еріксіз жымиған болды. — Кетем десең, істер айламыз не, аман бол. Бізге ренжіме, басымызды жаңа құрып, жаңадан жан алып келе жатқанда, мына опасыздардың істеп кеткенін көрдің бе. Солай, қызым, ертең Сапар сені алып жүреді. Мен оған ескерткем. Көлік бердің бе? — деп, бригадир Мәкенге қарады.

— Бердім, бердім, — деп, Мәкен іле жауап қатты.

Бәрі үнсіз далаға шықты. Боран тынған... Оның есесіне жылмиып қар жауып тұр. Қаздың желге ұшқан мамығындай қалықтап кеп, жерге қонақтап жатыр. Жер бетін тегіс жасырыпты. "Білгеніңді істе дегендей" ауыл да, дала да, таулар да ақ қарға арқасын төсеп, теріс қарап алыпты.

— Сонымен, қызым, енді кететін болдың, — деді де, Көзімжан аяққа оралған ақ көбік қарға қарап, үнсіз келеді. Маруся өз ойымен өзі. — Міне, қыс та жетті. Бұ жердің қысы сұмдық, Маруся. Биыл тіпті жұт болады деп жүр қариялар. Сен байқадың ба, бастық осы екі айдың ішінде қартайып кетті. Өз обалы өзіне. Сақаны байқаңыз, осы қауіпті адам деп ескерткемін, тыңдамаған. Аңқау адам, — деп, Көзімжан ойындағысын үзіп-жұлқып әңгімелеп келеді.

Олар үйге кірді. Үй іші салқын.

— Қыс түсті, енді отын керек, су керек дегендей, бәрі де

керек. Ал мұндайда мұжықтың орны басқа, қызым. Жанды-жансыз жәндіктің бәрі екі-екіден, Көзімжан жалғыз...

Маруся от жағып жатқан Көзімжанға мұңайып қарап қалыпты, жүзінде аяныш бар.

Түн. Қар әлі қылаулап тұр. Жылымық. Тыныштық. Көзімжан ақ болатнайдан ер адамның іш киімдерін тігіп отыр. Маруся чемоданына нәрселерін жайғастырып, ертеңгі жолға қамдануда. Көз қиығымен Көзімжанға қарай береді. "Апыр-ау, ер адамның іш киімдері не қажет болды екен?! Кім үшін тігіп отыр?! Ол сұрамақ болып, бірнеше рет оқталды да, батылы бармады, ыңғайсыз көрді. Ақырында Марусяны толғандырған сұраққа Көзімжанның өзі жауап берді:

— Бұл кісіге еркектің киімі неге керек болды екен деп отырсың, ә, қызым? Өзім де білмеймін. Анда-санда үйде жалғыз отырғанымда өститін сайтаным бар, — деп, орнынан тұрып, сандығын ашты да, Марусяға тіккен киімдерін көрсетіп жатыр. Еркектің сырт жейдесі, әр қалыппен тігілген сәбидің киімдері, қыз баланың кішкентай көйлектері. Базардан әкелгендей су жаңа, бәрін де даярлап қойыпты. Ол көрсетіп жатқанда, Марусяның көз алдында манағы қош айтысып шыққан Сәлім, оның нәрестелері тұрды.

Қар басылды. "Аспан бұлттан тазарып, шынидай жалтырап тұр", — деп, екеуі де пальтоларын жамылып сыртқа шықты. Есік алдында екеуі де кілт тұрып қалды. Түнгі баяу тыныштықты балбыратқан сиқырлы ән тағы да қоңыраулап тұр. Бұрынғыдай алыстан емес, аяқ астынан айтылғандай. Алғашқыда қоңыржай сазбен салмақты басталған ән бара-бара екпіндеп, ақ жамылған иесіз алқапты аралап, әлдеқайда шарықтап барады. Көрші үйлердің есігі ашылып, үш-төрт адам көшемен Әбіттің үй жағына аяңдады.

Таңданған Көзімжан Марусяға бұрылды. Ол жүзі бозарып, демін ішіне тартып, жұтына тыңдап тұр. Қалшиып қатқан қалпында сыбырлап қана: — Сапар... Апай, бұл Сапар... — деп ұйып барады. Екеуі де ән шыққан жаққа аяңдады. Сапарға жолдан Бизақ, баласын шапанына ораған Сәлім ілесті. Ән біресе баяулап кеп ауыл үстіне төнеді. Біресе су жағасындағы құрақтай қалтыраса, біресе тымық күнгі құйындай көкке тік шаншылады.

Ауылдың кәрі-жасының әмбесі Әбіттің жаңа кірген тамының алдында. Бәрісі тікесінен тік тұр. Әркім өз ойымен, өз мұңымен. Ал Сапар салған мынау ән әр жүректің түкпірінде бұғып қалған, сақталып қалған сана сезімнің

оятушысы секілді. Сапардың әні бәрінің де баяғыдан көкейінде жүрген, бірақ ақтарылуға айла таппай шанағынан асып тұрған арман-сыры аралас құпиялары сияқты. Бұл әнді Сапар ғана емес, осында тұрған әр жүрек, әр сезім өзінше қайталап, өзінше баяулатуда. Өрмекші сезім әр жүректе тор тоқып жатқандай.

Шашы ғана емес, қою қара мұрты да буырыл тартқан Бизақ жиналғандардың арасынан жотасы шығып, ерекше көрінеді. Құзда отырып, қияға көз салған қырандай жұтынып-жұтынып қояды. Еріндері сәл дір етіп, мұртының ұшы жыбыр қағады. Жар қабағының астына жасырынған қос жанарының тұңғиығында терең уайым бар сияқты. Ал Көзімжанның бетін жас жуып барады. Қуаныш па, қайғы ма, өзі де білмейді. Әйтеуір, бар жүйесінің сіңірі созылып, қиюы қашып кеткендей. Маруся демігіп, алқына береді. Алқымына жұдырықтай бірдеме тығылып, не әрі, не бері кетпейді, ынтықтырып барады. Сәлімнің бауырындағы кішкентай Күміс екі көзі баданадай болып, әкесінің дүрсілдеген жүрегіне құлағын төсеп алған.

Сапар есік алдындағы томардың үстінде отыр. Анда-санда алқымының сәл кеуіп, аузының ашылып-жұмылғаны болмаса, ән салып отыр деп ойлау қиын. Кеудесі оқта-текте бір көтеріліп қояды. Оған қазір бар дүние жоқ сияқты. Өзі емес, өзегінен құйылған ән сазы әбден есін алған. Қарапайымдағы "а" деген дыбыстың өзі де мың түрленіп, басқадай бір нақышпен, басқаша естіледі. Оған төңірегін қоршаған адамдар да көрінбейді. Мүлде басқа бір дүниеде, басқа өмірде отырғандай сезінеді. Сәл қысықтау қос жанары ақ қармен, аймен, жұлдызбен шағылысып, аракідік бір жарқ етеді... Ән баяулап барды да, мамық қарға, ашық ауаға сіңіп, тыныстап қалды.

Сапар үнсіз. Мойнын салбыратып отырған жерінде қалды. Жұрт та үнсіз, үнсіз барып, үнсіз тұрып, үнсіз тарасты. Ауыл қалғып кетті.

Маруся үйге келген беттен реттестіріп жолға әзірлеп қойған заттарын чемоданнан қайта алып жатыр. Көзімжан қарап тұр.

— Кетпеймін, апай. Осында, сіздермен бірге болам. Жазға әкемді алып келем. Ол ағаш ұстасы, келеді, — деп, заттарын орын-орнына қойып жатыр. Риза болған Көзімжан Марусяны құшағына алып, шашынан иіскеді, босатып, өзі ойланып қалды.

* * *

Сәске. Күн құлақтанып шықты. Сарышұнақ аяз қарып барады. Сақаның баяғы бурылын Әбіт шанаға жегіп жатыр. Бурыл күйлі, тоқжарау. Әбіттің қасына баяғы еркек дауысты зор бәйбіше келді.

— Әбіт-ау, бұ қыс қырауда қайда аттандың?

— Мен ешқайда... Бастық Сапарға әлгі емші қызды ауданға апарып кел депті. Соның көлігін сайлап жатырмын.

— О кәпірің біржола кете ме, жоқ барып келе ме?

— Сен де алжыған екенсің-ау, мен қайдан білейін, қала ма, келе ме, шаруам не менің, — деп, Әбіт қамытты тізесімен басып тұрып, тамақ бауды тартып байлап, қора үстіндегі шөптен шанаға салып жатыр. Зор бәйбіше жайымен кетті.

Жолаушылар шанаға отырысып болғаннан кейін Бизақ келіп:

— Сапар, әуелі анау төстегі ауылға тарт та, қырман, тау арқылы кетіңдер. Онда жол даңғыл. Түнделетеміз деп, суыққа ұрынасыңдар. Көліктеріңді қажытып ап жүрмеңдер. Жолдағы ауылға қоныңдар, — деп, жолға шығарып салды.

Төрдегі тау етегіне қарай жалғыз аттық шана ақ қардың үстінде қарайып кетіп бара жатыр. Олар тау бөктеріне шықты да, тапталған даңғыл жолға түсіп тарта берді. Бурыл сулығын сүзіп, жеңіл келеді. Аузына жалғыз тал шөп тістеп, қатарында тонға оранып жатқан Марусяға қарап Сапар жымиып қояды, ол да күледі...

Зор бәйбіше ертеден бері үйді-үйге кіріп, жан таппай жүр. Аһылап-үһілеп Көзімжандікіне келді. Көзімжанға келе-ақ жармасты.

— Ойбай, қарағым-ай. Мені құдай қарғағалы қашан. Мына төстегі ауылдағы қызым әл үстінде дейді. Таңертеңнен бері кірмеген тесігім жоқ, "Өзінде жоқ болса, әкең де жат" осы, соған барып келуге бір бұтартар таппадым. Амалым құрып, саған келдім, қарағым.

Көзімжан көңілшек адам, кемпірдің бетін қайтармады. Атын, қамшысына дейін берді. Даяр тұрған бәйбіше төске қарай тура тартты. Ауылдан ұзағанша желе-жортып барды да, ұзап алғаннан соң құла аттың басын тартпай, еркіне жіберіп, қардың құйынын ұшырып келеді. Ауылға да жетті. Қора-жайы қомақты, ауласы кең, шеткі бір үйге келіп түсті. Үйден екі бетінен майы тамған, қып-қызыл, төртбақ, жуан шал шығып атын ұстады.

— Тыныштық па? Асығыссың ғой өзің. Не хал?

— "Жайлауымды жау алып, өрісімді өрт шалыптың" кері де. "Жан-жағыңа қарайсың, жалғыз неге жарайсың?" Демекші, жапа-жалғыз тал қармап жүріп жатқан жай ғой.

Зор бәйбіше иегін көтеріп, "бар ма?" дегендей ымдап еді, үй иесі де "бар, осында" дегендей басын шұлғып қойды.

Кемпірді бір есікке кіргізді де, сыртын құлыптап, өзі жылы киініп, далаға шықты. Қолына сыпыртқысын алып, есік алдында күйбеңдеп жүр.

Терезесін тұмшалап тастаған бөлмеде Сақа, тағы екі жігіт отыр. Сақа ширақ, сақ, ана екеуі қажыған. Бір отырып, бір қисайып деңбекшуде. Зор бәйбіше сөйлеп отыр:

— Ауылға келмегендерің дұрыс болған. Бизақ та, Әбіт те күзден бері ұйқтауды қойған. Қашан көрсең, қайда көрсем, екеуін көрем. Байқатпағансиды, әйтеуір, тіміскіп-ақ жүргені. Не ойлағандары бар, кімді аңдып жүр, білмеймін. Сендер кеткеннен кейін екі-үш әскер келіп кетті.

— Бұл шекарада күзет күшті болып барады. Әзер өттік. Әрі қар түсті. Қыс қатты, енді асу бекіп қалды. Іле айналып, "Қорғаспен" қайту керек, — деп, Сақа екі жігітке қарады. Жамбастап жатқанның біреуі:

— Кәрия, осы апиын аулағанымызды қоймасақ, сөзсіз тұзаққа ілігеміз бір күні. Осыдан аман-сау аттансақ, бұл істі қысқарту керек, тіршілік ету керек, — деді.

Сақа сәл мойындап, ойланып қалды. Зор бәйбіше шекпеннің етегін түріп жіберіп, ішкі белбеуін шешті де, үп-үлкен түйіншекті Сақаның алдына тастай берді: — Одан-бұдан зорға жинадым, екі жың апиын.

Сақа қолына алып салмақтап көріп, қоржынына салды. Төрт бөлек кірпіш шәйді кемпірге берді. Зор бәйбіше оны тыққыштап жатыр.

— Күн кешкіріп барады, кетейін, молдеке. Хош енді! Менің әлгі сорлы ініме сәлем айт. Жаз шығысымен өлсе де келіп алып кетсін мені.

Кемпір жиналып, есікке ұмтылғанда Сақа:

— Айтса да, менің Бурылым бар ма? Білдің бе, күйлі ме? — деп қалды.

— Атың бар, семіз. Шанаға жегіп, әлгі кәпірді алып Әбіттің баласы бүгін ауданға кетті.

— Қай мезгілде?

— Сәске ауа, түске жуық.

— Ым... мм, хош енді, сақ болғайсың.

— Құдайға аманат, аман болыңдар.

Үй иесі сырттан есік ашып, зор бәйбішені аттандырып салды.

— Бурылды құдай өзі қолға әкелді, батырлар. Сенің атың пашарлау, сенімсіз. Қалай-қалай емес, жетек керек, — деп, Сақа қияқ мұрттыға қарады. — Түске жуық шықса, олар әлі асуға іліге қойған жоқ. Асуға дейін қонатын ауыл да жоқ. Бүгін түнделетіп, таудың арғы жағындағы ауылға жеткенше қалай бар. Оның үстіне түндегі боран жолды үрлеп тастады, олар әлі осы маңда. Оларды асудан күтіп, Бурылды аламыз да, түнімен жүріп, қайтсек те Ілеге ілігеміз. Жол-жөнекей Шонжыдағы таныс сарттың дайындап қойған апиынын да ала кетеміз. Жиналайық, төменгі жолмен олардан бұрын қалайда асуға ілігу керек. Тек әрі-бері жүргінші болмаса болғаны.

Сақа осылай тағы да бір сұмдық істің жоспарын жасады.

Күн бесінге таянғанда, төстегі ауылдан шыққан үш салт атты ойға қарай борандатып барды да, тоғай арасындағы жолға түсіп, батысқа қарай сар желіп жөнеп кетті...

Ымырт. Аспан ашық болғанымен, жерде әлемет. Қарсы алдан соққан жаяу бұрқасын қар сапырып құйын үйіреді. Айнала ақ түтек. Барған сайын жол ауырлап барады. Бурыл ат маңдайымен жер сүзіп, анда-санда пысқырынып, бүлкілдеп келеді. Аяз ысқырып, үсік жүріп тұр. Маруся тонға оранған қалпында, бас көтерсе болғаны, аяз өртеп кететін сияқты. Сапар да желге бір иығын төсеп, қырын отыр. Жолды Бурыл өзі тауып келеді. Олар сайға кіргенде, боран біраз толастағандай болды.

Түн. Маруся басын көтерді:

— Ой, қандай қорқынышты! Қонатын ауыл әлі алыс па, Сапар?

— Қазір, асуға ілінсек болды, әрі қарай еңіс. Бір-ақ сағатта қонатын жерге жетеміз, — деп, өрге қарай аяңдап келе жатқан Бурылдың делбесін қағып қойды. Олар кезеңге енді шыға бергенде, аттарын ақ қырау басқан түлкі тымақты үш адам қарсы тұр екен. Біреуі жалма-жан Бурылдың шаужайына жармасып, қалған екеуі қару кезеп:

— Қарсы келсең, өлесің, қимылдама! — деп тұр. Бурылды шанадан босатып та үлгерді. Үшеуі де аттан түсті. Алдына келіп, қамшының сабымен тұмсығын нұқып:

— Ал, өкімет, "мал иесін табады" деген осы, — деп, сұстанып тұрған Сақаны Сапар енді ғана таныды. Сақаның тұмсығынан ол жалаңаш жұдырығымен салып қалғаны сол

екен, еңгезердей екі жігіт Сапарды тырп еткізбей басып қалды. Тұмсығынан қан аққан Сақа:

— Тонын шешіп алыңдар иттің күшігінің! — деп келіп жылқының ту құйрығынан есілген Бурылдың делбесін қиып алды. — Байла! Қашан біреу келіп құтқарып алғанша, құдайын танысын дінсіз кәпір нағылеттер!

Көліксіз бос шананың екі балағына Маруся мен Сапарды әбден шандып, аяқ-қолдарын матап тастады. Екеуінің үстіндегі екі тон далада қалды. Үшеуі асығыс-үсігіс Бурылды жетектеп алып, шу қойды. Жауыздықтың алдындағы дәрменсіздігіне булығып, ыза, кек кернеген Сапар қармаққа ілінген шортандай аз тулады да тыншықты.

Жаяу бұрқасын жалығар емес, таудың да, байлаулы екеуінің де қойны-қонышын тінтіп, сумаң қағады. Әне ол кеулей-кеулей Маруняның орамалын басынан сыпырып тастады. Аяздың қысымынан аспан шатынап, қақ айырылуға тәс тұр. Жұлдыздар да жылап тұрған сияқты. Жыпылықтай береді. Бұрқасын тынды. Тым-тырыс. Шалқасынан жатқан екеуге түңғиық аспаннан бөлек ешнәрсе көрінбейді. Қаншама тесіліп қараса, аспан соншама тереңдеп, жұлдыздар соншама ғарыштай береді. Екеуі де демдерін ішіне алып, құлақ түреді, бірақ сыбдыр еткен сыбыс жоқ. Әлдеқайдан түнгі сарын естілді де, қайта алыстап кетті. Екеуінің де бет-ауызын боз қырау барынша жапты. Кірпіктері қағуға келмей, ебедейсіз, жалқау қыбырлайды. Өте алыстан, әлдеқайдан, ұлыған қасқырдың үні естілді.

— Туу-у! Жұлдыздар қандай алыс! Сапар, жұлдыздар қандай алыс?.. Папа родной... — Маруся бір нәрселерді сандырақтай бастады. Сапар да бірдеме айтпақ болып еді, тілінің орнында бор кесек мұз тұрғандай аузы икемге келмеді...

Түп-тұнық түнгі аспанда бірінен кейін бірі қатар екі жұлдыз ағып барады, лентадай ақ жолақ артынан бірге ілесіп кетті.

...Көктем бұл өңірге биыл тым кешігіп келді. Мінеки, март бітіп қалды, ал егістік қардан жаңа ажырады. Ертелі-кешкі ызғырық әлі кеппеген дымқыл егістікті тоңдырып кетеді де, күн көтеріле түске қарай ол әзер жібиді. Егістік ми батпақ. Ауыл жер жыртуға әлі шыққан жоқ, даярлық үстінде.

Күн жылымық. Дала нан пісірген тандырдай маздап жатыр, сағым жүріп барады. Жылғадан сарала қаздың даусы шықты. Әбіт есік алдында қамыт жамап отыр екен. Солай

қарай Бизақ келді. "Әбе, мал-жан аман ба?" деп сұрай жаздап, өзін-өзі тарта қойды.

— Ассалаумағалейкөм, Әбе! — Бизақ қолын ұсынды.

— Әліксалам! — деп, Әбіт те егеудей алақанымен быртиып тұрған моп-моқал саусақтарын тарбита ұсынды да, ісін жалғай берді. Бизақтың әңгімені неден бастарын білмей қысылып отырғанын Әбіт сезді. Әңгіменің тарамысын өзі ширатты:

— Бермесең, көңіл қалады; берсең, бүлдіреді, жұрт деген айналайынды қойсаңшы. Анау, әлгі Аспанның баласы қиылып тұрған соң беріп едім, қарашы, қамыттың сау тамтығы қалмапты. Жасырып әкеліпті де, кемпірге ұстатып, кете беріпті.

— Қамытыңның құлақ бауы осал ғой, Әбе. Мәкенде қайыс бар, жаңартуың ғой.

— Осы егіске жетеді, мықты әлі, — деп, Әбіт құлақ бауды тартып-тартып қойды.

— Биылша соқаны қоя тұрсаңыз қайтеді, Әбе? Басқалары да жетеді ғой. Жеңіл-желпі... — дей беріп еді, Әбіт:

— Әй, Бизақжан-ай! "Өліге иман, тіріге береке" деген. Құдайыңның өзі әу бастан қарғап қойған маған бөлен деп бола ма?!

Бизақ қаншама абайлағанымен болмады. Шалдың ескі жарасының аузы ашылып кетті.

— Тірі адам тіршілігін қашанда тастаған ба?! Өкінетінім бір-ақ нәрсе. Өзіммен өзім ой жіберіп, есептеп отырсам, тіпті сонау жеті атамыздан бері қарай сыңар мүйіздей жалғыз-жалғыз екенбіз. Өрбімепті де, өспепті де біздің тұқым. Хо-о-ош, ол да бір шүкіршілік екен. Жалғыздан болса да түтін түтеп келеді ғой, әйтеуір. Сол түтіннің дәл маған келгенде өшкеніне ғана өкінемін. Артында бір тұяғың жоқ, келгенің де, кеткенің де белгісіз тұлдыр қалғаныма қапаланам... — деп, тершіген маңдайын алақанымен бір сыпырып тастады.

Айнадай ақиқаттың алдында Бизақ мүлде мүсәпірсіп, не дерін білмей, отырды да қалды...

Ауыл үстінен қиқулаған тырнаның үні естіліп еді, Әбіттің қорасынан да жалғыз тырнаның даусы шықты. Әбіт оң қолын қабағының үстіне апарып, көлегейлеп көкке қарап, біраз тұрды да, қораға кіріп кетті.

Сапар мен Маруся емдеген баяғы тырнаны алып шығып, еркіне жіберді. Ол аулада тыраулап ары-бері жүрді де, секеңдеп барып, қанатын жазып жіберіп, қалықтап ұшып

кетті. Ол қашан тобына қосылғанша Әбіт қолын көлегейлеген қалпында қарады да тұрды.

Шаруаның қаншама ойы, қаншама үміт-арманы құс қанатына ілесіп бара жатқанын "құдай" өзі білсін...

— Жыл құсы ұшады — келеді, ұшады — кетеді, — деп, Әбіт орнына отырды.

Тырналар биіктеп барады. Ал алыстағы тау жотасындағы қос қабірдің қары әлі еріген жоқ...

# Пьеса

# ҚОШ, МАХАББАТ!

***(Үш актілі, тоғыз оқиғалы, прологы, эпилогы бар драма)***

ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР:

**Б а н у** — Пединститут бітірген қыз, кейіннен мұғалім, ана.
**Б а ғ д а т** — Консерватория бітірген жігіт, композитор.
**А й б а р** — Университет бітірген, ақын.
**А с а н** — Мал дәрігерлік институтын бітірген, ветеринар, әке.
**А й ш а** — Пединститут бітірген қыз, мұғалім, ана.
**Ғ а л ы м  Ғ а б и т о в и ч** — Консерватория профессоры.
**С ә л и м а** — қалада тұратын жесір әйел.
**М і н с і з** — Асанның анасы.
**Ш ы р ы н** — Пединститут бітіретін қыз.
**Қ а с ы м** — Асанның жерлесі, құрбысы.
**Б ү б і ш** — Қасымның әйелі.
Хат тасушы, студенттер, оқушылар, қонақтар, комиссия мүшелері.

# Пролог

*Шымылдық алдында жас ақын — Айбар. Дастан жазып отырған жәйі бар. Қаламын қойып, дастанның алғашқы шумақтарын оқи бастайды.*

А й б а р

Ей, күнәден пәк жас жандар,
Қапелімде қателікке баспаңдар!
Қосыларсың қол ұстасып, саспаңдар,
Махаббатпен ойнағанды тастаңдар,
Ей, күнәден пәк жас жандар!

Сүйкімдіңе сүйікті бол, сүйісе бер,
Сүйкімдің де дәл өзіңдей сүйсе егер.
Жастық дейтін — ән, салтанат, күй-шебер,
Жаратпайды ол жаман саусақ тисе егер!

Жастық дейтін — ән, лебіз, күй, өмір,
Иә, жастық — махаббатқа ие бұл!
Махаббатта тұрақсыздық — күйе бір,
Махаббатты құрметте, сүйе біл!

Ей, күнәдан пәк жас жандар,
Махаббатпен ойнағанды тастаңдар!
Қапелімде қателікке баспаңдар,
Ал көріңдер, ол туралы дастан бар.

*Жарық сөнеді. Сахнада алакөлеңке бейуақыт. Жаз. Жұпыны жиһазданған жас отбасының бөлмесі. Төрде диван, оң жақ бұрышта төсек. Бір бұрышта жазу үстелі, онда кішкентай радиоқобдиша, қоңыраулы сағат, кітаптар. Ортада дөңгелек үстел жасаулы тұр. Бөлмеде Бану, әйелдер босанатын үйден жаңа келген. Үстінде кең халат, жалаңбас нәресте диванда. Бану үстел үстіндегі сағатына бір қарады да, қалың альбомды алып, ақтара бастады. Осы сәтте асүйден алжапқыш тағылған Мінсіз сөйлей кіреді.*

М і н с і з. Ботам-ау, әлгі Асанжан кешікті ғой. Қонақтарың келер уақыт болмады ма?

Б а н у *(альбомнан назарын аудармай).* Кісілер сағат тоғызда келеді, қазір сегіз жаңа болды, әже.

М і н с і з. Қайдам, балам... Бәрі де даяр тұр... *(Нәрестеге үңіліп)* танауыңнан сенің... танауыңнан... *(Бануға бұрылады).*

Балам, мен қазақша бесік тауып қойдым. Өзіміздің [illegible] балаға әрі жәйлі, әрі бала таза боп өседі...

Б а н у *(манағы қалпында).* Мейліңіз, әже!

М і н с і з *(алақанын Банудың жотасына қойып, аль[illegible] үңіледі).* Асанжанның оқып жүргендегі кезі ме? Қандай [illegible] еді өзі... О, сорайған мойныңнан айналайын...

Б а н у *(альбомды жабады).* Бұл Асан емес, әже... А[illegible]

М і н с і з *(оқыс таңданып).* А-а-а! (күрсініп) қайдан біл[illegible] балам... Асанның суретін қарап тұр ма десем... Апы[illegible] кешіккені-ай, ә!.. Қонақ шақырып қойып та сон[illegible] жоғалады екен?! *(Шығып бара жатып)* бәрі де даяр [illegible] Қайнай-қайнай сорпа да суалып болды өзі, ой, тоба!..

*Шығады.*

Б а н у *(ауыр күрсініп).* Асан емес, әже, Асан емес...

*Дабыр естіледі. "Әже, қойшыңның бауы берік, бақыт[illegible] болсын. Қуаныш құтты болсын!" деген еркек даусы естіл[illegible] Мінсіз де: "Айтсын қарағым, айтсын!" — деп жатыр.*

*Шала қызу Қасым кіреді.*

Қ а с ы м. Тоғыз ұл, тоғыз қыз тапқыр, періштем мен[illegible] Төл басыңмен құттықтаймын! Үйірімен үш тоғыз, иә [illegible] *(Банудың қолынан сүйеді).* Ал енді әрі қарай ғой, періш[illegible] менің! Көзіңді жұма ғой...

Б а н у *(әзілдеп).* Әй, сасқалақ-ау, тым құрыса бір [illegible] конфетің жоқ әкелген, көзімді ненің ақысына жұм дейс[illegible] Бүбішің қайда? Атың жаңа жетті ме?

Қ а с ы м. Мұнда тұрған саған адам ба, Асан ба?! Бүбі[illegible] ит жейді ғой дейсің бе, келер. Жұм деп тұрмын ғой м[illegible] саған.

*(Теріс қаратып, көзін жұмдырады).* Есіңде болсын, періштем, бұйрық берілмей тапжылмайсың!

*Қолында оралған заты бар Асан, Мінсіз кіреді. Бәрі д[illegible] көңілді.*

Қ а с ы м *(Бануға).* Шыдай тұр, періштем, шыда!

Асан әйелдердің әдемі тонын ораудан алады. Қасым қалтасынан бір нәрсе алып, алақанын жұмып, Бануға бұйрық береді.

Қ а с ы м. Бері айлан, періштем. Аша ғой көзіңді. *(Бану тонды көреді. Мінсіз кидіреді).*

Б а н у. Рахмет! Бұл тым қымбат еді ғой...

Қ а с ы м. Ал енді аузыңды аш, аш аузыңды!

*Бану күлген бойы аузын ашқанда, Қасым емізік тістет[illegible] қояды. Бәрі күліседі. Қонақтар кіреді, арасында Қасымның жұбайы Бүбіш те бар. Сыйлықтар, шашулар, құттықтаулар.*

*Бәрі де үстел басына жайғасады. Ұзақ үнсіздік. Бану асүйге жылап кетеді. Радиодан болар-болмас баяулап естілген әнге жұрт назар аударады. Қасым тұрып, радионы бұрап қояды. Ән бір екпінімен сорғалап барады. Тарелка көтеріп кірген Бану әнді естіп сәл сұлқ тұрады да, қолындағыларын тастап жібереді. Ыдыс қирайды. Жұрт назары Бануда. Ол екі қолымен аузын басқан қалпында сыртқа жүгіре жөнелді. Жұрт аң-таң. Ашуға булыққан Асан радиоқобдишаны еденге бір ұрып қиратады, ән өшеді.*

**А с а н** *(қалтырап булығып).* Төзімім таусылды... Шердің [illegible]шесі болуы керек қой... Тірідей тозаққа түскенім-ай!.. Қалай [illegible]ем... Қашанғы төзем... *(ұзақ үнсіздік).* Кешіріңдер... Бір бүл емес... Біздің өмір осылай... Енді еш нәрсенің де сәні [illegible] қоймас... Кешіріңдер... Тараңдар, ағайындар...

Асан мойны салбырап отырып қалады. Жұрт тарасады. Мінсіз әже нәрестені көтеріп, терең ойда тұр. Үстел басында Қасым мен Бүбіш. Қасым Бүбіштің қақпалағанына көнбей, бір стакан шарапты құтыдан құйып алады.

**Қ а с ы м** *(стаканды көтереді).* Нәрестенің өмірі үшін, бақыты үшін *(қағып салады).* Ақыр қираған дүние екен ғой, ал, ендеше!

*Қасым стаканды еденге бір қойып, қиратады. Бүбіш екеуі шығады. Жарық сөнеді.*

*Шымылдық сыртында Айбар. Дастанын оқып отыр.*

**А й б а р.**

Неліктен тұта қалды қабақ қайғы,
Неліктен қуаныштың таңы атпайды!
Суығын-ай мына үйдің, суығын-ай,
Ызғар шашып, ысқырып, қаратпайды.

Ей, Бану, неге сонша егілесің?
Шарқ ұрған шаттығыңнан жерінесің.
Ал сен ше, ей, нәресте жөргектегі,
Ей, өмірдің қонағы, не білесің?

Не боп кетті жан-жағың білемісің?
Екі адамның бір ғана жүрегісің.
Екі адамның бір ғана тілегісің.
Дүниеге келдің сен, білемісің?

Білемісің, не болды ата-анаңа,
Бықсып жанған ол қандай от арада?!

Қуанышың еді ғой, балапаным,
Осылай да қуаныш атала ма?

Не әзәзіл бұл үйде ойнап өтті,
Не күш келіп бұл үйді ойран етті?!
Қуанышқа жиналған қауым қайда,
Қуанышты қонақтар қайда кетті?

Әкең жатыр неліктен төсекте аунап?
Сезім... сезім... Екеуін өш етті-ау, қап!..
Білемісің, өмірдің даңғазасы,
Ауылыңда барады өсек қаулап.

Неге? Неге? Білмейсің... Мен білемін!
Мен айтайын, кезегім келді менің.
Ей, өмірдің даңғаза қуанышы,
Мен айтайын, айтайын, сендіремін!

Қос өмірге меже боп көрінесің,
Сен осы үйге шуақ боп төгілесің!
Аш көзіңді, адамның адал ұлы,
Ей, өмірдің иесі, не білесің?..

*Жарық сөнеді*

# БІРІНШІ АКТ

## Бірінші оқиға

*Жаз. Алматының тау етегіндегі ескерусіз көшелерінің бірі. Алыста Алатау. Айналасын ағаш көмкерген особняк. Ауласы биік, ағаш дуалмен қоршалған. Бақта алма-өрік гүлдеп бітіп, түйін тастай бастаған. Бақ ішінде екі кісілік орындық. Үйдің кіре берістегі бөлмесінде Айбар мен Бағдат тұрады.*

*Түпкі бөлмелерінде үй иесі Сәлима.*

*Айбар мен Бағдаттың бөлмесі. Екі бұрышта екі төсек.*

*Ортада үстел. Үш-төрт орындық. Домбыра. Бағдат төсекте сұлқ жатыр. Айбар дегбірсізденіп ары-бері жүруде. Әлсін-әлі Бағдатқа үңіліп, оның маңдайын, қолын ұстай береді. Сәлима күйініп отыр.*

**С ә л и м а.** Бишара баланы құдай қорлаған екен ғой... Бәсе, бәсе, жиын-той, сауық-сайраннан неге аулақтай береді

десем... Бәсе, бәсе... Өзінің жүріс-тұрысы да біртүрлі көңілсіз, жасаң. Жасқаншақтап, қауіптеніп-ақ жүргені бишара бала!

*(Үнсіздік. Айбар Бағдаттың өңіне үңіле береді).*

**А й б а р.** Соншама жыл бірге тұрып, мұндай сырқатының сырын сезген емеспін. Қандай сұмдық еді...

**С ә л и м а** *(үрейлене).* Бұл аса қиын науқас, шырақ... Мен мұндай сырқаты бар адамды кездестіргем... Қиын, шырақ, қиын.

**А й б а р** *(дегбірсізденіп).* Апыр-ай, өзі ұзақ жатты ғой... Жедел жәрдем шақыртсам ба екен... *(ары-бері жүреді).* Осыдан екі жыл бұрын, түнге қарай, үсті-басы шаң-шаң маңдайын жер сүріп, қалжырап келгені есімде. Сұрап едім, айтпады. Ішті ме екен деп ойладым да қойдым.

**С ә л и м а.** Жо-жоқ, шырақ! Бағдат арақ емес, басқаны да татпайды. *(Үнсіздік).* Ұйқтап тұрсын, доктор шақыртпай-ақ қой. Мен шәй демдейін, тұрса шөлдейді ғой.

*Сәлима шығады. Ыңыранып, бір аунап, Бағдат сандырақтап, басын көтереді.*

**Б а ғ д а т.** Аһ!.. Айбар... *(орнынан ұмтылады).*

**А й б а р** *(Бағдаттың басын сүйеп).* Жатшы... Жата тұршы біраз... Дем алшы!

**Б а ғ д а т.** Айбар... мен... басым... басым ауырады... *(Жатады).*

**А й б а р.** Қазір, Бағдат, қазір тәуір болады.

**Б а ғ д а т** *(есін жияды).* Қайсы күн бүгін, Айбар?

**А й б а р.** Сенбі.

**Б а ғ д а т.** Қайсы ай?

**А й б а р.** Июль.

**Б а ғ д а т.** Нешесі?

**А й б а р.** Оны, оныншы июль.

**Б а ғ д а т.** Тұрайыншы... *(Айбар сүйеп кеудесін көтереді).* Жығылып қалдым ба?.. *(Терезені ашып, сыртқа ұзақ қарайды).* Мүлде басқа... Бұрын көрмеген өзге дүние... Басқа бір планетадан келгендеймін. Бәрі бөтен, бәрі жат... *(үнсіздік)* жығылып қалдым ба, Айбар. *(Айбар басын изейді).* Сенен бөлек біреу бар ма еді? *(Айбар басын шайқайды).* Апай, Сәлима апай да жоқ па еді?

**А й б а р.** Жоқ, сені жатқызғаннан кейін шақырып келдім.

**Б а ғ д а т.** Айттың ба? Білді ме? *(Айбар басын изейді).* Бекер-ақ айтқансың!.. Енді бүкіл қалаға таралды десеңші... *(Отырады).*

**С ә л и м а.** Басыңды көтерген екенсің ғой, шырақ,

Мұңайма. Әр адамның басында бір қайғы бар. Жассың ғой, жүре келе айығасың *(үнсіздік).* Бұрыннан ауыратын ба ең, әлде?..

**А й б а р.** Апай, шайыңыз даяр ма?

**С ә л и м а.** Даяр, даяр тұр, шырақ. Әкелейін.

*Абыр-сабыр шығады.*

**Б а ғ д а т** *(жалынышпен).* Айбар, бақытты болғыр, әзірше Сәлима апайдан құтқаршы мені. Басым меңіп барады... Әрнені сұрап мазалап жүрер, шайды өзің-ақ әкелші. *(Айбар шығып, шай алып кіреді де, екі ыдысқа құйып, іше бастайды. Бағдат мұңайып).* Оныншы класты бітірерде тап болдым бұған... Қаланың профессор психиатрларының бәріне де қаралдым, нәтиже жоқ. "Ашуланба, өзіңді өзің ұстай біл. Жүре — келе сақаясыңнан" бөлек көмектері болмады... *(үнсіздік).*

**А й б а р.** Бану біле ме? *(Бағдат басын изейді).*

**Б а ғ д а т.** Адам баласына айтпауға анттасып ек. (*Үнсіздік*). Қандай алданыш *(жасып, орнынан тұрып, терезеге теріс қарай кетеді).*

Осыдан екі жыл бұрын маңдайымды жарақаттап келгенім есіңде ме? Соның ертесінде профессор мені сабақтан соң шақырып алып: "Байқа, Бағдат! Музыка тек арың мен жаның емес, барлық жүйеңнің тұнықтығын керек етеді. Ол қыздан да қызғаншақ. Мас болыпсың ғой, маңдайыңды жарақаттап алыпсың", — дегенде, кірерге жер тесік болмады.

**А й б а р.** Ішкен деп ойлаған ғой?

**Б а ғ д а т** *(қинала).* Енді мынаған не дерін құдай өзі білсін *(бетін, жарақатын сипайды).* Галстугің дұрыс байланбаса да ескерту жасайды, сондай қырағы адам *(үнсіздік).* Ректорат диплом қорғауға рұқсат етіп еді... Екі-үш күн қалды... Мына таңбамен қалай барам?! Профессор тағы да күдіктенеді-ау...

*Оқыс Бану кіреді.*

**Б а н у** *(қуанышты).* Мәссаған! Мына өтірікшілердің отырысын қарай гөр. Уәделерің қайда? Гүлдерің қайда? Проективная геометрия "бес" *(бес саусағын көрсетеді).*

**А й б а р.** Бағдат. Құттықтаймын, құттықтаймын...

*Екеуі де ұмтылады. Айбар Бағдатты қайта отырғызады.*

**А й б а р.** Барлық ережесімен, Бағдат, сен соңынан құттықтарсың, алдымен маған кезек бер. *(Building бұрылады).* Ал, Бану, қуанышыңа ортақпын, әкел алақаныңды *(Бану қолын*

*[?]ынады).* Енді маңдайыңды (маңдайынан сүйеді). Ал енді антты қайталаймыз, есіңде ме?

Б а н у *(аңырып).* Анты несі? Алжастың ба, Айбар!

А й б а р. Жо-жоқ! Есіңде ме? (салмақпен). "Құстай ғайып жоғалсам, не етер едің?".

*Сәл үнсіздік*

Б а н у. Иә, иә, есімде *(жайдары).* "Сені іздеумен мәңгілік өтер едім".

А й б а р. "Отқа жанып, өртенсем, не етер едің?".

Б а н у. "Күл боп бірге соңыңнан кетер едім".

А й б а р. "Бұлдырасам сағымдай, не етер едің?".

Б а н у. "Жел боп қуып, ақыры жетер едім".

А й б а р *(байыппен, анықтап, таптап).* "Қайғы әкелсем басыңа, не етер едің?".

Б а н у. "Бәрін, Бағдат, бәрін де көтеремін!!!".

А й б а р. Ұмытпапсың ғой?

Б а н у. Ұмытпаймын!

А й б а р. Ұмытпайсың ғой?

Б а н у. Ұмытпаймын! Ризасың ба енді?

А й б а р. Ризамын! Ал енді Бағдатыңа бара ғой, мен кеттім.

*Шығады.*

Б а н у *(үрейлі).* Не болған саған? *(Ұзақ үнсіздік).* Бағдат... жығылып қалдың ба? Бағдат... Бағдат... Бағдат!!! *(Аймалайды).*

*Жарық сөнеді.*

## *Екінші оқиға*

*Сол көше. Сол аула. Түскі мезгіл. Сәлима, қолында тырма, алжапқыш шалған, огородта күйбеңдеп жүр. Асан мен Айша кіреді. Айшаның қолында сөмке.*

А с а н. Сәлематсыз, апай?

А й ш а. Есенсіз бе?

С ә л и м а. Денсаулығың сақ па, Асанжан?

*Сәлемдеседі, Айшаны қас қаққанша бастан аяқ бір шолып өтеді.*

А с а н. Бұл кісі — менің нағашы апайым, Айша.

*(Сәлимаға).* Бұл — Айша, апай, екі-үш күнде пединститутты бітіреді.

С ә л и м а. Үйге кіріңдер. Үйге жүр, Асанжан. *(Айшаға)* Жүр, шырақ, үйге кір.

*Баршамызға таныс жесір әйелдің жиһазды үйі. Терезе ашық тұр. Терезеге тұтылған перде самалмен толқып тұр. Үшеуі отырысады.*

С ә л и м а. Мамаңнан хабар алып тұрасың ба, Асанжан? Аман сау ма екен?

А с а н. Есен-сау, апай. Кеше ғана хат алдым.

С ә л и м а *(Айшаға).* Шырақ, сен де бітіреді екенсің ғой. Жақсы, жақсы... Мұғалімсің бе? *(Айшаны тағы да шолып өтеді).* Жақсы, шырақ, жақсы... Ас әзірлейін, шәй қояйын.

*Сәлима тұрады. Оған қоса Айша да ұшып тұрады.*

А й ш а. Апай, сіз әуре болмаңыз. Не істеу керегін айтыңыз? Біз-ақ жайғастырайық.

С ә л и м а. Қартайып тұрғаным жоқ қой, мен өзім-ақ, шырақ...

А й ш а *(ырыққа көнбей).* Жо-жо, апай, екеуміз бірдей отырып, сізді әурелегеніміз ұят болар, рұқсат етіңіз *(Сәлиманың алжапқышын шешіп, өзі шалып алады).* Асанчик, вставай! Ал, апай, не істеу керек, айта беріңіз? Не әзірлейін?

С ә л и м а *(сәл кідіріп).* Кухняда ет, тағы... аздаған картоп болуы керек... Картобы құрғыр базарда соншама қымбат...

А й ш а *(лыпыл қағып).* Жақсы, апай, жақсы... Біз қазір... Асанчик, пошли, ты мне поможешь.

*Екеуі ас үйге кетеді.*

С ә л и м а *(ұнатпай).* Ишь, какая! Әлекедей жаланып, майлы ішекше айналдыруын. Берместі тартып алатын мынасы бір желаяқ қой...

*Тұрып, ас үйге бармақ боп, қайта отырады.*

Ех, Асан, Асан! Құдай-ау, төрт жыл оқып әлі бір өзгеріс жоқ. Қашан көрсең, байластырған тұмақтай бір шүйкебаспен бірге көресің. Тым құрыса оларының дені дұрыс болса екен, ылғи бір ұшып-қонған қызыл-жасыл көбелектер. *(Үнсіздік).* Ал мына бір қақатұяқты қайдан тапқан, әкем-ау!.. *(Үнсіздік. Кекете).* "Асанчик, пошли, ты мне поможешь"... Ишь, какая! *(терезеге барып, сыртқа қарайды).* Өртеп барады... Осындай да ыстық болады екен *(ұзақ үнсіздік).* ...Жездем марқұмға

ңумай тартар ма. Байғұс әпкем тұмсығынан жетелеп жүріп ңұм етіп еді *(үнсіздік)*. Мынандай қақатұяқ келінге кез болсаң, жұлдызың жанар", бишара әпке... *(күрсініп)*. Oh! Бұ дүние не боп барады өзі!..

*Айша келді.*

А й ш а. Бәрі де даяр, апай.

С ә л и м а. Қазір, айнам, қазір.

*Сәлима буфетке қарай жүреді, Айша оның жолын кесместей береді.*

А й ш а. Абыржымаңыз, апай, абыржымаңыз. Бәрі осында ғой *(буфетті ашады)*. О-о-о!, Қандай ғажап сервиздер!

С ә л и м а *(ұнатпай)*. Анау, астында болуы керек, шырақ, байқағайсың...

*Айша лыпың қағып столды даярлайды. Бәрі отырысады.*

А й ш а. Асанчик, менің сумочкамды әперіп жіберші! *(Асан сөмкесін әпереді, Айша ақша алып Асанға ұсынады)*. Асанчик, будь добрым, пожалуйста, апай шаршады ғой, шарап алып келе қойшы. Дүкен жақын ба еді, апай?

С ә л и м а. Жақын... Шырақ-ау, мұның қалай?.. Мен... ішпеуші едім...

А й ш а. Сбегай, Асанчик. Сбегай.

*Асан кетеді.*

С ә л и м а *(көңілді)*. Ах! Осында конфет болуы керек. *(Тұрып, буфеттен конфет, әртүрлі шоколадтар әкеледі)*. Сен отыра тұр, шырақ, мен огородтан шаңбыр, пияз әкелейін.

А й ш а *(ұшып тұрып)*. Мен... апай... қазір, бір минут... *(жүгіре жөнеледі)*.

С ә л и м а *(дауыстап)*. Шырақ, анау қазылған жағынан алғайсың!

С ә л и м а: *"Ескегіңді берші маған,*
*Мен есейін, сен еспе",* –

*деп ыңырси әндетіп, буфеттен құтылар алып жүр. Қолында шөлмегі Асан, артынан пияз, редиска алып Айша кіреді. (Үнсіздік. Шарап құйылады).*

А й ш а. Мен соғыстырайын, бірақ ішпеймін, оны Асанчик біледі. Сіздің денсаулығыңыз үшін, апай.

*(Рюмка соғыстырады, ішеді. Айша рюмканы ішпей қояды)*

С ә л и м а. ...Ал өзі сондай жақсы бала, ну енді!.. *(Асан, Айша аңырып, біріне бірі қарайды).* Мына үйде тұратын квартирантымды айтам... Бағдатты... *(үнсіздік).*

А й ш а. Әлгі консерватория бітіретін жігіт пе, апай?

С ә л и м а. Иә, иә. Біледі екенсің ғой?

А й ш а. Білемін, апай, білемін. Бану кеп тұра ма?

С ә л и м а. Келеді бишара қыз, кеп тұрады...

А й ш а. Бану бақытты, апай. Екеуі бірін бірі сүйеді. Араларында нағыз махаббат бар.

С ә л и м а. Әй, шырақ-ай! Махаббат өз алдына, өмір өз алдына. Бақытсыз махаббат баянды болмайды. *(Үнсіздік).* Бишара баланың жаман науқасы бар екен *(Асан, Айша үрейленіп қалады).* Осы кеше ғана жығылып, бетін жарақаттап алды *(үнсіздік).* Страшно! Жас адамның басына бермесін. Өзі ашылып әңгімелеспейді де, сабағына барып кеп, сарылып отырғаны-ақ. Құйрығы кебежедей қу домбырасын алып, күңіренеді де отырады *(үнсіздік).* Ал әлгі сорлы қыз жынды көбелектей шыр айналып шықпайды. Несінің барын *(үнсіздік).* Неужели екеуі үйленеді, түсінбеймін *(үнсіздік).* Ал енді өзі сондай жақсы бала...

А й ш а *(ойланып).* Ым-м... Солай деңіз!.. Соңғы уақытта Бану сұмдық өзгеріп кетті. Ата-анасын айтып, жылай береді. Сірә, толғанады-ау... Қайғырып жүр екен ғой...

С ә л и м а. Банумен бірге оқисың ба? *(Айша басын изейді).* Айнам-ау, неге айтпайсыңдар, сырлассыңдар ғой? Қорғасандаршы қауіптен бишара қызды *(ұзақ үнсіздік).* Бәрін бүлдіріп, екеуін бір-біріне теліп жүрген — мына Айбар дейтін зұлым бала, менің білісімше... Ойпырмай, жаста жас көріп жүріп, мұндай от ауыз, орақ тілді жасты көрген емен! Өртеніп тұр әншейін *(үнсіздік).* Осы өзі ертерек жоғалса болар еді. Шелек дей ме, кенек дей ме, бір ауданға жолдама берді деп келіп еді, не тындырып жүргенін, әлі осы қаладан айналсоқтап шыға алмай жүр...

А й ш а. Шелек болса, менің аулыма барады екен ғой ақын жігіт...

С ә л и м а *(таңырқап).* Оны да білесің бе, шырақ?

А й ш а *(мысқылмен).* Ғашықтардың арасында жүрген жырау сол екен ғой...

С ә л и м а. Ғашық-машық, махаббат деген не ол? Махаббат жоғалғаны қашан... Оның тек қауызы ғана қалған. Адам бұл заманда әуелі адам сияқты өмір сүргені жөн. Ғашық, махаббат... Ол не өзі?

**А с а н** *(Айшаға ұрлана қарап).* Махаббат деген, апай, мен үшін, ең біріншi — диплом, жайлы жұмыс, одан соң семья, жақсы хозяйка, әрине, бала... Өмірде бұдан артық махаббатты қаламаймын...

**С ә л и м а** *(мәз-мейрам).* Тентегім менің... Аумаған жездем марқұм... Алсайшы, Асанжан, ас ал.

**А й ш а** *(Асанға тік қарап).* Ал мен, Асан, махаббат дегеннің не екенін білмеймін. Әлі көргенім де, кездестіргенім де жоқ. Алайда оның бар екеніне шүбәланбаймын *(үнсіздік).* Ой, извини, Асанчик, менің уақытым бітіп қалыпты. Апай, айып етe көрмеңіз! Бізде бір жиын бар еді *(жинала бастайды).*

**С ә л и м а.** Бара ғой, шырақ, бара ғой... Айтса да, қалқам, әке-шешең бар ма? Қайда істейді?

**А й ш а** *(жайдары).* Бар, апай, бар. Папам Шелекте райисполком председателі, мамам врач.

**С ә л и м а.** О-о-о! Жақсы, шырақ, жақсы... *(Айша қоштасып, шығады).* Подумаешь, Чиликский райисполком!.. *(Асанға).* Мына көбелегіңді көзіме екінші рет көрсетпе, Асанжан! Мұның бір туалетінің өзі бір айлық зарплатаңды жояды *(кекетіп, даусын жуандата)* подумаешь, Чиликский райисполком!..

**А с а н.** Сізге бұл қыз да жақпады, апай...

**С ә л и м а** *(қатуланып).* Ой, қызыңмен қырылып қал! Қыз, қыз... Саған қыз емес, майлық, сулығыңа бірдей, бес аспап қатын керек, қатын, түсінесің бе? *(үнсіздік).* Сорлы өкпем жаңағыдай көбелегіңді күте ме, сені күте ме? *(үнсіздік).* Апыр-ау, Асанжан-ай, ақылың кіретін уақыт болды ғой, көзіңе неге қарамайсың?

**А с а н** *(қасақана, сыр түйіп).* Айшаға үйленсем бе деген ойым бар...

**С ә л и м а** *(екіленіп).* Үйлене ғой, қарсылығым жоқ, үйлене ғой. Оһ, тәңірім-ай! *(үнсіздік).* Ақылың қайда, Асанжан? Жүнін жұлған тауықтай бірдемеңді тырбитып ауылға апарғаныңда, жұрт көйлегін түріп күлмей ме? (Үнсіздік). Басыңа бір қиыншылық түссінші, жаңағы пәлең сенен жалаңаяқтап қашпаса, мұрнымды кесіп берейін. *(Ұзақ үнсіздік).* Көкетайым Асанжан-ау, қыз біткенді мұрын орамалындай ауыстырғандағы айдыныңның осы Бануға келгенде нағып мысы құрып қалады?! Қандай биязы, қандай жұмсақ, сүйкімді қыз! Тәрбиеңнен айналайын-ай, ала жіпті аттамайды-ау, аттамайды! *(Ұзақ үнсіздік).*

**А с а н** *(қиналып).* Сіз не білесіз, апай!.. Бануға сөз айту

маған соншама оңай емес. Бірге өстік, бірге оқыдық, бір ауылданбыз. Әкесі де, шешесі де мені жақсы көреді... Бануды сүйетінім анық, апай. Бірақ, білмеймін... алдына барсам болды, ананы-мынаны айтып, ойымнан адастырады да қояды. Тіпті, қосылу тұрсын, махаббат туралы әңгіме қозғаудың өзі де қылмыс сияқты боп тұрады. *(Ұзақ үнсіздік).* Көңіл аударып, көз салар ма екен деген оймен, курстас құрбыларымен де қатынас жасап бақтым... Қайрылмайды. Ол үшін мен мүлде нөл сияқтымын... Айша ұнайды... Үйленем Айшаға...

**С ә л и м а.** Үйленем, үйленем... Үйлену қашпайды. Сен Бануға шындап кіріспей жүрсің *(үнсіздік).* Айнам-ау, ашын неге айтпайсың? Баласы түседі ғой дейсің бе? Міне, оқуларың да аяқталды, енді кешіксең, сен одан мәңгілік айырыласың!

**А с а н.** Бағдат ше? Бағдатты қайда қоясыз?! Ол Бағдатты жанындай сүйеді.

**С ә л и м а.** Сүйеді атекесінің сақалын... Айнам-ау, түсінсеңші?! Бану тым нәзік жанды бұйығы қыз! Онда Бағдатқа деген аяныш қана бар, аяныш! Банудың оған деген, немене еді әлгі... *(кекетіп)* махаббатты теректің басындағы сауысқан сияқты "По!" — деп шошытса, қазір ұшып кетеді.

**А с а н.** Әй, қайдам...

**С ә л и м а** *(келекетіп).* Әй, қайдам! Әйел жүрегін әйелден артық ешкім білмейді, есіңде болсын! Біз осал жандармыз, жарқыным...

**А с а н.** Сонымен, не істе дейсіз?

**С ә л и м а** *(бұйыра).* Не істе дейін. Әлгі көбелегіңнен құтыл! Ұста, жармас Банудың етегінен деймін! Банудың мұнда қалмасына басымды бәске тігейін! Оңаша, ауылға барғанда да батылың бармай ма?!

**А с а н.** Көне қояр ма екен?!

**С ә л и м а** *(мейірленіп).* Асанжан-ау, еркектің құрығынан құтылған қашаған әйелді әлі көрген емен *(үнсіздік).* Басы айналған сорлы қыз тек осында қалып қоймасын де онанда... Айбардан қорқам... Айбар зұлым бала...

*(Асан шыға береді. Сәлима дауыстап).*

Ойлан, Асанжан! Әлгі көбелегіңнен құтыл! *(Даусын жуандатып).* Подумаешь, Чиликский райисполком!..

*Шымылдық*

# ЕКІНШІ АКТ

## Үшінші оқиға

*Жаз. Консерватория айналасындағы саялы бақ. Әртүрлі музыкалық аспаптардың үні әртүрлі естіледі. Арақідік репетиция жасаған әншінің даусы шығады. Түс мезгілі. Бақ арасындағы орындықта профессор Ғалым Ғабитов және Айбар.*

**Профессор.** Қане, қане. Оқи бер... Поэзиядан менің де ептеген хабарым бар. Оқи бер, оқы!

**Айбар** *(блокнотынан оқи бастайды).*

Көзінің де, көңлінің де нұрын алған талайдың,
Таңмен бірге тамашалап, Алатауға қараймын,
Уа, ассалаумағалейкөм, әппақ басты арайлым!

Шаруа Ата секілденіп, өміріңді сарып қып,
Үлкен үйдің ошағындай дүниені қарық қып,
Аман-есен жатырмысың, айналайын жарықтық?!

Жат осылай тапжылмастан, осыныңды қош алам,
Бауырында бауыр-құрбы, аға-жеңге, дос аман.
Жат осылай тапжылмастан, уа, тәкаппар босағам!

*Ұзақ үнсіздік.*

**Профессор** *(ойланып).* "Жат осылай тапжылмастан, уа, тәкаппар босағам!" *(Сәл үнсіздік).* Несі бар... Жақсы... Жастардың творчествосымен танысып отырғанда, көз алдыма ат бәйгесі елестейді. *(Жылы сезіммен).* Бәйге... Оллаһи, бәйге... Ал мәреге кім бұрын келеді, белгісіз әлі... Тамаша... Өте тамаша!..

**Айбар** *(биязы).* Әсіресе жас ақындарды айтсаңызшы. Әр жетіде бір ақын дүниеге кеп жатыр...

**Профессор.** Ол жақсы, інішек, ол өте жақсы! *(Сәл ойланып).* Сен оның себебін білесің бе? *(Айбар елеңдеп қалады).* Былай *(теректі нұсқап)* мына тұрған терек бұтақтанып, жайқалта жапырақ шашу үшін де құнарлы топырақ, қолайлы атмосфера керек. Искусство да сондай! Ғасырлар бойы қауызына сыймай, қамалып келген қазақ искусствосының ақтарылар шегі жетті! *(Үнсіздік).* Құнары мол, қасиетті почвада, қолайлы атмосферада өмір сүріп отырмыз. *(Айбардың жотасынан қағып).* Көбейсін, інішек,

ақындар көбейсін. Сен оған уайымдама. Жүйрік көп болса, бәйге қызықты өтеді. Көбі мақұл. Жақсы жалғыз жасамайды, інішек. Бір уыс тастан бір түйір алмас алуға болмайды ғой, көбейсін ақындар. Қауым өзінің қалаулы жүйрігін таниды.

**А й б а р.** Меніңше, ағай, *(сәл кідіріп)* меніңше, қазір шығып жүрген жастар шетінен жүйрік сияқты. Тіпті, мынау бірінші, мынау екінші деуге де болмайтындай... Шетінен суырылып тұрғандай...

**П р о ф е с с о р.** Егер айтқаныңдай болса, тіптен тамаша! *(Байыппен).* Жастық дегеннің өзі поэзия, інішек. Жас кезімде мен де онымен айналысқам *(алақанын жайып)* амал не, менен ақын шықпады *(үнсіздік).* Мен де жүйрікпін ғой дейтін ем *(Айбар күледі).* Сондықтан ба, жастар поэзиясына құмар-ақпын, оқи жүрем. Жастардың бәрі жүйрік дедің-ау, жо-жоқ, бұл тұрғыда сенімен дауласқым бар *(үнсіздік).* Кәдімгі инкубатордың балапанындай бір-біріне тым ұқсассыңдар, інішек. Мойында, ұқсассыңдар! Әлгі бәріңнің "жүйріктігің" де содан... Ақылды болғыларың, философиялық ой айтқыларың келеді... Дұрыс талпыныс... Философия, інішек, қарапайым да терең, түсінікті болса — философия. Философия айтам деп, өлеңмен жаңылтпаш айтуға болмайды ғой! *(Ұзақ үнсіздік).* Қалай еді? Ә, былай бір жас ақынның:

"Жыршымын, күйшімін,
Тезірек соқ, жүрек; күлші, күн.
Бүгінге айналсын,
Ертең мен бүрсігүн".

деген өлеңін оқыдым. Ал осыны түсіндіріп берші?

**А й б а р** *(абыржып).* Несі түсініксіз, ағасы-оу?! *(сеніммен).* Ақын өмірге құмартады, ертеңгісін бүгін көргісі келеді, болашаққа асығады.

**П р о ф е с с о р.** Бәлі, болашаққа осылай да құмарта ма екен? Есіңде болсын, інішек, ақын алдымен бүгіндікі. Бүгіннің кереметтерін болашаққа айтуы керек те: "Армысыңдар, бейтаныс жас ұрпақтар!" деп немесе "Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім, Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!" деп қасқия қарап тұруы керек қой *(ұзақ үнсіздік).* Түсінбеймін... Бүгін бауырын жаза алмаған жүйріктің ертең мен бүрсігүні бәйгеден келуі неғайбыл...

*(Профессор сағатына қарайды. Екеуі тұрады).*

Ұмтылыңдар, жастар, ұмтылыңдар! Кезек сендердікі... Інішек, менің уақытым таяпты *(үнсіздік).* Ескерткеніңе көп-көп рахмет. Бағдаттан жаман жолға түспесін деп күдіктеніп, о бір жылы ескерту жасағаным есімде... Қайдан білейін... Кешірім ет, інішек *(үнсіздік).*

"О, я хочу безумно жить!
Все сущее — увекочевить,
Безличное — вочеловечить.
Несбывшееся — воплотить!" —

Білесің бе, мұны айтқан кім?

А й б а р *(жайдары).* Блок. Александр Блок!

П р о ф е с с о р. Таптың. Таныдың... Қане, көріскенше! *(Қол алысады).*

А й б а р. Сізге ескерткенімді Бағдатқа айта көрмеңіз, ағай, өтінем! Ренжіп жүрер...

П р о ф е с с о р. Келістік!

*Жарық сөнеді.*

*Консерваторияның кең залы. Төрде пианино. Бұрышта жасыл сукно жабылған үлкен үстел үстіндегі құмырада гүл. Бес-алты болашақ композиторлар, консерватория бітіруші жастар. Зор денелі студент шұқшия нотаға қарап, алаңсыз отыр. Бағдат терезе алдында. Көңілсіздеу. Айналасында абыр-күбір, күлкі, әзіл...*

Б і р і н ш і с т у д е н т *(дауыстап).* Бағдат, қалай өзі, былай *(жүрегін көрсетіп)* жүрегің Шопеннің этюдтерін ойнап тұрған жоқ па? *(Бағдатқа жақындап).* Білегіңді әкелші, қан айналымың қалпында ма екен? *(Бағдаттың білегін басып):* Жо-жо-о-о-қ, бірқалыпта екен, жарайсың!..

Е к і н ш і с т у д е н т. Елден бұрын диплом қорғауға асыққаны өзіне сенгендіктен ғой.

Ү ш і н ш і с т у д е н т. Болсаңдар Бағдаттай бол, жігіттер. Үш қоянды бір таяқпен жығындырайын деп тұр!

Т ө р т і н ш і с т у д е н т *(үшінші студентке).* Қазақтың мақалын да ұмытыпсың ғой, екі қоянды бір таяқпен демейтін бе еді қазақ!..

Ү ш і н ш і с т у д е н т *(төртіншіге).* Иә, екі қоянды. Ал Бағдат үш қоянды бір таяқпен... Санай бер. Консерватория бітіреді — бір ме? Диплом қорғайды — екі ме? Үйленеді — үш пе? Түсіндің бе? Өзі — Шостакович, өзі — Клинберн, әрине, үш қоянды бір таяқпен соғады.

**З о р студент** *(отырған қалпында, нотадан көз алмай).* Шедевр! *(Үнсіздік).*

**Б е с і н ш і с т у д е н т** *(Бағдаттың бетіне үңіліп).* Әттегене, Шостакович, жақсы ниетің күні бетіңді жарақаттап алғаның жараспай-ақ тұр *(бәрі қарасады).* Мойында! Для храбрости, бөскесің ғой ептеп...

**Б а ғ д а т** *(ыңғайсызданып).* Әлгі... сексеуілі құрғырды жарам деп...

**Б е с і н ш і с т у д е н т** *(күле сөйлеп, бар даусымен).* Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Алдаркөсе операсынан попурри. Орындайтын Лже — Ван Клинберн — Бағдат Мамыров! *(Күлкі).*

**З о р с т у д е н т** *(әлі сол отырған қалпында зор дауыспен).* Ше-де-вір!

**Б і р і н ш і с т у д е н т.** Ей, гүрілдемей айтсаңшы. Не? Кім шедевр?

*(Зор студент жұртқа қарамай, ортаңғы саусағымен Бағдатты нұсқайды. Профессор бастатқан топ кіріп, ұзын стол төңірегіне орналасады).*

**П р о ф е с с о р.** Ректораттың ұйғарымы бойынша Мамыров Бағдатқа диплом қорғауға рұқсат етілген. Қазір сонымен танысасыздар. Өзі орындайды, кел, Мамыров.

*Бағдат пианиноға жайғасады. Тыныштық.*

**Б а ғ д а т** *(баяу үнмен).* Соната... *(Ойнайды).*

*Жұрт назары музыкада. Көңілге мұң салатын музыка сазы Бағдаттың бар арыз, арманын айтып тұрғандай. Отырғандар терең ойда. Баяу басталған соната баяулап барып тынады. Ұзақ үнсіздік. Жұрт назары профессорда.*

**П р о ф е с с о р** *(сәл жөтеліп).* Бағдат, баршамыз да сені бұрыннан білеміз. Сенің талантыңа сүйсінеміз. *(Отырғандарға).* Меніңше, бұл сонатада ыңғайсыз бір сәттегі көңіл күйі ғана бар. Сондықтан музыкалық шығарма ретінде қабылдауға болады ғой деймін *(комиссия мүшелері қозғалып қалады).*

**З о р с т у д е н т** *(реплика ретінде).* Шедевр!

**П р о ф е с с о р** *(оқыс бұрылып).* Ахметов, не шедевр?

**З о р с т у д е н т** *(орынан тұра, сасқалақтап).* Мен... Ғалым Ғабитович... Мына... Бетховенді айтам... *(Қолындағы нотаны көрсетеді, күлкі).*

**П р о ф е с с о р.** А-а-а! Бетховен бе?! Ол... әрине... Отыра ғой. *(Бағдатқа).* Иә, тек бір сәті түскен жағдайда, музыкалық шығарма ретінде қабылдануы мүмкін. Ал сенің қабілетің мен талантыңмен өлшегенде, сонатаң диплом жұмысы деуге

ғатымайды! *(Үнсіздік. Отырғандар күбірлесіп, қозғалып қалады).* Сен өмірді жаңа бастағалы отырсың. Сен мені түсінер деп ойлаймын... "Әр жүректің түбінде ақауы бары" рас... Бірақ жастыққа тән — ізгі арман мақсат ұмытылмауы керек! Уайым деген — у. Ол өзіңді де, өзгені де улатуы мүмкін! Сонатаң тұла бойы тұнып тұрған сарыуайым екен, бұл болмайды! Қара басқа қайғы қандай жау болса, пессимизм искусствоға сондай жау. Онымен уланған таланттың болашағы екіталай...

К о м и с с и я м ү ш е с і *(Бағдатқа, мысқылмен).* Музыканттың халық арасына бетінің дағымен шығуы да біздің этикамызбен сыйыспайды.

П р о ф е с с о р *(комиссия мүшесіне, ызғармен).* Ғафу етіңіз, мұныңыз мүлде орынсыз ескерту! Мамыровтың тәрбиелі студент екені баршаңызға мәлім... Мало что ли, что случиться *(үнсіздік).* Солай, Бағдат, диплом қорғауға әлі асықпа! Шаттыққа, шабытқа толы қуанышты шығарма әкел! Біз сенеміз саған!..

*Бәрі шығады. Гүл алып күтіп тұрған Бану көңілсіз Бағдатты көріп, тұрып қалады. Екеуі де үнсіз. Профессор жандарынан өте беріп, бұрылып, бір нәрсе айтпақ болады да, қайта жүріп кетеді.*

*Шымылдық*

## Төртінші оқиға

*Студенттер жатақханасы. Әлдеқайдан музыка естіледі. Қыздар бөлмесі. Төрт бұрышта төрт төсек. Ортада үстел. Шырын мен Зағыштың ең соңғы емтиханға даярланып отырған жәйі бар. Күн бесінге таяу. Кеудесінде әдемі кофта, бұтында шалбар Айша төсекте кітап оқып жатыр. Терезе ашық.*

А й ш а *(кітапты терезеге лақтырып тастап).* Ой, жазғыштарым-ай! Жазасыңдар-ау, апыр-ау, осы жазушы деген жұрт қайдағыны қайдан ойлап табады? Біресе қыз сүйеді, жігіт сүймейді, біресе жігіт қой бағып, екеуі де Еңбек Ері болады да, ауыршаруашылық көрмесінде табысады. Сонда қалай? Жігіт қыз емес, жүгеріні, қыз жігіт емес, қойды сүйгені ме?! Солай ғой, Зағыш?

*Шырын, Зағыш ұнатпайды.*

**З а ғ ы ш** *(кейістікпен).* Бақытты болғыр Айша, маза берші біраз. Ертең емтихан ғой?

**Ш ы р ы н.** Көкем-ау, саған бүгін бір нәрсе көрінген бе? Мазаламашы енді? Ішің пысса, кетсейші көшеге. *(Екеуі кітапқа қайта үңіледі).*

**А й ш а.** Фундамент, друзья, фундамент! Әу бастан осылай даярлану керек еді. Бір күннің ішінде бір кітапты бәрібір жаттап алмайсыңдар. Жыл бойы жігіттермен қыдырғанша, фундаментті мықтай беру керек еді...

**З а ғ ы ш.** Көкек... көкек! *(Кітабын сарт жауып).* Сен бүгін жынданған боларсың! *(Терезе алдына тұрып кетеді).*

**А й ш а** *(жайдары күліп).* Ең бір кереметі, қыздар, қазан-ошағын билеп кеткенге жарылып өле жаздап отырған апайым үш сом суырып, Асанчикті шарапқа жібергендегі көңілденгенін көрсең... *(Күледі).* Ой, енді өлдім-ау! *(Күледі).* Сондай да адамдар болады екен-ау... Ал енді үйі бар ғой, қыздар, үй емес, универмаг. Әй өзі, дәу де болса, саудагер. Саудагер, нағыз саудагер базардың иісі аңқып тұр *(үнсіздік).* Әй, айтса да, махаббат туралы пікір алыстық. Сонда Асанчик не деді дейсіңдер ғой! Ол былай деді: *(кекете).* "Махаббат деген, мен үшін, ең бірінші — диплом, жайлы жұмыс, одан соң семья, жақсы хозяйка, әрине, бала. Өмірде бұдан артық махаббатты қаламаймын", — деді.

**Ш ы р ы н.** Несі бар?! Дұрыс айтқан *(үнсіздік).* Әуелі адамша өмір сүру керек. Махаббат жол-жөнекей бола жатар...

**А й ш а** *(аңырып).* Жол-жөнекей?!

**Ш ы р ы н.** Иә, иә! Ең бірінші, табар табысы татымды, балаларыма қайырымды әке керек. Мен үшін махаббат — сол!

*Айша тұрып қалады. Үнсіздік.*

**З а ғ ы ш.** Солай-солай, Қалқажан... Әуелі өмір, тұрмыс, романтика потом. *(Айша ауыр ойда).* Неге үндемейсің? Махаббат — сенің Асанчигің!

*(Зағыш, Шырын күледі)*

**А й ш а** *(байыппен).* Ал мен үшін, қыздар, байлық та, бақыт та әуелі махаббаттан басталатын сияқты. Сол махаббат бір жерде жасырынып жүргендей, ал мен таба алмай жүргендеймін...

**Ш ы р ы н** *(қағыта).* Сенің, Айша, махаббат іздеуіңе болады... Себебі... себебі сенде...

**А й ш а.** Иә, иә, себебі?

**З а ғ ы ш** *(ызғармен).* Себебі романтика іздейтін материальный базаң мықты. Махаббаттан басқасының бәрі бір басыңа жетерлік! Сенің өмірің — люкс!

**А й ш а** *(кейістікпен).* Жүректерің не деген жүдеу еді, қыздар! Айта алмай жүргендерің осы екен ғой... Маған деген кектеріңді білем... Қапаланбаңдар, қоштасқанша есеп айырысармыз *(ұзақ үнсіздік).* Ех, билік қолымда болса, мен сендейлер үшін "Адалдық пен адамгершілік" институтын ашып, қайтадан төрт жыл оқытар едім.

**З а ғ ы ш.** Алдыңғы партаға өзім отырар едім десейші! *(Шырын күледі).*

**Ш ы р ы н** *(терезеге үңіліп).* Махаббатың кеп тұр, Айша, Асанчигің *(терезені нұсқайды).*

**А й ш а.** Рас па? Қайсы? *(Терезеге үңіледі).* Өте дұрыс болған. Тұра тұрсын. Естеріңде болсын, ол менің махаббатым емес, көлеңкем. Мен қайда болсам, ол — сонда... *(Айша чемоданын ақтарып үстел үстіне бір нәрселерді қойып жатыр. Екі қыз қарап тұр).* Сағат... Алқа... алтын сақина... Боже мой! Қандай жомарттық! *(қыздарға бұрылып).* Көріп тұрсыңдар ма, қыздар, біздің Асанчик қандай жомарт! Танысқанымызға үш ай болған жоқ, көріп тұрсыңдар ма, қаншама сыйлықпен көміп тастаған. Какая щедрая душа! *(Өтірік мәз боп, күле жүріп, заттарды газетке орап, терезеге барып, дауыстайды).* Асанчик. Асанчик! Біздің бөлмеге кел. Кел, қорқпа, тістемейміз... Иә, иә, оңжақта, отыз екінші. Кел, Асанчик! Кел! *(Қыздарға бұрылып).* Ну, друзья, готовтесь к бою!

**Ш ы р ы н** *(ыңғайсызданып).* Айша, сені жын соқты ма?!

**З а ғ ы ш.** Ұят емес пе, Айша?! Аты-жөні жоқ, Ұят емес пе?!

**А й ш а.** Уақасы жоқ, достар, біз оған қонағасы бермеппіз ғой. Қысылмаңдар, келеді, кетеді. Онда тұрған не бар? *(Шырын, Зағыш үрейлі, біріне бірі қарайды. Асан келеді. Шырын мен Зағышты көріп, кідіріп қалады).*

**А й ш а** *(Асанға қарсы жүреді).* Кел, кел, Асанчик! Неге сәлемдеспейсің? Сендер бір-бірлеріңді білесіңдер ғой *(қыздарға)* Зағыш, Шырын, неге үрейлендіңдер? Неге үндемейсіңдер? *(үнсіздік)* Асанчик, неге үндемейсің? *(Асан төмен қарайды, ұзақ үнсіздік. Айша қатуланып).* Зағыш! Екінші курста, үшінші этаж, жетпіс екінші комнатада тұрғаныңда, жүрдің ғой Асанмен? Жүрдің! Шырын! Былтыр, үшінші курста, екінші этаж, елу екінші комнатада тұрғаныңда, жүрдің

ғой Асанмен? Жүрдің! Бұл сырды бір-біріңнен жасырдыңдар ғой? Жасырдыңдар! Асанчик! Сен мұны мойындайсың ғой? Мойындайсың, әрине! *(Ұзақ үнсіздік).* Ал енді маған не демексіңдер, *(әзілмен)* "жақсы хозяйкалар мен балалардың табысы мол әкесі?!" *(Ұзақ үнсіздік).* Қандай масқара! Қандай опасыздық! *(Қыздарға):* Намыссыздар!!! *(Ұзақ үнсіздік)* Ақымақты тапқан екенсің, Асанчик! Сау бол, дипломыңды алып, *(кекете)* "жақсы хозяйка" ізде! *(Үстелдегі ораулы заттарды Асанның қалтасына салып береді).* Бақытты болғын, бір ауыз сөз айта көрме. Естірте көрме үніңді!.. Естігім жоқ!.. Сау бол!

*Асан бір нәрсе айтпақ болады, бірақ Айша қолынан ұстап есіктен шығара береді.*

А с а н *(кекетіп).* Подумаешь Чиликский райисполком!..

А й ш а *(қыздарға).* Ал маған, достар, жазығым болса, жанымды шығарып соғып, қайыра кеп қанымды шығарып сүйетін адал жанды қазақтың нағыз азаматы керек! Мен үшін махаббат — сол! Мен оны табамын!!!

*Шымылдық*

## Бесінші оқиға

*Студенттер жатақханасының сырт көрінісі.*

*Түн. Қараңғылау бұрышта Асан тұр, әлсін-әлі сағатына қарай береді. Асан жедел басып келе жатқан Банудың алдын орағытады.*

Б а н у. Асан!.. Неғып тұрсың мұнда?!

А с а н. Неге шошыдың, Бану? Сәлемат па?

Б а н у. Сәлемет пе?.. Мені күтіп тұрсың ба?!

А с а н. Иә, сені. Несіне таңырқадың, Бану? *(Үнсіздік).* Он жыл бірге оқып, бірге өсіп, бірер сағат әңгімелесуге қақым бар ғой деп ойлаймын... Бітіруіңмен құттықтап келдім. Баянды болсын! Бақытты бол!

Б а н у. Рахмет, Асан, рахмет! Өзіңді де құттықтаймын. *(Қол алысады).* Қайда жіберді? Қашан қайтасың елге?

А с а н. Ауылға папаңның қарауына... ветеринар... екі-үш күнде қайтам.

Б а н у *(шаттана).* Рас па? Тамаша! Ох, енді папам сені ұстайды! *(Үнсіздік).* Есіңде ме, жетінші ме, сегізінші ме класта жүргеніңде, темекі тартқаныңды көріп қойып, папам сені

үйге ертіп кеп екі сағат қызартқаны? Соншама қатал менің папам. Ох, енді қолына түстің, Асан!

**А с а н.** Есімде *(үнсіздік).* Әйтсе де, папаң дәл сен айтқандай қатал емес *(үнсіздік).* Сенің де есіңде болар, папаң мені жақсы көретін. Әлі де солай... Каникулға барған сайын мен сәлемдесіп үлгірмей-ақ, біздікіне өзі келеді де, жай-жапсарды қоймай сұрап, тексеріп, құдды Тарас Бульбадай бас-аяғыма тегіс қарайды *(күліседі).* Екінші курсты бітіріп барғанымда бір қызық болған. Алдына тұрғызып қойсын да, ал кеп аяқ-басыма қарасын. Әлгі бір борбайыма жабысқан шалбармен тұрармын ба? "Отыр! Тұр! Отыр! Тұр!" деп команданы берсін *(күліседі).* Бағынбасқа болмады, жаттығу үстінде шалбары құрғырдың тігісі дар етіп, сөгілсін де кетсін *(күледі).* "Мына сұрыңмен сендей ветеринарды мал маңына да жолатпай үркіп кетеді. Бар маймылға ұсамай, адам қалпына орал!" — деп айдап шықсын. *(Күліседі, үнсіздік).* Өзіңді қайда жіберді?

**Б а н у** *(сәл ойланып).* Мені ме? Мені де ауылыңа деп отыр. Бірақ... бірақ ойланам әлі...

**А с а н** *(таңырқап).* Ойланам?! Өз аулыңнан өзің аулақтағың келе ме?! Қызық екен... Еліме жіберіңіздер деп, бітірушілер есіктен есік қоймай шырылдап жүргенде, сенікі қызық екен, Бану...

**Б а н у.** Туған жерден, туысы жақын әке-шешеден артық ешкім жоқ, Асан, бірақ...

**А с а н.** Иә, бірақ?..

**Б а н у.** Бірақ біздің тағдыр, қыздың тағдыры қиын ғой, Асан... Қарап тұрсаң, төрт амалды қарапайым арифметика, ал шешу қиын-ақ... *(Ұзақ үнсіздік).* Айналайын ата-ана-ай, өздері үшін емес, өзге үшін өсіреді екен ғой біздерді *(ұзақ үнсіздік).*

**А с а н** *(аяныштен).* Бану... Мен... түсенім сені... өзімді түсінбеймін, сені түсінем... Кетейікші ауылға! Сенің... Сенің жағдайыңды түсінем, бірақ та кетейікші ауылға! Папаң соншама қуанады... Ұмытшы бәрін де... Бану, кетейікші ауылға!

**Б а н у.** Нені, Асан, кімді ұмытам?

**А с а н.** Бәрін де... Ұмыт Бағдатты!

**Б а н у** *(үреймен).* Бағдатты?! Қалай, қайтіп ұмытам?! Не айтып тұрсың? Асан?

**А с а н.** Мен бәрін де білдім, Бану, *(жалбарына)* ақылыңа салсаңшы, Бану! Бұл жағдайыңды естісе, ата-анаң өледі ғой. Өздері үшін емес, сен үшін, сенің болашағың үшін өледі ғой

*(ұзақ үнсіздік).* Сенің бақытты болуың керек қой, өмірді жаңа бастадың ғой... Өмірмен ойнауға болмайды ғой, алданба, Бану! Аяймын сені. Қимаймын сені *(ұзақ үнсіздік).* Бұл күнге дейін өзімді өзім алдап... Папаңның жүрегінің түбінде не жатқанын ұққанмын... Өкінем... Сенші маған, сенші, Бану! Кетейікші ауылға... Біз бақытты боламыз!..

**Б а н у** *(іш жиып).* Біз?! Кім ол біз дегенің? Не деп тұрсың, Асан? *(Ұзақ үнсіздік).*

**А с а н.** Сүйем... сені... Бану...

**Б а н у** *(таңырқап).* Сүйем?! *(ызалы күлкімен).* Сен кімді сүймедің, Асан?! Менің көргенім — үшеу, қалғанын өзің айтшы.

**А с а н.** Менің сүйетінім сен ғана. Айыбым — айтпағаным. Әкемдей көретін әкеңнің мейірімінен аттағым келмеп еді *(үнсіздік).* Білгеніңнің, көргеніңнің бәрі жалған. Жастығым жазығым болар, құрбыларыңның арасында арым таза менің. Соның бәрі де саған жол іздеу еді, таба алмадым... Таптырмадың сен... Назар да аудармадың... *(Үнсіздік).* Рас, Айшаға деген адал ниетім де болды... Айша түсінбеді мені, жазықсыз масқаралады. Қайырылмайтын жолға кетті...

**Б а н у.** Айтқаныңның бәріне сенейін-ақ. Бірақ кешіктің... тым кешіктің... Енді екеуіміздің жолымыз бөлек. Адаспа, адастырма, адаспайық!.. Хош! Бақытты бол!.. *(Қолын ұсынады, Асан алмайды).*

**А с а н.** Қоштаспаймын, Бану. Сенің жолың бақытқа бастайтын жол емес, ойлан! Ойлан. Өмірмен ойнауға болмайды! *(Бану кетеді, Асан өзімен өзі).* Ех! Асан! Асан! Ақымақ! *(үнсіздік).* Жоқ, Бану! Мен сенен қара үзіп қалмаймын! Ерте ме, кеш пе, табам сені! Аулымның атынан, Анамның атынан, екеуміз ұшқан ұямның атынан ант етем! *(Ұзақ үнсіздік).* Тоқта... тоқта... *(басын ұстап ойланып).* Оқуға аттанарда Анасы: "Асанжан, азаматсың ғой сен. Бану аманат! Қанша дегенмен қыз бала ғой, байқай жүргейсің, сақ болғайсың!" — деп еді. Биылғы каникулда әкесі мамама: "Біз жеті атамыздан бері қарай басқа кедей адамдармыз. Мінсіз, жалғыз Бануды жанымыздан шығарып, көзімізден таса еткіміз келмейді", — дегенін де естіп едім *(үнсіздік).* Қандай ақымақпын! Қандай ақымақпын!

*Шымылдық*

## Алтыншы оқиға

*Алматының саялы бақтарының бір бұрышы. Бейуақ. Ұзын орындықта Бағдат пен Бану. Жарық жаңа жағылған. Алыстағы Алатаудың бір шетінен айдың жартысы көрініп келеді.*

**Б а ғ д а т** *(көңілсіз).* Сезімге ешқандай да шекара қоюға болмайды, Бану. Шаттанғың-ақ, шарықтағың-ақ келеді, шабытты бір нәрсе істегің келеді, бірақ не шара, сезімі құрғыр өзінің дегеніне көндіреді *(үнсіздік).* Музыка деген сиқыр да сол сезімнің шекарасынан өте алмайды. Алғашында сезінген бір мелодиядан қалай қашсаң да ауытқи алмайсың. Ол қуаныш па, қайғы ма, онымен санаспайды. Миыңа орнығып алады да, ызыңдайды да тұрады *(үнсіздік).* Қара басымда жоқ қуанышты профессор қайдан тап дейді маған?! Көңілімнің күйі қалай бастады, мен солай жаздым ғой *(Ұзақ үнсіздік).* Адам өмірінде әке мен шешенің алатын орны бөлек қой *(қынжыла мырс етіп).* Ал профессор менен қуанышқа, шаттыққа толы музыка күтеді...

**Б а н у** *(жалбарына).* Қамықпашы, Бағдат! Жалынамын, жабықпашы! Сенің жабыққаныңды көрсем, үміт, тілегімнің бәрі де үзіліп кететіндей. Қамықпашы. *(Қатуланып).* Несі бар, қабілетің жетеді ғой, қайта жаз десе, қайтадан-ақ жаз. Қуанышты, екеуміздің қуанышымызды жазшы, Бағдат...

**Б а ғ д а т.** Өмірімдегі жалғыз қуаныш сен, Бану! Басқа қуанышты білмеймін. Басқа қандай қуаныш бар?

**Б а н у.** Қызықсың, Бағдат... Мектеп бітірдің, қалаған оқуыңа түстің. Оны да бітірдің? Бұл қуаныш емес пе? Талантың бар, композитор боласың, халық таниды, құрметтейді, бұл қуаныш ше? *(Қиялдап).* Тыныштық... Бейбітшілік... Тамаша!.. Айналаның бәрі қуаныш, Бағдат. Мына кеш те, мына гүл де, мына терек те — бәрі де тек қуаныш үшін жаралған. Өмір... Бізге берілген өмірдің өзі қандай қуаныш! Тыныштық... Бейбітшілік... Бақытты болғым келеді, Бағдат...

**Б а ғ д а т** *(сәл күрсініп).* Түсінем, Бану. Өмірге артар өкпем жоқ менің *(үнсіздік).* Балалық шағым бақытты еді... Мектеп бітіргенше ата-анам бар ма, жоқ па ойыма кіріп те шыққан емес еді. Ал есейген сайын, білмеймін... Не сол кездерде ақымақ болғам да... Не қазір ақымақпын *(ұзақ үнсіздік).* Қуанышыңа ортақтасар да адам керек қой *(үнсіздік).* Міне, сен өмірге жолдама алдың. Ауыл, ауылдағы ата-анаң

қандай қуанышта десеңші. Ал маған ше? Кімге қуанам? *(Үнсіздік).* Сағындым, Бану, әке мен ананың құшағын, мейірімін сағындым *(ұзақ үнсіздік).*

**Бану** *(жайдары ескерте).* Бағдат! "Уайым... түбі... тұңғиық, түсесің де, ке-те-сің! "Бақыт, қуаныш деген әке-шешемен ғана шектелмесе керек! Қуанышты болсаң, қуанышыңа ортақ үшінші, сонан соң төртінші, бесінші... Бағдат, неге үндемейсің? Қаласаң, алтыншы адам да табылады..."

**Бағдат** *(алақанымен Банудың иегін көтеріп).* Қалай? Қалай? Алтыншы? *(Бану күледі).* Қойдым, Бану, қойдым... Алайда, көп жасағыр, қазірше төртеу болып-ақ тұра-тұрайық *(күліседі, тұрады).* Айбар жазған ант есіңде ғой? *(назбен).* "Құс боп ұшып жоғалсам, не етер едің?".

**Бану** *(терең сезіммен).* "Сені іздеумен мәңгілік өтер едім".

**Бағдат** *(ескерте).* "Қайғы әкелсем басыңа, не етер едің?".

**Бану** *(жалынышпен).* Қайғы демеші, Бағдат! Қалаймын сенен! *(Екі қолын Бағдаттың мойнына артып).* Қайғы құрсын! *(Ұзақ үнсіздік).* Қорқам бақытсыздықтан... Бақытты болғым келеді, Бағдат... *(үнсіздік).* Осы бір "қайғы әкелсем" дегенді қайдан тапты екен, оңбаған Айбар-ай!..

**Бағдат.** Достық та, махаббат та қайғыда сыналмай ма, Бану? Неге шошыдың?! Меніңше, бұл сөз осы өлеңнің туы тәрізді. Қуанышқа әркім-ақ ортақ, ал қайғыға кім ортақ?! *(Ұзақ үнсіздік).* Менің айтар сөзімді қалай ғана тапты десеңші Айбар... *(Үнсіздік).* Саған белгілі ғой, Бану... *(күмілжіп).* Мен... Саған...

**Бану** *(жалбарына).* Айтпа, атама, Бағдат!.. Бақытты, ең бақытты адам болғым келеді... Қорқам, қорқам бақытсыздықтан...

**Бағдат.** Ақиқат айтпасқа бола ма, айтқызбай тұра ма. *(Үнсіздік).* Бану, сен мені сүйесің бе, аясың ба? *(Ұзақ үнсіздік).*

**Бану.** Аяймын да, сүйемін де.

**Бағдат** *(сыр түйіп).* Сүйесің бе, аясың ба?

**Бану.** Екеуі де.

**Бағдат.** Тек аяушылықпен ғана алданып жүрген жоқсың ғой?

**Бану.** Жоқ! *(Ұзақ үнсіздік).*

**Бағдат.** Онда... Оқу бітті, Бану. Ендігі өмірді бірге бастаймыз ғой?

**Бану.** Бастаймыз!

**Б а ғ д а т** *(қуанышпен).* Әуелі ЗАГС-ке барамыз, сонан соң сені осында қалдыруды іздестіреміз. Әзірге жолдаманды алмай қоя тұр... *(Ұзақ үнсіздік).*

**Б а н у.** Қазір ауылда қандай рахат!.. Дала жап-жасыл, аспан тұп-тұнық, *(қиялдап)* жылғаның арғы жағында шөп шауып жатқан болар... Кешке қарай жұмыстан қайтқан адамдардың салған әні-ай!.. Қандай тамаша еді! Тау етегінен мал өрістен қайтқан кез қандай аяулы еді!.. Ауасы-ай, адамдары-ай ауылдың!..

**Б а ғ д а т.** Ауыл — менің де арманым, Бану. Мен өткен жазда елде болдым. Біздің ауыл асқар-асқар таулардың арасында ғой... Августың басы. Жайлауға аттандық. *(Сол қолымен Бануды құшып, жүрегіне тақап, терең сезіммен беріле қиялдап).* Шопанның үйіне барып қондық. Ертең ерте, күн жаңа көтеріліп келе жатқанда, қырқаға шықтым. Мен мұндай ұлы дүниені, сәби, таза дүниені өмірімде көрген емеспін...

Аспан мен жердің арасына боп-боз, болар-болмас бұлыңғыр перде тұтылып қойған сияқты. Тып-тынық, желбіремейді де, сағымданбайды да. Бұл тіршілік, бұл өмірде бірде-бір күнәсіз, пәк періште болса, ол — сол. Бірімен бірі жалғасқан, біріне бірі иек артқан адыр-адыр белдер, жоталар, ұлы таулар... Сәби тіршілік-ай! Сондай да кереметі, сондай да нәзіктігі болады екен-ау! *(Ұзақ үнсіздік).*

Күн көтеріліп келеді. Аптапсыз ақырын ғана ақ шуағын қармалдана, еппен төгіп келеді. Ұлы таулар ұйқысын аша алмай, боп-боз, нәзік перденің астында тыр жалаңаш жатқан сәби сияқты. Не деген сәбилік, не деген күнәсіздік! Жер бетіндегі соншама ұлы дүние мұншама құйттай, момақан қалыпқа қалай ғана енді екен?! *(Ұзақ үнсіздік).*

**Б а н у** *(сыбырмен).* Әрі қарай, Бағдат, әрі қарай айтшы! Айта берші!

**Б а ғ д а т** *(сол сезіммен).* Тау, таудағы дүние, тіршілік ләззат алып, қимылсыз қуанып жатыр. Ой, шебер табиғат-ай, сондай да сұлулығы, сондай да тазалығы болады екен-ау!

Я сөзбен, я үнмен, я бояумен сенің сондағы құдіретінді танбай тап басып, дәл түсіру адамның адамының ғана қолынан келер... *(үнсіздік).*

**Б а н у** *(жалбарына сыбырлай).* Тоқтамашы, айта берші, Бағдат, айта берші.

**Б а ғ д а т.** Күн көтеріліп келеді, көтеріліп келеді. Қойлар

әлі өрген жоқ. Бырт-бырт күйісін қайтарып, ұйқылы-ояу, маужырап жатыр. Жота үстінде әлі отырмын, әлі отырмын. Шопан сонау беттен сауын биелерін желіге айдап келеді. Үй алдында жеңгей самауыр қойып жүр. Әжей іргедегі бұлаққа жуынып отыр. Бір суыр ін аузында қаққан қазықтай, үнсіз, қимылсыз мелшиіп қапты. *(Үнсіздік. Бағдат рахаттана бір күліп).* Сонда маған жердің беті тек таулардан ғана жаратылса, сірә, бұл дүние, бұл өмір басқаша — әлдеқайда сұлуырақ, әлдеқайда жарасымды жақсырақ болар ма еді, қайтер еді... деген ой келді. *(Терең сезіммен).* Сол күнгі сұлулық-ай, сол күнгі тазалық, сәбилік-ай! Қайыра бір көрсе! Кім білсін, ол сұлулық енді қайталанбас та... *(ұзақ үнсіздік).*

Б а н у. Кетейікші, Бағдат, ауылға кетейікші! *(Үнсіздік).* Жылда, каникулдан қайта аттанарда, ауылды енді қайтып көрместей көңілім босайтын еді... Тобынан адасқан тырнадай сезінетін едім өзімді... Кетейікші ауылға, Бағдат, ауылда бәрі де бар, алаңдамай жұмыс істейсің?

Б а ғ д а т *(құшақтап).* Иә, ауылда бәрі де бар. Бірақ, Гайдн, Гендель, Бетховен, Глинкалар жоқ! Амал не, арық қаңғылына мініп, байтақ даламызды аралап, Дон Кихот әр үйдің құрметті қонағы боп жүргенде, музыка құдайлары біздің ауылға әлі жете қойған жоқ. Құрманғазыны туып, Құрманғазыны таныған халық оларды да құрметтер еді ғой, амал не...

Б а н у. Несі бар? Жоқ болса, сен алып жүр оларды, ертіп жүр.

Б а ғ д а т *(күліп).* Ол тек айтуға оңай, Бану! Одан да Франконы тексеру әлдеқайда жеңіл *(үнсіздік).* Мені түсін. Музыканттың кіндігі — музыкалық орта. Ортадан кеттің — шіріген жұмыртқадай ұмыт болғаның *(ұзақ үнсіздік).* Қаншама қатал болғанымен, Ғалым Ғабитовичтей ақылшы табу оңайлыққа түспейді *(үнсіздік).* Адамның өз қабілеті өзіне белгілі ғой, қайда, Бану, менің шорқақтығым көп әлі... Қимаймын Ғалым Ғабитовичті... *(күліп).* Уақа емес, Бану! Аяқты нық тіреп алайық әуелі. Содан соң ауылға барып тұрамыз да, астанаға қоржын-қоржын опера әкелеміз! *(Күліседі. Бағдат сағатына қарап).* Кеш боп барады, кетейік. Тез арада сонатаны қайта жазуым керек қой.

*Шымылдық*

*Сәлиманың үйі. Күндіз. Айбар мен Бағдаттың бөлмесі. Айбар үстелде бірдеме жазып отыр. Бағдат домбырада бір сазды үнді мың құбылтып жатыр. Екеуінің үстіне Асан кіреді.*

**А с а н.** Шақырылмаған қонақты қабылдайсыңдар ма, жігіттер? Сәлематсыңдар ма?

**А й б а р.** Төрлет, жігіт, төрлет. Атаң қазақ қонақтан қашатын ба еді, төрлет. Құтты қонаққа құшағымыз міне! *(Үшеуі қол алысып, амандасып, танысады).*

**А с а н** *(отырады).* Баса-көктеп келгеніме ғафу өтінем? Айбар, ренжімесең, Бағдатпен оңаша сөйлесетін шаруам бар еді...

**Б а ғ д а т.** Біздің арамызда құпия болмайды, қысылмай-ақ айта беруіңе болады.

**А с а н.** Ах, солай екен-ау! Ғафу... ғафу! Демек, Бануды екеуің де біледі екенсіңдер ғой?

**Айбар, Бағдат** *(жарыса).* Иә, білеміз, білеміз, не жағдай?

**А с а н.** Ол оқуын аяқтады. Аулына жолдама алады, әрине, оны да білесіңдер?..

**А й б а р.** Білеміз.

**А с а н.** Ал сол Бану, Бағдат, сені сүйе ме? Шын сүйе ме? Сен оның бақытты болуын қалайсың ба? Адал сүйесің бе?

**Б а ғ д а т** *(күліп).* Сұрақтарың қызық екен... Бану сүйе ме, жоқ па, өзінен сұра *(күліп),* маған сүйем деген... Ал мен сүйем дегенді сөзбен айтуға шорқақ едім. *(Айбарға қарайды).* Адал сүйем бе, қалай сүйем оны да білмеймін. Оған да Бану жауап берер деп ойлаймын...

**А й б а р.** Сұрақтарың анығында адам таңданарлық екен. Сүйіскен жандарды өздерінен емес, өзгеден сұрар болар *(үнсіздік).* Екеуі бір-ақ адам *(күліп),* мен олардың некесін қиғалы қашан! Бану бақытын тапқан. Енді оған бақыт іздеп әуреленудің қажеті бола қояр ма екен?.. Сұрағыңды қанағаттандыра алдым ба?

**А с а н.** Романтика, махаббат өз алдына, жігіттер *(үнсіздік).* Адал адам сүйгенінің болашағын да ойлау керек *(ұзақ үнсіздік).* Жоқ, меніңше, Бану бақытын тапқан жоқ! Ол адасып жүр, алданып жүр...

**А й б а р** *(салмақпен).* Айтылған сөздің ақиқаты дәлелденуі керек. Дәлелін, себебін сұрауға болар ма екен?..

**А с а н.** Себебі сол: ол адасып жүр. Қыз деген бір солқылдақ шыбық, қалай майыстырсаң, солай иіледі. Қатырып оқ, қайырып садақ жасау оп-оңай олардан.

**Б а ғ д а т.** Ғафу ет. Қыз қадірін білмесем де, сөз қадірін білуші ем... Алдарқатпай ашық айтшы, замандас. Тұзақ құрып, тұтқындаған жоқ едім мен Бануды...

**А с а н.** Өлтірсең де, өшірсең де қыз тағдыры қолыңды тұр, Бағдат! Еркі сенде сорлының *(үнсіздік)*. Түсінерсің деп ойлаймын... Қи қамаудағы құсыңды! Аман-сау ата-анасына табыстау — менің достық борышым. Өзіңнің қуанышың үшін өзгенің бағын байлама. Ұшыратпа бақытсыздыққа!

**А й б а р.** Қалай-қалай сөйлейсің, қайран құрбым, бақытсызын Банудың қайдан білдің?

**А с а н.** Алдарыңда тұрған ақиқаттан неге қашасыңдар, жігіттер? Бану ауылға барудан бас тартып отыр. Неге? Неге оның басын айналдырасың?! Банудай жан тек бақыт үшін жаралған. Алдындағы азаппен арпалысар дәрмені жоқ оның!

**Б а ғ д а т.** Әттегене-ай, кешіккенің-ай, жігітім! Бұл ақылды Бануға баяғыда айтсаң етті. *(Үнсіздік)*. Бақытты болармыз деп ойлаймын... Сен айтқан азап пен қорлық кездессе, қайтеміз, бөле-жара көтереміз де, екі адамға жеңілірек қой...

**А с а н.** Арман, қиял өз алдына, ағайын. Айдай ақиқатпен саналы адамдар санасуы керек *(үнсіздік)*. Ал Бану екеуің қосылдың дейік. Демек ол осында қалуы керек. Әрине, мұрнымды бәске берейін, ол өз мамандығы бойынша жұмыс істей алмайды мұнда. Қалада не көп, мұғалім көп. Сонда қалай, ағайын, он төрт жыл оқып, сенің кіріңді жуып, кіндігіңді сипап отыруы керек пе? *(үнсіздік)*. Шын сүйсең, оның да болашағын ойлаған болар едің...

**Б а ғ д а т.** Басқаның болашағы үшін байбалам салғаныңа рахмет. *(Үнсіздік)*. Әр адам өз бақыты үшін өзі күресуі керек.

**А с а н.** Бақытқа жету үшін де негіз, тұяқ тірер тұғыр керек! Сенің басыңнан, мына тұрған жәй-күйіңнен көре алмай тұрмын оларды. Махаббат баянды болу үшін де жағдай, тұрмыс керек емес пе?! Қиялыңдағы ән-күйіңмен әйелді асырай алмайсың, ағайын! Адам ең алдымен бүгінгісімен адам. Жастықта көрмеген рахат қартайғанда қараң қалсын!..

**Б а ғ д а т.** Ах, рахат дейсің бе?! Сеніңше, рахат, бақыт, барлық, байлық, ішер ас, киер киім, жайлы қоныс, жақсы орын екен ғой?! Адамның арман-мақсаты осылармен ғана шектелуі керек екен ғой?! *(Үнсіздік)*. Несі бар, айтқаның — ақиқат. Ал енді сен аңсаған рахат жалпы адам баласының басындағы ғасырлар бойы келе жатқан трагедия екенін білесің бе? Сен аңсаған рахатқа ұмтылу — өмірге құштарлық емес, байлыққа, күйкі тіршілікке деген қомағайлық *(Қызумен)*. Сол қомағайлық озбырлыққа итерген, озбырлық — жауыздыққа,

ал енді жауыздықтан қарапайым, жазықсыз жандар жапа шеккен. *(Ұзақ үнсіздік).* Жоқ! Жоқ! Азамат, ондай рахат біздің этикамызға жат. Рахат, бақыт туралы сенің түсінігіңнің құйрығы *(сұқ саусағын шошайтып)* мынандай ғана екен...

**А й б а р.** Рахат деген толассыз тоқыраусыз мәңгілік, өмір бойы жүріп жатқан еңбек *(ұзақ үнсіздік).* Тіпті, мен, азаматым, қаншама рахатқа кенеліп, алтыннан үй тұрғызғаныңмен, адамда бір мұқтаждық болғаны жөн ғой деп ойлаймын. Мұқтаждық еңбекке итермелейді, еңбек өмірді танытады *(ұзақ үнсіздік).* Дүниеде мұқтаждықсыз ешбір адам жоқ шығар. Егер болса, түсінбеймін, күрессіз, еңбексіз қалай күн көреді екен ол...

**А с а н.** Адам тек еңбек ету үшін ғана жаралмаған, жігіттер, жарайды... Дискуссияны кейінге қалдырайық. *(Ұзақ үнсіздік, орнынан тұрып, зілмен).* Дені сау адаммен дені сау адам табысып, дені сау семья құрып, дені сау ұрпақ қалдыруы керек! Айтарым осы! Аяңдар Бануды!

**А й б а р** *(Асанның жағасынан шап беріп).* Не қусып тұрсың, азғын!

**Б а ғ д а т** *(Айбардың қолын ажыратып, мұңмен).* Жібер... Айбар... жібер... Кім біледі... Мұныкі дұрыс та шығар... *(Асан шығады).*

**А й б а р** *(тістеніп).* Подлец!!!

*Бағдат төсекке барып етбетінен құлайды.*
*Жарық сөнеді.*

*Сәлиманың ауласы. Күндіз. Бақ ішіндегі саяда Сәлима, Бану отыр.*

**С ә л и м а.** Ал енді өзі сондай жақсы бала!.. Апырмау, жастың не бір артық сөйлегенін, не бір сұйық жүрісін көрсемші. Жүріс-тұрыс, мінезінде бір мін жоқ-ау айналайынның! (Үнсіздік). Жетімдерге деген біздің өкіметтің қамқорлығын қойсаңшы! Әке-шешесі алақанына аялап отырған шолжандарды да көріп жүрміз ғой... (Ұзақ үнсіздік). Өзіңді қайда жіберді, шырақ?

**Б а н у.** Аулыңа барасың дейді, бірақ... кім біледі?..

**С ә л и м а** *(іле сөйлеп).* Түсінем, шырақ, түсінем... Айтпасаң да түсінем... Апаң бұл өмірге осы келсептай қалпымен түсе қалды ғой дейсің бе? *(Бану күледі).* Апаң да талай күліп, талай жылаған... *(Ұзақ үнсіздік).* Әке-шешең қандай қуанып отыр екен, бишаралар. Ой, жалған-ай! Менің Сәулем де тірі

болса, биыл оқу бітірер еді, амал не, бақытсыздыққа не шара!.. *(Көңілі босап).* Көкешім... Жаңа көгеріп келе жатқанда жұлды да кетті қу ажал...

**Б а н у.** Тарынбаңыз, апай, өткенге өкінгенмен орнына оралу қайда... Тарынбаңыз.

**С ә л и м а** *(жасын сүртіп).* Айтқаның рас қой, шырақ, Тарынайын деп тарынады дейсің бе, өздеріңдей өндіршіндерді көргенде, қу жүрегім езіліп, ойым ойран боп қалам *(үнсіздік).* Өлгеннің өзі бейіште, арты тозақта деген ғой, қаншама ұмытайын десем де ұмыттырар емес Сәулем. Сендер бір жыл құстары, шырақ, не білесіңдер, ұшасыңдар — келесіңдер, ұшасыңдар — кетесіңдер. Ал Ана сорлының жүрегі өмірлік қорқыныш та *(ұзақ үнсіздік).* Анаң бишара қандай қуанышта отыр екен... *(Ұзақ үнсіздік).* Әлде осында қалғандай ойың бар ма, шырақ? Қаламайсың ба даланы?

**Б а н у.** Даланы емес, апай...

**С ә л и м а.** Түсінікті, айнам, түсінікті *(үнсіздік).* Ата-анаң бұл жағдайыңды біле ме? Айтып па едің? *(Бану басын шайқайды).* Бекер, әттеген-ай, бекер айтпағансың, шырақ, Анаңнан жақын адам жоқ қой, әттеген-ай!..

**Б а н у.** Олардың ұлы да, қызы да мен едім, апай. Айтуға арланам *(үнсіздік).* Келісулері екіталай... көздерінен таса қылғысы келмейді *(үнсіздік).* "Балам, байқағайсың, көз алдымызда бол. Әкең екеуімізді жетім қалдырма!" — деп, мамам ылғи ескертіп отырады... Не де болса болғаннан кейін бір-ақ білсін деп едім.

**С ә л и м а.** Әй, айнам-ай! Әттеген-ай, болмаған екен ғой... *(үнсіздік).* Бағдат сондай ақылды-ақ бала-ау, амал не, амал не... *(Ұзақ үнсіздік).* Мен де анамын ғой, айнам. Аларсың, алмассың, бірақ саған бір ауыз ақыл қосуды борышым деп ұғынам. Тыңдармысың, шырақ?

**Б а н у.** Айтыңыз, тыңдайын, апай.

**С ә л и м а.** Жастық — жастық, өмір — өмір... *(үнсіздік).* Өмір өз білгенінен айнымайды, айнам... Сен осында қалсам дейсің. Мұның ақылды, тәрбиелі, ата көрген, ана көрген адамның істейтін ісі емес. Көз жұмып, қосыла салу — оңай. Ал қосылғасын кейін, адамша тұрмыс құру керек қой. Қалада тұру ойыншық емес, шырақ! Тіпті мамандығың бойынша жұмыс табарыңды қайдан білдің? Басқа үй, бауырға қазан керек, осы жағын ойладың ба, шырақ?

**Б а н у.** Ойладым, апай, ойлай берсе, қиыншылық деген көп көрінеді.

**С ә л и м а.** Әттеген-ай, айнам, әттеген-ай! Әй, жастық-

ай! Болмайды, қарғам, болмайды. Өмір мәселесіне соншама жеңіл қарамаса керек! Бағдат сені шын сүйетін болса, сенімен еріп неге ауылға бармасқа?!

**Б а н у**. Оның жұмысының өзі осында ғой, апай. Оның алдына қойған үлкен тілегі бар ғой. Ол композитор болуға талаптанады.

**С ә л и м а**. Жазған баланың таңдаған мамандығын қарай гөр... *(Ұзақ үнсіздік).* Осы қалаңда, айнам, қазақтың екі жігіті түрса, бірі композитор, бірі — ақын...Осы пәтерге квартирант жібергелі жеті-сегіз жыл боп барады, ой, тәңірім-ай, солардың семьясы бар, бойдағы бар, бәрі ақын мен композитор. Және де кіл жастар өздері!.. Бұ неғылған оңай мамандық екенін... *(Үнсіздік).* Жазғандар-ай, жанбағысты ойлап, басқа бір тиімді тіршілікпен айналыспай ма онанда...

**Б а н у**. Апай, жаңа бір ақыл айтайын деп едіңіз?

**С ә л и м а**. Ах, айтайын, айнам, айтайын... Память құрғыр да қашайын деді менен *(ұзақ үнсіздік).* Біреудің жар дегенде жалғызы екенсің, шырақ. Былай істесең қайтер еді?.. Біріңді бірің сүйсең, біріңе бірің сенсең, әлгі махаббаттарың, қосылуларың ешқайда қашпас. *(Үнсіздік).* Сен Бағдатқа айт. Ол осында, сен елiңде бір жыл қызмет істеп, әл жинаңдар. Ата-анаңа білдір. Бәрін де жасырмай айт. Әрі қарай не болады, ерік өздеріңде емес пе?.. *(Жаулығын шешіп қайта байлайды).* Күні құрғыр қандай қапырық еді... *(Ұзақ үнсіздік).*

**Б а н у**. Соншама қиын, апай. Алайда ойластыруға болады екен-ау.

**С ә л и м а**. Енді қалай, айнам-ау! Әйтпесе, жағдайларың өте қиын, шырақ... *(Үнсіздік).* Өмірмен ойнауға болмайды. Болашағыңды да ойластырғаның жөн, шырақ. *(Үнсіздік).* Бағдаттың жәйі де өзіңе белгілі, айнам... Оның науқасы оңай емес.

**Б а н у** *(үрей ұшыра жалынып).* Апатай, айта көрмеңіз ол жағын. Айтпаңыз, апатай, білем ғой мен, білем...

**С ә л и м а**. Ал өзі сондай жақсы бала, ну, енді... *(Бағдат келеді. Сәлима орнынан тұрып).* Шырақ-ау, мына бала ертеден бері сені күтіп отыр ғой, осынша да кешіге ме екен?! Әй, жаңа заманның жастары-ай!..

**Б а ғ д а т**. Ах, Бану ма?! Кешір, Бану, кешір. Жүр, үйге кірейік, біраз шаруа болғаны...

*Бағдат, Бану үйге кіреді. Сәлима шығады.*

**Б а ғ д а т** *(қуанышты).* Менде жаңалық бар, Бану... Қандай дейсің ғой? Профессор мені шақырып, оңаша бір сағат бойы әңгімелесті. Ал енді маған деген ілтипатын көрсең!.. Өмір,

болашақ, өзі туралы көп-көп ақыл айтты. *(Маңғаздана әзілмен).* Таныс болайық, қарындас. Алматы музыкалы училищесінің пре-по-да-вате-лі Бағдат Мамыров! *(Бануды құшақтап, шыр айналдырады).* Мен туралы бір нәрсе естіген-ау, сірә... *(Ойланып).* Жәй-күйімді ақтарып көп сұрады, Айбар бір нәрсе деген-ау, сірә...

**Б а н у** *(екі қолын Бағдаттың мойнына артып).* Менде де жаңалық бар...

**Б а ғ д а т** *(оқыс).* Иә, иә? Қалдырды ма?

**Б а н у.** Қалдыр, қалдырма деп, өтініш айтып барғаным жоқ. *(Үнсіздік).* Бағдат, *(өтіне)* өзіңе де, маған да қолайсыз жағдайды қаламайсың ғой?

**Б а ғ д а т.** Қаламаймын. Қауіптенесің бе?

**Б а н у.** Жоқ, Бағдат, жоқ қауіптенбеймін. *(Үнсіздік).* Бағдат, жоқ қауіптенбеймін. *(Үнсіздік).* Бір өтініш айтсам, ренжімейсің бе?

**Б а ғ д а т** *(сәл таңданып).* Жо-о-оқ! Ренжімеймін.

**Б а н у.** Мен бір жылша ауылда-ақ істеп, ата-анамды қуантсам, көңілдерін ауласам. Сен де бір жылға шыдасаң, Бағдат!.. Келер жазды күтсек... Маған сенесің ғой, Бағдат... Қиыншылық көріп қаламыз ғой. Сенің де біраз қалыптасуың керек қой. *(Үнсіздік).* Бәрін де қойшы, бірақ әке-шешенің алдынан өтпеу қиянат қой тым... *(Ұзақ үнсіздік).*

**Б а ғ д а т.** Аһ, қиыншылық, қиыншылық!.. Ата-ана демесең, қиыншылыққа көнуге болар еді ғой...

**Б а н у.** Иә, Бағдат, папам мен мамам... *(ұзақ үнсіздік).* Ата-ананы сүю, құрметтеу деген өз алдына. Ол біздерге әкенің тері, ананың сүтімен бірге сүйегімізге сіңген қасиетті борыш қой. Бұл — әр адамның басында бар ортақ қасиет. *(Үнсіздік).* Ал менде оларға деген біртүрлі сиқырлы, өзім түсінбейтін бөлекше бір сезім бар. Бөлекше махаббат, бөлекше аяныш бар. *(Үнсіздік).* Егер екеуін сәл ренжітсем, сірә, кісі өлтірген адамнан әрі опасыз болармын деймін... *(үнсіздік).*

Екеуінің кейіптерін елестетіп, екеуден-екеу қалай отыр екен, не істеп отыр екен, не күйде екен деп ойлап кетсем, дүниенің бәрін де ұмытқым келеді *(Ұзақ үнсіздік).* Екеуден-екеу... Бір-біріне кінәлі адамдардай, бірінің қабағын бірі бағады... Маған олар үлкен жолдың үстінде екеуден-екеу, зарыға көлік күтіп отырған, қажыған жолаушылардай болады да тұрады. Өмір бойы әлденені сарыла күтіп отырғандай боп көрінеді... Екеуін де аяймын, бірақ не шара *(үнсіздік).* Ойлап отырсам, мен өскен сайын олардың қорқынышы көбейген сияқты. *(Ұзақ*

*үнсіздік).* Мені түсінші, Бағдат, ренжімеші. Ренжімеймін деші! *(Үнсіздік).* Біз дейтін екі цифрдың арасындағы қосу белгісіміз ғой олардың?.. *(Ұзақ үнсіздік).*

**Б а ғ д а т** *(терең сезіммен, Банудың басын төсіне тақап).* Білем, Бану, білем *(үнсіздік).* "Жетім қозы тас бауыр" деп ойлама. Ардақ тұтар ата-анаң болса, аямасқа не шара... Атаның тері, ананың сүті маған да қымбат *(үнсіздік).* Мен де емгем оны. Өз қуанышыма бола өзгенің қуанышын құрбан етер мен емес *(Ұзақ үнсіздік).* Қалағаның болсын, қарашығым!.. Мен саған өмірлік сенем...

*Айбар кіреді.*

**А й б а р** *(омырауында университет значегі, қуанышты).* Леди и джентльмены! Разрешите представиться. Зав. отделом Чиликской районной газеты "Заря коммунизма" Айбар Сулейменович Сулейменов! Честь имею, господа! *(дипломын, жолдамасын үстелге бір қояды. Күлкі, үшеуі де құшақтасады).*

**Б а н у** *(Айбардың жолдамасын оқып көріп).* Мәссаған! Ойбай-ау, біздің Айшаның аулына жіберіпті ғой! Оны да өз аулына жіберді. Кеше ғана шығарып салдым. Міне, қызық!

**А й б а р.** Қалай өзі, былай... Ауыз тұшитын адам ба?..

**Б а н у.** Айшаға ма?! *(үнсіздік).* Мен сенің де, Айшаның да сырын білем ғой, Айбар. Айшаның жанын зерттеу жігіттерге қиынға түсер... *(үнсіздік).* Айтса да, "Асауға тусауды" көрдің ғой, Айбар, Кэт есіңде ме?

**А й б а р.** Тамаша! Тамаша! Ойбай-ау, сондай бір содыр қызды кездестіре алмай қор боп жүрген жоқпын ба!..

Біздің Азияның қыздарын қойсаңшы... Кәдімгі кисель... Не ащылығы, не тәттілігі белгісіз шұбатылады да тұрады *(Бағдат, Бану күледі).* У-у-уф! Жалынымен өртеп, жарығымен қарып тұрса. Алдына барсаң тістеп, артына барсаң теуіп тұрса. Сонда Айбар — Петруччио шу асау шүйке басқа: *(Петруччионың рөліне еліктеп).*

"Шын қыздырар төсегің ғой өзіңнен,
Одан да доғарайық былшылды.
Тура айтайын, Әкең көнді,
Бермек болды, жасауға да келістік.
Не қылсаң да мендіксің
Ал мен бе, Кэт, өзіңе сай бай болам,
Шүкіршілік етем сені көрген сәтіме,
Дидарыңа ынтық болдым,
Менен өзге ешкімге де тимейсің.
Мен туғанмын асау Кэтті

Үйретпекке жуас Кэт қып.
Қолбала Кэт боласың,
Әне әкеңіз. Мөңкімеңіз,
Катарина, қатын етпей қоймаймын", —

деп, бұрымынан ұстап ап, бұрып әкеп сүйер едім. *(Күліседі, ұзақ үнсіздіктен кейін).* Ал, достар, сендер екеу, мен жалғыз, қоштасайық енді... *(Күліп)* қазақтың маған басы артық бір қызы бар шығар. *(Бануға бұрылып)* Бану, есіңде болсын, барлығын, барлығын да көтерем! Ұмытпа!!! *(Бағдатқа)* Бағдат, "Мой друг, Отчизне посвятим, Души прекрасные порывы!" Пушкинді сыйла!...

*Бағдат пен Айбар құшақтасып ұзақ тұрып қалады.*

*Шымылдық*

*Екінші акт пен үшінші актының арасында екі-үш жыл өткен.*

## ҮШІНШІ АКТ

### Сегізінші оқиға

*Баршамызға таныс Бағдаттың сол бөлмесі.*

*Өзгеріс — Айбардың төсегі жоқ. Оның орнында пианино. Еденде арзан кілем. Қабырғада Айбардың портреті. Үстел үстінде домбыра жатыр. Күн жексенбі. Қоңыр күз, бұлыңғыр.*

**Бағдат** *(пианино алдында жазып отырған нотаның бір жерін өшіргішпен өшіріп, қайта жазып, орнынан тұрды да, үстелдегі домбыраны алып, тік тұрған қалпында, Естайдың әні "Қорланды" бір тартып шықты).* Ән... Арманында, азабын да, қуаныш-қайғысын да әнге сыйдыра білген айналайын елім-ай... Зарыға келген, жалына келген ән-естісем, ол сенікі... Әзілі апшыны қуырып, жабырқаған көңілді жадырататын, сал-серінің сазды, ойнақы үнін естісем, ол да сенікі. Кер тайлаққа жүгін артып, туған жерінен үдере көшкен, босқан, ақтабан, айыр сақал Атаның, кейуана Ананың боздағанын

естісем, ол да сенікі. Бәрі — сенікі... Адуын батырым да, ақылды ақыным да — сен, даламдай дархан, тауымдай тәкаппар ғашығым — халқым менің! Қайтсем сенің дарияңа тамшы болам! *(Ұзақ үнсіздік. Домбыраны қойып, пианиноға қайта отырады).* Алдаған Бану, сен үшін емес, алданған махаббатым, саған арнадым бұл әнімді! Баянсыз Бану, саған емес, баянды махаббатым, саған арнадым бұл әнімді *(қарындашын алып, нотаға жазады).* Қош, махаббат!!! *(Жазылған әнді пианинода ойнаған болады, оркестр ән мелодиясын іліп алып кетеді. Бағдат басын сүйеп, отыра қалады. Оркестр тынады, хат тасушы кіреді).*

**Хат тасушы.** Молодой человек, Вам письмо!

**Бағдат** *(Басын көтеріп).* Спасибо Вам, спасибо! *(Хатты алып қарайды).*

Хат тасушы *(жайдары).* Знакомый почерк, знакомый конверт, знакомый Чиликский район. *(Күледі, шығады).*

*Бұл хатты ашып, оқи бастайды.*

*(Негізінде хатты Айбардың өзі сахна сыртында оқып тұрса, Бағдат соның ырғағына қарай әрекет жасап, үнсіз хатты тек оқыған боп отырса).*

**Бағдат.** Шелек шәрісінен шексіз сәлем! Күліп отырсың, біліп отырмын... Сабыр, сабыр! Пушкиннің мына бір шумақ өлеңін таңдайыңа таста да, дәмін ала отыр:

*"Алдаса егер сені өмір,*
*Қапаланба, қайғырма!*
*Қаралы күнге көне біл,*
*Илан, шаттық алдыңда!"*

Қалай? Тәтті ме екен? Ал енді шаруа мәселесі. Дүниеде хат жазғанның қиыны-ай! Өзімнен бастасам ба екен әлде Айшадан бастасам ба екен?! Екеуміз де талай қағаздың бетін былғадық қой, екеуміз де қоя тұрайық. Әлгі о дүниеден келе жатқан төреден-ақ бастайын. Өзіңе белгілі ғой, Бағдат, ол төрені біз күткелі біршама уақыт болды. Әлі жоқ. Сәрі, бір белгісіз станцияға келіп аялдап қалса керек. Міне, бүгін шәй үстінде сол төреден болмашы хабар алдық. Шәй құйып отырған Айшам баж етіп, қарғып тұрғаны! Зәрем ұшты.

— Ойбай-ау, не болды?! — десем. — Тебеді, — дейді.

— Көкем-ау, екеуден-екеу отырып кім тебеді? — десем.

— Мынау, — деп ішін көрсетеді.

— Әй, алжасқан боларсың?! Жарыққа шықпай жатып, ішіңнен тепсе, шыққасын кейін, тісіңді сындырар, қане, жіберші маған, — деп, алақанымды тақап әлі тұрмын, әлі

тұрмын, жоқ, Сірә, қуың аяғын баурына алып, бұға қалса керек *(Бағдат мәз).* Іншалла, Бағдат Сүлейменович Айбаров төре келеді, Айша, десем: — Жоқ! Сүлейменовна Айбарова, — деп көнсеші ол. Әйда, кеп талас. Оларды жеңіп бола ма, көндім-ау, әйтеуір. — Ал, енді қалағаның болсын, айналайын, атын кім қоямыз? — десем: — Шолпан, — дейді.— Көкем-ау, оныңды соншама көкке шығарып қайтесің? Бір сәбиге есім боларлық жерде де дүние жетерлік қой. Бағдагүл болсын, — десем: — Ендеше Бақгүл болсын. Бағы — сенікі, гүлі менікі. Правомыз бірдей, — дейді. Көрдің бе, бұ жерге де право керек екен. Қойшы, сонымен, ұлыңды қимадың, енді досымның есімінің бес әрпін де қызыңа қимайсың ба деп жатып, Бағдагүлге көндірген болдым... Шаруаң қалай, симфонияң өтті ме? Ғалым Ғабитович ұнатты ма? Менің жүрген жерімнің бәрі өлең. Үлкен бір нәрсе істесем деймін, оны кейін білерсің. Айтса да, осы өлеңі құрғыр мені бір күні қызметтен қуғыза ма деп қорқам. Кеше, қызметте, бәрін жауып тастадым да, әншейін көзді алдау үшін хаттарды алдыма жайып тастадым да, өлең жазып отырсам, жауапты секретарь кіріп кеп: "Қарағым-ау, қашан келсем ылғи өлең жазып, өз жұмысыңды істеп отырасың, хат қорытып немесе хаттарға жауап жазсаңшы. Аудандық газетті кіл өлеңмен шығармайды ғой", — десін.

— Ағатай-ау, келген хаттың бәрі өлең болғасын, нанбасаңыз, қараңызшы, өлеңмен жауап жазып отырмын, — деп бөсейін. Представь себе, соған сенді, ей...

Сонымен екі жыл да өте шықты, ә?.. Тоқтата алмайсың, біздің ғасыр асығып барады... Дүниенің бәрі стартта тұр... Өтінем, Бағдат, Банудың есімін атап, тағы да хат жазсаң, оллаһи, ренжимін саған. Ұмыт! Ұмыт! Ұмыт! Көрсеткен өлшемің бойынша өлең жіберіп отырмын. Сол әнді тыңдасақ екен ертерек.

Сау бол! Айбар.
"Мой друг, Отчизне посвятим,
Души прекрасные порывы".

*Бағдат тұрып, қабырғадағы Айбардың портретіне ұзақ қарап: "Мой друг, Отчизне посвятим, Души прекрасные порывы", — деп қайталай береді, қайталай береді. Сәлима кіреді.*

**С ә л и м а.** Айнам-ау, әлі отырмысың?! Тым құрыса,

демалыс күнін өзіңе қисаңшы. Сарылып отырасың да қоясың, сергісеңші біраз.

Б а ғ д а т. Профессор келем деп еді, күтіп отырғаным.

С ә л и м а. Ә-ә-ә! Профессор ма? *(үнсіздік).* Шырақ, сол адам сені шыр айналып шықпайтын болды-ау өзі... Сені күйеу бала етіп алайын деп жүргеннен сау ма? *(үнсіздік).* Ал енді өзі сондай жақсы адам, ну, енді!

Б а ғ д а т *(ұнатпай, ескерте).* Ол кісінің ұлы да, қызы да жоқ, апай, қорқпаңыз.

С ә л и м а. Ә-ә-ә! Солай де! Мен қайдан білейін, шырақ... *(ұзақ үнсіздік).* Базары құрғыр бүгін күйіп тұр. Бұ не пәле?! Ой, тәңірім-ай, қиын шырақ, қиын...

Коммунизмге жетер ме екенмін, жоқ жетпей-ақ жер қабар ма екенмін... *(Ұзақ үнсіздік).*

Б а ғ д а т *(Назар аудармай, терезеге қараған бойда).* Коммунизм, апа, әуелі адамдардың санасында орнауы керек! Коммунизм тек қана молшылық емес, меніңше... Адам санасы қара басылық, күйкі тіршіліктің қоқыстарынан тазарғанша коммунизм кешіге тұратын тәрізді.

С ә л и м а. Бәлі, шырақ! Санадағы байлық садаға кетсін! "Болмысты тұрмыс билейді деп" бекер айтпаған. Аш қарын тұрғанда, ақылды бас адыра қалады *(Ұзақ үнсіздік).* Шырақ, көңліңе алма, осы бір адыра қалғыр төрт қабырғаның арқасында жанды жанмен бағып жүргенімді білесің өзің... Ақысы саған ауыр тиіп жүрген жоқ па?.. Бір студент жіберсек, қалай болар екен? Әрі саған ермек қой?

Б а ғ д а т *(қынжыла күлгенсіп).* Менің өз ермегім өзімде ғой, апай. Маған несі ауыр?! Қара басым, маған не жетпей барады. Мүлде ауыр емес... Жазға дейін үй береміз деп отыр.

С ә л и м а. Жо-жоқ! Шырақ! Мен... әншейін... Саған... сен үшін... Тұра бер, қалқам, тұра бер...

*Профессор кіреді.*

П р о ф е с с о р. Есенсіздер? *(Сәлимаға)* Сәлематсыз ба, замандас?

С ә л и м а. Сәлемет-сау барсыз ба? Хош келіпсіз! Төрлетіңіз!

П р о ф е с с о р *(Бағдаттың жотасына алақанын қойып).* Иә, Бағдат, халің қалай? *(Сәлимаға)* Замандас, сіз ғафу етіңіз! *(үнсіздік).* Бағдат, кеше сенің симфонияңның репетициясында болдым, финалың маған мүлде ұнамады (ұзақ үнсіздік). Баламау, бұл не деген қайсарлық? Жас адам айтқанды тыңдап, біраз иілуі керек қой *(үнсіздік).* Есіңде болсын, шаттық пен қуаныштың, адамдар ләззат алып, өмірлік рахат табатын

искусство ғана өлмейтін искусство болмақ. Қандай шығармаңа болмасын, жарыққа шыққанша ғана сен иесің. Жарыққа шыққасын халықтікі, халық игілігі. Өзің өмір сүріп отырған замандікі, ғасырдікі. Ал біздің халыққа, біздің заманға қара бастың күйін күйлейтін пессимістік какафония емес, ұлы дүбірмен үндес құдіретті симфония керек. *(Ұзақ үнсіздік).* Ғасырыңа қарасаңшы. Қандай құдіретті, қандай күрделі ғасыр! Тіршілік тарихында басқа ғасырлар бір төбе, біздің ғасыр бір төбе. *(Ұзақ үнсіздік).* Соншама тамаша басталған әп-әдемі дүниенің финалын әкелесің де, не онда, не мұнда жоқ әлсіреткен де қойғансың *(үнсіздік).* Балам-ау, күрес болғасын, кейін бір жағы жеңіп, салтанат құруы керек қой. Ал ол сенде жоқ.

**Б а ғ д а т.** Меніңше, тек жеңімпаздардың салтанатын тойлап, жеңілгендердің қайғысын ұмытуға болмайтын сияқты.

**П р о ф е с с о р.** Бағдат, күрескесін қалай да жеңу керек, болмаса күреспеу керек! Жеңілу деген — өлген деген сөз, түсінесің бе?! Өлгенге жоқтау айтқан реквиемнен, тіріге тілек білдірген салтанатты патриоттық оратория әлдеқайда жоғары.

Арманыңның, тілегіңнің орындалуын қалайсың ғой? Ендеше сол фантазияң симфонияңның финалында неге жоқ?! Қойдым, қойдым... Тоқтаттық айтысты. *(Пианино үстіндегі нотаны алып қарап).* Иә, тағы немен айналысып жатырсың? *(Пианиноға отырып).* Мынау ән ғой, қане, қане! Баста, бастașы жәйлап. *(Профессор сүйемелдейді. Қолына Айбардың жазған текісін алып Бағдат қоңыр үнмен баяулатады. Ән жүйесін босатқан Сәлима көзін сүрте береді. Ән аяқталады).*

**П р о ф е с с о р** *(әрі-бері теңселіп жүріп).* Тағы да уайым... Тағы да мұң... *(сезіммен)* алайда, бұл... ән... ғой,.. сағыныш әні ғой... Жақсы ән... Тамаша ән!!! *(Сәлимаға).* Айтса да, замандас, мен сізге келіп едім. Айыпқа бұйыра көрмеңіз! Бағдат бұдан былай біздікінде-ақ болсын *(әзілдеп, Бағдатқа)* мұның творчествосында бір қауіпті фальштер бар екен, дер кезінде жоймаса болмас... Ренжімеңіз, сіз Анасындай болып қалдыңыз ғой...

**Б а ғ д а т** *(қиыла)* Ға-а-лым Ғабитович?!

**П р о ф е с с о р.** Қабылда, Бағдат, қабылдама, қазірден бастап мен сенің әкеңмін! Енді сен үшін Ғалым Ғабитович жоқ! Қалай атасаң, олай ата!.. *(Сәлимаға)* біз, замандас, жұбайымыз екеуміз-ақ... Айып етпессіз?.. *(Бағдатқа)* Қалай қарайсың, сенің де, біздің де уайымды теңдей етіп үшке бөліп,

бірігіп күресеміз бе? *(Ұзақ үнсіздік).* Бала әкесіз, әкесі баласыз қалмауы керек қой?.. Қалай қарайсың, Бағдат?

**Б а ғ д а т** *(терең мейіріммен).* Ұстазым менің!.. Әкем менің!.. *(Профессордың құшағына кіреді).*

**П р о ф е с с о р.** Досым! Ұлым менің!

*Сәлима жылап тұр.*

*Шымылдық*

## Тоғызыншы оқиға

*Тау бөктеріне орналасқан ауыл. Аңырақай кең сайдан тау өзені төмен құлап жатыр. Қазір түн. Асанның семьясы, үйі. Бөлме іші прологта көрсетілген, бірақ сәби әзір дүниеге келмеген. Радио соңғы хабар беріп жатыр. Алдында қатар-қатар оқушылардың дәптері. Бану дәптер тексеріп отыр. Кең халат киген, екіқабат, іші білініп тұр. Асан диванда кітап оқуда. Мінсіз үй ішінде күйбеңдеп жүр.*

**М і н с і з** *(Банудың ісіне үңіліп).* Ботам-ау, қып-қызыл ала қып құрттың ғой бұл бишараны?..

**А с а н.** Кімді, мама?

**М і н с і з.** Қайдан білейін, мына бір дәптердің беті қып-қызыл ала. Бануҗан қызыл бояқпен сызып-сызып, "екі" деп қойды.

**Б а н у** *(басын көтеріп).* Екі деген жаман ба, әже? Санның алды бір мен екі емес пе? Бір ең алдыңғы, екі онан кейінгі деген сөз. *(Асан жымиып отыр).*

**М і н с і з.** Ботам-ай, мені түк түсінбес түлей дейсіңдер-ау... Менің де өз әлімше сауатым бар. Тіпті, сауатты былай қойғанда, аздың аты аз, көптің аты көп емес пе?! Аз қайдан жақсы болушы еді... *(Үнсіздік).* Тәмсілі, мен жалғыз едім. Ерге шықтым, екеу болдым. Асанжан келді дүниеге, үшеу болдық. Шал өлді, екеуміз қалдық. Сен келдің, қайтадан үшеу болдық. Жаман болды ма?! *(Үнсіздік).* Құдай қойса, төртеу болайық деп отырмыз. Ол — жақсы. Бесеу болсақ, одан да; алтау болсақ, тіптен жақсы емес пе?! Көп неге жаман болсын, ботам, *(ұзақ үнсіздік).* "Жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпайды" деп, бекер айтпаған ғой.

**Б а н у** *(күліп).* Жеңілдім, әже, жеңілдім *(әжесін құшақтап тұрып).* Қане, сіздің сауатыңызды көрейін, *(дәптерді ұсынып)* мынаны оқыңызшы! Не деп жазылған?

**М і н с і з** *(ежіктеп).* Әб-ді-Әбді-қа... Әбдіқадыр, Әбдіқадыр.

Е-е-е! Өзіміздің Әбдіқадырдың баласы екен ғой! *(Асан, Бану күледі).* Несіне күлесіңдер?! Мен сендердің заманыңда тусам, алдақашан ауылсоветке хатшы боп отырар едім.

**А с а н.** Ауылдық советке хатшы?! Маматай-ау, одан үлкеніректі атасаңызшы.

**М і н с і з.** Өз өмірімде одан үлкен адамды көргенім жоқ, Асанжан. Дүние есеп-қисаптың әммесі соның қолында. Тіпті, бүгін туған нәрестенің де кінежкесін сол береді *(Бану, Асан күліседі).* Мені бір түлей деп ойламаңдар, боталарым! Тек қай күні өлерімді ғана білмеймін, ал басқасының бәрі белгілі маған. *(Ұзақ үнсіздік).* Ех! Боталарым, боталарым!.. Екеуіңнің қас-қабағың қалай қимылдағанын да сезе қояды қу ішім... Бұл не біледі дейсіңдер ғой... Бәрін де білем... Бәрін де сезем...

**Б а н у** *(абайлап).* Не білесіз, әже?!

**М і н с і з.** Не білейін, Бануҗан... Екі жылдан асып барады, екеуіңнің де жүріс-тұрыстарың ұнамайды маған, боталарым...

**А с а н. Б а н у.** Не істедік, әже?!

**М і н с і з.** "Ішіңнен тынғыр" дегендей, дерттің жаманы іштен тынған, боталарым... Не білейін. Қосылғалы бері екеуіңнің бір-біріңе деген жылы мейірімдеріңді көрген емен — соны білем... Ерлі-зайыпты жас адамдардың арасында жып-жылы, жап-жақсы жарасымды бір қасиеттер болушы еді, ол жоқ сендерде — соны білем. Татулықтарың болғанмен, біріңе деген біріңнің тамашаларың жоқ — соны білем *(ұзақ үнсіздік).* Екеуің екі үйдің адамы сияқтысыңдар, боталарым... Неге сонша суықсыңдар? Бастарың аман, бауырларың бүтін ғой, қарғаларым, не болды сендерге? *(Ұзақ қолайсыз үнсіздік. Радиодан "Сіздердің тыңдағандарыңыз соңғы хабарлар. Жарты минуттан кейін жаңа әндерден концерт" дегенді есітіп, Мінсіз, радионы күшейте бұрап қояды. Асан, Бану үнсіз. Радиодан "Алматыдан сөйлеп тұрмыз. Жаңа әндерден концерт тыңдаңыздар! "Қош, махаббат!". Музыкасы Бағдат Мамыровтікі" деген үн естіледі. Бану селк етіп, ұшып тұрады. "Қош, махаббат"әнін Ришат Абдуллин қоңырлатып барады. Үшеуі үш жерде қатып қалған. Бану бос қолын кеудесіне қойып, не қыларын білмейді. Асан диванда тұқырып отырған қалпында. Мінсіз жаулығын ысырып, радиоға жабысып қапты. Ән баяулап барып, шалқи сөнеді).*

**М і н с і з.** Ой! Арман-ай! Қандай жақсы ән еді! Шіркіннің үнінің кеңі-ай, көп жасағыр. *(Банудың маңдайын сипап).* Не болды, Бануҗан?! Бір жерің ауыра ма? Неғылды, ботам?

**Б а н у** *(енесінің қолын ысырып).* Жазықсыз еді ғой,

Асан... Жазығы не еді оның? Неге адастық?.. Неге адастырдың?

**Мінсіз** *(аңырып, Асан мен Бануға кезек қарап).* Бануҗан, кім ол? Асан, кім еді ол? Кімді айтып тұрсыңдар?..

**Бану** *(булығып).* Әже,.. сіздің... Асан,.. сенің алдыңда арым таза... Ата-анам, сендердің алдыңда да арым таза... Қош, Бағдат!.. Қош, ары тұнық адал жан!.. Айыптымын алдыңда... Естідім әніңді... *(долдана).* Неге үндемейсің, Асан!.. Неге үндемейсің! *(Жылайды).* Айып етпе, әже... Сезімімнен басқаның бәрі сендердікі... Айып етпе, әже... Өзімнен өзім, өз ойыма өзім күйейін... Анашым, ақ сүтіңнің қымбаты-ай!.. Әке,.. құдіретіңнің күштісі-ай... Қош, Бағдат!.. Қош, махаббат! *(Еңіреп барып отыра кетеді, әжесі сүйейді, Асан тұрады. Жарық сөнеді).*

*Сахнада Айбар. Қаламын үстелге қойып, жазылған шумақтарды алып, оқи бастайды.*

**Айбар:**

Жылауға да хақың бар, жыла, Бану,
Жараңды жаза алса егер жылағаның.
Адастың ба, жарқыным, адастың ба?!
Антың қайда, неліктен шыдамадың?
Мен сені жұбатпаймын, жыла, Бану!

Шын сүйген шыр айналып, кетпес еді,
Керек етсе, ажалмен шектеседі...
Осынау ән, ей, Бану, қайда жүрсең,
Арыңның алдына кеп беттеседі.

Керек емес жасыңды тыймағаның,
Бағдат үшін қайғырам, қиналамын...
Бір адамның басына бар бақытты
Қашан көрдің табиғат сыйлағанын?!

Жыла, Бану, мен сені жұбатпаймын,
Аяймын, аяймын да қуаттаймын.
Халқым жазған махаббат дастанын ап,
Аясында аспанның шуақтаймын.
Жыла, Бану, мен сені жұбатпаймын!

***Шымылдық***

* * *

Арада ұзақ-ұзақ жылдар өткен. Жаз. Сол ауыл. Асанның әсем үйі. Кең үстелде мол қуаныш дастарқаны. Үстел басында отырған, көбінің самайын қырау шалған ерлі-зайыпты егде тартқан адамдар. Асанның да самайын қырау шалған. Қуаныш, күлкі, шаттық.

**А с а н** *(орнынан тұрып).* Замандастар! Достар! Үзілген Қуанышты жалғауға рұқсат етіңіздер! *(Ұзақ үнсіздік).* Алдымен, ауылдарының шалғайлығына қарамай, Бану екеуіміздің сезімізді сыйлап, қуанышымызға ортақтасып отырған, Айбар, саған, "адал жанды адуын, қазақтың нағыз жігітін" іздеп тапқан, адал Айша, саған мың мәртебе рахмет! *(Ұзақ үнсіздік).*

Біздің семьяның байырғы досы Бағдат келе алмады. Бірінші сөз соныкі еді. "Ұстазым, әкем сырқаттанып қалды. Биыл ауылдарыңа бара алмайтын болдық", — деп, Айбардан хат беріпті. *(Ұзақ үнсіздік).* Бүгінгі қуаныштың иесі, достар, біздің тұңғышымыз — Мақсат. Ол мектеп бітіріп, Москваға оқуға жүргелі отыр *(қол соғылады).* Өткенді еске алмаса, бүгіннің қателігін түзеу қиын, Айбар. Бір кездегі сенің дастаныңның жағымсыз кейіпкерлері алдыңда тұрмыз. *(Айбар сәл ыңғайсызданады).* Жо-жоқ, айыбымды айтып, ақталайын деп тұрғаным жоқ... Рас, сенің дастаның, Бағдаттың әні Бану екеумізді талай рет ұйқыдан оятты, тебірентті, алайда бізді табыстырды *(күліп).* Екі айыпкер бірігіп, айығар анық жол іздедік. Оны таптық та *(ұзақ үнсіздік).* Әрине, талай қуаныш үзіліп, талай дастарқан иесіз де қалған кездерді де кездестірдік. Алайда, болар іс болғасын, кейін семья тұнықтығын лайламауға, біздің ұлы программамызда айтылған ұлы өсиеттерден адаспауға, азаматтық борышымызды адал орындауға тырыстық, ауытқымадық *(ұзақ үнсіздік).* Өз басымыздағы өкінішті өмір сүріп, еңбек етіп, рахат көріп отырған өндірісімізге араластырмадық. Сол баяғы, Айбар, өзің айтқан "тоқыраусыз, толассыз" еңбектен рахат таптық, айықтық. Рахмет сендерге, достарым! *(Қол соғылады).* Адам ғұмырында мөлдір, тұнық асыл сезімнің алатын орны бөлек екен *(үнсіздік).* Адам сезімін тәрбиелеуден, адам сезімін бағындырудан артық қиын іс жоқ екен, замандастар! Сезімді құрметтеңдер! Сезімге дақ салмаңдар! Сезім үшін, адам

сезімінің тұнықтығы үшін, бас иейік, достар! *(Бәрі де тұрып қайта отырады).*

**Қ а с ы м** *(құлана жан-жағына қарап).* Радио жоқ па?! Ағайын, өтінем сіздерден, радионы бұрай көрмеңіздер! *(Күлкі).* Ой, тоба-ай! Сондай да сиқырлы ән болады екен?! Бір минуттың арасында апай-топайымызды шығарғаны... *(Ду күлкі).*

**Б а н у.** Әй, Қасым-ай! Қырықтан асқанша, қылжақтығың басылмады-ау сенің *(күлкі).* Мен бір дәмді сөз айтып, жұртқа тост көтертеді екен десем...

**Қ а с ы м.** Әй, періштем, асықпай қоя тұршы. *(Күлкі).* Айтам! Неге айтпаймын?! Менің тілім химиядан жасалды ғой дейсің бе?! Не перебивай, пажалыста! *(Күлкі, даусын көтеріп жөтеліп).* Жолдастар! Біз бүгін данышпан ақынымыз Абай атындағы алдыңғы қатарлы совхоздың ауыл ағасы, яғни председателі Асанның... деп үзіліп қалады.

**А с а н.** Қоя ғой, Қасым, қоя ғой! Әрі жағы түсінікті... *(Күлкі).* Балалар келе жатыр...

*Мақсат бастатқан бір топ қыздар, балалар кіреді. Айбар тұрады.*

**А й б а р** *(жастарға).* Бәріміздің ұстазымыз Бағдаттың әкесі — Ғалым Ғабитович: "Армысыңдар, бейтаныс жас ұрпақтар" деген Пушкиннің сөзін қайталай береді *(үнсіздік).* Мен де сендерге, қалқатайларым: "Армысыңдар, бейтаныс жас ұрпақтар! Армандарыңа жетіңдер! Адаспаңдар!" — деймін. *(Бәрі қол соғады. Балалар шығады).*

**Б а н у** *(Қасымға).* Қасым, сен ренжіме, жарқыным! *(Тұрады).* Айбар! "Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң" демеуші ме еді?.. Махаббатқа бергісіз, махаббаттан да жоғары адамшылық достық деген бар. *(Ұзақ үнсіздік).* Біз табыстық, достастық. Жастық қаншама желіктіргенмен, біз адаспадық. Біріміздің алдымызда біріміздің арымыз таза *(үнсіздік).* Жарқын жанды жан едің ғой, неге көңілсізсің?.. *(Ұзақ үнсіздік).* Айша, адамның жанын түсінуден күрделі есеп жоқ екен... Адам сезіміне абайлап қарау керек екен *(ұзақ үнсіздік).* Мына отырған Асан құрбыңның басынан өзімде жоқ өзгеше қасиеттер таптым, рахмет Асанға!.. *(Ұзақ үнсіздік).* Асан, сен ғафу ет. Кейбір жас адамдарға тән бейбастығы жоқ, нәзік жанды, үлкен жүректі, саналы, сүйікті Бағдат мен үшін әлі сол қалпында. Енді оны мен ғана емес, менің семьям, менің ұл-қызым, менің халқым, Отаным сүйеді. Ол өз заманының, өз ғасырының аяулы азаматы болды. Ұлы Отанымыз талантты ұлын ұлы абыройға, Лениндік

Сыйлықтың лауреаты деген ұлы даңққа ие қылды оны. Ол осындай зор құрметке бөленуді көп қиялдайтын еді, онысына жетті. *(Қасымға)* Қасым, сен қорқпа! Ендігі сөзді Бағдат алсын! *(Барып радиолаға Бағдатты" "Қош, махаббат" әнін ойнатады, бәрі тыңдайды. Ән аяқталады).*

Қош, махаббат! Қош, жастық! Сол үшін орнымыздан тұрайық, замандастар!

*Бәрі орындарынан көтеріледі.*

***Шымылдық***

*Соңы*

# Мақалалар

Бір кезде Маяковский: "Ей, аспан, қалпағыңды ал, мен келемін!" — деп күркірегенде, біреулер күлген де болар, кім білсін.

Ал енді осыдан бірер жыл бұрын әлі жұрт көзіне түсе қоймаған балаң ақын Олжас: "Жер, Адамға табын!" — деп жар салып еді, адамдар құлақ түріп, елең ете қалды. Алайда, Жер-Ананы тізе бүктіретіндей Олжаста қандай күш бар? Алып жерге айғай салатындай қандай құқығы бар оның? — Бұлай деп жар салмаса, Олжас Олжас болмас еді! Ғарышқа жол тартқан ұлы көшке ұлағатты сөз керек болды. Ғасырдың құдіретін, адамның құдіретін айқындайтын жыр керек болды жұртқа.

"Жер, Адамға табын!" несімен жақсы, несімен Одақ оқушыларының қолдауын тапты? Бірер сөз осы тұрғыда.

Ақын нысанасында — бүкіл әлем. Космос та, космонавт та бір сәтке біздің назарымыздан тыс қалады да, жердің өткені мен бүгіні сөз болады. Ғажап жері, поэмада ақын қаншама бұлтарыстар, кілт шегіністер жасағанмен, біздің сезімде бүгінгі күннің, дәуіріміздің тынысы тұрады да қояды. Бақсақ, ақынның өзі айтқандай, дүние осы өзгерісті, осы ғажайыпты баяғыдан бері күткен екен. Адам баласы қан кешіп, қара жамылып, асыл мақсатқа — бүгінге — ұмтылған екен.

Поэма космос жайлы, космонавт Юрий Гагарин жайлы еді ғой. Олай болса, бұл тұста жердің өткені мен бүгініне барудың қажеті қанша? Поэмаға арқау болған негізгі тақырыптан ақын неге ауытқыған?

Біріншіден, Гагарин — адамзаттың ғасырлар бойғы арманын көктен әрмен алып ұшқан тарихтың тұла бойы тұңғышы, жердің әлемдік кеңістікке аттандырған алғашқы қарлығашы. Демек, оның ғарышқа шығып алып, әлемге әлемдік, жалпы адам баласындық көзқараспен қарауы ақиқат. Екіншіден, космосты меңгеру адам санасының, ақыл-ойының ғаламат өскендігін көрсетеді. Мұншама ұлылықты жыр ету үшін де космос кораблінің жылдамдығындай ұшқыр сезім керек. Поэзияның ұлы ғасырмен қатарласып қана қоймай, одан көш ілгері жүргісі келетіні содан.

Мүсін зерлеген скульптор әсте те сарандыққа бармайды, өзінің фантазиясындағы сұлу мүсін жасалып біткенше

қырнай береді, жона береді. Ол мүсінін керексіз тозаңдардан тазартады да, сом тұлға жасап шығарады. "Жер, Адамға табын!" — сол іспеттес дүние. Ақынның таразы ойы әрбір сөздің, әрбір оқиғаның ең керекті, ең салмақтысын талғап алған да, қауқарсыз, әлжуаз детальдарға бұрылып та қарамаған. Поэзияның ерекшелігі де, поэзияға керегі де осы ғой.

Бұл арада Әбішпен келіспеске болмайды. Поэзия — адам баласының рухы. Поэзияға тән рухты әдебиеттің басқа жанрларынан табу қиын.

Олжас поэмасын сюжетсіз поэмалар қатарына қойдық. Мұнда қиян-кескі қырқыс, тағдырлар тартысы жоқ. Оқушыны еліктіріп отыратын тізбекті оқиға да ұшырата алмайсыз.

Ақынның әрбір сөзінде, әрбір шумағында көзге бірден ұра қоймайтын құпия да терең философия, зор азаматтық үн жатыр.

Шытырман оқиғаларға толы, жағымды, жағымсыз геройлары бар, лепіріп шалқуы бар дастандармен салыстырғанда "Жер, Адамға табын!" тұрғылас поэмаларды, рас, оқу да, түсіну де біршама қиын. Себебі, мұнда ақын айтпақ болған ойын алдымызға жайып салмай, тереңде ұстайды, оқушының бір сәт ойлауын талап етеді. Демек, мұндай жағдайда, ақынның әрбір сөзіне, тіпті оқыс қойылған тыныс белгісіне үңілуге, ақынға артылған зор талапты поэманың ұзына бойынан ғана емес, әрбір әріптен де іздеуге тура келеді.

Поэмадағы көптеген шумақ қисса-хикаяттардағыдай сылдыратып оқып өтуді көтермейді. Оқушы сәл-пәл ойлануы керек. Тіпті, сырт көзге қораш, әншейін айтыла салған мына бір жолды қараңыз: "Вот они — медленные Мадриды", байқайсыз ба, бұл — Испания. Ал Испания әлі де азаттық үшін күресте. Бірақ жеңе алмай жатыр... Қырағы, салауатты ақын ойындағысын бір-ақ сөзге төкті бұл арада.

"Жер, Адамға табын!" орыс поэзиясының Блок, Маяковскийлерден басталып, қазір тамырын тереңге жайған ең жаңа формасына, үлгісіне оранған. Поэзияның түрін ақын саналы түрде, қасақана өзгертпек болса, онда бәрінің де оңбағаны. Түр іздемесе керек, ол — ақынның ішкі тебіреніс, толғанысынан пайда болатын заңды құбылыс.

Олжас поэмасы төңірегіндегі сөздің түйіні: сюжетсіз поэма дүниеге келді. Оның лирикасы да, эпикасы да бар.

Қайсысының басым жатқанын оқушы өзі көрер. Алайда бір нәрсе талассыз: "Жер, Адамға табын!" — дәуір тынысын арқалаған, мол арналы, эпикалық дастан.

Еркеш Ибраһимнің "Өмір өлмейді" дастанындағы адамдар тағдыры оқушысын қызықтырады, тартады, күйінтеді, сүйінтеді. Қаламы ұшталып қалған сергек ақын өткен өміріміздің белгілі, сүбелі бір кезеңін келісті жырлай білген. Жалпы, ауыр жылдардағы ауыл тірлігін, оның үлкен полотносын поэзиямен нақыштауға ұмтылады. Үлкен талпыныс, ізгі іс, қарсы емеспіз. Алайда, осы ізгі мақсат қалай басталып, қалай тынды, ақын талғам нысанасына жетті ме, жетпеді ме, әңгіме осында жатыр.

Ұзақ, сюжетті дастанның сюжетінен бастайық. Оқушыларға да, Еркешке де белгілі, А.Толстойдың "Орыс мінезі", К.Треневтің "Өз үйінде" деген әңгімелері бар. Сюжеттері ортақ. Екі әңгімеге де арқау болған — соғыста жазушы П.Павленко кездестірген, өртенген самолеттен алмағайып тірі қалған кавказдық ұшқыштың тағдыры. Оның беті адам танығысыз күйген, бүлінген. П.Павленко бұл оқиғаның сюжетін Треневке айтқан, әлдеқайдан А.Толстой да естіген. Сонымен, белгілі бір сюжетке, бір тақырыпқа бірінен соң бірі екі әңгіме жазылған. "Өмір өлмейді" дастаны да осы оқиғаны қайталайды.

Мәселе тіпті де сюжетте, ұқсастықта емес. Мәселе адамның ет жүрегін езілтетін осы бір қайғылы халдің Еркеш поэмасында қаншама шарықтау шегіне көтеріліп, қаншама дәрежеде жариялануында.

Поэмадағы көзге ұратын басты кемшілік автор баяндауға ұрына береді. Поэзияға жалаң баяндау араласқаннан кейін-ақ болмағаны.

Рас, ақын айтар оқиғасының неғұрлым тұжырымды, қысқа болуын қатаң бақылайды. Бірақ бәрібір бос тартылған жыр желісі қайыра ширатуға оншама көне бермейді. Бұл оқиға психологиялық ішкі дерттің, сезімінің дүниесі ғой. Дастандық дәрежеге көтеріп тұрған да сол. Жұбан —Жарастың басындағы емдеуге келмейтін үрейлі трагедиясы. Бар оқиға, бар ақындық толғаныс, түйін Жұбан — Жарас басына топталуы керек еді.

Автор өзін бір сәт қана ұмытып, айнала төңірекке Жарастың психологиясымен, Жарастың көзқарасымен қарауы қажет еді. Құлашты кеңінен сілтейтін эпикаға барған

екенсің, — адам характерлері, адам образы жан-жақты көрінуге тиіс. Геройлар бір-бірінен даралануы, сараланууы шарт. Әрбір жанның өзіне тән қимылы, іс-әрекеті, тіпті тілі, сөйлер сөзі болмай ма? Ал біз поэмадағы Толғанай қылығын, харакетін қалай аңғарамыз? Біле алмай, көре алмай тұрамыз.

"Мөлдірге үңіледі, күлімдейді,
Япырым-ау, мынау таныс кімім дейді.
Толқының көк торғынын желпілдете,
Қос анар қос алмадай дірілдейді.
Қолына айырды да жиі алады.
Қайтсын-ай бос тұруға ұялады,
Келбеті Толышымның осылайша,
Әркімнің жанарына ұялады".

Адам жаны — күрделі, Адам сезімі — тұңғиық. Оның тереңіне бойлау үшін ақын суреткер болуға тиіс. Тірі персонаждар жалаң сөзбен, "ол сондаймен" жасалмаса керек.

Поэманың композициясы сырт қарағанда дұрыс-ақ сияқты, алайда ақын тым оңай тәсіл тапқан. Жарасты бетке ұстап, шығармасын бөлім-бөлімге жіктеп алған да тарта берген, ішкі динамика әлсіз.

Әңгіменің басындағы осы поэманың сюжеті, тақырыбы жөніндегі ойымыз бекер айтылмаған-ды. Осы сюжет поэмаға тән бе еді? Турасын айтайық, жоқ! Бұл — қалтарыс, бұлтарысы көп, толғануы кең прозаның ісі еді. Осы сюжеттен адам тағдыры туралы тамаша эпикалық повесть шығар еді, әрине, иесі табылса. Бұл ретте Әбіш Кекілбаевтың поэма жанрының табиғаты жайлы айтқан пікірлеріне де қосылмауға болмайды.

Поэзия — сезім мен рухтың құймасы. Алдымен поэзия болсын, ал эпика, лирика дегендеріңіз шын поэзияның ғана шымылдығы.

Рух пен сезім! Поэманың ғана емес, жалпы поэзияның туы осы екеуі.

## СЕЗІМ НАЙЗАҒАЙЫ

Поэзия — азабы мол, ауыр жол. Егер ол сіздің жүрегіңізге бірден ұялай қалса, одан келіп, тіліңізге үйірілсе, қапас ойдан қарғып шығуға ұмтылса, бір сөзбен айтқанда, сізді біртүрлі мазасыздыққа душар етсе, ондай жыр, сізге оп-оңай көрінгенімен, оңайлықпен жетпегенін түсінсеңіз болғаны. Онда сіз сарыла сезініп, сарқыла ойланып, өзінен өзі таусылған,

өз жүрегін өзі жегідей жеген "құдірет те, құл да, құрт та өзі" (Державин) сарсаң жанның жақыны мен досысыз. Ол — ақын. Өзіңіздің ақылыңыз. Ол да адам, көктен түспеген. Ол да өзіңіз сияқты, еткен еңбегінің өтуін қалайды, рахым-рахатынан татқысы келеді. Ал ақын үшін саналы қауымның бағасынан, оның заңды талғамынан, тарауынан артық қаламақы жоқ. Сіз ақынға (егер ол ақын болса) әділетті бағаңызды беріп, оны түсінуге тиістісіз, ақынды алақанға салып аяламай-ақ қойыңыз. Ақын деген — Сіздің өзіңіз. Сіздің көңіліңіздің қуанышы мен көзіңіздің жасы. Ол сіз болып күліп, сіз болып жылағысы келеді. Ол сіз болып күйінген сәттерінде, Сізден пана іздейді, мұңын Сізге шағады. Сіз қабылдарсыз, қабылдамассыз, ұнатарсыз, ұнатпассыз, алайда оның Сізсіз күні қараң. Өзіңіз болғандықтан да, өзіңізге өзіңіз іздеп тауып, түсініп, түсінгеніңізге қарай билік құруға қақыңыз бар.

Егерде көре тұра көрмей, біле тұра білмей, тани тұра танымай, сырт айналған Сізге бар болмысымен, бүркеншіксіз, қызылшақа қалпымен ақыныңыз алдыңызға келіп:

"Келеді қуып тақымдап,
От басы дауы, таныс дау.
Алысым маған жақын да,
Жақыным маған алыстау.

Зіл батпан жүкті иықтан
Түсірмей келем, гүлім-ау.
Үйімнің өңі суық та,
Көшемнің жүзі жылылау.

Жүрсем де өмір-жұмақта,
Көрмедім шаттық бір өңкей.
Бір жағым менің шуақ та,
Бір жағым менің көлеңке", —

деп, сәл мұңайып, бір күрсініп алса, Сіз қандай халде болар едіңіз? "Азамат едің ғой, арқауыңды босатпа, күйінбе, күйреме", — деп ақыл берер ме едіңіз? Әлде бұйығы көңілден бұлыға шыққан лебізді сезініп, арпалысқан ойдың айтпағынан да аңғартқанын бағып, төтесінен гөрі төркінін түсініп, Сіз де бір ауыр күрсінер ме едіңіз? Қайтер едіңіз? Әлде сыдыртып оқып шығып, бір минут та назарыңызды шығындамай, жырды жәйіне қалдырар ма едіңіз? Ондай жағдайда Сізге не айтуға болады? Сезім көлінен серігін іздеп көтерілген аққу сезім көліне барып басқа мұңдасын табар...

Ұшқан құс ұясын іздейді. Ал ақынның ұясы — халық. Өзге туралы ма, өзі туралы ма, тіптен өмірде бар нені болса да жырға арқау етерінде, ақын қыбыласын халыққа қарап түзейді. Бұл — оның еркімен де, еркінен тыс та жасалып жататын шарт. Ақынның жекеменшік қазынасы жоқ. Оның үні мен тілі, поэзияға керек қару-жарағы — барлығы халықтікі. Тек қайшылық-қарбаласы мол тірлікті қалай түсіну, сезіну және де сол түйсік сезімін жыр аспабымен басқаға жеткізу ғана ақынды өз орнына отырғызып, оған ерекше міндет жүктейді. Сол қасиетті парызды өтеу жолында оның қабілеті мен ісі, таланты мен шеберлігі айқындалмақ. Бұл жолда ойлы ақын оңай соқпақтардан жеп-жеңіл секіріп өтіп, шеккен мехнатын салғырт сезімнің жылы ғана буына ұстап, жырға зәру жандарды алдарқата алмайды. Сондықтан да ақын өзімен өзі арпалысып, өзімен өзі сырласады, "қолқасына қалам матырады" (Қуандықтың сөзі). Ақынның бірінші ерекшелігі осы болса, екіншісі, ақын сыры қауымынан жасырылмақ емес; сырын жасыруға ақынның шамасы да келмейді. Ол жылай отырып күлгенін, күле отырып жылап алғанын өзі де аңғармайды. Қарама-қарсылыққа өмір қандай ырғын болса, ақынның шым-шытырық сезім дүниесі де қайшылықтарға соншама бай. Ақынның міндеті — өз сезімін өзі тұтқындамау, ағынан жарылып, азапқа салған ауыр ойдан айтып құтылу. Өзінің жан дүниесін қауымға жайып салу. Ойын айта алды ма, жоқ па, сезімінің құсы басқа жүректен ұя таба алды ма, жоқ па, оған төреші — оқушы қауым. Бұл сапарда ақын өзіне өзі қайшы келіп жатса, қуана отырып жылап, жылай отырып қуанып алса, оған таңданатын дәнеңесі жоқ. Ол — ақын мінезінің күрделілігі, асау сезіміне ауыздық сала алмағандығы, бар сырын бүге алмағандығы.

Бірде ол:

"Жығылмайды ақылға сезім деген,
Жалған сөйлеп, бөсуден безінді өлең.
Қолбала боп жүгіріп жүрмін әлі,
Қосағасы болатын кезімде мен..."

деп, бір сәт пәнделігі есіне түсіп, үлкен өмірден үміт күткен ақын осы бір шағын қорашсынып мұңайса, бірде ол:

"Қысыр сөзді жолатпа!
Бері өткізбе!
Қымбатырақ,
Құндырақ деректі ізде.

Қоя тұрып от басын,
Ошақ қасын,
Қамын ойлау әлемнің керек бізге!
Бес саусақтай біле біл айналаңды,
Босағаңдай сүйе біл бар ғаламды!
Бұл қолыңнан келмесе,
Қой өлеңді,
Бұл қолыңнан келмесе,
Қой қаламды!" —

деп, әлгінде ғана өзі түсірген күйініш тұманын өзі ысырады. Екі өлең, екі түрлі ой, біріне бірі қарама-қарсы екі бөлек сезім. Мұндай дүниелер, сөз жоқ, томаға тұйық, толғақсыз туылмаған. Сөз жоқ, әртүрлі зарядтардың арпалысының арасынан жалт еткен сезім найзағайы бұл.

Қадыр — найзағайлы ақын. Қалайда бір жалт беріп, тіліп өтпей тыншымайды ол. Оқушы қауымының оның орманына да, отауына да, бағына да кіріп, домбырасын шертіп көруге әуестенушілігі содан болар. Ақиқатына бағу керек, Қадырдың творчествосына жұрт үйір. Жұрт оның жаңа жырларын күтеді. Халқынан алған қазынасының өтеуін қайыруда Қадыр да сараңсымайды, оқушысын зарықтырмайды оншама. Қадырдың шаңырағына ұя салған поэзия қарлығашы жылы жақтан жылда оралып, жылда балапан ұшыруда. Бұл заңды да. Адам баласының өзіне берілген аз ғана ғұмырдың ақынның жұғынына жүк та болмайтынын сезіне тұра, алтын аздығымен де құнды ғой деп Қадырға ескерте алмаймын. Асығу керек, айтып қалу керек. Қадыр дер шағында, жас шағында. Ал поэзия дегеніміздің өзі — жастық, мәңгілік жаңару мен түлеу. Егер поэзия түлемесе, жаңарып отырмаса, Пушкиндер мен Абайлардан кейін ол есікті қағудың өзі ақымақтық болар еді. Поэзия — ғылым. Ол өзінің түрі мен мазмұнына, ырғағы мен ұйқасына, жалпы бойына түр жаңалықтарымен ажарланып, қайта туып, мәңгілік құбылып отыратын ғылым. Ол — адам баласының сезіну, ойлау, тіптен қиялдау процесінің ең жоғарғы сатысы. Өмірдің түкпір-түкпіріндегі сан алуан құбылыстарға, табиғат көркіне, ғылымның қай саласындағы болмасын тындырылған іске, өнердің шырқау биігіне көтерілген туындыларға поэзияның көзімен қарап, бәріне поэзиялық баға берілуі тектен-тек емес.

Тамыры тереңге кеткен логикалық-философия, түрлі-түсті бояулар өзара шағылысып, шұғыла шашып, жеңіл буын бойына сақтаған живопись, өмірдің ырғағын бағып,

жаратылыстың жасырын үнін зерттеген музыка — бәрі де шынайы шын поэзияның бойындағы қасиет. Қиындық — осылардың бәрін поэзия тілімен айтып жеткізу. Толғаныс үстіндегі ақын осылардың біріне де соқпай кете алмайды. Айталық, ауқымы кең, арнасы мол эпикада ақын бар ойын барынша пайдалану мақсатымен, амалсыз баяндауға, баяндағанын дәлелдеуге, бір сөзбен, етістіктерді көп қолдануға тап болатыны сөзсіз. Поэзиядағы қашып құтыла алмайтын осы бір қиындықты прозаизм деп жүрміз. Несі бар, алысқа ататын ауыр зеңбірек-прозаның да поэзияға жақындығы болмаса, жаттығы жоқ. ("Евгений Онегинін" Пушкин роман деп атаған жоқ па?) Прозаның салауатты, парасатты, данышпан қарапайымдылығын поэзия бойына сіңіре білсе, оның ешқандай терістігі болмақ емес. Поэтикалық прозаның дастан, балладаларға еріксіз еніп кететінін қоя тұрғанда, ол, тіптен, шағын сюжетті өлеңге де араласпай тұра алмайды. Қазіргі қазақ поэзиясында, бір шумағы бір повеске арқау боларлық сюжетті өлеңдердің азайып кеткеніне таңданбасқа болмайды. Мұның себебін мен былай ұғынам. Сюжетті өлең абстракциялық лағуды маңына да жолатпайды. Дәлдікті, тапқырлықты талап етеді. Дау жоқ, ақын бұл тұста біршама тер төгуіне тура келеді. Бұл тұста ақын жырға емес, жырдың өзі ақынға бақылау жасайды. Сюжетті өлеңді жазып шығудың қиындығы өз алдына, тіптен арқауын тартарлық сюжет іздеп әуреге түсуің даусыз. Мұндай жағдайда қиындықтан құтқарар бірден-бір сәт — ақынның индивидуумы. Оның өмір жолы, өмірде қарапайым жандардың назырынан тыс қалған сәттерді көргіштігі, аңғарғыш, сезгіштігі. Қазақ поэзиясының барлық экспериментін басынан өткеріп, толассыз іздену үстіндегі ақын Қадырдың творчествосына мен осы биіктен қарағанды жөн деп білем. Ақиқатына бағу керек, Қадыр творчествосы зерттеуді керек етеді. Қадырдың қазіргі творчествосы алмағайып сәтті бағына, барлық қуатын бауырына жиып, жемтігіне атылғалы тұрған барысты елестетеді маған.

Қадыр біздің поэзияға кездейсоқ қосылған жандайшап емес. Ол үлкен мектептен өтіп, үлкен даярлықпен келді. Қиынның қиыны сәбилер поэзиясының көрігінде балқып, төсінде шынықты. Сәбилердің эстетикалық талғамдарын оята жүріп, өзі оянды, үйрете жүріп, үйренді. Бала мінезінің адал да аңғал оқыс тапқырлығын жанына дарытып отырып, сәбидің тұнық сезіміне тұнық жырлар береді. Сотқарларын тәрбиелеп, момындарының намысын оятты. Анығын айту керек, ақын

балалар әдебиетінің факультетінде оқи жүріп, факультеттің ішінен факультет ашты. Балалар поэзиясына соны із салды. (Жоғарыда сөз болған сюжетті поэзияның көкесі Қадырдың "Күміс қоңырауында").

Тапқыр, аз сөйлеп, көп аңғарту, айтылмыш ойының астарын түсінуге, өзінше ойлануға оқушысын мәжбүр ету, ашуын артына сақтаған суыққанды сарказм, өмірдің күнгейі мен теріскейіне ашық көзбен жасқанбай, жалтармай үңілу, елге-жерге, халықтың қанымен бірге жаралған өнері мен дәстүріне деген тойымсыз құмарлық — Қадыр поэзиясының дені осылар. Оның поэзиясы тұтас, бүтін. Алдыңғы жинақтарындай, биылғы жарық көрген "Домбырада" өзінің динамикалық тұтастығымен, жеке тақырыптардың өзара логикалық байланысымен, тақырып пен тақырып, шумақ пен шумақ, жол мен жол бірігіп, бір механизм құрып, белгілі бір басқару жүйесіне бағындырылуымен де құнды. Сондықтанда мен бүтін дүниені бөліп-жармай, бүтін қарап, бүтін пікір айтуды жөн көремін. Сондықтан да "Домбырадан" домбыраның ғана сазын ұғынбай, бүтін бір оркестрдің үнін естіп, құныға келе, жеті бөлімнен тұратын симфонияға тап болдым.

Ақынның қадау-қадау, жекелеген өлеңдерін алып, оның дүниетанымын, көзқарасын, алған бағыты мен азаматтық үнін аңғарам деу — қиянат. Ал айтылмыш ақынның ақындық арнасы мен азаматтық үнін байқау үшін, оның жаңа жинағына өзі көтерілген биіктен қараған мақұл.

Алдымен айта кетейін, азаматтық үн — Қадырдың бүкіл творчествосының лейтмотиві. Оның осынау "Домбыра" деп аталатын симфониясында қос ішекті домбыра сазымен бірге қоңырау әуенді қобыз үнін, сызылған сыбызғы дыбысын, тіптен, әлдеқандай дүбірге елеңдеткен барабанның күркірін де ұшыратуға болады:

"Ән әлдилеп күрең қызыл Шығысты,
Таңның шығын,
Күннің нұрын гүл ішті.
Жер бетіне қалқып шыға келгендей,
Көк мұхиттың түбіндегі Тыныштық.

О, адамзат, дүниенің қожасы,
Ақылыңнан қала көрме алжасып!
Самолеттің бортындағы бомбалар
Кірпіктердің ұшындағы көз жасы!.."

Қарапайым әрі садақтың оғындай қадалып айтылған сөз —

сөз емес, поэзия. Таңғы тыныштықтың табиғатына таңтамаша болған ақын жауыздық пен жақсылық тынымсыз майдандасқан мынау мазасыз ғаламның қайғы-қасірет әкелер қатерлі күйінен қауіптенеді. Қауіптене тұрып сақтандырады:

"Жолдың шаңын табанына күретіп,
Жер баспасын жауыз киген бір етік.
Соғыс емес,
Зеңбіректің аузынан
Ұшып шықсын Бейбітшілік пыр етіп", —

деп түйеді. Қаны миына ұрған уақыттың тулаған тамырын басып, сырқат дүниені дертінен сақтандырған дәрігер іспетті ақын бір сәтте өзінің ары алдында, дос-жолдас, махаббаты алдында сабасына түсіп, ізгілік пен зор адамгершіліктің иесіне айналады. Адамдардың арасындағы аңғалдықпен істелген, көңілге шитку саларлық кейбір сәттерге асқан бір ақындық, азаматтық парасаттылықпен қарайды:

"Менің нәзік көңіліме қаусаған
Шыбық сөздер таңба салды самсаған.
Таңба салды түсінбестен,
Әйтсе де
Ыразы боп отырмын, дос, мен саған.
Сабыр!
Сабыр!
Арнаңа түс, ей, төрем!
Толғанменен тасымайды сай терең.
Мұныңа да рахмет!
Ызаңды!
Күліп тұрып,
Бүгіп қалсаң, қайтер ем!"
Көз жасын көрсетпей, іштен тыну ғой бұл.
Қанша жылылық пен парасаттылық жатыр!..

Ақын көңілі аласапыран. Селт еткен сезімді бағып отырған оның араласпайтын нәрсесі жоқ. Араласпауға ақынның қақы да жоқ. Қанша сезімнің серісі болғанмен, шын ақын — үлкен ақыл иесі. Біз Абай атамыздың ақындығынан үйреніп, ақылдылығынан жирене алмаймыз. Ақымақ қылыққа ақылды қарсы қоя алмай тұра алмаймыз. Сол үшін де Қадырдың аузынан:

"Не таптыңдар, ағайын, кетіскеннен?
Кеуде кеуіп,
Көздің бір еті іскеннен!

Ақыл айтып кеттім-ау?
Қайтем енді,
Ақыл айтып тұрғам жоқ жетіскеннен..." —

деп, орынды жерінде орынды сөйлеуге міндеттіміз.

Сонымен, Қадыр "Домбырасын" увертюрасы мен финалы бар бүтін бір симфония дедік. Әрине, симфонияны оркестрге түсіріп, оған дирижерлік еткеннің өзі де Қадыр. Оркестрге қатысқан музыкалық аспаптардан естілген саздың жұғымды-жұғымсызын жұрт айтып жүр, айта да жатар. Тек мен авторға үлкен дүниеде, абайсызда кеткен ақау да үлкен болмақ, алыстан көрінбек және де ол апыл-ғұпыл түзетуге де келе бермейді, әсіресе "Сөзге — сұқсыр үйрекке — құштар емес мерген жоқ" (өз сөзі) творчествоға абай бол! Сенің:

"Сүйегі асыл, дені сау
Семсер сынды батыр ой.
Айтқанымда емес-ау,
Айтпағанымда жатыр ғой!.."

дегеніңді оқушы қауым түсінеді, қадірлейді. Поэзияның қазіргі жанкүйерлері бәрін де түсінеді, солармен араңды суытып алма! — демекпін.

## 1969-ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫ

Қазақ поэзиясы өзінің даму сатысында екендігін ғалымдарымыз, әдебиетшілеріміз, сыншыларымыз күн тәртібінен түсірмей айтып жүр. Иә, қазақ поэзиясы тынымсыз өсу, өркендеу кезеңін басынан өткеруде. Алайда тіптен де шығар шыңына әлі көтерілген жоқ. Жалпы, поэзияның шығар шыңы, белгілі межесі болады дегенге сене қоюға болар ма екен?! Поэзия деген мынау құдіретті табиғат мінездес, уақытпен бірге өсіп, бірге өшіп, мәңгілік жаңарып, түлеп отыратын құбылыс емес пе? Демек, поэзияның шеті де, шыңы да жоқ; өсуі, өрбуі, жаңару, жасаруы ғана бар. Біз осы қасиеттері арқылы поэзияны тануға тиістіміз. Шын талантты ақынды әншейін әуестенушіден, ақынды қарапайым адамнан ажырата білуге тиістіміз.

Иә, қазіргі қазақ поэзиясы даму сатысында. Өсіп-өркендеп отырған қазақ өнері нелер творчестволық кереметтер тудыруда. Бір кездегі босаң үнді бұйығы ақындарымыз бұл кездерде "мен — қазақпын" деп, өзінің іргелі ел екенін бар

даусымен әлемге паш етуде. Жалпы қазақ өнеріне, қазақ поэзиясына кешегі Горький ірге тасын қалаған социалистік реализмнің ықпалы зор әсер етіп, нәтижелі жемістерін беруде.

Қазақ совет ақындары социалистік реализмнің рухын түсініп, оны творчестволық ізденістер мен толғаныстардың қасиетті ошағы екенін танып, оған қарап өздерінің бағытын түзеп келе жатқандығы баршамызға аян. Социалистік реализмді өз өнерлерінің Темірқазық жұлдызы деп танитын қазақ совет ақындары өз творчестволарында ұлттық тар шеңберде қалып қоймай, халықтар достығына, коммунистік интернационализмге барынша зейін қоюда. Қазақ ақындары социалистік реализмді сан салалы, жан-жақты творчестволық өсудің, ізденудің айқын бағыты деп түсінеді.

Өткен жылдың поэзиясын әңгімелегенде, өткен жылы жинақ ұсынып үлгермеген, бірақ қазіргі қазақ жырының жарауда жүрген бәйге боздарын атамай кету — маған қорқынышты.

Олар — қазақ фольклорын өзінің анасынан бетер құрметтеп, оның жаңару, түлеуіне батпандай еңбек сіңіріп жүрген, өзінің азаматтық үнге толы эпикалық жырдастандарымен жұртты таңдандырып жүрген тарлан да тарпаң ақын — Қалижан; ұлы дәуірдің ұлы дүбірінен екі елі қалмай, өзінің ойлы да ойнақы "Жылдар, Жылдарымен" қазақ интеллигенциясының басынан өткерген кезеңдерін керемет жырмен жария етіп жүрген қазақ поэзиясының көкдолысы — Хамит; қазақ жырының маржаны, қазақ тілінің сенімді құлы —Қуандық ақын; өз өмірінің өгей баласы, бірақ қазақ жырының еркетотайы — Тоқаш.

Олар — поэзия әлеміне кеше келгендерімен, өздерінің ұстаған принципі бар, бағыт-бағдары бар, бірін-бірі бір де рет қайталамайтын, әрқайсысының артынан ерген поэзия мұрагерлері бар, поэзияның азапты сапарынан бұғалық сап тартсаң да бұрылмайтын — Ізтай мен Еркеш, Тұманбай мен Сағи, Қадыр мен Жұмекең. Поэзияның нақ сүйерлері бұлар.

Көріп отырсыздар, жолдастар, "Қазақ әдебиеті" газетіндегі Бүйенбайдың тізімі мен осы тізімнің арасында жер мен көктей айырмашылық бар ғой деп ойлаймын. Әдеби тізім әркімнің еңбегіне қарай жасалғаны жөн, әдеби тізім алфавиттің ережесін сақтай бермейді.

Біздің осынау жиында әңгіме еткелі отырғанымыз, жолдастар, бір ғана, өткен 1969-жылдың жемісі. Әрқайсысының белгілі редакторы бар, талқыланған, өңделген,

жөнделген, бұл күні поэзияға қомағай-құмар жандардың игілігіне айналған, көбісіне қауым өзінің бағасын да берген біздің жалғыз жанашырымыз "Жазушы" баспасынан шыққан белгілі де, әзірге белгісіз де ақындардың дүниелері. Ол — қазіргі қазақ жырының атасындай болып қалған Әбділда, ағасы болуға даяр тұрған Жұбан, Сырбай, бұларға үзеңгілес — Құрманғали, Жаппар, Мұзафар, Қайнекей, Ғафу, Қабдықәрім, Әбдікәрім, Аманжол, Ғаббас, Қабыкендер болса, Сағимен басталып, "Жас керуенмен" аяқталған аралықтағы алуан түрлі жастардың жыр-дастандары.

1969-жылы өмірден ертерек кетіп қойған Әбдікәрім Оңалбаев, Әли Есмәмбетов, Бернияз Күлеев, Асқар Лекеров, тағы басқа замандастарымыздың аруағын ырза етіп, олардың қалдырып кеткен өз дүниелерінен өздеріне ескерткіш орнаттық.

Көріп отырсыздар, бір жылдың үлесіне беріп отырған қазақ поэзиясының сыбағасы оншама осал емес екен. Ірілі-ұсақты елуге тарта кітап, елуге тарта автор. Бұл осал дүние емес, жолдастар. Мұны бәріміз де қалам иелеріне деген, халықтың рухани өсуіне деген партиялық қамқорлық деп түсінеміз.

Елуге тарта автордың жинағына жеке-жеке тоқталып, әрқайсысына үш минуттан тоқталғанның өзінде қаншама уақыт кететіндігін өздеріңіз есептей беріңіздер.

Менің үлесіме 1969-жылы жарық көрген поэзия кітаптары жөнінде пікір айту тиген. Солардың төңірегінде ғана өз көзқарасымды Сіздердің талқылауларыңызға тастамақпын.

Өткен жылдың поэзиясының жалауын көтеріп шыққан әйгілі ақынымыз, драматург-ғалымымыз Әбділда Тәжібаев екендігін айттық. Әбекең творчествосы туралы нелер ғылыми пайымдаулар жасалып, нелер зерттеулер жүргізілген болар, сондықтан бұл жерде менің жүгім жеңілдеген сияқты. Тек бұрынғыларға қосымша айтарым: иә, Әбділда тұғыры мықты, алған бағыты айқын, үлкен парасат, үлкен ойдың ақыны! Оның "Аралдарынан" кейін қазақ поэзиясының ажары қалай өңделіп сала бергенін айтсақ та жеткілікті.

Алайда бүкіл дүниенің бүлк еткен тамырын басып, шиыршық атып отырған парасатты-гуманист ақынға дос пен достың, көрші мен көршінің арасындағы пенделік осал қылықтарға да көңіл аударып, оған да қасиетті поэзиядан орын беріп, тіпті кейде қайталап кетуіне өз басым онша ырза емен. Күзгі бұлттай ауыр жөңкілетін Әбекеңнің ауыр

поэзиясының кейбір жеңіл, тіпті сайқы-мазаққа айналып кеткен өлеңдерін оқыс оқи қалсам, бетім тыз ете түседі.

"О, аспанның аласапыран бұлттары,
Түнермеңдер, төндірмеңдер уайымды.
Жетпей жатса сайтанға атар оттарың
Алсаңдаршы менің нажағайымды!"

Әбділда Тәжібаев осындай ақын. Өз басым оны осы деңгейде ғана танимын.

Өткен жылдың поэзиясын сөз еткенде, Жұбанның "Кісен ашқан", Сырбайдың "Қызыл аршасына" біршама тоқтап өткім келеді. Екеуі де салауатты сөз етпей болмайтын бүтін де, кесек дүниелер.

"Кісен ашқан" тек лирикалар жинағы болып тұрған жоқ. Бұнда байырғы Жұбанға тән, ымыраға келмейтін, асау, азаматтық әуез бен эпикалық құлашұрыс бірден байқалады. Туған жеріне, құрбы-құрдасына арналған өлеңдердің өзінде де қарымды ақын белгілі кезеңнің кеспелтектей бір уақиғасын алдыңа лақтырып тастайды. Мәселен, Жанболатқа арнаған "Сырласу" жырында Қуаныш азаматтың өмірін түйдік.

Жалпы, Жұбанның поэзиясындағы ерекшелік — ақын өзі дүниені қалай түсінсе, дәл солай, бүкпесіз, тіпті бояусыз-ақ, батыл, көреген қарапайымдылықпен лақ еткізу.

"Қаншама бұл дүниеде кетік жатыр?
Біздерді жауапты қып кетіп жатыр.
Ұяты бар бір шашты ағартуға,
Сөгіс не, бір ескерту жетіп жатыр".

немесе:

"Бір шумақтың ұйқасын мың құраймын,
Тұрғызам деп бір жырды, мың құлаймын.
Ақын сорлы болса егер, мен сорлымын,
Ақын құдай болса тек, мен құдаймын".

Жұбан — эпик ақын. Лирика дейтін сұлуымызды эпикаға мықтап қызмет еттіріп жүрген ақын осы. "Кісен ашқандағы", "Ат дүбірі" дейтін өлең лирикалық шығармаға тіптен де ұқсамайды. Бұл — шағын эпикалық поэма. Қазақтай халықтың эмблемасы жылқы арқылы, оның дүбірі арқылы халықтың дәуірлер психологиясын суреттеу дегеніңіз әркімнің қолынан келе бермейді. "Ат дүбірі" — "Кісен ашқанның" апогейі.

Жырдың туу процесі де, жазылу процесі де қызық қой. Ақын жүрегінде заңды түрде пайда болып, белгілі ойлану-толғану эволюциясынан өтпей, ақын қиялын бірден желіктіріп ала жөнеліп, бір отырыс, бір-ақ демалыстан келген жыр ақын үшін бақыт, кейде сор. Мұндай дүние ақындықты көбіне сәтсіздікке ұрындырады. "Кісен ашқандағы" Жұбанның "Анкетама қосымшасы" — дәл осылай туған сәтсіз дүние. Көрнекті ақын, қоғам қайраткері, қанды жорыққа қатысқан жауынгер, өзінің творчестволық автопортретін осылай жасай ма екен?! Үлкен адамның өмірі үлкен оқиғалармен әдіптелу керек. Бұл көркем шығармадан гөрі, адамның өзіне өзі жазып алған мінездемесіне ұқсайды. Жинаққа бұл "анкета" бекер-ақ тігілген... "Кісен ашқандай" зор философиясы бар, салмақты дүниеге мұндай жеңіл нәрсенің енуі өкінішті.

Жолдастар!

Поэзияда ақынмен ылғи бірге жүретін "Мен" дейтін біреу барын бәріңіз де білесіз. "Менсіз" ақын болмайды. "Мен" — ақындардың космодромы сияқты, онсыз старт алуы қиын, "Менді" пайдалана білу — ақынның нағыз шеберлігі. Көбімізде сол "мен" көзге ұрып, айқай шақырып тұрады.

"Мен" қандай жағдайда мағыналы, қандай жағдайда керісінше, қазақ лирикасының зергері Сырбайдың "Қызыл аршасынан" іздеп көрелік:

"Қалдым туған қоныстан кетіп,
Салды тағдыр неше түрлі күйге әкемді,
Мені қараңғы эшелон соғысқа әкетіп,
Мені жарық эшелон үйге әкелді.

Кетерімде жыламадым,
Өз қатарым көп болғансын.
Келгенімде егіліп шыдамадым,
Соның көбі жоқ болғансын".

Міне, мұндағы "мен" — біздің емес, мыңның басында кездесетін әлеуметтік, қоғамдық "мен". Бұл жерде ақынның қадір-қасиетін өлеңнің өзі әйгілеп тұр. Өлеңі ақынды танытып тұр.

"Ашуым менің түн секілді
Айы менен жұлдызы жоқ,
Сәулелердің бір ізі жоқ,
Ашуым менің түн секілді.

Күлуім менің күн секілді,
Шұғылалары шашыраған.
Атылып жатқан ақ көбіктер,
Жаймашуақ жасыл алаң.
Күлуім менің күн секілді.

Кейде шат боп сүйінемін,
Тыныштықтың тынысындай,
Кейде ыза боп күйінемін,
Қара үңгірдің көз жетпейтін қуысындай.

Жұрттың бәрін жолдассынып,
Неде болса көзге айтамын,
Ақылымды қолбасшы ғып,
Ашуымнан тез қайтамын".

Бұл өлеңде "Мен" керісінше, ақын өзін өзі таныгып тұр. Ешқандай да әлеуметтік ешнәрсе жоқ, Тіпті, әлгі бір лирикалық герой арқылы берілетін көңіл күйі деуге де болмайды. Бұл — ақынның өзін өзі қорғауы, өзін өзі таныстыруы жұртқа. Сұрақ туады: алғашқы өлең неге жақсы, соңғы неге нашар? Алғашқы өлеңнің ауылы — ақиқат, бұл — бір, екінші, соғысты барынша жек көру, ол туралы барынша ақиқатты айту — кешегі жаралы, жауынгер Сырбай ақынның етене (родная) стихиясы. Оның "Соғыстан қайтқан солдаттары" естеріңізде ғой. "Қызыл аршаны" аралар алдындағы бұл біздің кішкентай шегінісіміз.

"Өткіздім мен өмірдің қанды қысын,
Талай бүрді бүркіттей жауды мысым,
Жауаптымын өмірде барлығы үшін,
Мен көтерсем шарапты көтердім тек
Жер шарының бүтіндік, саулығы үшін!" —

деп басталып,

"Біздердің жаңылыс қадамымыз,
Дұрыс көңіліміз,
Сонау жастық шаққа жолыққандай,
Ақтарамыз ескі газеттердің өмірін біз", —

деген өлең жолдарымен жабылатын кішкентай "Қызыл аршаның" көтеріп тұрған жүгі үлкен.

Кішкентай ғана жинақта жырланбаған жәйттер жоқ, бәрі де бар. Географиялық картасы қандай ауқымды десеңізші! Мұнда ұлангайыр Қазақстан, туысқан республикалар. Кішкентай "Қызыл арша" қалай сынып кетпей тұр деп, тіптен адамның жаны ашиды. Алайда абайлап, ойлап оқып қарасаң,

ол заңды да екен. Сырбай сөздің емес, сезімнің ақыны екеніне оқушы көзі тағы да құныға түскендей.

"Көрдім түнде найзағайдың өлгенін,
От боп лаулап, бір мезетте сөнгенін.
Шұғыласы шоқ-шоқ болып шашырап,
Құлап түскен секілденді жерге күн.

Құдірет көріп айтсақ тағы атын мың,
Көрдік көкте өлген көзін атомның,
Мен өлгенін көрген жоқпын аққудың,
Мен өлгенін көрген жоқпын ақынның", —

деген жыр шумақтары түсінер жүрекке қандай әсер ететіні айтпастан-ақ белгілі. Сонымен бірге бұл жинақта Ленинге, революцияға арналған көптеген сәтті өлеңдері бар.

"Балаларға айтатын,
Аңыздар көп,
Соны айтпай келеміз
Қарыздар боп", —

деген ақынның өз сөзі ең алдымен өзіне міндеттелген жүк екенін өзі де, өзіміз де есте тұтуға тұрарлық...

Сырбай мен Жұбан екеуі бір заманның, бір қоғамның, тіпті бір ұрпақтың ақындары болғанымен, екеуі екі түрлі. Біріне бірі мүлде ұқсамайтын, аралары жер мен көктей. Алайда осы екі ақынның арасында бір творчестволық жақындық, творчестволық туыстық байқалады. Сірә да ол ұрпақтас, ұрандас, тағдырлас, замандастықтарынан болар, әйтеуір, бір творчестволық бауырластықтары айқын сезіледі. Оны мен екі ақынның да алған поэзиясынан, ұстаған принципінен, әсіресе екеуінің де асқақ та ұстамды, терең философияға толы азаматтық үндерінен аңғардым. Соғыс майданындағы, әдебиет майданындағы бір полктің солдаттарының мұншама творчестволық туыстықтары заңды да ғой.

"Мен аманат етем саған
Жарқын өмірбаянымды, бал тәттім.
Соның өзі-ақ жетер саған —
Ол — тағдыры коммунистің, солдаттың".

деп Жұбан айтса,

"Туған елге арнадым жыр-дұғамды,
Берді ол қолға қырмызы туды мәңгі.

Скульптор егерде соқса мені,
Соқса болды жаралы сол қолымды,
Соқса болды оқ тескен дулығамды", —

дейді Сырбай. Творчестволық туыстас ақындар дейтінім осы оларды.

1969-жылдың поэзиясы "Кісен ашқан", "Қызыл аршамен" шектелмек емес, әрине. Сол жылы жарық көрген жақсы лирикалардың мысын басып тұрған осы екеуі деуден мүлде аулақпын.

Өткен жылғы жақсы поэзияның қатарына ізденгіш те тапқыш, көп оқитын, көп түйіп, көп ойланатын, бейнетқор да еңбекқор ақын Мұзафар Әлімбаевтың "Өшпес от" деп аталған жақсы кітабын қоймасқа қақым жоқ. Мұндағы "Естай — Қорлан" дастаны, сөз жоқ, Мұзафардың творчестволық та, поэтикалық та жеңісі, мақтанышы. Бірақ бұл дастан жөнінде мен әзірге ештеңе дей алмаймын. Поэма туралы талдауға маған право берілген жоқ.

Поэзияны, жалпы әдебиетті Мұзафардай бағалап, оны құдіреттің құдіреті деп ұғынатын адамды, ақынды қаламдас ағайындардың арасынан мен әлі кездестіре қойғаным жоқ. Өз әріптестерінің творчествосын Мұзафардай қадағалап, қоймай, қомағайлана зерттеп отыратын ағайынды әлі кездестірген емен.

Өнер адамдарының тағдыры қызық, жолдастар, алайда әрбір қалам иесіне абай боп, байыппен қарап, барын бар, жоғын жоқ деп айтудан сауап ешнәрсе болмасқа керек. Бұл жерде мен әдебиет сыншылары мен зерттеушілерінің құлағына алтыннан сырға іліп тұрмын...

Мұзафар көп ізденгіш ақын дедік. Өздеріңізге белгілі, іздену дегеніміз шыңға да шығарады, шыңырауға да түсіреді. Мұзафар іздеп тапқан да болар, таба алмай қарманып қалған жайлары да болған шығар, әйтеуір, бұдан ақын мына "Өшпес отында" қорлық көрмепті. Ақынның "Бозторғай" өлеңін оқып көрелік:

"Таң ата алакеуімде,
Бозторғай — дала бұлбұлы
Ләззатын сыйлап көңілге,
Тынбайды нәзік шырылы.

Басындай ғана бармақтың
Әуеге өзін ілуі-ай!
Ұшында екі қанаттың
Балапан толқын дірілі-ай!"

Өңештің кеңі не керек,
Өкірген сайын кеңейген?!
Сыбызғы күй де керемет
Төгілген қылдай көмейден!

"Сыбызға-сыйың алда көп,
Самалын есіп, таң атты.
Ерте оян, қапы қалма!" — деп,
Шырылдап тұрған сияқты".

Кірпік қаққандай өмірдің осы бір кірпік қаққандай сәтін кірпік қаққандай жырмен айта білу деген осындай-ақ болар. Торғай дірілін тоқи білген ақынның әлдеқандай әумесер жандарға айтатын өктем үні де бар екен.

"Нанбаңдар бейпіл тантыққа
Адамнан адам артық па?!
Нанбаңдар жауыз жантыққа
Халықтан халық артық па?!

Балаңнан балаң кем де емес,
Ақыл мен ойға кенде емес.
Адамнан адам кем емес,
Халықтан халық кенже емес".

"Өшпес оттың" өкіндірер жерлері де баршылық. Әлгіндей әдемі поэзиядан кейін жинаққа әзіл-сықақ, мақал-мәтел, рубаилар араласып кетеді де, бәрі бірігіп, бір қоймалжың философия жасайды. Кейде бір ғана жақсы өлең ақынның тағдырын шыңға шығарып, кейде бір ғана жаман өлең ақын тағдырын шыңырауға құлататындығын Мұзафар ақын біледі деп ойлаймын.

Өткен жылы жарық көрген өлең кітаптардың ішінен Жаппар Өмірбековтің "Көңілімнің құстары", Қайнекей Жармағамбетовтың "Дәурен", Аманжол Шамкеновтың "Жайлау күні", Қабдыкәрім Ыдырысовтың "Шуақты күндер", Ғаббас Жұмабаевтың "Көктөбесін" ерекше атап өткім келеді.

Бұл ақындардың қайсысы болмасын біздің заманымыздың рухын, адамдарымыздың адамгершілік қарым-қатынасын, коммунистік болмысты барынша өз үндерімен, өз пафостарымен жырлаған.

Бір білімдар: "Егер ақынды танығың келсе, оның туып-өскен Отанын көр, сонымен таныс", — депті. Осы бір қағиданы сәл түзетіп, сәл бұрмалап айтқым бар. "Егер ақынды

танығың келсе, оның өміріне, өткізген творчестволық жолына, оның тағдырына үңіліп көр", — дер едім. Халық басына қара күн туған сонау отты, ойранды жылдарда біздер "Көкті баламен" танысып едік. Сол бір "Көкті бала" ауыл сахнасынан, мектеп сахнасынан түспейтін. Біз одан кейін де Қайнекей ақынның әдемі өлең-балладаларын оқыдық. Қазақ поэзиясының қарапайым той торысы осы бір адамның 50 жылдық творчестволық өмірінің қортындысындай болған "Дәурені" менің қара басымды қатты қуантты. "Дәуреннен" бүкіл бір адам ғұмырының жарты ғасырлық қортындысын ұғындым. Мынадай өлең жолдары үңіле қарамауыма, бұрылып сәлем бере кетпеуіме еркімді қоймады:

"Өскенді де көргенбіз,
Бөскенді де көргенбіз.
Өсіп, бөсіп ақыры
Өшкенді де көргенбіз.

Асқанды да көргенбіз,
Тасқанды да көргенбіз.
Асып, тасып ақыры
Сасқанды да көргенбіз"

дейді ақын.

Аумалы-төкпелі адам ғұмырының бұл тек көлеңкелі жағы деп ешкім де айтпасқа, ойламасқа керек. Аумалы-төкпелі адам ғұмырының ақиқаты мен шындығы іспеттес осы өлең. Тіптен де ақыл айту, тәубасына келген жалған мещандық емес бұл өлең. Бұл өлең — ақын жүрегінің ұяты мен уайымы.

1969-жылдың жалпы қазіргі қазақ поэзиясын сөз еткенде, Ғафудай саңлақ, сергек ақынның жырына соқпай өте шығу исі қазақ әдебиетіне жасалған қиянат деп ойлаймын. Туған өлкені, туған республиканы Ғафудай сүйіп, Ғафудай тебірене қазақы жырлайтын ақын бізде, жасыратыны жоқ, көп емес. Халқымыздың поэтикалық бай фольклорын өзінің ақындық өнеріне арқау ете біліп, оны әудем жерге бір қозғап тастауға да осы ақынның істеген бейнеті аз емес.

Ақынның "Алтын бесігінде" біздің дарқан республикамыздың біршама аймақтары барынша тебірене, толғана жыр өзегі болған. Ақынның сезімтал да мазасыз жүрегі сол аймақтың суымен бірге толқындап, самалымен бірге есіп, адамымен бірге шаттанып, бірге тірлік етеді. Салған жерден саңқылдап шыға келетін тарлан ақынның тамаша үнін естиміз. Адамын құрметтейтін, ақынын құрметтейтін дарқан

өлкеге ерке ақынның назын, риясыз адамгершілігін аңғарамыз.

"Кеудеге туған жердің нәрін жинап,
Жыр құйған ақындардың бәрі қымбат.
Солардың бірі өмірден кеткен сайын,
Қалады қаным құрғап, тауым қирап.

Кең өлкем, сенің көркің жақсы-ақ шығар,
Солар ғой одан сайын мақтап шығар.
Солармен сен асылсың, сен қымбатсың,
Өсірген өңшең өрім, аппақ шынар.

Бір солар сені мұнша әулие еткен.
Шыға алмай қалғанында қалың өрттен,
Солардың құлын даусы шұрқыраған,
Ажалдың апатынан алып өткен.

Тиме сен, сүй оларды, қорға оларды,
Бакқанша баска масыл қарғаларды,
Қолдағы бар тұйғынның қадірін біл,
Қорлама, қолтықта да қолда мәңгі!

Көпсінбе, солар қаптап кетсін мейлі,
Бәрі де сенің колың жетсін — дейді.
Олардың ең байғұсы сен деп өлер,
Көпсінбе, аспан құсын көпсінбейді", —

дейді. Ақындыққа, азаматтыққа араша болу осындай-ақ болар. Рас айтылған сөз, халық — өзінің азаматымен, даңқын жырға бөлер ақынымен халық. 1969-жылдың поэзиясында шоқтығы шығып тұрған жинақ — Ғафудың осы "Алтын бесігі".

Біз үлкеніміз үлкендей, кішіміз кішідей аға сыйлап, іні тәрбиелеп өскен халықпыз. "Әкесі тұрып, ұлы, шешесі тұрып, қызы сөйлегеннен без" деген бабамыздың қағидасын пір тұтқан халықпыз. Өнерде де, өмірде де алдымен жолды ағаларымызға беруді үйренгеміз. Ол тәлімнен аттап кетуге арымыз жібермейді біздің. Сол дәстүрді еске алып, алдымен аға ұрпақтар туралы біршама пікір айттық. Мен енді өзімнің қаламдас құрбыларым, іні-қарындастарым жөнінде де тоқтала кетуді борышым деп санаймын. Және де менің құрбыларымның творчестволары ауыз тұшытып айтуға толық татиды ғой деп ойлаймын. Амал не, өткен жылы менің

құрбыларымның тіпті барлығы дерлік өлең кітаптарын ұсынбапты. Сағи, Бекен, Құдаш үшеуінен бөлектері тізімде жоқ! Бұларға да шүкір.

Мыңғырған мың жылқының арасында жалғыз жирен құлынның ғана мойнында әдемі, құйттай жез қоңырауы бар еді. Оның сыңғыры сұмдық тұнықтұғын. Жылқылар жайылғанда да, жусағанда да, күндіз де, түнде де сол жез қоңыраудың үні бірде о жерден, бірде бұ жерден дыбыс беріп қояр еді, бір түрлі рахат, бір түрлі сүйкімді естілетін. Жылқы жусап жатса, анда-санда бір ғана сыңғыр етіп, "тыныштық, қорқпа!" дегендей, ал қайсыбір мазасыз түнде жылқы үрке қалса, жез қоңырау толассыз шырылдап беретін. Көзге түртсе белгісіз түнекте табыннан адасып қалсақ, әлдеқайда алыстан үздігіп естілген жез қоңыраудың үнін бағытқа алып, үйір-үйір жылқымызды жинап алатын едік. Жез қоңыраудың қасиеті солай еді.

Сағидың поэзиясы — мен үшін сол жез қоңырау. Бірде-бір артық сөзі жоқ, бірде-бір тәртіпсіз буыны жоқ, артық өлшем, жетпей жығылу дегендерді іздесе таптырмайтын Сағи поэзиясы сол жез қоңырауды елестетеді. Қандай да затты, қандай да қимыл-құбылысты алмасын, Сағи оған сағилық әр, өң, сағилық мінез бермей қолынан шығармайды. Міне, мен өз басым, оның өлеңдеріндегі кейде бір ой, тақырып, образ қайталауы сияқты кінәларын кешіремін. Оқи отырып, тіпті ол кемшіліктерін байқағым да келмейді. Себебі, сиқыр, оллаһи, сиқыр! Нағыз лириктің құдіреті осынысында болса керек! "Оркиігіндегі" "Оркиігін" оқып берейін.

"Бір уыс бұлттай бал дене,
Суырылып шығып ақ нұрдан,
Көзімнен ұшқан сәуледей,
Зу ете түсті-ау алдымнан...

Жөнелді-ау желмен өбісіп,
Тұңғиық түпсіз аймаққа...
Жалғанның жалғыз серісі,
Барасың жалғыз қай жаққа?!

Басыңа қандай туды күн,
Қалды ма көңілің жай елден,
Құйын боп жүрген мұңлығым,
Құтылармысың қатерден?!

Еркеле қырдың таңына,
Жанарың шықтай мөлдіреп,

Кездесермісің тағы да,
Көрісермісің соңғы рет.

Сен бе едің алау шаттығым,
Зуылдап өтер бір келіп.
Дүниенің мөлдір пәктігі
Өзіңмен ғана жүр ме еріп.

Кеттің-ау бетке күнді ұстап,
Шыққандай жаңа пейіштен...
Сен ұшқан жаққа бірге ұшты-ау,
Менің бір аппақ періштем".

Мен бұл лириканың (өлеңнің емес) құдіретін дәлелдеп жатпаймын. Тек мынаған назар аударыңыздар. Бірінші шумақтың төртінші жолындағы "зу ете түсті-ау алдымнан" дегендегі "түсті-ау" дың "ау" дейтін шылауын, екінші шумақтағы "жөнелді-ау" дың "ау" шылауын алып тастап, ең соңғы шумақтағы "кеттің-ау бетке күнді ұстап" тағы "кеттің-ау" дың "ау" шылауын алып тастап оқып көріңізші, лирика нендей халге түсер екен? "Зу ете түсті, жөнелді, кетті" дегендей ешқандай динамикасыз, харакетсіз, баяндау қалпында өлең болып қала берген болар еді. Бұл жердегі "ау" шылауы дәл осы сәтте ақынның аузынан лап еткен ақ жалынын, өкінішін аңғартып отыр. Осы "ау" шылауы дәл осы сәтте осы өлеңнің стержені болып тұр. Тіпті шылаудың өзінің лирикада қандай нәзіктік атқарып тұрғанына көзіміз жетті ғой. Ендеше, нәзіктікпен байқап-байқап қатынас жасайық. Нәзіктікке соқтарлау сыншының сойқан балғасы емес, арудың бір тал шашы да ауыр тиюі мүмкін... Мына бір өлеңге назар аударып көрейік:

"Ошақта қалды от өліп,
Сипаймын жылы денесін.
Көзімді жаймен көтеріп,
Көремін жалын елесін.

Отырмын күлді уыстап,
Сең-тоғыс ойлар жанымда.
Мынау күл қалай туыспақ,
Алмас жүз, асау жалынға?!

Бір сәтте күлге жан бітіп,
Қолымды қыршып алғаны.

Бұрқ ете түсті шаңғытып,
Қасқыр көз шоқ боп ар жағы.

Шоқ жатыр көзі қанталап,
Жасырған жүзін күлменен.
Жел соқса ұшар анталап,
Қып-қызыл өрт қой бұл деген!"

Бұл да осы жылдың тәуір өлеңі. Былайша қарағанда, ештеңе де емес сияқты. Өшкен отттың күлімен ойнап отырған лирикалық герой күл астындағы оттан қалған қозға қолын қыршығып алады. Мұнда тұрған не бар? Тіпті, ақынның өшкен отттың қозындағы күлде не шаруасы бар дегендей ат үсті сұрақтар да қоюға болар еді. Алайда ақынның дүние танымы, оның күлге деген көзқарасы мүлде бөлек екен. "Мынау күл қалай туыспақ, Алмас жүз асау жалынға?!" — деп аңырады. Ақын жүрегінде өмірдің өткен де кеткен бір сәтіне деген аянышты бір діріл бар... Мүмкін, ақын осы сөнген от арқылы өз өмірін де, өзгенің өмірін де ойлайтын шығар, лап етіп жастық шақты да есіне алған болар?! Дәл осылай ма, жоқ па, әйтеуір, оты өшкен ошақ ақынды мазалай береді. Ол оның "жылы денесін сипайды". Бірақ осы бір азадай ауыр басталған жыр кейінгі екі шумақта шұғыл бұрылыс жасайды да, "Қасқыр көз шоқ" көрінеді. Өшкен отқа өкініп отырған лирикалық герой мынадай оқыс оқиғадан секем алып, "қып-қызыл өрт қой бұл деген!" — деп, әлгіндегі көңіл мұңы үрейге айналады. Бар-жоғы 16 жол өлең осыншама толқуға салады. Жәйбаракат жатқан адам психологиясын оятып, оның сезімін қытықтайды. Лириканың сиқырлығы да осында жатыр.

* * *

1969-жылы жарық көрген сәтті туындыларға Құдаш Мұқашевтің "Дүбірін", Оразақын Асқардың "Мейірімін", Жүсіп Қыдыровтың "Жұлдыздағы жолын", Қайрат Жұмағалиевтің "Айнамкөзін", біздің ақын қарындастарымыз Рзаның "Жаннат жерін", Ақұштаптың "Назын" жатқызуға болады.

Жуырда дүниеге келген "Жас керуен" жөнінде әзірге пәлендей пікір айтуым қиын. Оның үстіне "Жас керуенге" 58 автор қатынасыпты. Жасыратыны жоқ, көбінің шығармасын былай қойғанда, аты-жөні де таныс емес. 58 атвор, әрине, көптеу. Әдебиеттегі жұмысшы күшін қаптата

берудің орнына, талантты, тартымды шығармаларды тани біліп, соларға кең жол ашқан абзал ғой...

Шағын жинаққа енген 58 автордың шағын өлеңдеріне қарап, сен ақынсың, бері кел; сен ақын емессің, ары кет деуге аузым бармайды. Оған қосымша, жасыратыны жоқ, осы жинақтың редакторы Сағидың ықпалы, оның жонып, ұштап жіберген авторлары да аз емес екендігін түйіндім. Бұл да бір пікір айтуды қиындататын жәйт.

"Жас керуен" бір қараған көзге, бір сыдыртып оқып шығуға тұрарлық, ақындық сапарға аяқ басқан жастардың жақсы өлеңдерінің жиынтығы сияқты. Бұл жинақтан орашолақ, ұйқас, орынсыз ырғақтарды табуыңыз қиын. Барлығы да етек-жеңі түрулі, тап-түйнақтай өлеңдер. Қазіргі қазақ поэзиясының өлең құрылымы үлгілерін жастар мықтап меңгеріп алғандықтары көрініп-ақ тұр. Алайда "Жас керуенді" оқи отырып, өлең жазудың ғана емес, тіптен ой түйіндеудің соншалықты оңай, жеңілдеп кеткендігінен сақтанбасқа болмайды. Өмір туралы, бақыт, адамгершілік туралы, туған жер, халқымыздың жақсы дәстүрі туралы жыр етуге бәріміз де құмармыз. Бірақ осындай жалпы тақырыптың жалаң абстракцияға соқтыратындығын ескере бермейтін сияқтымыз. Менімше, жалпы халық туралы өлең жазудан гөрі, сол халықтың жекелеген мырқымбайлары жөнінде жырлау әлдеқайда күрделі де қиын. Ақ қайың туралы жырлау оңай ма немесе сол қайыңнан мезгілсіз ұшып түскен жалғыз тал жапырақты өлең ету оңай ма, оны ақындардың іші біледі.

"Жас керуендегі" ортақ тақырыптылық, бірінің ойын бірі қайталаушылық осыдан барып туған.

Жас керуеннің аты — жас керуен ғой, жастар жыр сапарына керуен тартқан екен, мақұл, жолдары болсын, алайда поэзиясының азабы мен арпалысына олар төзе ала ма, жоқ па оны болашақ көрсетер.

Айтар ауызға жеңіл болғанымен, бір халықтың бір жылғы поэзиясын айналасы 40-50 минутта қорытындылап шығару деген көңілге қонбайды-ақ. Әрбір кітапта бір-бір ақынның өмірі, ойы мен биігі, түйсік сезімі жатады. Әйтсе де, тыңдаушыларға өткен жылдың поэзиясынан біршама хабар беруге алған міндетімді аяқтай келе сәл қортынды жасағым бар.

Қазақ поэзиясы, сөз жоқ, өзінің даму сатысында. Біріне бірі үш қайнаса сорпасы қосылмайтын әралуан ақындарымыз өсу, өрбу үстінде. Түр, мазмұн төңірегінде, көркем образ жасауда ақындар толассыз ізденуде. Көбі оны тауып та, көбі

қалып та жатыр. Қуантарлық жай сол, сөз жоқ, ізденіс, ізденіс, ізденіс. Сол ізденістерден мынадай жәйттарды аңғардық.

Ақындарымыз абстракциялық ойланудан бірте-бірте айығып, өмірдегі нақтылы межені, нақтылы қимыл-харекетті дөп басып айтуға, қаламға ілінген қандай да затты болмасын оған барар кілтті дәл тауып, батыл айтып машықтана бастаған. Оқушының жүйесін тербеп, сезімін оята жырлауды мақсат ете бастаған. Кәрі, жасымыз бірдей баяғы мыңдаған жол ұзақ дастандарды әзірге қалдыра тұрып, лирика деп аталатын ауылға аттандық. Керемет керемет болмай қалған, таңғажайып тамашалардың өзі де сезімімізді оншама селт еткізе қоймайтын осынау керемет дүниенің бәрі стартта тұрған асығыс, аласапыран ғасырда, адамдардың әуелгі, сәбилік сезімін сақтап қалу үшін ақындар жансала аласұруда. Сондықтан да олар аз сөзбен көп түйінді шешуге, аз күліп, көп уайымдауға, аз ұйықтап, көп ойлануға тура келеді. Біздің қазақ ақындары дамудың осы бір толғағын бастарынан кешуде. Әбділдамыздан бастап Қайратымызға дейін адам санасының тұнықтығына, адам сезімінің пәктігіне араша түсуде. Бұл, сөз жоқ, жақсы да жанды құбылыс, өсетін, өрбитін құбылыс. Адамның, тек қана адамның адал сезімін мына алапат ғасырдың шаң-тозаңдарынан, сәуле-шашырандыларынан қалай да қорғап қалу — жалпы дүниежүзі ақындарының қазіргі замандағы миссиясы осы.

Демек, осындай миссияны орындап шығу үшін ақын болу, тіпті лирик болу аз, әрине. Күрескер болу керек. Ал күрескер болу — азамат болу деген сөз. Өз дәуірінің, өзі өмір сүріп отырған қоғамының азаматы болу дегеніміз асқан жауапкершілікті керек етеді. Ал ақын дегеніміз — өз дәуірінің бірінші нөмірлі азаматы.

Ақындарымыздың жинақтарын оқу үстінде, күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе — азаматтық әуеннің тапшылығына көзім жетті. Азаматтық әуен тек қана ұрамен, жасасынмен ғана жасалады, оның жұртқа қажеті шамалы деген тоғышарлық теріс ұғымға бойұрған ақынның өз обалы өзіне, ондай ақынды қарғыс атсын. Рас, азаматтықты жырлау — әлдеқайда күрделі де қиын. Азаматтықты жырлау үшін, талас жоқ, бір ғана талант жеткіліксіз. Ол ақынның дүниетанымын, талғам, қала берді, ағыл-тегіл эрудициясын керек етеді. Азаматтық үн айқайға ұласпайтындай, азаматтық бірінші, бас скрипка барабанға ұқсамайтындай терең мағыналы азаматтық поэзияға аттанатын уақыт жетті, жолдастар!

# ҚАЗАҚ ЖЫРЫНЫҢ БІР ЖЫЛЫ

Барлық болмыс-жаратылысымен, тіптен адам санасына сыя бермейтін сан қилы құбылыстарымен, қысқасы, өркендеу-өсуімен қосып дәуірден-дәуірді, ғасырдан-ғасырды "кезекпенен елінтіп, баяғыдай көрінтіп" жатқан ұлы бір құбылыс бар. Ол — Өмір. Демек, өмірдің аты — өмір, несімен болса да — өмір. Қуаныш-қайғысымен де, керемет құдіретімен де, тіптен күйкі тірлігімен де — өмір.

Әлі де санасы қалыптаса қоймаған алғашқы пенделерге өмір әлдеқандай ғажайып құдіреттің тарта салған сыйы болған да, дәрменсіз жандар өмірден тамтұмдап қана аларын алған да қойған. Бұл жағдай — баршамызға аян. Сонымен бірге, адам баласының санасы тіріліп, өмірден молырақ алып, молырақ рахатқа батуға молырақ, ұзағырақ өмір сүруге әрекеттеніп, оған қожалық ете бастағаны да бәрімізге белгілі. Қысқасы, дәуірден дәуір өткізіп, ақыры адам баласы өмірдің өзімен бел шешіп жекпе-жекке шықты. Табиғаттың тартқан сыйын талшық ете бермей, өмір деген құдіреттің айтқанына көніп, айдауына жүрмей, керісінше, оған (өмірге) түбірлі өзгерістер енгізіп, оны жасанта, жандандыра отырып толассыз, бітіспес ашық майдан құрды. Демек, күрес басталды. Алайда және де қайталауға тура келеді, өмірдің аты — өмір! Мәңгілік зерттеліп бітпейтін қалтарыс-бұлтарысы бар, адам санасына еніп болмайтын құпиясы бар ғажайып құбылыс қалпында қалды да қойды. Осыған орай, адам баласы сол өмірдің қат-қабат, қыртыс-қыртысын, тұңғиықта жатқан құпиясын ашып, жалғанның жарығына әшкере етер ойшылдарына зарықты. Зарықты да толғатты, толғатты да туды! Санасы тірілген адам баласының сарыла еңбектенуінің нәтижесінде дүниеге ғылым келді, өнер келді. Бұл да баршамызға аян. Ғылым өмірге өзінің өктемдігін орнатуға харакеттенуде де, өнер адам санасының тұнықтығын сақтауға, Адам деп аталатын құдіреттің ара қатынасына дәнекер болып, бірін бірі түсініп, біріне бірі ұйып, біріне бірі көз алартпауына араша түсуде. Адамның ашуы мен ақылын, сезімі мен қайратын, жақсы да жаман қасиетін алдына тартып, өмір сүріп отырған белгілі дәуірдің қылаңсыз таза өтуіне қанатымен су сепкен қарлығаш сол — өнер. Сол өнердің ең мықты, ең бір мәуелі-жапырақты бұтақтарының бірі — поэзия. Қандай да ғылым иесі, қандай да өнер өкілі болмасын, өздерінің тындырған ісінің қортындысына поэзиялық көзбен карауы тегіннен-тегін емес.

Адам бар жерде поэзия бар. Табиғаттың таңғажайып құбылыстарын алдымен сезініп, алдымен ләззаттанып, алдымен жеркенетін де сол адам десек, ендеше поэзияның бүкіл болмысының өзі сол адамның ақыл-парасаты мен сезім-түйсігінен жаралған. Демек, адамның қатынасуынсыз поэзия жоқ. Барлық табиғатымен өмірдің өзі тұнып тұрған поэзия дейміз, алайда сол өмірді, сол керемет табиғатты көретін көз, танитын талант, сезетін сезім керек. Әрине, есі дұрыс, басы жұмыр пенденің бәрінде де сезім бар, сезінбеуі мүмкін емес. Себебі: қуанады, күйінеді, шаттанады, мұңаяды дегендей... Алайда сезіну бар да, сезімін сезімдерге айтып жеткізу, мойындату да бар ғой. Міне, осы тұста адамдар дараланады. Әр халық өзінің сезім дүниесінен енші бөліп, сеніп тапсырып, дүниеге өзінің сезімтал елшілерін жібереді. Оның аты — Ақын. Адамның сезімі — алынбас қамал. Ендеше, сол сезім қамалының сахабасы да, жалаушысы да — ақын. Аумалы да төкпелі, астарлы құпиясы тереңде жатқан алуан сырлы адам сезімін сезім ғана тебірентіп, сезім ғана өктемдік ете алады. "Жүрекке әмір жүрмейді" деп айтатынымыз да сондықтан. Демек, шынайы шын поэзия — адам сезімінің анатомиясы да, шынайы шын ақын соның зерттеушісі. Шынайы шын ақын — өз халқының, шаттанса, шаттығы мен қуанышы; жыласа, көкірек шері мен көзінің жасы. Осыдан барып, оның азаматтығы да, ақындығы да сарапқа түспек. Кемелдену дәуірінің сатысында тұрған қазіргі қазақ поэзиясына және оны жасаушыларға осы тұрғыдан қарамайынша, болмақ емес. Тек осы биіктен көз салғанда ғана жасанды жалтырауық, әсіре қызыл поэзиядан табиғи, халықтың өзіндей қарапайым поэзияны, көпке ортақ — ғалымға да, малшыға да бірдей түсінікті поэзияны тану — оншама қиынға түспейді.

Ақиқатына жүгінсек, соңғы ондаған жылдар бойына қазақ ақындарының шеберлігі төңірегінде, алған тақырыптарының аумағы төңірегінде, жыр техникасының жасалуы жөнінде ғана сөз болып, ал енді қазақ поэзиясының қанына тән халықтық, ұлттық ерекшеліктері туралы ауыз тұщытарлық ештеңе айтыла қоймағанын аңғарамыз. Осыдан барып, сазды жерге шыққан жасық жаужапырақтай құнарсыз-нәрсіз өлең жинақтары қаптап кетті. Бір өлеңімен де бір рет мерзімді баспасөзде көзге түсе қоймаған "дарын иелері" бірден жинағын шығарып, онысымен де қоймай, енді "таңдамалыларын" бастыруға үміткер. Амал не, қасиетіңнен айналайын қазақ әдебиеті бұған да төзді. Әдебиеттің көкжиегінен өзі әзер көріне бастаған Дон Кихот және де жалғыз келмей өзімен қоса Санчо-

рецензент-хатшысын ілестіре келеді. Жасыратын несі бар, қазақ әдебиеті бұған да төзіп, мұны да басынан өткеруде. Осының салдарынан қазақ әдебиетінің саналы, сауатты оқушыларынан гөрі жолбике "төрешілері" көбейіп кетті. Түбін таяқпен түрткендей тайыз, ұшқары ой мен үшкір қаламның бір сілтеуінен дүниеге келе қойған құнсыз шығармадан да, дәл осы тәсілмен әдебиетке жасалған жаңсақ, аққөңіл "төреліктің" зияны әлдеқайда зор болмақ. Әрбір әдебиет серісінің бір-бір Санчо-рецензентінің болуы жақсылық емес. Бұл тұрғыда, қалам иелерінің өздері мойындап, қауым қабылдаған әдебиетіміздің майталман сыншыларына реніш білдірмеске шарасы жоқ. Көреген сыншыларымыз көркем әдебиетті Санчо-рецензенттерден сақтайды деген сенімдеміз.

Қазіргі қазақ поэзиясы кемелдену шағында дегенімізбен, оның әзіргі бары мен жоғына, көтерілген деңгейіне биіктен қарап, биіктен көңіл аудармасқа болмайды. Жиындарда, аракідік айтылған ауызекі пікірлерде, әсіресе жас поэзиямыз, оның жас авторлары жөнінде жиі сөз болып жүр. Бақсақ, жанашырлықты, жадағай көңіл-жықпастықты жәйіне қалдыра тұрып, ашып та, ашынып та айтып тастайтын мезгіл жеткен екен. Жастар поэзиясында бірсарындылық бел алып, бірін бірі бұлжытпай қайталап, бірінің ізін бірі тап басып, жырдың сырынан гөрі қырына көбірек қызығушылық сезіледі. Поэзияның тереңіне үңілуден гөрі үлгі қуалаушылық басым. Кезекті жерінде айта кетелік, қазақ совет поэзиясы соғыстан кейінгі жылдарда күрт өзгергені мәлім. Әбділда, Қасым, Хамит, Сырбай сияқты ақындарымыз өз творчестволарына да түбегейлі бетбұрыс жасады. Бұларды бағытқа алып Ғафу, Ізтай, Тоқаш, Зейнолла, Тұманбай, Еркеш, тағы басқа ақындар келіп, олардың легіне Қадыр, Жұмекең, Шәмілдер қосылды. Сонымен, қазақ совет поэзиясының бүкіл бір армиясы сап құрады. Қысқасы, қазақ өлеңі түр, мазмұн жағынан көптеген өзгерістерге ұшырап, тіптен тақырып жағынан да өрісі кеңіді. Бір сөзбен айтқанда, жастар өнеге тұтарлық, бағытқа алып, бетін түзерлік жыр үлгілерінің жасалғаны даусыз.

Алайда жастар творчествосында жастыққа тән жаңалық, жастыққа тән жалын мен екпін көрінбейді. Сырты сұлу сылдыр сөз, әсіре қызыл ақжүректілік немесе орынсыз ақылдымсынып өнеге айтып, мына жалғаннан өздерін оңаша қалдыруға ұмтылушылық басым. Немесе керісінше, мен өйтем де бүйтем деп айғайлап, жар салушылық етек алған. Тіпті болмай бара жатса, бөленнің, түгеннің монологына басып, жөн-жосықсыз, жалған тебіренеді-ай кеп. Құлай құмартып,

құрақ ұша жырлап жүрген сол "монологтарының" өзі көркем әдебиеттің белгілі, үлкен эпикалық туындысына тән күрделі тәсілдерінің бірі екеніне көбіміздің көзіміз жетпейтін тәрізді. Көзіміз жете тұрса да, қасақана, өзімізше Эзоп болғансып, түбірі тайызда жатқан арзан ойымызды әдеби кейіпкеріміздің аузы арқылы оп-оңай оқушыға ұсынып жатамыз. Мәселен, кешегі өткен ер Махамбеттің өзіндей етіп қазіргі қайсы ақын жыр жаза алар екен, Махаң айтарын жеріне жеткізе өзі-ақ айтып кеткен жоқ па? Жыр табалдырығынан жаңа аттаған жас ақын Махамбеттің аузына монолог салғаннан гөрі оның өзін, ерлігін жырласа болмас па еді?! Осыдан барып, "Ата даңқымен қыз өтедінің" кебін киеміз. Дана халықтың өзі сомдап соққан Тарғынның, Төлегендердің монологінен кейін, мықты болсақ, оларды өзіңше сөйлетіп көр; сөйлетерсің, бірақ оған кім нанып, кім тебіренеді?!.. Осыдан шығар қортынды: ақындар (әсіресе жастар), жыр жазудың оңай тәсіліне бағып, қасиетті поэзиямызға қиянат жасап жүрген жоқпыз ба?! Ақындықта азаматтық аршынымызды, дүниетанымымызды, тіл байлық, сөздік қорымызды, алған бағыт, айтпақ ойымызды жан-жақты айқындай түсетін үлкен дүниеден неге қашамыз?! Бірден көңілге ұялар, бас-аяғы жұп-жұмыр, жүрекке жылы тиер балладалар қайда кетті? Олардың орнына өлең-очерктер, публицистикалық поэмалар неге көбейіп барады? Көркем-өнердің тәңірі болған асқақ романтика мен үзілмес болат сымнан тартылған нәзік лирика қайда?!

Сырттай қарап, сыдыртып бір оқып шыққан адамға қазіргі жастар поэзиясы тізгінін де ұстатпайды. Ептеген тілі де, өзіндік үні де, теңеу-суреті, бояу-нақышы да бар сияқты. Бәрі де ұйқасып, әр сөз өзінің орын-орнында тұрғандай. Тіпті мін тағуыңның өзі қиянат секілді. Әйтсе де, ақындық жауапкершілік, поэтикалық талғаммен ой сала, сәл биіктен қарасаңыз, алдыңыздағы азаматтың кім екенін бірден танисыз. Оның ақындық идеалының немен шектелетінін де түсіне қоясыз.

Поэзия махаббаттан басталып, парасаттылықпен аяқталады. Махаббатқа, бояусыз сұлулыққа соқпай, оны жырламай өткен өлі де, тірі деданышпан жоқ. Сондықтан да жастардың махаббат лирикасын жырлап қалуына шек қойылмаса керек. Мәселе өзеннің арғы жағасында тұрған қызға ғашық болған тегі бар, тәрбиесі бар қарапайым қазақ жігітінің "сырғанды қайық қылып өткіз мені" деп, ынтызарын назбен жеткізе білуінде. Айдынның алаңсыз аққуын абайсызда үркітіп

алмауында. Мәселе кейінгі жастарымыздың арасындағы болашағынан көп үміт күттіретін, қазірдің өзінде творчествосы қалыптасып қалған Жарасқан Әбдірашев, Зейнолла Тілеужанов, Рафаэль Ниязбеков, Ғұсман Мұхамедғалиев сияқты ақындарымыз сол махаббат лирикасын қалай бастап, қалай аяқтауында. Жарасқанның "Найзағайлы жаз" жинағында "Шторм" деген өлең бар. Ақынға қиянат болмасын, өлеңді бастан аяқ оқып шығайық.

"Бір үйде,
Оңаша,
Бірге іштік,
Болсаң да біреудің Баяны.
Шалқыдық,
Толқыдық,
Нұр құштық,
Сезімнің қол бұлғап маягы,

Өзімді өзіңе тақ қылдым,
Отырдық...
Алдымда отырды Ай.
Көзімді көзіңе лақтырдым,
Теңізге тастаған якордай.

Мұндайды көргем жоқ бұрын деп,
Тарқаттың...
Шашыңды жүз ердің.
Қолымды апардым дірілдеп,
Үстіне жұп-жұмыр тізеңнің.

Елес пе...
Ар жағы жоқ есте,
Сен жылап,
Мен бармақ тістедім.
Көңілдер —
Кемелер емес пе,
Құштарлық — тоғыз балл шторм...
Шайқалдық,
Шатырлап сынды көк,
Кеш менен
болса егер сол күнә.
Оралған шығарсың мұңды боп
Баянды махаббат портына..."

Менінше, бұл өлең ешқандай талдауды керек етпейді. Бәрін де өзі айтып дәлелдеп тұр. Қазақша айтуға ұят, басқа

тілде айтқанда бұл — нағыз сексуализм. Және де поэзиямен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын нағыз дөрекілік. Он екіде бір гүлі жаңа ашылған жастың және де ақын жастың мұншама әбестікке барғанына таңданбасқа болмайды. "Найзағайлы жаз" 1971-жылдың ішінде жақсы жинақтар қатарында тұрғанымен, "Штормның" матросының қаламынан: "Ақын кетіп барады көшеменен", "Муза туралы", "Марикке", "Назды үнің әсем, ауылдың елік-еркесі ең...!" дегендей өнегелі жырлар қалай ғана туғанына нанарыңды да, нанбасыңды да біле алмай дал боласың...

Өмірдің айтпасқа болмайын ащы шындығы, істелмей қалмайтын заңды құбылысы, түсінген суреткерге, дап-даяр көркем шығарма боп көлденең тұра қалмайды. Оның барлығы да суреткер үшін шикізат қана. Ол әлі суреткердің домнасына түсіп балқуы, қорытылуы керек. Қорытыла келіп, шикізаттың шіріндісі жоғалып, таза металы ғана керекті жеріне жөнелтіледі. Уақыт, дәуір әрбір қалам иесін осыған міндеттейді. Демек, "шөп те өлең, шөңге де өлең" емес деген ұғым туса керек.

Өзінің қуаныш-күйінішімен де махаббат адам баласына тартқан табиғаттың сыйы емес пе еді. Поэзияны махаббат жаршысы десек, ақын сол махаббаттың жанашыр жақтаушысы болмайтын ба еді?! Олай болса, мынадай жыр жолдары сүйіскен жүректерді жылыта алар ма?!

"Әміртай, киін, құр бекер үйде жатпалық,
Сынайық бақты паркке барып, бақ барып.
Махаббат жырын меңіреу түнге тыңдатып,
Сипайық санын қаракөз қыздың ақ балық,
Әміртай, киін, құр бекер үйде жатпалық".

Ақын Зейнолла Тілеужанов мұнысына да қанағат жасамай, сүйгені мен екеуінің арасында жүрген жеңешесін қолқалайды. Сондағы бар ойы, бар ынтызар махаббаты — баяғы сол секс мәселесі, қалайда құмарын бір қандыру...

"Түсіріп еске көрейін,
Күндерді өткен бір қызық.
Әйнектен ішке төнейін,
Ауланда итті үргізіп.

Жүрегі үркіп еліктей,
Елеңдеп жатсын сүйген қыз,
Есікті қатты серіппей,
Алдымнан шығып үйге енгіз.

Қараңғы үйде еп керек,
Оятсам қыздың ағасын
Шынжырын үзіп көк төбет,
Сонан соң мені таласын!.."

Зейнолла осылай құмарын баса алмай бозбасшылықтың сапарында әуреленіп жүргенде, енді бір жас ақын Ғұсман Мұхаметқалиев шаруасын тындырып алғанға ұқсайды, ол былай дейді:

"Байқаусыз ерніңе ернім тиіп кетті,
Дуылдап тұла бойым күйіп кетті.
Алып жер аударылып аспанымен
Төңірек карауытып үйып кетті.

Білдім бе оның алғашқы күнә екенін,
Әрі алғашқы бақытты күн екенін.
Құлаған өзім емес, есім жисам,
Құлаған сені сүйеп тұр екенмін".

Жә, жетер! Жастықтың бар қызық-қызғылығы, биік парасаты мен асқақ романтикасы осыған кеп тірелсе, әрине, оңбағаны. Махаббатқа арналған маржаннан алқа өре алмай әдіра қалдырса, ақынның алысқа барқадар шекпегені. Ақын деген адам сезімі тұнықтығының сақшысы дегеніміз қайда?!

Біз үш ақыннан мысал келтірдік. Үшеуі де талантты ақындар, үшеуі де өз құрбыларының алдыңғы легінде. Жоғарыда келтірілген олардың бірді-екілі нашар туындыларына назар да аудармай кетуге болар еді, алайда жастар творчествосында асығыс жазылған ағат ойлар, қалайда, немен болса да, жалт етіп көзге түсіп, құлаққа ілініп қалса деген ұшқары пікір баршылық. Сондықтан да үш авторға айтылған сын поэзияға кейінірек келген жастардың да творчествосына ортақ деп білеміз. Өлең техникасын меңгеріп, сөз сырлау өз алдына да, оқушы алдындағы ақындық ар, жастық әдептілік, азаматтық борыш өз алдына. Ауызекі арамызда айтылатын әзіл-оспақ, сайқымазақ, тіптен, орынды жерінде ұта сөйлеп, ұпай алу да дені таза, үлкен поэзияға өзек болмасқа керек. Ақындық талантпен қоса ақындық парасаттылық әрқашанда қатар жүреді. Ақынның табиғаты — адамгершілік, гуманизм десек, гуманизмнің ең шығар шыңы — поэзия. Ал енді бүкіл болмыс-тұрмыс, тірлік-табиғатты, қозғалыс-құбылысты бір сәтке поэзиясыз елестетіп көріңізші; егер рас болса, "ақыр заман" деген — сол. "Ақыр заман" болмас, егер бола қалса, ол тек поэзия өлген күні ғана орнайды. Ал поэзия өлмек емес! Тіршілік барда, адамның сана-сезімі барда — поэзия бар!

Біздіңше, қазіргі қазақ поэзиясы осы биіктен қарауды әбден көтеретін сияқты; биік талғам мен тілекке тұрарлық деп ойлаймыз. Жекелеген ақындардың жекелеген шумақтарына, солғын ұйқастарына, жетпей жатқан ырғақтарына, ұлттық поэзиямызда аракідік бой көрсетіп жүрген түрге еліктеушіліктен туған азынаулақ эксперименттеріне үңіле қарап, түңіле кінә тағудан гөрі, ақынның ақындық алымына, дүниетанымына, бағыт бағдар-көзқарасына, философиялық ой түйіндеуіне көбірек көңіл бөліп, тереңірек зерттеу мезгілі жеткен тәрізді. Бұл тұста, әрине, санчо-рецензенттердің де саны азаюына әбден кепілдік беруге болады.

Солай, қазіргі қазақ совет поэзиясы, дау жоқ, өзінің толығу-молығу, кемелдену дәуірінде. Бұл тұста кемшіліктерден біржола арылдық деген ұғым тумаса керек. Кемелдену сәті — кемшіліктерден біртіндеп арылу, түлеу, жаңарған үстіне жаңара беру кезеңі екені белгілі. Қазір поэзияның есігін қаққан қандай да жас болмасын, жаман жол ұсынуға ұялады. Осының өзі-ақ поэзияға деген жауапкершіліктің шамалап болса да артқанын көрсетеді. Ал кейде әлдеқалай жарық көріп кеткен нашар жинақтар кездессе, оның түбі шикі екені, көз қимас, көңіл жықпастықтан, кездейсоқ дүниеге келгені бірден-ақ белгілі. Амалымыз қанша, бүйтпесек қазақ боламыз ба...

Қарты бар, жасы бар қазіргі қазақ ақындары, әйтеуір, жаман жыр жазбауға тырысады. Әркім өзінің өресі жеткенше канщама таланты барлығын танытып-ақ бағады.

Өткен (1971-ж.) жылы "Жазушы" баспасынан жарық көрген өлең жинақтары осынысымен қуантады. Бұл жылы жыр бәйгесіне әр толқынның өкілдері қатысыпты. "Таңдамалысы" бар, "Тұңғыш кітабы" бар, барлығы алпысқа тарта автор. Бұл осал дүние емес. Алпыс жинақта да советтік патриотизм, халықтар достығы, Отан, партия туралы саяси лирика, баллада, поэмаларымен қоса атамекен, туған жер, ел-жұрт, махаббат-жастық жөнінде де, адалдық-адамгершілік жөнінде де біршама көңіл қуантарлық туындылар бар. Тіптен, қамтылмаған тақырып қалмаған десе де болғандай. Өркен жайған қазақ жыры, тақырып жағынан алып қарағанда, тарлыққа ұшырамай, өрісін кеңіте түскен тәрізді. Алпыс жинаққа алпыс түрлі пікір айту — бір адамның қолынан келмейтін шаруа; сол сияқты, алпыс ақынды бір көлікке отырғызу да — қиянат. Әйтсе де, "Таңдамалылардың" арасынан таңдамалысын алып, таңдамалы еместердің тәуірін екшеп, тамырын баса отырып, біршама пікір айтуға болып

қалар. Оның үстіне, "Таңдамалысы" шыққан ақындар жүгімізді жеңілдетер жәйі да бар. Бұрын жеке кітап боп жарияланған жинақтарға жұрт пікірін айтып, берер бағасын беріп те қойған.

Өткен жылдың поэзиясы сан жағынан да, сапа жағынан да бір адым ілгерілемесе, кейін кеткен жоқ. Айтар ойы да, алған тақырыбы да әр түрлі, әр тектес ақындардың өлең-дастандары дүниеге келді. Жақан Сыздықов пен Асқар Тоқмағамбетов, Сағынғали Сейітов пен Құрманғали Ұябаев, Қайнекей Жармағамбетов пен Құланбай Көпішев, Есет Әукебаев, Омарбай Малқаров пен Нұтфолла Шәкеновтың "Баспалдақтар, биіктер" жинағы; Мұзафар Әлімбаевтың "Көңіл күні" таңдамалылары; сонымен бірге Әбдікәрім Ахметов пен Қабдікәрім Ыдырысовтың; Тұманбай Молдағалиевтің "Қош, көктем" таңдамалылары бар. Тізімді әрі қарай соза беруге болады.

Бұл ақындардың есімі оқушы қауымға бұрыннан таныс. Қазақ поэзиясына көптен бері атсалысып келе жатқан жыр сарбаздары. Бұлардың қай-қайсысы да қазақ совет поэзиясының өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген қалам қайраткерлері, елінің игілігі үшін іс тындыру жолында бейнеттенген қарапайым, еңбекқор шаруалар. Біріне айтылған мақтауды бәрі бөлісіп, бәріне айтылған сынға біреуі жауап беретіндей қаймағы бұзылмаған тату семья.

Осы семьяның байырғы мүшесінің бірі — ақын Мұзафар Әлімбаев. Өткен жылғы жыр жинақтарының ішіндегі сүйектісі осы ақындікі болғасын ба, біраз аялдап етуге тура келеді.

"Өмірбаяным — өлеңімде" деп Есенин бекерге айтпапты. Мұзафардың "Көңіл күні" таңдамалысын аудару үстінде Есениннің осы сөзі ғайыптан еске түсті. Табиғат сыйлаған талантты өз алдына қоя тұрғанда, ақынға өмірбаян да керек-ау, өмірдің ортан беліне жақындағанда тебіреніп еске алар, "терлігі майға шіріген" жорықтар, сағыныш қалдырып кеткен сапарлар, қуаныш, өкінішін де аямаған өмірдің белді-белді кезеңдері — бәр-бәрісі ақын жүрегінің қорегі екен-ау деген ойда қаласың. "Көңіл күнінің" соңғы бетін аударғандағы алғашқы әсеріміз осы болды.

Мұзафар — ойдың ақыны. Шығыршықтың ішін шыр айналған тұтқындағы ақ тиін іспеттес ойнақы сөзді емес, сезгені-түйгені мол ойдың ақыны. Ол сарыла жүріп тапқан әдемі ойын оқушысына жеткізу жолында әсіресе қызыл әсем сөзді, тастай қатқан ұйқасты, ұрдым-пердім ырғақты тәрік қылуға бар да, ойын көмескілеуге жоқ. Ақынның жорыққа

бірге аттанған құрбысына арнаған "Шеру" деп аталатын қысқа ғана өлеңі бар.

"Жорық — сын жолға шақырып,
Бізге де жеткен кезі еді...
Бес қару жерге батырып,
Еңсені жаншып езеді.

Ұрлана, аяп тарландар,
Қарайды мұртсыз солдатқа.
Екі айда есейіп алғандар,
Еншілес енді сор-баққа.

Арқамыз әппақ сортаңнан,
Келеміз көлдей бусанып.
Бөлініп бірақ ортаңнан,
Бүлк етер кім бар мұң шағып?!

Қанжоса аяқ қажалған,
Әйтеуір, етік ішінде...
Ауыр ма бейнет ажалдан?!
Алдымда, соны түсін де".

Осы жыр, үстірт қараған адамға, жазылып біткен көп өлеңнің бірі сияқты. Айтпаса да белгілі ақиқат екендігінде дау жоқ. Алып бараткан көркемдігі де шамалы, тіптен ұйқастары да арзан. Әйтседе, осы төрт шумақта жүрек шымырлатар бір жылылық, көңілге мұң ұялатар, алыстан үздігіп, әзер естіліп тұрған бір саз бар. Ол не?! Ол — адам өмірінің қысылтаяң кезеңіндегі көңіл күйі. Ол — айналасы екі-ақ айда есейіп қалған, қанды майданға апарар жорық жолына бойларын басқан қаруының дүмімен із сызып бараткан екі жастың күдігі мен үрейі, жүрексіне тұрып жасаған бірінің біріне деген қайраты мен жігері. Ол — сахиба тарлан солдаттардың өздерімен бірге аттап келе жатқан өрімдей жастарға ұрлана қарап, өз бастарындағы мұңын ұмытқан дел-сал, тұңғиық сәті. Бірдің де, мыңның да басынан өткерген, бұл күндері ұмыт болып бараткан отты дәуірдің сазы мен сарыны. Ақын сол сазды асықпай-саспай, қоңырлата шертіп, құрбысының құлағына құя білген.

Біз Мұзафарды ойдың ақыны дегенде, оның өз талантына, поэзия алдындағы жалтарып болмас жауапкершілікке алмағайып, атүсті кетіп, кейде тұщымас шығармалар беретіндігін тіптен де жасыра алмаймыз. Қолдан келсе, көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда түсін қашырмауға

не жетсін! Суреткердің қарапайым адамдардан айырмашылығы — ойлаған ойын көріктендіріп, нанымды көркем тілмен тыңдаушысына я оқушысына жеткізу. Мұндай жағдайда, әсіресе ақын адамдардың бес қаруы бойында болғаны абзал. Талант табиғаты — ойлап білумен бірге айта да білуде.

"Көңіл күні" авторына бұрын да айтылған, үстемелеп бүгін де қайталауға тура келеді. Мұз-аға, сіздің бір басыңызға жұртыңыз қабылдаған ақындығыңыз, бейнетқор зерттеушілігіңіз жетіп жатыр. Парасатты ой мен ғұлама сөздер (афоризм) белгілі ой иесінің белгілі бір туындысының тұңғиығында жатқанымен, сөз түсінер саналы қауым үңіле отырып тауып алады, таниды, қолданар жерінде қажетіне тұтынады.

Міне, осыдан барып, ұлағатты сөздің атағына бола, тек қана ұлағатты өсиет қалдырам деген мақсатпен, нақыл, мақал мен мәтел деп ат қойып, айдар тағып, оның жолында соншама тер төгу жемісін бере қояр ма екен деген қорытынды шығады. Күдік тудырады. Жақсы жырлар жазылып, оның ішінде нақылға, мақал мен мәтелге айналатындай жақсы сөздері болсын: кетер де, келер де ұрпаққа қалдырар өсиет деген — сол.

Ғасырлар бойы қалыптасып, сом алтыннан соғылған халық даналығымен бәсеке таластырғандай, ойлы ақын таңдамаласының соңына нақылмен нүкте қойғаны көңілге сыйымсыз. Мәселен:

"Табаныңа жаншылған соң,
Тауды да аяйды екенсің.
Аяғыңа бас ұрған соң,
Жауды да аяйды екенсің".

Автор осынысын рубаилар қатарына қосыпты, солай-ақ болсын. Алайда осы ойды халық: "Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш", — деп қадап тұрып бір-ақ айтпап па еді?!

"Мұхаңдай кең тыныс кемеңгер,
Мүрдеге сыяды демеңдер.
Соны ойлап сайыздар тарынар,
Тереңдер тереңге тереңдер".

болмаса:

"Күнім биік шықса күнде төбемнен
Бұл өмірге талай өмір төленген.
Рахаты үшін мехнатына көнем мен,
Бұл өмірді жаннан қымбат көрем мен", —

деген тәріз рубаилар таңдамалыдан орын алуға қақысы жоқ еді. Бұл сияқты рубаилардан поэзия іздеп кінә артудың өзі ұят. Орынсыз мақсат қуалаушылық үлкен ақынның үлкен творчествосына кері ықпалын тигізе бастағанынан сақтандырмасқа болмайды!..

"Ізет көрсетсең, іркілмей" дейді Мұзағаң, "Сый қылсаң, сыпыра қыл" дейді халық, екеуін де еске ала отырып, Мұзафар Әлімбаевтың "Көңіл күні" таңдамалысын қорытындылауға тура келеді.

"Көңіл күні" — көргені мен түйгені мол, бергені де, берері де мол ойлы ақынның сан жылдар сарыла ізденген еңбегінің жемісі. Өткен жылы шыққан жыр кітаптарының бетке ұстарының біріншісі.

Таңдамалыға енген "Естай-Қорлан", "Мен де Ильичтің баласы" — екі дастанның екеуі де ақынның әдебиет алдындағы арын танытар, эпикалық өрісін білдірер сом дүниелер. Әсіресе "Естай-Қорланда" ақынның шалқар шабыты мен азаматтық өктем үні, зор таланты әр қырынан айқын көрінеді. Нағыз поэзиялық тебіреністен туған үрдіс туынды. Бұл дастан — Мұзафар творчествосының бүгінге дейінгі туындыларының шырқау шыңы.

"Өткір көз томағасыз қаршығадай,
Қадалса, жалт берердей жан шыдамай,
Естайды қолқалайды қайта-қайта,
Жиынға одан басқа әнші ұнамай..."

Немесе:

"Тағдырдың тәлкегіне тығырық көп,
Үстіне жығылғанның жұдырық боп.
Аңдайды алды-артыңнан азап-зәбір,
Түтіні үзілместей шұбырып кеп.
Қазағың жантықтардан құтылған ба:
Түкіріп алақанға жұтынғанда,
Домалап момын жатар...
Түлкі — Жантық
Толтырып шыға келер ұртын қанға..."

Әрі қарай:

"Сырт көзге "сыры мәлім шамалылар"
Сілкінсе, бір сәт құдай болары бар.
Әркімнің Қобыланды болып бір күн,
Алатын Қазаны бар — қамалы бар..."

Көріп отырсыздар, мұндай тұяғымен ор қазған тарлан ақынды аясы алақандай, тақ-тұқ рубаиларға қор қылуға болмайды. Мұндай дастаны бар "Көңіл күні" кітабының өмірінің ұзақтығына еш күмән болмасқа керек.

Айналамызда болып жатқан алуан түрлі құбылысқа әркім өз көзімен қарап, өзінше сезініп, өзінше қиып-пішіп, өзінше байламын жасау — табиғи заңдылық. Ойлы адамдар, оның үстіне ақындық дарыны бар суреткер адамдар қарапайым пенделердің назарына ілікпей қалған табиғат, өмір, дәуір процестерін байқағыш келетіні белгілі. Әсіресе ақынның жүрегінде сүзіліп, ақынның басына соқпай өтпейтін зәредей де өмір құбылыстары болмақ емес. Сол құбылыстардың жақсылығы мен жамандығына, қуанышы мен күйінішіне тереңірек бойлап, өзінше сезініп, сезініп қана қоймай, басқалардың сезімін оятып, аңғарғанын ағынан жарылып адалдықпен жеткізе жария ету — ақынға тән ерекшелік. Тек қана айтса айтқандай, ақынның ойы айқын да нанымды, тілі түсінікті болсын деңіз. Тек оның дүниетанымының өрісі шалқар, өрісі кең болсын деңіз.

Ақындық мұң мен ақындық шаттық басқа да адамдардың басында бар екені ақиқат. Алайда ақындық мұң мен шаттық мүлде бөлек. Бөлектігі — оның сезім дүниесінің ерекшелігі. Басқалар мән бермеген нәрсеге мән беріп, өңсіз нәрсені әрлендіріп, жансыз нәрсеге жан бітіру. Бұл қасиеттер бойында жоқ ақынның барар жері белгілі.

Біз бүкіл әлем әдебиеті тарихынан бұрын да, бүгін де, поэзияның өзін классификациялап, ақындарды да сан түрлі сарапқа сап, эпик деп, лирик деп бөлетіндігін білеміз. Ол дұрыс та шығар, бірақ та бәлеңді "махабат жыршысы", түгеңді "табиғат жыршысы", тағы біреуді "адамгершілік жыршысы", тіпті ақырында "оптимист", "пессимист" деп атаудың өзі қалай болар екен?.. Бұлай болған жағдайда, Пушкиндер мен Абайларды қайсы класқа, қандай партаға отырғызудың өзі қиынға түспес пе екен? Дұрыс түсінерсіздер деп ойлаймын, әрине, Пушкиндер мен Абайлар алатын орнын алған, халықтан алған, біздің қамқорлығымызға оншама зәру емес олар. Айтайын дегеніміз біз бас қатырып жүрген оптимизм де, кездесе қалсақ, айналып, орағытып өтуімізге тура келетін әлгі пессимизмі құрғырдың сезім түрткілерлік сиқыры да екеуіне бірдей қызмет етпеді ме? Қуаныш пен шаттық, қайғы мен мұңға екеуі де қайрылмай кете алмаған ғой?! Адам сезімінің зерттеушісі бола тұра жалпы жұмыр басты пенделерге ортақ күйініш-сүйінішті айтпай ақын қайтіп тұра алмақ?! Қуанар

сәтте жыласа, күйінер сәтте қуанса, мұның өзі сұрқайылық емес пе?! Бұл сәтте Пушкин:

"Я слезы лью, мне слезы утешенье,
И я молчу, неслышен ропот мой,
Моя душа, объятая тоской,
В ней горькое находит наслажденье", —

десе, Абай: "Көзіме жас бер, жылайын,.." — деген еді. Екеуінің де жүрген ортасы мен сүрген дәурені, әрине, біздікінен бөлек, келмеске кеткен. Дегенмен де өмір бар жерде күрес бар; күрес бар жерде адам бар; ал адам бар жерде қуаныш та, қайғы да бар. Осыған қарағанда, ақынның я шаттықтың желқайығына отырып, я уайымның тұңғиығына түсуіне шамасы келе қояр ма екен?! Ақын жүрегі сыр жасыра алмайтындығы рас болса, онда ол екеуіне де соқпай кете алмайды. Дүниенің батысы мен шығысы әлпеттес, шаттық пен мұң деп аталатын осынау екі көкжиекте оның ақындығы да, азаматтығы да тоғыспақ. Сонда ғана ақын қарт Әбудің айтқанындай:

"Туған халқым, солдатымын сендік арман, ардың мен,
Жыршысымын сендік шаттық,
сендік қасірет зарың мен", —

деуге ақынның толық правосы бар.

Осыдан келіп, поэзияда уайым мен мұң болсын, оларсыз жыр жыр емес деген теріс түсінік тумасқа керек. Мәселе қуаныштан ұранды, құрғақ пафосты, шынайы шын қайғы мен көлеңкесін түсіріп өткен жеңіл мұңнан беріле түңіліп, су аяғы құрдымға апарар сары уайымды ажырата білуде ғой. Мәселе оқушысының да, тыңдаушысының да сезімін алдарқатып, ақын атану үмітінен ғана пайда болған жарамсақ, жалған, жасанды мұңсымақтардан арыла білу ғой. Бірлерге де, мыңдарға да ортақ қасиеттерді, құбылыстарды, қысқасы, өмірдің комедиясы мен трагедиясын таба білу, тани білу. Олардың мағынасы мен мәніне түсіне білу.

Салауатты, парасатты қарапайымдылықтан қарадүрсін халтураны, табиғи жасандылықтан жасалған жасандылықты халық ажырата біледі. Сол халықтың күткен жерінде кездесу үшін ақынға бір ғана талант аздық етеді. Таланттан басқа да: дүниеге көзқарасы, алған бағыт, ұстаған жолы, дәуір мен өмірге айтар өзіндік пікірі жоқ ақынның талантын талдап, оның шеберлігі мен шешендігі жөнінде сөз етудің өзі ерсі.

Бойында бір түйір шәйнамасы жоқ, сұйық астан қуат іздегенмен бірдей.

Қазіргі, әсіресе соғыстан кейінгі өрбіген қазақ совет поэзиясын сөз еткенде, қазақ жырының дуанбасылары — кешегі Ілияс, Қасымдардың жалпы тізімдегі орындары өгейсініп, олқы тұрмағанымен, кейінгі лек, кейінгі толқын олардың деңгейіне әлі де көтеріле қойған жоқ. Олардың көрнекті-көрнекті делегеттары әлемдік немесе Одақтық трибуналарға көтеріліп, бар даусын таныта алмай жүрсе, бұл жәйттарға қазіргі қазақ поэзиясы кінәлі емес...

Тәңірге тәуба, біздің де өзіміздің Расулдарымыз бен Қасымдарымыз, Дәуіттеріміз бен Мұстайларымыз бар. Соларға ынтымақ пен ізгілік, шабыт тілейік. Солардың іздену жолындағы із қуалаушылыққа, поэзияны жандандыру жолындағы жасанды жалтыраққа дағдыланып кетпеуін тілейік.

Қазақ жырының қазіргі көзі тірі иелерінің ең соңғы буыны болып берік қалыптасқан Тұманбай мен Сағи, Қадыр мен Жұмекендер бастаған лекті әдебиетімізге ешкім де бәйгеге салғалы баптап, баулып әкелген жоқ. Олар — аяқталмаған (аяқталмайтын) қазақ дастанының заңды жалғастары. Олар — естері кірер-кірместен ел таныған, балалықтың бал дәуреннің орнына шаруаның бейнетін тартқан, бесік жырының орнына анасының зарын ұққан, ертегінің орнына елі үшін құрбан болған әкелері мен ағаларының ерлік істері жөнінде әңгімені тыңдап өскен, көздерінде жас, көңілдерінде мұң бар саналы ақындар... Олар қазақ жырына сол қалпымен сонысын айтқалы келген-ді. Олардың ащы тағдырлары оншама аялы алақанды көре қоймаған. Олар — қазақ жырының сал-сері, еркетотайлары емес, жүрегіне жүк артқан ой иелері. Егер олардың жырынан аракідік, Пушкиннің тілімен айтқанда, ("светлая печаль") мөлдір мұң қылаң етіп қыр көрсетсе, оны сарапқа салып, кінәлайтын дәнеңесі де жоқ. Ол — ақынның кешкен ғұмырынан, айналасында өтіп жатқан заңды құбылыстардан туған әр жүрекпен егіз тұрған зиянсыз мұң. Тек сол жеңіл мұңның торығудан-түңілуден, бір кітапта бірнеше қайталанбаудан ақынның сақ болғаны мақұл.

Міне, сол кейінгі буынның алды қырыққа толып, арты тақап, қайсыбірі таңдамалысын да жарыққа шығарды. Ал таңдамалыны халықтың талқысына ұсыну дегеніңіз — қандай ақынның болмасын бүгінге дейінгі творчествосының бет пердесін ашатын биік мұрат. Сол биік мұратқа қолы жетіп оқушы қауымға 1971-жылы есеп беріп отырған ақынымыздың

бірі — Тұманбай Молдағалиев; кітабының аты — "Қош, көктем".

Өзінің қаламдас құрбылары сияқты, Тұманбай да ақындық сапардың ауыр-жеңіл мехнаттарын бір кісідей тартқан. Сәбиттей атасынан бастап, Сағаттай інілерінің де сынына нысана болып, шырығып, шынығып өскен ақынның бірі. Бәйгеден қалып бара жатса, қазақ дүлділіне де қамшы басады, жауына түсе алмай құтқарып алса, жауы кеткен соң, алмас қылышымен де шаппайтын нәрсені шабады. Халықтың намыстан, қала берді азаматтық намыстан туған бұл жайттардың өсер елге, өсер елдің өсер ұлына, әйтеуір, зияны жоқ. Сынның аты — сын. Ол — әдебиеттің құм шарығы. Шарыққа ұсталмаған шалғының шаруаның тіршілігіне мүлде қажеті де жоқ. Біздіңше, сын атаулыны қиып түсер қылыш деп түсіну — ұшқары ұғым. Қиюды, жоюды ғана мақсат тұтса, сынның болмағаны. Сын — қайрақ. Оның от шашқан шақпақ-шарығына түскен қару өткірленіп, ұшкірленіп, жүзі қыл қауып, жалтырап тұрсын.

Тұманбай Молдағалиевтың "Қош, көктемі" — сол шақпақ-шарықтан шыққан шығармаларының таңдаулысы.

Жасыратыны жоқ, Тұманбай біздің поэзиямызға дүркіретіп, дүбірлетіп келген жоқ. Балалығы бойынан арыла қоймаған биязы, ұяң жас өзінің айғайсыз баяу үнімен (жалпы, Тұманбай поэзиясында айғай жоқ), бұйығы ойымен, үміті зор арман-тілегімен, болам ба, болмайым ба деген күдігімен қазақ жырының есігін жүрексіне ашқан-ды. Тұманбай содан бері ондаған жыр жинақтарын беріп, өз түйсігі, өз сезімі бар, өз суреті, өз жазуы бар жақсы ақындардың қатарына көтерілді.

Егер біз ақынның өмірі жырынан басталады десек, ақынның жыры алдымен өз өмірінен басталатынын да есте ұстаймыз. Ақын адамның бүкіл өмірі — оның бүкіл творчествосының лейтмотиві. Себебі өз жүрегінің құпиясын, өз өмірінің күйініш-сүйінішін лирикалық кейіпкер арқылы ма, басқа арқылы ма, әйтеуір, ағынан жарылып, нанымды түрде айта алмаған ақынның басқа жүрекке жол тауып, басқа ғұмырды зерттеуге, оның жан-дүниесінің бұлтарыс-қалтарысын ашуға шамасы келмек емес. Ақын өз жүрегін, жүрегінің сезімін зерттей отырып, оларды адамдық биік парасатқа бағыштай білгенде ғана оның үні халықтық үнмен, азаматтық үнмен тоғыспақ. Сонда барып ақындық "Мен" халықтық "Менге" ұласпақ. Ақынның өмірді зерттегені —

алдымен өзін зерттегені. Ақынның құдіреті өмірден өзін, өзінен өмір жасай білуінде.

Қазақ совет поэзиясына "Студенттік дәптерін?" кеудесіне басып, жүрегінің лүпілін тыңдата, өз жылылығымен келген Тұманбай — бір жинағынан бір жинағына сатылап көтерілген ақын. Оның қаламынан жылы да мөлдір лирикалармен қатар ірілі-ұсақты дастандар да туындады. (Неге екенін өзі біледі, таңдамалыларына дастандарын енгізуді жөн көрмепті). Ақынның "Қош, көктемі" — автордың творчестволық өсу жолынан, ой-дүниесі мен өмірге деген көзқарасының қалыптасуынан, дүниетанымынан мол хабар беретін жинақ. Ақынның алған бағытын, ұстаған жолы мен аңсаған арманына жету жолындағы қуаныш-күйінішін аңғартатын Тұманбайдың аяулысы — бұл жинақ.

"...Жүгіріп келем барым сап,
Шыққан жоқ ешкім алдыма.
Көп еді досым желаяқ,
Соңымда бәрі қалды ма?

Жүгірген екем мен сонда
Күніме қарай қазіргі.
"Он жасар бала болсам да
Аңсаған екем жазымды", —

деп, бір кезде өмір мен өнер жорығын жаяу жарыстан бастаған бала Тұманбай бағы да, бар өнері де сыналар, өзі таңдап түскен жыр бәйгесінде табиғат сыйлаған талантын таныта білді.

Бүкпесі жоқ, ол осы бәйгеде талай рет опық та жеді; орта жолда омақаса құламағанымен, мүлт басып, сүрінген де кездері болды. Үлкен ой адамына тән өнер соқпағының ойын да, қырын да көрді. Алайда соның бәрінен өзінің жаны нәзік, ары таза лирикалық кейіпкерін аман-есен алып шығып, өмірлік сапарға аттандырды.

"...Мен үшін шілдехана ойналмаған,
Ешқашан туған күнім тойланбаған.
Өмірге адам келді деп ескеріп,
Куәлік алуды да ойланбаған.

Білмеймін, мұның үшін кім кіңәлі,
Белгісіз туған күні жүрмін әлі.
Ұмытып күнім түгіл, айымды да:
— Көктемде туып едің, — дейді бәрі.

Несіне кінәлаймын бұл халықты,
Кім әсте болар дейсің туа мықты.
Өмірге келгенімді аян етер,
Өзіме өзім жазам куәлікті", —

деген ақын алған сертінде тұрды.

Тұманбайдың лирикалық кейіпкерінің жүрегі қылау түсе қоймаған сәбидің мінезіндей. Несін де болса жасырмай жайып салады, қалтарыс-бұлтарысы жоқ.

Біздер бұған дейін Тұманбайды махаббат жыршысы деп қана атап келгеніміз аян. Менінше, бұл пікірге қосылуға да, қосылмауға да болатын сияқты. Қосылайық десек, ақынның адамгершілік хақында, дәуір мен өмір туралы, туған ел — Отан жөніндегі терең тебіреністері "махаббат ақынын" біздің ұғымымыздан мүлдем оқшауландырып ұстайды. Мәселен, "Өрт", "Әркімнің өз биігі бар шығатын", "Ұйқымды менің сен ұрлап кеткен жоқсың ба?", "Италия циклдары", "Ана тілі" секілді көптеген ойлы да уытты жырлардың авторын бір ғана махаббат лирикасына апарып телу қиянат болар еді. Қосылмайық десек, ақиқатын айту керек, Тұманбай махаббат мәселесіне барғыш-ақ... Ол туралы көп жазатыны — шындық.

Осыдан келіп: "Ақынның азаматтық үні сонау жылдары, жазушы Мұқан Иманжановтың қазасына байланысты, "Асыл ұстазға" деген творчествосының алғашқы кезеңінде-ақ жазылған өлеңінен басталып еді ғой. Поэзия майданында әлі шыныға қоймаған, сол кездегі жас ақын, әлдекімдердің "Сен махаббаттың ақынысың" дегенін шын пейілмен қанат тұтып, махаббат тақырыбын өзінің стихиясына, көкейтесті мәселесіне айналдырып алмады ма екен?" — деген ой туындайды. Әсіре қызылсыз, жалған мұңсыз, бір емес, бірнеше ғашық болусыз, таза махаббатқа деген таза сезімдер көптеп жазылса, әрине, әдебиетке келер зияны жоқ та шығар, алайда жорықсыз көбейіп кетуінің пайдасы да шамалы. Махаббат — сезіне білген саналы жанға, адам ғұмырының ең биік парасатының бірі. Демек биік парасат тек биік парасатқа бағышталуы керек. Дантенің Беатричеге деген махаббаты, Блоктың "Керемет келіншекке" ("Прекрасная дама") деген махаббаты — осының айғағы.

Тұманбай таңдамалысын іріктегенде де махаббат алдында сараңсымаған. Махаббат туралы өлеңдері көп-ақ. Және ол өлеңдер қайсыбір орашалақ өлеңдер емес, қаламы ұшқыр, тілі жетік шебердің қолынан шыққаны беп-белгілі, байқалып та тұр. Оқушысын өкіндірері — "Қош, көктемдегі"

Тұманбайдың махаббат жырының жорықсыз молдығы. Лирикалық кейіпкерінің бір кезде табысып, қапылыста айрылып қалған махаббатын аңсай беруі, жоқтай беруі. Неге табысты, неге адасып қалды, мұның себебі айтылмаған. Әйтеуір, сағыну, әйтеуір, құмарту... Ал енді негізгі махаббатынан бөлек жалт етіп жоқ болған, өткінші махаббат сезімдері қаншама. Ақындық өз алдына, ес тоқтатқан парасат иесінің сезімталдығы тек махаббат шекарасымен шектелмесе керек. Жоғарыда айтылған себептермен ақынның мұнысына көңіл аудармай өтуге де болар еді, әйтсе де махаббат төңірегіндегі тебіреністер Тұманбай поэзиясын дендеп баратқанын ескертпеске болмайды. Кейде бір адамның назарын алаң еткізетін шумақпен басталатын жыр баяғы сол махаббатқа сайып, құнын түсіріп алады. Мәселен:

"Салқын-ау тау бауыры күзгі уақта,
Күтпейді айдың нұры бізді бақта.
Бас иіп, бата сұрап бара алмаймыз,
Алатау секілденген ізгі қартқа", —

деп басталатын өлеңнің желісін махаббатқа құруға біз қимас едік.

Немесе:

"Ұғу қиын адам жанын, білем мен,
Қабағымнан не оқисың түнерген.
Мені білгің келсе, қара көзіме,
Мен жайында сұрамашы біреуден.

Көкірегімнен күнде шалқып шықпайды ән,
Әлі ешкімге тиген емес түк пайдам.
Мен өзімді өзім ұқпай жүргенде,
Ұға қойсын, біле қойсын жұрт қайдан", —

деген жерде жыр өзінің мәресіне сүрінбей жетіп, бітіп тұрған жоқ па?! Дәл осы өлеңге мынадай махаббат шумақтарын жалғастырмаса қайтер еді:

"Қара көзің, қара шашың төгілген,
Қара көзің не жылаған, не күлген.
Қалтыратты менің тұла бойымды
Бала кезден соған ғашық едім мен.

Жүрегімде жоқ алдамшы бөтен ой,
Алдай алсаң, сен-ақ алдап кете ғой.
Өлімді адам мойындаған секілді,
Махаббатты мойындайды екен ғой", —

деген төрт шумақтан тұратын бір өлеңді екіге бөліп жіберсе, екі түрлі ұғым беріп, екі өлең болып шықпас па еді?! Сонда, бірінші өлеңде салауатты, байсалды бір ақыл иесінің ащылау да ауырлау көңіл күйі жатса, екінші өлең сол өзінің махаббат лүпілін жоғалта қоймас еді. Амал не, бұл жерде ұстамды парасаттылықтың ұстамсыз махаббат өрін түсіріп тұр.

"Әркімнің өз биігі бар шығатын,
Әркімнің өз білігі бар ұғатын.
Әркімнің өз әлсіздігі бар, әсте,
Көңілінде жасырынып тұратын.

Әркімнің бір мақсаты бар көздеген,
Өзіңе ыстық өз жүрегің, өз денең.
Басқаларды жұбата алмас ешқашан
Өз бақытын, өз қайғысын сезбеген", —

деп, Тұманбай айтпақшы, өз жүрегінің ауруын сезбеген адам (ақын) өзгенің жүрегіне жол тауып, жолдас бола алмайды. Тұманбайдың ақындығының өзі — оның сезгіштігінде. Қуана да, күйіне де білетіндігінде, өзін өзі сарыла зерттегіштігінде. Ал енді адамның әлсіздігі, әсіресе ақынның әлсіздігі, жұрт көзінен жасырын қалып көңілдің құпиясы болмақ емес. Әлсіздік әрқашан да көрініп тұрады. Әлсіз жақтан тиер жау біз емес! Тұманбайдың әлсіз жайын өзіне қалдыра тұрып, енді "Қош, көктемді" қорытындылайтын мезгіл де жеткен сияқты. Ақын "Қош, көктемге" өзінің әр жылда, көңіл күйінің әртүрлі шақтарында жазылған жырларын батыл енгізген. Жинақ сонымен де құнды. Автордың творчестволық өмірбаянының толтырылған анкетасы. Тіптен Тұманбайдың тұла бойы тұңғышы "Студент дәптерінен" енгізген төрт-бес өлеңінің өзінен болашағынан көп үміт күттірген бір кездегі балаң, бұл шақта жігіт ағасы болып қалған ақын Тұманбай аңғарылады. Ол сонау он екіде бір гүлі ашыла қоймаған, махаббат қуып шашыла қоймаған шағында, араларын ауылдың бір нән төбесі бөліп тұрған алғашқы махаббатына, шынайы шын махаббатына білдірген сезімі былай аяқталатын еді:

"Болмаса егер бұл төбе,
Көрші қой ауыл тым жақын.
Кеште де, мейлі ертеде,
Өзіңді көріп тұратын.

Тілегім неткен көп еді,
Жүрегім тұр ғой от алып.
Осынау тұрған төбені,
Тастар ма еді қопарып!"

Бізді осы сезім нандырып еді. Көңілі алабұртқан ақын жастың алғашқы махаббатына деген қарапайым, сәби жыры сендіріп еді бізді...

Сонымен, сол Тұманбай бүгін азаматтығын да ақындығын да танытып отыр. Айналасы жиырма-отыз үйден тұратын аядай ауылдың қара баласы үлкен өмірге енді. Жер көріп, ел таныды. Ол тарихтың көне жырауы — Рим барып, Италияны аралады. Тілі де, діні де бөлек, тірлік-тұрмыс қоғамдық құрылысы да бөлек жат жұртқа сапар шекті.

Италия сапары ақын творчествосына түбірлі өзгерістер әкелді десек, оншама қателесе қоймаспыз деген ойдамыз. Ол бөлек дүниеге, біздіңше, советтік жіті көзбен қарады.

"Қош, көктемдегі!" Тұманбайдың Италия циклі осы жинақтың омыртқасы сияқты. Мұндағы философиялық ой түйіндеулері, басқа дүниенің-ащы өмірінің ақиқатын ашудағы қолданған ақындық бесқаруы, қызылшақа шындықты түк қоймай түбіне жеткізе жария етуі — бәрі-бәрісі тайға таңба басқандай ап-айқын. Осы сапарында советтік ақын суыққанды саяхатшы болмай, нағыз ақынға тән сезгіштікпен көп нәрсені көрген. Көрген де сезген, сезген де түйген...

## ТҮНГІ РИМ

Ескерткіштер оянғандай жан бітіп,
Қалың әскер тоқтағандай шаң жұтып.
Гарибалди шауып бара жатқандай,
Қара атымен тауды-тасты жаңғыртып.

Құлақ тұнып зеңбіректен, сырнайдан,
Қызып жатса тау үстінде зор майдан.
Мадонналар ұйқысынан оянып,
Кешу тілеп тұрғандай бір құдайдан.

Алысқандай даңқ пенен күш кілең,
Бұлтты түндей қарауыта түсті рең.
Құдайлардың өздері де қорқады,
Аспан құлап түсетіндей үстінен.

Естілгендей құлағыңа дөкір үн,
Көргендейсің озбырлықтың не түрін.
Қаншық қасқыр қалтырайды бір жерде,
Қаңғыған оқ жаралардай екі ұлын.

Нағыз мәдениетті поэзия болса, осындай-ақ болар. Нағыз ақындық шабыт, ақындық ерекшелік осындай-ақ болар! Ой адамдарының ішіндегі ақынның басқалардан айырмашылығы: қас қағымның арасында бүкіл өмірдің бүкіл бір тарихын экранда жарқ еткізіп елестетіп өтеді. Ар жағын баяндап, дәлелдеп жату ақынның міндеті емес. Рим тарихы бәрімізге мектеп қабырғасынан бері қарай белгілі. Тұманбайдың осы жырын оқығанда, адамның ойында "нені көрмеген Рим" деген бір ғана күрсініс қалғандай. Қалтыраған қаншық қасқырмен жырдың шорт түйілгені қандай сәтті еді! Жырткыш та болса бүкіл Римнің анасы атанған бейбақ ұлдарының ұйқысын күзетіп, әлі тұр екен-ау деген әсер сезімді жанды ойлантпай қоймайды...

Осы циклдағы "Римдік Антонидің он жырынан" үзіп-жұлып мысал келтірудің өзі авторға қиянат істегенмен бірдей секілді. Оны әлі де оқи қоймаған оқушылардың өз назарына қалдыра тұрып, біздің айтарымыз: Тұманбай түледі, өсті. Тұманбай поэзияны, поэзия Тұманбайды таныды, екеуі табысты...

Өткен жылы "Ашық аспан" атты жақсы таңдамалыларын берген Әбдікәрім Ахметов айтқандай:

"Қандай көркем өмір деген,
Қандай үлкен өмір деген.
Құдіреті мол — құшақ тұрсын,
Құша алмайсың көңілменен.

Қандай биік өмір деген,
Қандай жүйрік өмір деген,
Көк жүйрігі — қанат тұрсын,
Жете алмайсың көңілменен".

Өмір деген сондай... Бәрімізге керегі — сол өмір. Бәріміз де өмір туралы ойланбасқа шарамыз жоқ. Әсіресе ақын адамның өмір туралы толғаныс-тебіренісі тым ерекше. Құша алмайтын нәрсені құшағына алуға, жаратылыстың бәріне жан бітіруге, түссіз нәрсені түрлендіріп, болмайтын болмысты болдыруға құныққан құштарлық — өнер адамына, әсіресе ақынға ғана тән қасиет. Қадыр айтқандай, ақындар "бәріне таң қалып", бәріне зер салып, қылт еткенді қия жібермей, жырлай жүріп, жылай жүріп сапарын аяқтайды.

Біз әңгімеміздің басын өмірден бастағанымызда, ақындарымыздың осы өмірге деген көзқарасын күн тәртібінде тұрған бірінші негізгі мәселе етіп бекер алғанымыз жоқ. Ақынның шеберлігі мен шешендігін өз алдына қоя тұрып, өмірге деген өзіндік көзқарасын анықтап алмай, оның творчествосы туралы пікір айтудың өзі ескексіз қайыққа мінгенмен бірдей. Өмірге көзқарасы жоқ ақын болуы мүмкін емес. Егер бола қалса, әдеби егістікті қаптаған арам шөптің төркінін сол аймақтан іздеңіз. Өзіндік көзқарасы жоқ, өлең жазуға ғана машықтанып алған майталмандар тіптен де ақын емес.

1971-жылдың поэзиясымен танысқанымызда, қартымыз Жақан мен Әбуден бастап, жасымыз Жарасқан мен Рафаэльге дейін осы өмір туралы өмір сүріп отырған дәуіріміз, социалистік қоғамымыз туралы қалам тартпаған бірде-бірін кездестіре алмайсыз. Өткен жылдың поэзиясы осынысымен құнды. Әрқайсысы өзінің шама-шарқынша, өмірден сезінген-түйінгенін бүкпесіз айтып жеткізуді алдарына мақсат тұтқан. Біздің міндет сол өмір туралы поэзиялық пайымдаулардың нанымды-нанымсыз, жарасымды-жарасымсызының арасын ашып көрсету ғана. Оқушы ретінде ойдағы пікірді ортаға салу ғана.

"Өмір асфальт көше емес,
сайрандап өтер күйменен.
Әлсін-әлі бұлтарыс, құз-қия,
қиын, ирелең.
Шаршайсың, кейде налисың,
Өнімсіз кейде күйбелең.
Азапты жолда осынау табаны тасқа тимеген.
Адамда өмір болмайды,
күйзеліс тапса күйреген.
Өрлейді күнгей қияға көкірегін тек қана
адамдық мақсат сүйреген", —

деп, көпті көрген ақын, жорық жолынан еткен жауынгер Әбу қарт өмір туралы толғанса, жап-жарасымды, сезінгені мен түйгенінің арасында алшақтық жоқ, нанымды да ұстамды. Өмір кешкен, өмірдің бұлтарыс-қалтарыстарын бастап өткерген қарт бір сәтте ұрпағына уағыз айтуға қақысы бар: бар ғана емес айтуға міндетті де.

"Жатырқама, жас ұрпақтар, жас әлем,
Мен сендерге қартайсам да жат емен.
Деңгейімнен шалғайлай бер, биікте,

Тек төменде еңбектеме тасамен.
Өз бұтағын әрқашанда тұтқында,
Тұтқын емес тамыр тартар жас емен", —

деп те өзіне тілеген ізгі тілекті ұрпағына бағыштаса, атаның аталы сөзіне еріксіз құлақ асасың. Өмірі мен жыры бір арнада тоғысқан ақынның лебізінде ешқандай да әсіре қызыл жасандылық жоқ.

Ақындық дегеніміз — өмірді ұғып, өмірді тану арқылы, бір жағынан өзін де таныту, өзін де қауымға ұғындыру екені рас, алайда кешкен ғұмыр, өткерген өміріне қарап, тындырған дүниесіне қарап, тым шарықтап кетпей, лирикалық кейіпкерінің өзіне де тізгінді біржола беріп қоймай, бақылап, байызбен жырлағаны жөн.

Қаулап өсіп келе жатқан жас поэзиямыздың осал жағы осы — шарықтау шегінен шығып кету. Жырға еліктеп жыр жазу, ақынға еліктеп ақын болу.

Осыдан біраз жыл бұрын жас поэзиямызда ылғи бір "тұлпар мініп, ту ұстаған" немесе бәйге шауып, даланың шаңын шаңына қосқан қара балалар қаптап кетіп, ұран шақыра келгені әлі де көз алдымызда. Оларды әлі де ес тоқтатып, жігіт болды деу қиын. Жас адамға тән жастықтың романтикасына тыйым салып болмайды, әрине. Әйтсе де романтиканы тұлпар мен арғымақтың тұяғы мен тартқан көкпар, шапқан бәйгеден ғана іздеу — кенделік.

Осы сияқты адалдық-адамгершілікті айтамын деп, лирикалық кейіпкер өзінің адалдығын, қой аузынан шөп алмас момындығын қызықтап, әлдекімнен секем ап, әлдекімді жау санап, жатырқай қараса, мұның да аты — сол кенделік. Ой кенделігі — өрісі жоқ парасат кенделігі. Осыдан келіп, өмірді өзі ұғып болмай тұрып, басқаға уағыз айтушылық, амал не, қазіргі жас поэзиямызда басымырақ.

## ІНІ ПАРЫЗЫ

Адам жаны — ну тоғай
**(Дұрыс, солай-ақ болсын),**
Біле білсең, сағыныш
**(сонда қалай?! Тоғай ма, сағыныш па?!)**
Қасқырынан қорықпай,
Бұлағынан қанып іш.

Болма мылжың, бұзық та,
Райыңнан қайта біл.

Өзге әндерге қызықпа,
Өз әніңді айта біл.

Тапқыр болғай әр істе,
Көңлің сонда толғаны.
Еңкейместен еңістен,
Тіп-тік өтсең болғаны.

Жүрме жеңіл құйында,
Бір пендені даттама.
Бордай болсаң қиында,
Босағадан аттама!

Жақсы жүрсең бір демің,
Мен биікпін, тірімін.
Ұқсамасын іздерің,
Ізіне әккі ұрының.

Шағала бол аспанда,
Шаттығыңа малынба.
Қақ жарылып жатсаң да,
Жауларыңа жалынба!

Осы өлеңді жазған ақын Өтеген Күмісбаев — "Ақ Шолпан" кітабының авторы. Өтеген — жыр жазуға қаламы төселіп қалған, арғы-бергі әдебиеттен хабары мол, бірді-екілі жинақтар бере бастаған талантты жас. Былтырғы "Ақ Шолпан" кітабының өзінде "Көп нәрсе керек емес бұл адамға", "Кілем туралы аңыз" дегендей шын сезім, шын толғаныстан туған көптеген жырлары бар. Ақындық жаны, ақындық арманы бар, айтқанынан айтпағы мол ойлы жас. Өтегеннің "Ақ Шолпанның" алдындағы өлеңдер жинағы өзінің табиғи қарапайымдылығымен, шынайы толғаныс-тебіренісімен жылы қабылданып еді. "Ақ Шолпанда" Өтеген азаматтық, адамгершілік мәселесіне көбірек көңіл бөлген. Онысы — құптарлық. Алайда адамгершілік сияқты биік мақсатқа барарда, ақын өзінің биязылығын бағып, өзінің лирикалық кейіпкерін үлгі етіп көлденең тарта бергеннен гөрі, үшінші жақтың да қамын ойлау керек. Бірінші, екінші жақтан гөрі, (бірінші жақ — өзі, екінші жақ — лирикалық кейіпкер) үшінші жақтың бойындағы болмысқа баса көңіл болу керек. Әрине, үшінші жақты жырлау — әлдеқайда қиын. Байқамай "өйтті, бүйтті" деп, құрғақ баяндауға да ұрынуың мүмкін. Дегенмен де қиындықта қинала жүріп үшінші жақтың жан дүниесіне үңіле түскен абзал.

Жоғарыдағыдай өлеңді жинаққа ендіру — саналы ақынға

ұят. Бұл өлеңнің жалаң, жабайы айтылған уағыздығы өз алдына, тіптен өлеңдік құрылымының өзін талдап жату, ауызекі айтылатын сөз арасындағы логиканы іздеп жату — бос әурешілік. "Аспанда ұшып жүрген көк шұнақ қой, сарымайға былғаған пішен бар маның" кері — бұл өлең.

Өтегеннің алмағайып, сәтсіз шыққан бір өлеңін бетіне шыжғырып баспауға да болар еді, амал не, "Ақ Шолпандағы" "Ант", "Тілек", "Адамдар бар" деген тәрізді жадағай пайымдаулар ашық айтуға мәжбүр етті.

Бұл жағдай — бір ғана Өтеген өлеңдеріне емес, қарты бар, жасы бар қазіргі қазақ поэзиясына ортақ кемшілік. Мезгіл-мекені көмескі, ата-тегі, ақындық нысанасы жоқ аралас жырлардың, адрессіз жырлардың төңірегінде азын-аулақ айтылып жүрген пікірлердің жаны бар секілді. Тіптен, белгілі тақырыбы жоқ, атсыз өлеңдер жазуға тым әуестеніп барады екенбіз. Шығармаға тақырып қоюдың өзі үлкен творчество екенін бәріміз де білеміз, біле тұра туған баламызды ешқандай есімсіз аттандырамыз. Есімі жоқ адамға паспорт берудің өзі мүмкін емес.

Біздіңше, шығарманың тақырыбы дегеніміз — сол шығарманың дәлелдеуді керек ететін теоремасы. Осыған қарағанда, ақындар тақырып қоюдан емес, алынған тақырыпты ақындық шеберлікпен аяқтап шығудан, дәлелдеп шығудан қашқақтап жүрген сияқтымыз. Шығармаға бас болып алынған тақырып ақынның ауа жайылып кетуіне көне қоймайды ғой, осы жағын қиынсынып жүрген жоқпыз ба? Осыдан келіп, көсіле шауып, біріміздің ізімізді біріміз басып, біріміздің жырымызды екіншіміз қайталап жүрген жоқпыз ба?!

Тақырып қалам иесін көп нәрсеге міндеттейді. Өлең емес, тақырыбын тауып корреспонденция жазудың өзі оңайлыққа түспейді... Демек, тақырыпты таба біліп, соның төңірегінде ой қорытындылау деген сөз. Тақырыпты таба білу, сол тақырыпты қоқыс-қоспасынан айырып, поэтикалық сүзгіден өткізу ақындардың бір басқан ізін қайта шиырлауына ерік бермеген болар еді. Мәселен, белгілі бір тақырыпқа бір ақын бірді-екілі жақсы-жақсы жырлар жазғаннан соң, әрі қарай жалғастырып, шұбырта беруге болмайды ғой. Әрине, айтылмыш тақырыптың өзі де өмірмен, адамның, ақынның көңіл күйімен астарласып, құбылысқа қарай құбылып отыратындығында дау жоқ. Дегенмен де, мәселен, әр жылы айналып соғатын әр қысқа арнап қыруар жыр жазу — көңілге сыйымсыз-ақ іс.

Біз, әдетте, ақынның творчествосын сөз етеміз. Оның берген нәрсесіне қарап, бетін таныған боламыз. Сәтті туынды ұсынып, бағы ашылған ақын бола қалса, бәріміз де соған жабыла төніп, жапа-тармағай пікір айтып, жақсылық-жамандығымызды соның төңірегінде бір білдіріп қалуға құмар-ақпыз. Тіпті, біраздан кейін оның творчестволық өсу, өшу жолын жіті бақылаудың орнына, бағы жанған ақынның әлі де әрпі кеуіп үлгірмеген, баспадан жаңа шыққан шығармасына алдымен кесімді пікір айтып қалуға даяр тұрамыз. Мұндай жағдайда, жаңадан жарып шыққан екінші бір жауқазын жас ақынның жарық дүниеге келгеніне көңіл аударуымыз шамалы. Оның творчестволық тағдырын бақылау былай тұрсын, алғашқы дүниесіне дұрыстап, жүйелі пікір де айтылмайды. Әрине, ондай пақырдың Санчо-рецензенті болмайтыны өз-өзінен белгілі мәселе.

Айтылып отырған әңгімемізге арқау болған, өткен 1971-жылдың жыр жинақтарымен танысқанымызда, біз осындай талантты пақырлармен таныстық. Олар — бірді-екілі өлеңдер жинағын оқушыларының қазылығына ұсынған, мінездері де өзгеше, жылы пікірге зәру, қатқыл сынға зәру Жүсіп Қыдыров, Сәбит Баймолдин, Өмірзақ Қожамұратов.

"Білмеймін, кімде қандай бастау барын,
Бұрқырап мен де өзімше тасты аудардым.
Келемін өз жолымды өрге сүйреп,
Ішінде иықтасқан жас таулардың.

Жартасқа омыраулап соққан ағын,
Көргем жоқ құласа да тоқтағанын.
Сыңсыған көкірегімде орман-ойды,
Шыңға бір шығарсам деп оқталамын", —

деп жар салмай, жалбарына, жүрексіне өзіне үлкен міндет артып, үмітпен поэзияға келген Өмірзақ тіптен тұңғыш кітабы дүниеге келмей тұрып-ақ мерзімді баспасөзде уытты-уытты өлеңдерімен көзге шалынып еді. Арада жылдар өтті, тұңғышы әзер жарық көрді. Өткен жылы "Таңғы дауыс" деп аталатын мектеп оқушысының дәптерінің қалыңдығымен бірдей өлеңдер жинағы шығыпты. Осы пақыр әзірге пойызға билетсіз мінген адам тәрізді. Өз құрбыларының қатарынан орын тимей-ақ қойды осыған. Бірде-біріміз оған кел деп те, кет деп те ниет білдіре алмадық. Мынауың — барың, мынауың — жоғың демедік. Бұған Өмірзақ тұрарлық еді. Сонда да болса, Өмірзақ ақынның өмірге құштарлығы, жыр алдындағы жауапкершілігі,

ақындық-азаматтық парасаты мойымай, сеніммен жыр өмірін жалғай беретіндігі бізді қуантады.

"Ей, табиғат! Дархан сенің құшағың,
Өзің маған, мен өзіңе ұсадым.
Кей күндері теңізің боп туласам,
Кей күндері шағалаң боп ұшамын.

Айта алмаған, жаза алмаған өлең мен,
Ұлылықты өз бойыңнан көрем мен.
Қарлы шыңдар қарсы алдымда қасқайып,
Сырлы мұхит тебіренген тереңнен.

Қара тасты қақ айырған гүл мықты,
Ырғатылып, жыр етіп тұр тірлікті.
Ең өрісі құрылдаған құрбақаң,
Айтып жатыр өзіне тән шындықты!

Күн мен Айың тұратұғын тең шығып,
Маған бердің бір өмірді енші ғып.
Кең жазира аспан жердің арасы,
Еленбейтін анау-мынау кемшілік.

Сен сыйладың ақыл дарып, тіл бітті,
Мен өзімше сөйлете алам тірлікті.
Беу, табиғат, жүрегіме сыйлаған,
Менен үйрен сұлулық пен шындықты".

Осындай ойы, осындай үні бар ақын көңілі алабұртқан қайсыбір сәттерде:

"Елемейді... қайран қалам,
Жанарымның жалтылдарын.
Болатпын ғой қайралмаған,
Мен де бір күн жарқылдармын", —

десе дегендей.

"...Тамырлас шежіредей мың ғасырмен,
Жұмыр жер иығында тұрғасын мен.
Көтеріп тіршіліктің тауқыметін,
Бәріне жауап берем бір басыммен", —

деген жыр жолдары әркімнің аузынан шыға бермейді. Оны сезім түйсігі сергек, көргені-білгені бар, өмірбаяны бар мынадай ақын ғана айта алады:

"Он алтыда бұлғақтап,
Бара алмадым баққа мен.
Үлкендермен бірге аттап,
Бірге жүріп жатқан ем.

Өңімде емес, түсімде,
Аймалады шапағат.
Қаудыр тонның ішінде, —
Қауыз жарды махаббат.

Шаңырағын әкемнің, —
Шатынатпай шақ тұрдым.
Шаңы шығып жат елдің,
Шапанымды лақтырдым.

От шарпыған балағын,
Өткен біздің бала күн..."

Ақын да адам. Оның творчестволық тағдырына да бірауық көңіл аударған жөн ғой дейміз. "Ақындарды аялау керек!" деген Маркс сөзінің төркіні осында болмасын... Бұл күндері бәріміз құлай ұнатып жүрген кешегі Төлеген Айбергенов жырлары — көзінің тірісінде-ақ жарық көрген дүниелер. Марқұм көзі тірісінде өзі ести алмаған, өзі зәру боп өткен ол туралы айтылып жүрген пікірлерді тірілеріміз енді естіп жүрміз. Жырлары жөніндегі пікірге марқұмның құмнан су іздеген құландай құмартқан творчестволық тағдыры біздің есімізде...

Қандай да бір қалам иесінің творчестволық тағдырына, оның өмір сүріп жүрген ортасына, тартқан мехнат, тындырған ісіне әділдікпен қарамайынша, оның творчествосын өзінен бөліп алып талдау жасау — қиянаттың қиянаты екені өз-өзінен белгілі. Қаламгердің творчестволық тағдырын тану, оның анкетасына енген өзгерістерді іліп, бақылап отыру — сыншылардың, әдебиетшілердің, қала берді айналасындағы қаламдас замандастарының адамгершілік борышы.

Қаламгердің сәтті-сәтсіз туындылары өз-өзінен белгілі, оны қарапайым оқушының түсінгенінен де байқауға болады. Қарапайым оқушы белгілі туындыны я бар, я жоқ деп кесімін бір-ақ айтады. Ал біздер, әдебиетшілер, ақынның орашолақ жазыла салған бірді-екілі өлеңіне бола оның бүкіл жырына, бүкіл творчествосына бірден сенімсіздік білдіруден арылғанымыз жөн. Әсіресе жас поэзиямызға қойылатын жалаң талап пен жалаң пікір олардың болашағын оншама барқадар шектірмек емес.

Мысалы, жас ақынның жинағын ашып қалғаныңызда, мынадай өлеңге тап болсаңыз, қайтер едіңіз? (Өлең жырлап та жырланып та біттейтін ең қасиетті тақырып — Отан туралы), жас ақын өмірге келгенін, өмірге не үшін келгенін айта келіп өзінше пәлсәпа түймек болады:

"...Жетеледі мені көп күн,
Жүрек толы қызу екпін.
Қалдырыпты маған сарқын,
Тағып алдым Отан даңқын.

Бақыт тиеп, жылжып жайлап,
Кеттім жөнеп атын айдап.
Мен елімнің атшысымын,
Мен елімнің хатшысымын.

Қорлығым жоқ, зорлығым жоқ,
Болдығым жоқ, толдығым жоқ.
Қара өлеңнің бейнетін бер,
Мен шаршайын, зейнетін көр.

Әр күнімнің шарасымен,
Бомбалардың арасымен.
Уақыттың арбасынан
Мен сәлемді алға ұсынам.

Жүгі ауыр нұр елімді.
Менің сағат жүрегімді.
Саған даңқ қып өткіземін,
Сол арбамен жеткіземін".

Отаны туралы осындай мардымсыз жыр жазған ақынды бірден-ақ түкіртіп, осындай өлеңсымақ араласып кеткен поэзия сарайын аршамен ұзақ аластауға тура келер еді! Алайда алдын ала, күні бұрын байбалам салмайық. Алдымызда ақынның бір ғана өлеңдері емес, бірнеше өлеңдері, бүкіл бір жыр жинағы жатыр ғой, оқиық, үңілейік. "Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиер" ойнақы жырдан гөрі сыдыртып оқып шығуға көне қоймайтын ойлы жыр іздеп, сарсаңға түскен пақырың осы болмасын.

"Ұзарып туған көлеңке,
Шыққан күнге бір ерке.
Шуақ қуған жас балғын,
Оны да артқа тастар күн.

Желпілдеген тұстары,
Шаңқай түсте қысқарды.
Жазда шайса батқан күн,
Күткен таңның атқанын!

Шағы қайтты гүлдеген,
Қызығы өтті шілдемен,
Өзге бүгі-жігі жоқ,
Таңданатын түгі жоқ".

Тәңірім-ау, мынау таныс сарын, таныс ырғақ, таныс үн ғой! Көңілге қайдағыны салатын өзіміздің көне де көрікті мақамымыз ғой. Тосырқап қалған құлағымыздың дабылын қаққан тосын үн ғой мынау. Арғысы — Бұхар, бергісі — Махамбеттен қалған қазақ жырының жұртына қалдырған асылының сынығы, ақығының көзі ғой бұл. Халықтың өзі боп ойлап, халықтың өз тілінде жазатын пақырдың өзі сөйлей түссінші, ерікті өзіне берейікші.

## ФӘНИ

"Сүмбіледен сөнген шоқтардан,
Аспаным орын босатсын.
Шайтандар атқан оқтардан,
Өмірзаялар қоса ақсын.

Бауырын көлдің қаз тіліп,
Рахат дәурен салдырсын.
Балапан талды мәз қылып,
Жел тербетіп қандырсын.

Нажағайлардың қылышын,
Шабыттар алып тағынсын.
Кәриялардың қылығын
Өлеңнің жолы сағынсын.

Жағанда жатып жаз арман,
Қаныңа сенің өрт толсын.
Маған да көзеу ажалдан,
Перінің қызы мерт болсын.

Дария — жеңгей кең етек,
Он екі құрсақ көтергей.
Асықпа, Фәни, және тек,
Жанар таулар өт өрмей.

Дүрсілдеп ағып әр теңіз,
Алуан шашсын жас қиял.
Жасара берсін қайтеміз,
Махаббат деген естияр.

Ән тіреп тұр ғой қолқамды
Емес пе ғажап, дариға, ән.
Төсімде шапқан тұлпарды,
Үркіте көрме, фәни-жан".

Ой тұңғиығы мен сезім тұнықтығынан туған осындай жырға біз ешқандай да аннотация бере алмаймыз. Мұндай жыр ешқашан да жанашырға зәру емес, өзіне өзі адвокат. Бізді таңдантыратын бір ғана жай — Әуелбек Қоңыратбаев сынды ағаларының Сәбит Баймолдин сынды інілерінің осы тектес жырларын іздеп оқудың орнына, көздеп пікір айтуы. Жеткіншегінің творчестволық тағдырына жеңіл қарауы.

Ал Сәбиттің өзі болашағына, өзінен кейінгі келер ұрпаққа үлкен сеніммен қарап, үлкен міндет артады.

"Келген соң дүниеге тілекпенен,
Кең шалқар — кесірі жоқ жүрекпенен.
Қорған бол, алдамшыны атарым бол,
Атаңнан алып қалған бір оқпенен.

Сөз дейтін сүңгіменен, білекпенен.
Тілім бол, бұл да мейлі қиындасын,
Ащы сөз ақымаққа тыйылмасын.
Түнерген көкірегіңе әулиеден.

Өзге әулие айтқанға сиынбасын.
Бас солай қиылсыншы қиылғасын.
Сен келдің тоғыз айлық шеру шалып,
Енді-енді мол қонарсың еру салып.
Кесейін кіндігіңді арманменен,
Ана менен арманға телу салық.
Мә, көрімдік, кетсінші көруші алып".

Сәбит — ешкімге ұқсамайын деп, есі кете ізденгіштігімен ақын, ізденy жолындағы артық я кем айтуымен де ақын. Жырының салмақтылығы; тілінің ащылығымен де ақын. Тіл өнеріндегі дертімен де, орнының оқшаулығымен де Сәбитті қабылдауға болады. Өткен жылғы жарық көрген оның "Қызылиңірі" осының айғағы.

Творчестволық ізденістері, жазу-сызу ерекшеліктері, жыр-өрмектері әр түрлі болғанымен, Сәбит Баймолдин мен Жүсіп

Қыдыровтың творчестволық тағдырлары төркіндес ақындар. Екеуі де бірнеше жинақтарын шығарғанмен, бағыт алып, беттерін түзер аталы сөзге зәру жастар.

Жүсіп — біздің жас поэзиямыздың ауыр батареясының жауынгерлерінің бірі. Оның туындыларының түрі де, арқалаған жүгі де ауыр, өзі де ауыр қозғалады. Ол халқымыздың бүгіні мен болашағына, өткеніне зер салып, өзінше жырлап, өзінше ойланады. Бабадан қалған құмыраның сынықтарын құрап, халқының қажетіне жарарлық бұйым жасап шығаруға талпынады. Жүсіпті өз замандастарының тірлік-харакеті, дәуірдің, жер деп аталатын үлкен Планетаның тағдыры ойландырады.

Жүсіптің "Құмыра сынықтарының жыры", "Алтын күрек" деп аталған екі бөлімді "Нұр жаусын саған" жыр жинағы — ақынның бүкіл өмірін керек ететін үлкен бір істің беташары іспеттес. Мұндағы "Құмыра сынықтарының жырының" өзі еліміздің тарихы жөніндегі үлкен бір дастанның фрагменттері десе де болғандай. Үлкен тарихи тақырып осы қалпында қалып қойса, өкінішті-ақ. Үстіміздегі жылы "Жұлдыз" журналында жарияланған "Запрангүл" дастаны осы тарих шежіресінің заңды жалғасы іспеттес. Осыған қарағанда, біз Жүсіптен үлкен толғаныс, үлкен іс үстінде жүрген ақынды аңғарамыз. Алдына қойған игілікті ісін қалай аяқтап шығарын уақыт көрсетер, әзірге байқағанымыз Жүсіп — дәуірді де, дәуірдің адамдарын да өз лексиконында сөйлете алатын тілге бай, ойға жомарт ақын.

Жүсіп жыр мен жырдың жалғасып, жымдасып бітетін жерінде прозаға басып, әлқиссалап та жібереді. Бұл жаңалық емес. Бұл — біздің фольклорымыздың салып берген сара жолы. Мұндай әлқиссалар өзінің қасиетті борышын өткерген. Қазіргі ақынға тек жырдың жүгін жеңілдету үшін ғана керек. Демек, Жүсіп әлқиссадан арылғаны жөн...

Жоғарыда аталып өткен таңдамалыларды қоспағанның өзінде, қазақ совет поэзиясының бір жылғы өнімінің өзі бір адамның арнайы бір жыл отырып зерттеуіне тұрарлық дүниелер. Алпысқа тарта ақынның бір жылдық творчестволық еңбегіне қаншама атүсті қарамай, жеке-жеке тоқталып өтейік дегенімізбен, ойлап сұрыптап келгенде, ол ойымыз бос әурешілікке ұрындыратын жәйі бар екен. Неге десеңіз, таңдамалыға енген шығармаларға бұрыннан қанықпыз. Олар мерзімді баспасөзде де, жеке кітап болып та жарық көріп, жұртқа тарап кеткен, кезінде өздерінің бағаларын алған, пікір айтылған дүниелер болып шықты. Дегенмен де, оларға ортақ

кемшіліктер мен жетістіктерді, әр ұрпақтың бір өкілінің таңдамалысы арқылы ептеп пікір айттық қой дейміз. Әңгімеміздің желісі шеберлік мәселесінен гөрі ақындық парасаттылыққа, ақындық дүниетанымға тартылатындығын басында ескерткенбіз. Соншама ақынның жекелеген өлеңін, шумақ-жол, ырғақ-ұйқас, бояу-нақыш, тіл ерекшеліктеріне үңіліп жату мүмкін шаруа емес. Сондықтан да қазақ жырының қазір айтылып та, айтылмай да жүрген толғақты жағына пәс-пәс болса да тоқталып өткен сияқтымыз.

Сонымен, қазақ поэзиясы өзінің кемелдену шағын басынан өткеруде деген ойға келдік. Бұлай демеске, барымызды байыппен дәріптемеске қақымыз да жоқ. Қазақ жырының "Байқал көлін" (Байқалдан өткен тұнық көл жоқ дейді ғой...) соңғы жылда өзінің тұнық бұлағымен молықтырған поэзия бастаулары бар бізде. Алдынан ақ күн туып, бағы жанса, бір халықтың емес, біздің ұлан байтақ советтік отанымызды мекендеп отырған бар халықтың да сүйіктісі боларлық ақындар бар бізде де... Тұманбай, Сағиы, Қадыр мен Жұмекені, Әділбек пен Өтежаны бар қазақтың жас буын поэзиясы кіммен де болса тізгін теңестіре алады. Тіптен бұлардан кейінгі қаулап өсіп келе жатқан қазақ жырының мұрагерлері қаншама!

Есімізде тұрғанда айта кетелік, оғаштау болса да басқалардан бөліп алып, аттарын атап отырған алты ақынымызың да өткен жылы кітаптары шыққан. Олардың ішінде Қадырдың "Домбырасы" мен Жұмекеннің "Гүл туралы балладасына" баспасөзде сан қилы қарама-қайшы пікір таластары болды. Соның үшін де біз бұл жерде екі ақынға да айтылған сындарға араша түсіп жатпай-ақ (оның өзі көлемді бір мақаланың шаруасы. Дәлелдеу керек қой...), өз пікірімізді бір сөзбен ашып айтпақшымыз. Мұнымыз ақынға берілген өндірістік жалаң мінездемедей қабылданбауын өтінеміз! Бұл — екі ақынның да творчествосының қылт еткенін қалт жібермей бағып жүрген, сөзге түсінетін, сөз қадірін сыйлайтын оқушының пікірі.

Қадыр — найзағайлы ақын. Дәуірдің, уақыттың өзі жаратқан өміршең ақын. Оның поэзиясы өзіміз өмір сүріп отырған дәуір мінездес. Творчествосында осынау ғылыми дәуірдің математикалық дәлдігі, ракеталық жылдамдығы бар. "Кең жазира аспан, жердің арасы, еленбейтін анау-мынау кемшілік" деп Өмірзақ айтқандай, Қадыр поэзиясының анау-мынау кемшілігінің байқалмайтыны сондықтан. Ал енді жұрт алғай-шалғай пікір айтқан "Домбыра" — Қадырдың бүкіл ақындық стихиясының тоғысқан торабы. Өткен жылғы өлең кітаптарының біріншісі. Сәтті туынды, тұтас, бүтін дүние.

Жұмекен — жұмбақ ақын. Тамырын тереңге салған ойға бай, тілге сараң суреткер. Ақындарға тән шалқу, тебіреніс-толғанысының өзі де құпия, жасырын. Оқушысының қолына тереңде жатқан ойының бір ұшын ұстатады да, әргі жағын өзің тауып ал дегендей, жайлап шығарып салады. Оның бүкіл поэзиясында ащы бір сарказм сезіледі, онысының өзі де қарусыз көзге көріне бермейді.

"Өстің, тікен, тырмысып,
ал, талаптан, талаптан.
Тартайын деп тұрмысың,
тағы да бір балықтан?!

Сені о бастан ант ұрды,
"Құдай" сені кептірсін:
Тағы да бір балтырды
Қанатайын деп тұрсың.

Сен де қырсық адамға,
Қырсықпаңдар, қойыңдар.
Тағы да бір табанға,
Қадалатын ойың бар.

Жүрсің әлі түлеп сен —
Құртар едім күрсінбей:
топырағыма гүл өскен
Сен де өсіп тұрсың ғой..."

Көріп отырған боларсыздар, ащы да ауыр өлең. Ащылығы — дүниенің қабағын баққан қағылез де қатыгез ақынның іштен тынып, мысының құруы, күдігі. Ауырлығы — бәріміздің де басымызда бар бақастық. Ұсақ, қанымызға сіңген қазақы бақастық...

"Гүл туралы балладада да" екі Жұмекен бар. Біріншісі — өзін өзі сарыла зерттеген, өзі арқылы өмір сүріп отырған ортасын қылға тізген қатал, тақуа Жұмекен, айыптаушы Жұмекен. Екіншісі — қара тастан да ізгілік іздеген, "жағалаудың көк тасын сүю үшін, толқынның ерінін қалаған, түнгі алқапқа түнып ескен шөп басын сипау үшін, самалдың саусағын" сұраған нәзік Жұмекен; "көп жыңғылдың ортасындағы қайың, көп күлкінің ортасындағы уәйім" Жұмекен. Оны жұмбақ деп атауымыздың мәнісі осында.

"Гүл туралы балладаға" жұрт айтарын айтты. Жұмекен бұл шақта әдебиеттің басқа көкжиегінен қылаң берді, солай-ақ болсын. Бірақ ақын Жұмекен, жұмбақ Жұмекен біздің

поэзиямыздағы бүгінгі де, ертеңгі де орнына мықтап жайғасқан. Жасыратыны жоқ, ол — оқушысы құрымай, өзі де құрымайтын саналы, ақылды жырлардың авторы.

"Бір бүйірде қызса деп ем өлеңім,
Бір ұйқыны бұзса деп ем өлеңім.
Ақылдыға қайғы алдырсам деп едім.

Қарсы біткен түк сықылды мақпалға.
ажарыңды бұздым жанға батқанда,
ей, өлеңім,
қараулардан алыс бол,
қайғысызға, қанша оқысын, жатталма!" —

деген жыр шумақтары, әйтеуір, әуестіктен, өлең керек болғандықтан туыла қалмаған болар...

Сөз арасында айта кетейік, өткен жылдың ғана өлеңдер жинағымен танысып, өткен жылы кітаптарын шығарған ақындар төңірегінде сөз қозғауды міндетімізге алғасын кейін, ол жылы жинақ бермеген қазақ ақындары туралы жылы жауып қоя тұрдық. Бұлай етпеске мүмкіншілігіміз де жоқ еді. Тізім тізуден барынша қашып бақтық. Тізімге ілінген қаламгердің шығармасы туралы да бірдеңе деу керек қой...

Әділетіне бақсақ, алпыс ақынға пікір айту былай тұрсын, бір ғана ақынның бір таңдамалысының өзі де ұяты бар адамға үлкен жүк. Осы әңгіменің үстінде ақын шығармасын зерттеуден асқан азаптың жоқтығына көзіміз әбден жетті.

Қандайда ақын болмасын, егер ол шын ақын болып, ақын атағын құрметтесе, айтарын айтып, айтпайтын сырын тереңге жасырып қалады. Жан дүниесінің барлығын жайып салып, ағынан жарылып қарап тұратын ақындар аз.

Өзінің бүкіл болмысын бүкпей, бүркемей, ағынан жарылған данышпан ақындардың өзі де бірді-екілі. Кім білсін, поэзияның ерекшелігінің өзі де осынысында шығар...

Арқауын үзіп алмай, әңгімемізді әрі қарай жалғастырайық.

Өткен жылғы сәтті туындылардың санаулысының қатарына іліккен — Сағидың "Алтын қаламы", Әділбектің "Маржаны" мен Өтежанның "Кемпірқосағы".

Бір кездерде Сағи поэзиясы жөнінде айтылар пікірді айтқанбыз. Сағи — үнемі іздену, өсу үстіндегі, әр сөзден қоңырау ойнатқан лирик, зергер ақын.

Жасыратыны жоқ, Сағидың лексиконы оншама мол емес, алайда зергер ақын бар дүниесін байыппен пайдаланып, жүннен жібек алып, жібектен өрнек салады. Сағидың әрбір

өлеңі алтын жалатқан бұйымдар сияқты. Оның шеберханасынан шыққан әсем бұйымдарды мыңдаған заттардың арасынан айнытпай танып алуға болады. "Алтын қалам" да ақын зергердің 1971-жылға тартқан адам жұтып қоярлық аяулы тартуының бірі. "Алтын қалам" туралы шағын поэмасы — көріктінің көріктісі.

Әділбек Абайділданов — қазақ жырына "Қыранды" берген, пәк көңілді, романтик ақын. Әділбек — поэзияға өмірді көріп, оқып-тоқып дегендей, табиғи жаратылысымен, жырға деген ғашықтық құмарлығымен араласқан ақын. Содан бері ондаған жылдар өтіп, Әділбек біршама жыр жинақтарын ұсынды. Осындай ақынның да творчестволық тағдыры Сәбит пен Жүсіптен оншама асып тұрған жоқ. Ақындық сапарына бағыт-бағдар сілтерлік Әділбек поэзиясына жүйелі сын айтылып көрген жоқ. Осыдан барып, алабұртқан ақын алғай-шалғайлыққа ұрынып та қалады. Біз мақтап отырған "Маржанының" өзіне де мырыш араласқан сиқы бар. Бағып отырсақ, айтар ойға, ашылар бейнеге тұсау боларлық "Төрттағандар" Әділбек жырына да ықпалын тигізіпті. Бұл тұста, анығын айту керек, "төрттағанмен", төрт жолдық бір шумақ өлеңмен ой түйіп, философия салмақтау шын ақынның ісі емес.

Төрттаған-рубаилар Шығыс ақындарының таңдап алған аяулы поэтикалық тәсілі болған-ақ шығар, ойын қорытар қалыбы-ақ болсын, алайда, ойлап отырсақ, осының өзі схемаға айналып бараткан жоқ па?! Алымы-шалымы бар ақынға төрттағандап жатып алудың керегі не?! Бай ауылдың мол дүниесінен ұмыт қалған бұйымдай, бай поэзияның не бастамасы екені, не қойылған нүктесі, не ортасындағы омыртқасы екені беймәлім. Мұның үстіне біздің қазақ ақындарының төрттағандары уағыз айтудан немесе қойыртпақ пәлсапа соғудан әріге бара алмай жатады. Үлкенді-кішілі ақындардың творчествосын төрттағандардың дендеп баратқаны күдіктендірмей қоймайды.

Біздің ойымызша, ақын біткен үлгі етіп алып жүрген Омар рубаилары мүлде басқаша сияқты. Омар рубаиларының әммесінің басын біріктіріп, қарусыз көзге көріне бермейтін бір тал нәзік те сиқырлы жіп бар тәрізді. Сондықтан да Омар рубаилары сол жіппен біріне бірі жалғастырылған, біріне бірі байланған Шекспир сонеттеріндей, бүтін бір біткен дүниені елестетеді. Қызықтырады, оқылады.

Ал енді Әділбек төрттағандарының жәйі мынадай. (Осы

мысалдың төрттағандаушы қазақ ақындарына түгелдей қатысы бар!)

"Алысқа қарап көрсең сен.
Алысқа онда барасың.
Үйіне қарай берсең сен,
"Үйкүшік болып қаласың"

Немесе:

"Өзіңді кілең сыйласаң,
Өзімшіл болып өтерсің.
Басқаның қамын ойласаң,
Көпшіл боп сонда кетерсің".

Мұндай уағыздардың өмірге керек екенінде дау жоқ. Алайда алымы-шалымы, абырой-атағы бар қазіргі заман ақынының аузынан шығар сөзі бұл емес. Қазіргі халық мұндай уағызға зәру де емес.

## Қ... ҒА

Біреуге жайнап тұр жаздай,
Біреулер үшін өмір — жас...
Жүреді екеу жұп жазбай,
Еңсесі биік, көңіл пәс.

Пейілдің шаңқай түсінен
Жылыстап, сырттап жұрт ауды.
Тағдырға налып ішінен,
Паналап олар жүр тауды.

Жаралы жандар жыр күтіп,
Тыңдайды бұлақ сылдырын.
Екі де жарты — бір бүтін,
Тұтады медет бір-бірін.

Табиғат көркін қызықтап,
Алдамшы күндер батады.
Кетеді бірден күз ұйқтап,
Сұлқ түсіп таулар жатады.

Қалаға келіп адасса,
Іздейді-ай келіп бір-бірін.
Жарасқан кімге о бастан,
Жалғыздық деген құрғырың.

Баба да түкті шашты Әзиз —
Шет-жайлап жүрген өз ағаң.
Жетесіз, жаны тап-тайыз,
Біреулер әсте мәз оған.

Әдет боп кетті күніге,
Ұйтқыған сәтте көңіл кеп,
Үлкені ұрсып횗ініге,
Қалады біраз жеңілдеп.

Әмісе ортақ тіл қайда,
Өкпе үшін себеп қандай көп.
Қалады іні мұндайда
Жападан жалғыз жандай боп.

Шыдамаса көпке біракта,
Кеткенде әрі бір апта.
Екеуі тұтас елдей боп,
Табысар тағы жыракта.

Кеудені қарсы айырып шыққан мұндай күрсіністің, мұндай шындық, мұндай трагедияның бір шумағы түгілі бір сөзін өзгертуге болмайды. Көзге жас, көңілге мұң ұялатар өмірдің бір бұлыңғыр сәті сол қалпында, сол болмысымен, сол қимыл-қаракетімен жүректе туып, көңілде жатталып, бір отырыстан, бір күрсіністен тек қағаз бетіне түскен де қойған. Жырдың әр шумағы сағат механизміндей, бірін-бірі қозғалтып, бірін-бірі жебеп, бірде-бір артық я кем дыбыссыз бірқалыпта соққан жүрек сияқты. Жырға тиек болған лирикалық екеудің, аға мен ініың бүкіл жан дүниесі, ара қатынасы ап-айқын. Тауына арқа сүйеген, жырына арқа сүйеген "екі де жарты — бір бүтіннің" өмірдің бір көңілсіз сәтіндегі өткінші трагедиясы тірі жүректі тітіркетпей қоймақ емес. Жасанды шаттықтан гөрі, жасырын мұңды алдымен түсінетін халық — осындай жырларға зәру. Ақынды ағынан жарылған деп осындай сәтте ғана айта аламыз.

Алғай-шалғай көбіне алыпқашпа-аққөңіл, романтик Әділбектің "Маржаны" — бір жылдың жырына қосылған аяулы тарту.

Қазақ поэзиясына жастай келген жалынымен дүбірлете келген Өтежан Нұрғалиев туралы кезінде Әбділда Тәжібаев аталы сөзін айтқалы бері де біршама жылдар өтті. Әбекең жаны аши тұрып, жастың алғашқы жинағына жақсы бағасын берген-ді.

Содан Өтежан әлдеқандай себептермен академиялық

демалыс алып, ақындар мүшәйрасына қатыспай, біраз жыл аулына барып жатып алды. Ақындар да, әдебиетшілер де Өтежанның мұнысын әрқайсысы әр саққа жорып, тіптен оның ақындық шаруасының шалқайғандығы деп те жүрдік. Өтежан айналасындағы ол пікірдің бұлты әлі сейіліп те кеткен жоқ. Ал біздің Өтежан ақын жөніндегі пікіріміз мүлде бөлек. Егер Горькийдің Есенин туралы айтқан пікірі жалғанның жарығында жүрмесе, біз сол пікірді Өтежанға бағыштаған болар едік. Бұдан келіп, Есенин мен Өтежанның арасындағы жер мен көктей айырмашылықты естен шығарып, салыстырмалы пікір тумасқа керек. Әйтсе де, шындықтың аты — шындық. Өтежанның бүкіл табиғаты — жүрген жүріс, мінез-құлық, қимыл-қаракет — бүкіл болмысы тек поэзия үшін жаралған. Ақын қандай болады десе, ақын мынадай болады деп, Өтежанды көрсетуге тұрарлық. Біреулерге қиынның-қиыны, ауырдың-ауыры соғып жүрген жыр өнері Өтежанға мүлде жеңіл сияқты. Оның жазу тәсілі, алған тақырыбын қиналмай, еркін жырлауы, бірінен кейін бірі толқындап лықсып төгіліп жататын оның өлең шумақтары осы ойымыздың дәлелі.

Өтежан — ешқандай да қоспа-қоқысы жоқ табиғи талант. Оның творчествосындағы ең басты кемшілік — сол табиғи талантын өзі талан-таражға салып, көп жағдайда жауапсыз ысырап етуінде. Таудай талантын тарыдай ұсақ-түйектерге қор етуінде. Табиғаты берген жақұт тастарымен кез келген жерде отыра қап қақпақыл ойнауында. Таланттың да тамырын басып, қиынға, қияға салып, ақылға бағындырып отырмаса, сезім шегінен шығып, жарқылдағанымен, жадау тартып, жаттыққан циркачтыққа, жасанды профессионализмге ұрындыруы сөзсіз.

Тәңірім мұның бетін аулақ қылсын. Біз бұл қулықты Өтежанға қаламаймыз да, жолатпаймыз да. Дегенмен де үлкен таланттың, табиғи таланттың кейінгі жылдары жазған кейбір жырларында әлгіндей құбылыстың қылауы көрініп тұр. Тереңірек, тебірене толғана түсудің орнына, қайдағы бір салыстырмалы теңеулерге бой ұрып, айтпақ болған байсалды ойының быт-шытын шығара шашыратып, төгіп-шашып алады. Содан барып, шумақ пен шумақтың, жол мен жолдың, сөз бен сөздің арасындағы динамикалық байланыс үзіліп, логика бұзылып, оқушының зердесінде не қалып, не қойғаны хабарсыз кетеді. Қадап айтуға тура келеді, қалайда бұрын ешбір ақын қолдана қоймаған теңеу табамын деп алға мақсат қойып, жарқ-жұрқ сөз ойнату шеберлікте, шешендікте емес.

Бұрын ешкім таба қоймаған, айта қоймаған ойды тауып, шеберлікті сол ойға бағындыру — ақынның ерекшелігі сонда танылмақ.

Өтежанның азаматтық лирикасы мен адамдық-пәнделік көңіл күйі астарласып жатады. Қазіргі пәнделік жырлар (интимный) деп аталатын туындыларының өзін де Өтежан азаматтық әр беріп, әсерлі, қағытпа әзіл арқылы мың құлпыртады.

Осының барлығы да Өтежан поэзиясына деген күдіктің бұлтын сейілтіп, шынайы шын ақынды, арнасынан асып-төгіліп жатқан жыр серісін, романтик Өтежанды байырғы қалпында алдымызға әкеледі.

Біз оның өткен жылғы "Кемпірқосағынан" осындай Өтежанды табамыз. Табамыз да қуанамыз, қуанамыз да оқимыз.

"Сарапшым, өлше жырымды,
Сөз мерген едің көз көрген.
Жауқазын дүнием бұрынғы,
Майдағы гүл боп өзгерген.

Мекендеп ұшсам шың басын,
Мақтанға таңып сөкпегін,
Бозторғайларым жырласын,
Панбарқыт аспан — көктемін!

Шырағы болып жанайын
Темірқазығы жоқ жолдардың.
Төбелерінен қарайын
Оқылмай жатқан орманның!

Тай қазандарда жыр қайнап,
Тебісіп шықтық теңіз боп,
Күн тостағаннан — нұр ойнақ,
Өбісіп шықтық егіз боп.

Зырлаған мезгіл ұршыққа,
Қос уыс жүн боп мінгенбіз.
Зулаған желден тұншықпай,
Жіп болып иірілгенбіз".

Өтежан, айтса айтқандай, уақыт ұршығымен айналған, уақыттың ұлы-ұлы оқиғаларымен бірге түлеген, дәуірдің, заманның жақсы ақыны, үнді де, тілді ақыны.

Өткен 1971-жылдың поэзиясын сөз еткенде, бір жылдың жыр тойына өздерінің көңіл қуантарлық тарту-тарағыларын

әкелген Марфуға Айтхожинаның "Аққуым менің", Ақұштап Бақтыгерееваның "Қуанышым, іңкәрім" жинақтарын атап өту орынды. Талантгас-тағдырлас ақындардың нұрлы да, сырлы жүректерінен туған ақиқат жырлары, адамдық парасатқа құмартқан іңкәр жырлары — әрі жылы, әрі нанымды. Олар өмірден көрген, өмірден түйген өкініштері мен шаттықтарын сырлас махаббатқа арнағанымен, ол жырлар тіптен де сол махаббат төңірегіндегі қарабасылық, төсек төңірегіндегі толғаныстар емес, кей-кейде құм қаптырып кететін қатыгез жандардың өзінен де мейірімділік іздеу, ер адамның өздігінен түңіліп, парасатына бас ию. Үңіле оқысақ, екі ақында да махаббат мәселесі соншама көп сөз болмаған, тіптен санаулы ғана, ал санаулысының өздері әлгіндей, махаббаттан гөрі адамгершілікті паш ету, ессіз махаббатты ақылды парасатқа бағындыру ниетінен туған толғаныстар. Жасыратыны жоқ, бұл шақта махаббат машақатымен қыз ақындарымыздан да жігіт ақындарымыз көп айналысып, солар көбірек жырлайды.

Туған халқының тірлік-тұрмысы, салт-санасы, ұрпақтан-ұрпаққа ауысқан көшпелі дәстүрі, өскен топырағының өзен-көлі, тау-тас, орман, даласы ойлантады қыздарымызды. Туған халқының тілі мен өнері, күйі мен жыры қызықтырады. Біз олардың творчестволық тағдырына жақсы денсаулық тілейік. Қазақ поэзиясының да Ахматовалары мен Цветаевалары болса, нұр үстіне нұр ғой.

1971-жыл жалпы қазақ-совет әдебиеті үшін аса бір жемісті жыл болды. Әсіресе бұл жылғы қазақ ақындарының тындырған ісі орасан. Бұған ұйтқы болған — еліміздің өміріндегі 1970-жылғы елеулі-елеулі уақиғалар. Тарихи мерзімдер аталып өткен 1970-жылғы ұлы тойлар, шаттықтар.

Владимир Ильичтің 100 жылдығы қарсаңында, ол тойға жырымен шашу шашпаған бірде-бір қазақ совет ақыны қалған жоқ. Әркім өзінің қал-қадарынша қалам тартып, ұлы іске азаматтық үн қосты. Солардың көбін 1971-жылы ақындар өз жинақтарының таңдаулы жеріне енгізді. Біз сол туындыларға қарап, қазақ ақындарының дәуір тынысымен тыныстап, өмірдің талаптарына сай жыр толғаған, советтік қоғамның белсенді қайраткерлері екенін таныдық. Қоғам алдындағы өздерінің азаматтық та, ақындық та борышын адал атқарып келе жатқандығын көрдік.

Сол туындылардың арасынан Сабырхан Асановтың "Сібірден хат", Құдаш Мұқашевтың "Кездесу", Нұтфолла Шәкеновтің "Шуша тауы бөктерінде", Әбдірахман Асылбековтың "Әлемге үні тараған", Әубәкір Нілібаевтың

"Мәңгілік", Саттар Сейтхазиннің "Қызыл генералы" сияқты жыр, дастандарды айрықша атауға тура келеді. Дәуірімізбен, күнделікті тыныс-тірлігімізбен үндесіп жатқан Жақан-ата өлеңдері, Сағынғали Сейітов пен Қабдықәрім Ыдырысовтың дастан-жырлары өз алдына бір төбе. Жеке жинақ етіп 1971-жылға үлгіре алмаған ақындарымыздың кезек күтіп тұрған туындылары қаншама.

Бұл туындыларға жеке-жеке талдау жасап, асылы мен арзанының жігін ашу — өз алдына бір еңбек. Және де бұлар көздің майын шығындап, біраз зерттеуге тұрарлықтай да дүниелер. Олар туралы пікірді оқушылар, әдебиетшілер мен сыншыларға аманаттап, біз 1971-жыл поэзиясы жөніндегі пікірімізді қорытындылаймыз.

Ақын да қоғам қайраткері. Белгілі қоғамда өмір сүріп, оның белсенді мүшелерінің бірі болып отырғасын, ақын сол өзі дәуір сүріп отырған ортаға алдымен қызмет етуге міндеті. Сол қоғамның биік парасаты мен сол қоғамға рух беруші, қозғаушы күші болып отырған жарқын идеяны жан сала қорғауға міндетті. Ол — біздің советтік дәуір. Ол идея — марксизм-ленинизм идеясы, коммунистік идея. Демек, біздің талантымыздың тұғыры, жырымыздың арқауы — коммунистік интернационализм, советтік болмыс пен тұрмыс. Қандай да тақырыпты жырламайық, оның тоғысар арнасы — социалистік реализм.

Қазақ совет ақындарының 1971-жылғы жарық көрген өлеңдер жинағымен танысқанымызда, қартынан жасына дейін алған бағыты айқын, ұстаған жолы түзу; бір сөзбен айтқанда, өзінің қоғам алдындағы қасиетті де, қиын міндетін түсінген қалам иелерін көрдік. Олардың нені де болса көргіш-сезгіштігін, нені де болса көркем шығармамен сенімді-нанымды етіп, суреттеп бере алатын мол мүмкіншіліктерін байқадық. Советтік идеология майданының бүтін бір қызыл гвардиясымен таныстық.

Сонымен, қазақ поэзиясы советтік дәуірде өзінің кемелдену кезеңінде тұр дедік. Кемелдену сәтінде ненің де болса кем-кетігі ерекше көзге ұратыны белгі. Соншама көзге ұрып, ойсырап жатқан кемшіліктеріміз болмағанмен, қазіргі қазақ поэзиясының ойлантар мәселелері көп.

Туысып жатқан тыңдарға тереңірек барып, тереңірек зерттеудің орнына; ақтарып, көріп, анализ жасаудың орнына; сырттай таңырқап, бірден тон пішіп, бірден өзімізше төрелік айтып тастауға ден қойып барамыз. Осыдан келіп, атсыз-

жөнсіз, адрессіз дүниетанымақтар творчествомызға еніп барады. Белгілі тақырыпқа, белгілі уақиғаға құрылған сюжетті өлеңдер, есік-шаңырағы бар, мүлік-жиһазы бар сүйекті дастандар азайып барады. Олардың орнына метрлеп өлшеуге тура келетін, бір жолының өзі бірнеше сөйлемге созылатын көпірме монологтар немесе басы бар, аяғы жоқ, аяғы болса, басы жоқ, поэмасымақтар, уағызға үйір рубаилар немесе некесіз туған баладай әкесіз, әдірессіз өлеңдер ұмтылуда. Сөз жоқ, мұның бәрі өлең жасап, арзан атақ алудың төте жолы екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Одақ көлемінде үлкен әңгімелер туындап, оқырман қауым, әдеби жұртшылық мұндай поэзиядан (егер оны поэзия деуге тұрарлық болса) іш жиып, күдіктене бастауы тектен-тек емес.

Ақынның ақындығы, дүниетанымы, сан қырлы шеберлігі, суреткерлігі сом-сом сүйекті дүниелер жасарда ғана ап-айқын көрінбек, талантының құдіреті танылып, өмірге деген көзқарасы анықталмақ.

Мәселен, советтік дәуірдің классик ақыны Твардовскийді жаңа дәуірдің "Игорь жорығының жырына" айналған "Василий Теркинсіз" немесе "Ақыл азабынсыз" Грибоедовті елестетіп көріңізші...

Ешқандай да құпиясы жоқ, ресми баспасөзде болмағанмен, қазір ақындар арасында: "Ұзақ дастан, ұзақ жырды кім оқиды, дүниенің бәрі стартта тұрған атом ғасырында ұзақ дастан кімге керек", — деген тоғышар қауесет таралып жүр. Оларға біздің берер жауабымыз: ұлы дәуірдің бойына лайық ұлы шығармалар керек. Және де дүниенің бәрі стартта тұрған осынау тығыл-таяң қарсаңда, сондай шығармалар тудыруға қалам иелері де стартқа тұрып, тындырып қалуға асығу керек, асығу керек!

# МАЗМҰНЫ

## Аудармалар

**Уйльям Шекспир**......6
“Әсемдіктің солмауы үшін”......7
“Қырық қыс кеп”......_
“Айнадағы әсем жүзге”......8
“Ысырапқор көзелім-ай”......_
“Уақыт нәзік шеберлікпен”......9
“Көктеміңді бөлеп нәзік”......_
“Жатағынан басын алып”......10
“Сен — тәтті әуез”......_
“Жесірлердің көз жасынан”......11
“Шыныңды айтшы”......_
“Қалай өссек”......12
“Жасырар деп”......_
“Өзгермегін”......13
“Жұлдызға қарап”......_
“Жұлдыздар — сиқыр”......14
“Ұры – уақыт”......_
“Болашақта”......15
“Жамалыңды теңейін”......_
“О, уақыт!”......16
“Ару – пішін”......_
“Бүкіл жерді мұхитымен”......17
“Шал емеспін”......_
“Таныс рөл жібін үзіп”......18
“Көзім менің”......_
“Жұлдызы оңнан туа”......19
“Ізетті махаббат”......_
“Істерім езіп”......20
“Салмағын қайтіп көтермін”......_
“Өкпелесем тағдырыма”......21
“Жасырып, үнсіз келген...”......_
“Молада деп”......22
“Топырақ басқан”......_
“Бақылап тұрдым”......23
“Болғасын ашық”......_
“Айыбыңды мойындап”......24
“Мойындаймыз”......_
“Ұрпағының ерлігі”......25
“Сен сыйлаған асқар ойлар”......_
“Екеуіміз — бір жан”......26

"Ынтықтығым"..........................................................._
"Балғын шақтың бейқам"..........................................................27
"Жарты қайғы"..........................................................._
"Кірпік ілсем"..........................................................28
"Тәнім менің, қиял болып"..........................................................._
"Ауа мен от"..........................................................29
"Көз, жүрегім"..........................................................._
**Николай ТИХОНОВ.** Марок Аронсонға..........................................30
**Роберт БЕРНС.** Тэм Глен..........................................31
**Файзолла АНСАРИ**. Күдік..........................................32
**Аветик ИСААКЯН.** Сократ..........................................33
Отар мен бақташы бала..........................................34
Туған жердің түтіні..........................................35
**Акоп АКОПЯН.** Революция..........................................36
**Евгений ЕВТУШЕНКО.** Гүлдер мен оқтар..........................................38
**Федор МОРГУН.** Көктөбеде..........................................42

**Күнделіктер**

Түс..........................................44
Өтініш..........................................88
Әбдіқайым бауырым!..........................................89
Үзік жазбалар..........................................91
Жазда жауған қар..........................................97
Дәптерлердегі өзге жазбалар..........................................103

**Әңгімелер**

Құлпытас..........................................110
Марусяның тауы..........................................117
Өзгерменті..........................................127
Әже..........................................133

**Повестер**

Қос қарлығаш..........................................138
Жыл құстары..........................................174

**Пьеса**

Қош, махаббат!..........................................202

**Мақалалар**

Рух және сезім..........................................248
Сезім найзағайы..........................................251
1969-жылғы қазақ поэзиясы..........................................258
Қазақ жырының бір жылы..........................................274

# Мұқағали Мақатаев

# ШЫҒАРМАЛАРЫ

**көп томдық толық жинағы**

**IV-том**


Құрастырған — *Оразақын Асқар*
Сарашысы — *Ұлжалғас Зәуірбекова*
Техникалық сарашысы және
беттеген — *Нұргүл Сейдахметова*

Теруге 06.05.13 жіберілді. Басуға 11.07.13 қол қойылды. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”. Пішімі $84х108^{1}/_{32}$. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 20.0 б.т. Шартты баспа табағы 17.0. б.т. Таралымы: мемлекеттік тапсырыс бойынша 2000+баспа есебінен 50 дана. Тапсырыс № 911. Келісімді баға.

ИБ № 5124

“Жалын баспасы” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 050009. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143/93-үй. Тел.: (727) 394-36-40

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ISBN 978-601-7286-65-1


700 тг.

# Мұқағали



ММ